Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 821.512.122.0 (043)

Қолжазба құқығында

РАМАЗАНОВ ТАЛҒАТ БЕКБУЛАТОВИЧ

Көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктері

«8D02307 – Қазақ филологиясы»

Философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Отандық ғылыми кеңесші:
филология ғылымдарының докторы,
профессор Г.Н. Смағұлова
(Алматы, Қазақстан)

Шетелдік ғылыми кеңесші:
Prof.Dr. İbrahim Ahmet Aydemir
(Анкара, Түркия)

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2024

МАЗМҰНЫ

АНЫҚТАМАЛАР

КІРІСПЕ 3

I КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ДИАЛОГТІҢ СИПАТЫ 9
1.1. «Мәтін», «дискурс», «диалог» ұғымдарының арақатынасы 9
1.2. Диалогтің тіл біліміндегі зерттелуі 20
1.3. Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық сипаты 36
1.4. Көркем мәтіндегі диалогтің функционалды-коммуникативтік сипаты 47
Бірінші тарау бойынша түйін 65

II ДИАЛОГ – ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТІ ТАНЫТАТЫН БІРЛІК 68
2.1. Көркем мәтіндегі диалогтің түрлері 68
2.2. Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат 93
2.3. Шешендік сөздер дискурсындағы диалогтік қатысым 105
2.4. Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері 125
Екінші тарау бойынша түйін 142

III КӨРКЕМ МӘТІН ДИАЛОГІНДЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ 145
3.1. Диалогтегі сұрақ-жауап репликаларының ерекшелігі 145
3.2. Диалогтегі бейвербалды амалдар 163
3.3. Тілдік тұлғадағы ғаламның тілдік бейнесі 177
3.4. Диалогтегі тілдік тұлғаның бейнесін ашу үшін қолданылатын стратегия мен тактика 200
Үшінші тарау бойынша түйін 214

ҚОРЫТЫНДЫ 218

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ 222

АНЫҚТАМАЛАР

Бұл диссертациялық жұмыста келесі терминдерге сәйкес анықтамалар қолданылған:

Авторлық кірікпе – ремаркадан нүкте арқылы ажыратылып, диалог құрылымында дербес орын алатын бөлік.

Бейвербалды амалдар – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына үстейтін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін, адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынастың түрі.

Дискурс – тілдік қарым-қатынастың ерекше түрі. Белгілі бір әлеуметтік, мәдени немесе коммуникативтік мәнмәтінде сөйлеу әрекетінің ұйымдасуы.

Диалог (грек. dialogos – әңгіме, екі адамның сөйлесуі) – кем дегенде екі коммуниканттың қатысуымен болатын вербалды әрекеттің дәйектілігі, бірізділігі.

Диалогтік кіріспе – диалогтің алғышарты, диалогтің басталуына дайындық іспетті бөлік.

Диалогтік ойтолғам – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы және оның шынайылық үзігін сипаттайтын семантикалық ұғым.

Имплицитті (лат. *Implicite*, жасырын, анық емес) – тілдік материал арқылы ашып көрсетілмеген, бірақ контекст арқылы білініп тұратын жасырын мағына.

Көркем диалог – прозалық, поэзиялық, драмалық шығармалардағы бірден-бір тілдік-композициялық негіз саналады. Ол күнделікті қолданыстағы диалогтен өзіндік артықшылықтары арқылы ерекшеленеді. Көркем диалог ауызша тілден бірден ажыратылады.

Метатанымдық диалог – автордың коммуникативтік интенциясына негізделген, көркем шығармадағы (проза, поэзия, драма) диалог.

Ремарка – айтылған пікірдің кімдікі және қандай мақсатпен, қандай жағдайда, қалай айтылғанын білдіру.

Реплика (ағылш. turn) – вербалды және бейвербалды түрде көрініс табатын тілдік әрекеттің сөз алмасу бірлігі.

Сөйлеу актілері – жеке тұлғалар арасындағы қарым-қатынас формасы ретінде қарастырылатын сөйлеу актісінің қарапайым бірлігінің құрылысы, яғни сөйлемнің актуалдануы туралы ілім.

Эксплицитті (франц. *excplicite*, нақты, ашық айтылған) – тілдік материал арқылы ашық айтылып, нақты түсіндірілген.

Этнотанымдық диалог – әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын мәтіндердегі (айтыс, шешендік сөздер) диалогтер

КІРІСПЕ

Зерттеу жұмысының өзектілігі. Тіл – халықтың тарихы мен мәдениетінің, рухани және материалдық құндылықтарының көрінісі. Әр халықтың өмірі, салт-дәстүрі, дүниетанымы, тарихи оқиғалары мен қоғамдағы өзгерістері тіл арқылы көрініс табады. Бұл халықтың өзіндік ерекшеліктерін, әлемге деген көзқарасын, өмірлік тәжірибесін және ұлттық бірегейлігін айқындайды. Тіл мен мәдениет бір-бірімен тығыз байланысты, себебі мәдениет тіл арқылы ұрпақтан-ұрпаққа беріледі, тіл арқылы халықтың тарихы мен рухы сақталады.

Гумбольдттың пікіріне сәйкес, тіл мен рух бір-бірінен ажыратылмайтын құндылықтар. Бұл байланыс халықтың мәдениетінің, дәстүрінің және өмір сүру салтының беріктігін айқындайды. Сол себепті де тіл мен рухты теңдес нәрсе ретінде қарастырып, олардың бір-бірімен тығыз байланыста дамитындығын түсіну өте маңызды [1,32].

Зерттеу жұмысы ҚР Президентінің «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты 2019 жылы халыққа жолдауында айтылған Қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретіндегі рөлін күшейту мен ұлтаралық қатынас тіліне айналдыру міндеттеріне сәйкес келеді. Сондай-ақ, Қазақстанда ғылымды дамытудың 2024-2026 жылдарға арналған басым бағыттарына, оның ішінде «Елдің зияткерлік әлеуеті» бағыты бойынша көзделген мақсат-міндеттердің орындалуына өз үлесін қосады.

Тіл өзінің шынайы болмысын қарым-қатынас барысында, диалогте табады. Платон мен Аристотель заманынан бері диалог тек танымал жанр мен әдіс қана емес, сонымен қатар жеке тұлғаның әлеуметтік мәртебесін, оның психологиясы мен мінез-құлқын, ойлау логикасы мен ойын білдірудегі тілдік құралдарын зерттеудің қайнар көзі болып табылады.

Сөйлеу өмірден ажырамайды, ол адам қызметінің бір бөлігіне айналған. Диалогтік сөйлеу – бұл коммуниканттар арасындағы белгілі бір жағдайдағы қарым-қатынас кезінде пайда болатын сөйлеу қызметінің процесі әрі оның нәтижесі, яғни мәтін. Диалогті сөйлеу әрекеті ретінде зерттеуде прагматикалық және антропоөзектік көзқарастардың қолданылуы, осы орайда адамға, оның әртүрлі әлеуметтік, психологиялық және тұлғалық сипаттамаларына назар аудару бұл тақырыптың өзектілігін айқындайды.

Тілді зерттеуде «тілдегі адамды» тану мақсаты алдыңғы қатарға шықты. Қазіргі лингвистиканың басты ерекшелігі тіл иесінің қолданысындағы тілдің жүйелік және құрылымдық жағына емес, қатынас құралы ретіндегі қызметіне бағытталуымен сипатталады. Тілді тек тілдік бірліктер мен олардың өзара байланысының қатаң құрылымды жүйесі деп түсінуге болмайды, ол - қатысым құралы.

Диалог лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыда өте күрделі категория деп саналады. Дәл осы диалогте ғана тілдік бірліктердің семантикалық

мағыналары біріге келіп ерекше прагматикалық құрылым түзеді. Диалогті ұйымдастыру барысында тілден өзге барлық сыртқы факторларды өз бойына жинақтаған коммуникативтік орта қалыптасады. Осылармен байланысты тілдің әртүрлі деңгейіндегі тілдік бірліктердің функционалды-семантикалық ерекшеліктері, сөйлеудің коммуникативті түрлері, прагматикалық мақсаты, сөйлеу актілері теориясы, сөйлесімдер мен мәтіндердің коммуникативті-прагматикалық категорияларының өзектілігі артып отыр.

Көркем мәтіннің ажырамас бөлігі диалог арқылы қазақ сөйлесіміне тән ұлттық ерекшеліктерді табу, диалог арқылы танылатын автордың тілдік тұлғасын анықтау зерттеу өзектілігін арттыра түседі. Диалогті этномәдени бірлік ретінде қарастырудың мәні зор.

Біздің зерттеуіміздің арқауы мен негізгі ұстанымы – ұлттық мүддеге негізделген таным мен түсінікті жеке тілдік құралдар арқылы айшықтап бейнелейтін көркем мәтіннің ең негізгі құрамдас бөлігі – диалогті тұтастықта зерттеу. Осы тұтастық негізінде қазақ диалогіне тән негізгі сипаттарды анықтау.

Сондай-ақ қазақ көркем сөзінде диалогтер арқылы образ жасаудың тілдік табиғатын, қолданысын, диалогтерді беруде өзге де ерекшеліктерді айқындау зерттеу жұмысының өзектілігін аңғартады.

Зерттеу нысаны. Көркем шығарма мәтіндеріндегі диалогтік дискурс үлгілері.

Зерттеу пәні. Көркем шығармалардағы диалогтік мәтіндердің ерекшеліктері.

Зерттеудің мақсаты. Зерттеу жұмысының негізгі мақсаты – көркем мәтіндегі диалог арқылы танылатын этномәдени болмыс пен тілдік тұлғаны анықтау.

Алға қойған мақсатты орындау үшін мынадай нақты **міндеттер** белгіленді:

– көркем шығармадағы диалогтің құрылымдық-семантикалық, функционалды-коммуникативтік сипатын анықтау;

– прозалық және драмалық шығармалардағы метатанымдық диалогтің, поэзия және қарасөздегі диалогтік ойтолғамның қолданысын анықтау;

– айтыс және шешендік сөздер дискурсындағы диалогтік қатысымның ерекшеліктерін талдау;

– ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік қатысымның үлгісін жасау;

– көркем диалог арқылы танылатын тілдік тұлғаны және тілдік тұлғаны ашуда қолданылатын стратегия мен тактиканы анықтау.

Зерттеудің дереккөзі. Зерттеудің дереккөзін көркем шығарма құрылымындағы диалогтік дискурстар құрайды. Атап айтқанда, А.Құнанбайұлы, М.Әуезов, Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ә.Нұрпейісов, Қ.Ысқақ, С.Мұратбеков, Р.Отарбаев, Ш.Мұртаза, Ә.Кекілбаев, М.Мағауин, І.Есенберлин, Ә.Тарази, М.Байғұт, К.Тоқаев, О.Бөкей, Н.Қапалбекұлы, О.Ахметов, С. Сматаев, Б.Мұқаев, Б.Нұржекеев, Қ.Сүйеніш, Ә.Балғожин, К.Толыбаев, Ш.Құмарова, К.Рахымжан, Ш.Бейсенова т.б. жазушылардың шығармаларынан және шешендік сөздер мен

айтыстардан диалогтер жиналды. Жиналған тілдік бірліктің жалпы саны 5000-нан асады.

Зерттеудің әдіс-тәсілдері. Зерттеу жұмысында әдеби туындылардағы сөйлеу актісі лингвистикалық тұрғыдан өңделген және кейіпкерлердің сөйлеу әрекеті сөйлеу әдебіне сай болып, тілдің коммуникативті бірліктері ұлттық-мәдени аспектіде анық байқалатынын ескере отырып, мәнмәтіндік және прагматикалық сараптама үшін сипаттамалық әдіс, диалогтік сөйлесімдердің қызметі мен құрылымын сараптауда құрылымдық-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық, функционалды-стилистикалық тұрғыдан кешенді талдау әдісі, мәтінді интерпретациялау әдісі қолданылды.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі. Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негізі ретінде:

– орыс тіл білімінде диалог теориясының негізін қалаған Ш.Балли, Л.В. Щерба, Л.П. Якубинский, Е.Д.Поливанов, В.Н.Волошинов, В.В.Виноградов, М.И. Бахтин, Ю.В. Рождественский т.б. ғалымдардың еңбектері;

– қазақ тіл білімінде диалог теориясына қатысты алғашқы тұжырымдарын айтқан А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектері;

– диалогтің жалпы және жеке мәселелерін қарастырған Р.Әмір, З.Ахметжанова, Ә.Жүнісбек, З.Базарбаева, Х.Нұрмаханов, Г.Қажығалиева, Г.Имангалиева, Ж.Қаңлыбаева, А.Айтбенбетова, Д.Абдыкаримова, Г.Сәрсеке, М.Жұманазарова, А.Саденова еңбектері;

– мәтіннің түрлі аспектілерінің табиғатын тануға бағытталған Р.Сыздықова, Х.Кәрімов, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, Г.Әзімжанова, А.Таусоғарова, Ш.Мажитаева, М.Ахметова, Г.Қосымова, К.Еңсебаева, С.Жусанбаева, Н.Ильясова, Ш.Елемесова, А.Аккузованың зерттеу еңбектері, газет мәтінін қарастырған Б.Момынова, Қ.Есеноваың, көркем мәтінді жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ж.Қойшығұлова, С.Құнанбаеваның еңбектері;

– дискурс және тілдік тұлға мәселелеріне қатысты Н. Уәли, Г.Смағұлова, Ж.Манкеева, Қ.Есенова, З.Ерназарова, Б.Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Д. Әлкебаева, А.Тымболова, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатина, Ш.Сабитова, Г. Мұратова, К.Садирова, А.Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова, Ж.Ермекова, Ж.Саткенова, Ү.Анесова, А.Кушкимбаева, А.Жалалова еңбектері басшылыққа алынды.

Зерттеудің ауқымы мен болашағы. Диалог лингвистикалық және экстралингвистикалық тұрғыдан өте күрделі категория деп саналады. Тілдің шынайы мәні диалогте ғана ашылады. Осы орайда диалогтің тілдік табиғатын бірер ғылыми жұмыстың көлемінде ғана ашу мүмкін емес. Болашақта көркем мәтіннің сюжетті келетінін ескере отырып, драмадағы диалогті функционалды, коммуникативті аспектіде қарауға назар аударылады. Дүниенің инвариантты бейнесін танытатын қазақ сөзінің синергиясы мен энергиясы көркем мәтіндегі

диалогтер арқылы танылады. Келешекте жиналған тілдік бірліктер базасы ұлғайтылып, осы тұрғыдан кешенді талдау жүргізіледі.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы. Зерттеу жұмысының жаңалықтары:

– қазақ мәтіндеріндегі диалогтер метатанымдық және этнотанымдық деп жіктеліп, Абай қарасөздері мен поэзиядағы диалогтер диалогтік ойтолғам деп аталды;

– гендерлік ерекшеліктерге қатысты тақырыптық ая түрлері және инвективті лексиканың қолданысы, эмоционалды дискурсына қарай диалогтің түрлері ажыратылды;

– ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік сипат анықталып, үлгісі жасалды.

– тарихи шығармалардағы диалог арқылы жазушының тілдік тұлғасы анықталды;

– диалогтегі тілдік тұлғаны анықтауға бағытталған тактика мен стратегия түрлері анықталды.

Зерттеу жұмысының теориялық маңызы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен теориялық тұжырымдары қазақ тіл біліміндегі мәтінтану, сөйлеу актілері, дискурс, сондай-ақ диалог теориясындағы коммуникативті лингвистиканы, коммуникация теориясын жаңа мәліметтермен толықтырады. Көркем мәтінді танудың теориялық базасын толықтырады; көркем мәтін танудың әдіснамасын кеңейтеді; мектеп оқулықтары мен оқу құралдарын жазуға теориялық материал болады; қазақ тілін инафондарға оқытуға қажетті теориялық-әдістемелік құралдар жазуға ғылыми база болады; қазақ руханиятындағы дәстүрлі көркем таным мен заманауи көркем танымның сабақтастығын дәлелдейді, байланысын көрсетеді; Көркем мәтіннің коммуникативті-прагматикалық әлеуетін айқындауда, автордың тілдік тұлғасын тануда аталған зерттеу жұмысын ғылыми дерек ретінде пайдалануға болады.

Зерттеу жұмысының тәжірибелік құндылығы. Зерттеу жұмысының нәтижелері мен ғылыми тұжырымдары жазушының тілдік тұлғасы мен көркемдік әлемін анықтауға, жазушылар тілінің сөздігін құрастыруға материал бола алады; қазақ тілінің ұлттық корпусын жасақтауда заманауи поэтикалық ішкорпус пен жазушылар ішкорпусына мәтіндік база ретінде қолдануға болады; инофондарға қазақ тілін диалогтік дискурс үлгілері арқылы оқытуға арналған электронды әдістемелік құралдар мен оқулықтар жазуда мәтіндік базаны толықтырады. Сондай-ақ «Wikipedia» ашық энциклопедиясы мен қазақ тілді «Google» базасын толықтыруға материал бола алады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар.

– Көркем шығармада автор кейіпкерді бейнелеуде диалогті төрт түрлі мақсатта жұмсайды: а) *кейіпкердің өзіне тән характерін сипаттау үшін; ә) кейіпкерді кеңістікпен тұтастыққа алып суреттеу үшін; б) диалогтегі кейіпкер сөзінің нақты қандай ситуацияда айтылғанын көрсету үшін; в) диалогтегі*

сөйлеуші кейіпкерлердің мінезін, ойын, сөзін нақты жағдаятқа байланысты әр қырынан толықтыру үшін.

– Біз анықтаған *диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе* – тұтас бір синтаксистік құрылым. Олар мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланысты. Мұндай құрылымды күрделі синтаксистік тұтастық деп атауға болады. Мағыналық тұтастық *диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе* бойында сақталып отырады. Үш бөлікте де ортақ жай баяндалады.

– *Диалогтік ойтолғам* – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы. Диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылықтары бар. Айталық, монологте автордың сөзі біркелкі, сұраусыз сөйлемдер арқылы іске асса, диалогтік ойтолғамда қаламгердің ішкі толғанысы оқырманға сауал бере отырып жарыққа шығады, яғни оқырман мен автор арасында айрықша диалогтік қарым-қатынас орнайды. Диалогтік ойтолғамда автор өзі қойған сұрауына кейде жауап беріп, кейде ашық қалдырады.

– Ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайды. Аталған диалогтік сипат *әлеуметтік мән иеленген кинемалар* арқылы іске асады. Ұлттық бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді.

– Тарихи романдар құрылымында диалог аса маңызды рөл атқарады. Себебі тарихи кейіпкерді адресатқа таныстырудың төте жолы – диалог. Ал осы диалогті құруда – жазушының шеберлігі байқалады. Ол шеберлік ханды-ханша, биді-бише, батырды-батырша сөйлетіп, сол тарихи кезеңнің сөз саптамын оқырман санасына жеткізумен өлшенеді.

Жарияланымдар туралы мәлімет. Зерттеу жұмысының негізгі тұжырымдары шетелдік және отандық журналдарда 7 ғылыми мақала түрінде жарық көрді. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім беру сапасын қамтамасыз ету комитеті ұсынған тізімге енетін журналдарда 5 мақала, халықаралық ғылыми-теориялық конференция жинақтарында 2 мақала жарияланды. Халықаралық ғылыми конференцияда 2 баяндама жасалды.

1. Шешендік диалог: құрылымы мен түрлері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Том 74 № 3 (2024), -199-222. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.012

2. Dialogic character inthenational nonverbal means // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. №3/2024. -88-97. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.08

3. Көркем мәтіндегі диалог: құрылымы мен қызметі // TILTANYM №2 (90) 2023. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-2-200-210

4. Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ № 3/2023. 38-56 б. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.03

5. Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері (прозалық шығармалар негізінде) // Тілтаным. №1 /2024. -10-122 б. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2024-1-109-122

Ресейлік ғылыми дәйексөз индексі (РИНЦ) -1 мақала

6. Казахский дискурс: гендерные особенности диалога // Научно-практический журнал «Заметки ученого» №11/2020. Стр. 240-247.

Халықаралық конференция жинақтарында – 2 мақала

7. Диалогтің табиғаты және қазақ тілтанымында зерттелуі // Ахмет Байтұрсынұлы және ғылым тілі» атты халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Алматы: ЖК «Асыл», 2022. -319-324 б.

8. Диалогтің жалпы тіл білімінде зерттелуі // Филология ғылымдарының докторы, профессор Телғожа Сейдінұлы Жанұзақтың 95 жасқа толған мерейтойына орай ұйымдастырылған «Ұлттық ономастика феномені: ел тарихы, жер тағдыры» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференцияның материалдар жинағы. 2022 ж. -240-244 б.

Халықаралық ғылыми-теориялық конференцияда баяндама – 2

1. *Kazak diyaloğunun cinsiyet özellikleri* // Silk road 3. International scientific research congress. Samarkand State University of Architecture and Civil Engineering. 6-8 March, 2024.

2. Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат // «Фараби әлемі» атты жас ғалымдар мен студенттердің IX Халықаралық конференциясы. Алматы, Қазақстан. 4 сәуір, 2024 ж.

Зерттеу жұмысының құрылымы. Зерттеу жұмысы кіріспеден, 3 тараудан, қорытынды мен пайдаланған әдебиеттер тізімінен тұрады.

1 КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ДИАЛОГТІҢ СИПАТЫ

1.1 Тіл біліміндегі «мәтін», «дискурс», «диалог» ұғымдарының тілдік табиғаты

Ұзақ жылдар бойы тілдік жүйені зерттеуге ден қойып келген лингвистер кейінгі кезде тілдік жүйенің сөйлеу кезіндегі көрінісін зерттеуге бет бұрды. Антропологиялық ізденістердің нәтижесінде адам, оның іс-әрекеті бірінші кезеңде тұрды. Адам қоршаған ортаны мәтін арқылы танып біледі. Өзіне қажетті ақпаратты мәтін арқылы алып, мәтін арқылы жібереді. Мәтін әрқашан коммуникативтік жағдайларға, сөзді айтушы мен тыңдаушыға байланысты болады. Ол адамдар қарым қатынасының алғышарттары мен ұйымдастырылуын сипаттайды.

Мәтін лингвистикасы – өзінің теориясы мен практикасы бар салыстырмалы түрде алғанда жас дербес ғылым және оқу пәні. Мәтін лингвистикасы мәтін ұғымына негізделіп, көбінесе талдаумен байланыстыратын филологиялық риторика аталатын риториканың тағы бір бағытының дамуына ықпал етеді. Заманауи мәтін лингвистикасы мәтіннің өзі мен құрылымын, категориялары мен тілдік бірліктерін, сол сияқты мәтінді, ең алдымен көркем құрастыру, тудыру және талдау тәсілдерін зерделейді.

Лингистикадағы мәтін кең көлемде зерттеліп келе жатқан, әлі де әр қырынан зерттеуді қажет ететін ауқымды әрі күрделі мәселе болып табылады.

Мәтінді қазіргі кезде зерттеу нысаны етіп алғандардың ішінде И.А.Бодуэн де Куртене, М.М.Бахтин, В.В.Виноградов, Г.О.Винокур, Е.Д.Поливанов, Л.В.Щерба, Л.С.Выготский, А.А.Леонтьев, И.Р.Гальперин және т.б. көптеген ғалымдарды атауға болады.

Мәтін зерттеушілерді әртүрлі аспектіде қарастыруға шақырады. Текстология ежелгі мәтіндерді филологиялық тұрғыда қарастырады. Стилистика көркем әдебиет және публицистикалық шығармаларды автордың лексикалық және грамматикалық элементтерді пайдалануымен жететін стилистикалық тұрғыдан зерттейді.

Мәтін – жалпы тақырып төңірегінде біріккен, мазмұндық тұтастық пен сабақтастыққа ие сөйлеу тізбегінің жиынтығы. Бұл сөйлеу бірліктерінің байланысы мен мазмұндық толықтығы арқылы мәтін ақпаратты жеткізу құралы ретінде қызмет етеді. Мәтіннің құрылымында сөйлемдер мен абзацтар өзара логикалық, мағыналық және стилистикалық байланыста болады, сол арқылы мәтіннің жалпы мазмұны ашылады.

«Мәтін» сөзінің этимологиясына зер салсақ, ол бірнеше семантикалық құрылымдарға сүйенеді:

Адамның жасаған нәрсесі: Мәтін адам қолымен жасалатын мағыналық бірліктерден тұратын күрделі құрылым. Бұл оның қолдан жасалған, адамның ойы мен еңбегінің нәтижесі екенін білдіреді.

Ішкі байланыстылық: Мәтіннің құрылымдық элементтері өзара логикалық және мағыналық түрде байланысты, бұл оның ішкі бірлігін, мазмұнның тұтастығын қамтамасыз етеді.

Шеберлікпен істелген нәрсе: Мәтін тілдің көркемдік құралдары арқылы жасалады және оны қалыптастыру шеберлікті қажет етеді. Сөздерді дұрыс таңдау, сөйлемдерді байланыстыру, реңкті жеткізу – бұл мәтін құрудағы маңызды аспектілер.

Тіл білімінде жүйелі жүйелі, байланысты, тұтас, тиянақты қалыптасқан сөйлемдер жиынтығын және мағыналық жақтан өзара жақын сөйлемдердің бірізділігі тілдік қарым-қатынасқа түскен екі адамның сөздері де жеке-жеке мәтін болып табылады. Мәтіннің негізгі белгілері ретінде мыналарды атауға болады:

- Мәтін – жазба түрде хабарлау;
- Мәтін – мазмұны және құрылымы толық аяқталғанымен айқындалады;
- Мәтінде автордың хабарлап отырған тақырыбына деген қатынасы, көзқарасы байқалып отырады.

Мәтін шетелдік лингвистердің назарына іліккен кезде қазақ тілтанымында да бұл мәселеге қатысты алғашқы тұжырымдар А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алды. Бұл жайында ғалым Б.Шалабай былай дейді: «Біздің ойымызша, ғалым А.Байтұрсынұлы мәтінді «шығарма сөз» деп атап, сөйлеудің бірлігіне жатқызады. А.Байтұрсынұлы шығарманың тақырыптан, ал мәтін (шығарма) мазмұнының үш мүшеден, яғни, аңдату, мазмұндау, қорытындыдан тұратынын көрсетеді. Сондай-ақ мәтіннің қатысымдық қызмет тудыруға негіз болатынын, айтушының ойының өзге үшін бағытталатынын алғашқылардың бірі болып айтты» [2, 24].

Соңғы кездері қазақ тіл білімінде мәтін мәселелеріне ерекше назар аударыла бастады. Мәтіннің түрлі аспектілерінің табиғатын тануға бағытталған еңбектердің қатарына Р.Сыздықова, М.Серғалиев, Б.Шалабай, Г.Смағұлова, Г.Әзімжанова, А.Таусоғарова, Ш.Мажитаева, М.Ахметова, С.Жусанбаевалардың зерттеу еңбектерін, газет мәтінін қарастырған Б.Момынова, Қ.Есеновалардың, көркем мәтінді жеке зерттеу нысаны ретінде қарастырған Ж.Қойшығұлова, С.Құнанбаевалардың еңбектерін жатқызуға болады.

Қазіргі уақытта тіл білімінде мәтінге 300-ден астам анықтама бар. Мәтінге түрлі ғылым салалары бойынша берілген анықтамаларды жүйелей келе, оларды екі негізгі топқа бөлуге болады. Біріншісі – қысқа әрі жинақы анықтамалар, ал екіншісі – жан-жақты қамтылған, кеңейтілген анықтамалар. Бірінші топтағы анықтамалар мәтіннің басты әрі маңызды қасиеттерін қысқаша береді. Ал екінші топтағы анықтамалар мәтіннің ерекше белгілері мен кешенді қасиеттерін толық ашуға бағытталған. Мұнда зерттеушілер мәтіннің табиғатын кеңірек түсіндіруге тырысады. Көп жағдайда бұл анықтамалар мәтіннің табиғатына сәйкес келеді. Осыған орай, мәтінге берілген кейбір анықтамаларды төмендегідей кесте түрінде көрсетуге болады:

Бірінші типі	Екінші типі

М.М. Бахтин	«Мәтін – объектимвті әлемнің субэективті бейнесі, кең мағынада екі сананың қарым-қатынасқа түсуінің бір жолы. Мәтін – әрқашан біреуге бағышталған, әрі сол бағышталғанымен құнды» [3, 68].	И.Р.Гальперин	«Мәтін – бұл жазба құжат түрінде объектіленген және сол құжатқа сәйкес әдеби тұрғыда сұрыпталған, тақырыбы бар, лексикалық, грамматикалық, логикалық, стилистикалық амал-тәсілдердің әр түрлерімен байланысып жататын, айқын бағыт пен прагматикалық мақсатты иеленген ерекше тұлға – бірліктерден (күрделі фразалық тұтасым) тұратын аяқталған сөйлеу әрекетінің туындысы» [4, 11].
Я.Тураева	«Мәтін – әр түрлі лексикалық, логикалық, грамматикалық байланыстардан тұратын құрылымдық-мағыналық бірлік ретінде қызмет ететін күрделі тұтастық» [5, 121].	А.И.Новиков	«Мәтінді тіл, сөйлеу, интеллект факторларының бір-бірімен өзара байланысқан біртұтас кешен, мәтіннің басты белгісіне сыртқы және ішкі формалардың бірлігі жатады. Бұл жерде сыртқы форма – тікелей қабылданып ұғынылатын тілдік құралдардың жиынтығы мен автордың түпкі ойын жүзеге асыратын олардың мазмұндық жағы болса, ал ұғынылатын нәрсе оның ішкі формасын құрайды. Ішкі форма – берілген барлық тілдік құралдардың жиынтығымен тұтастай сәйкес келетін, адамның ақыл-ойында жүзеге асатын ойлаудың түзілісі» [6, 41].
Г.В.Колшанский	«Мәтін – сөйлемдердің тәртіпсіз жай ғана тізбегі емес, ол – қарым-қатынастың тұлғалық және мағыналық бірлігі» [7, 33]	И.П.Сусов	«Мәтін – өз табиғатынан екі жақты. Бір жағынан, ол тілдік жүйенің негізгі бірлігіне, яғни тар мағынасында тілге жатады, ал екінші жағынан, қарым-қатынас әрекетіне жатады...Мәтін тілдік қатысым мен тілдік жүйенің арасынан орын алатын жай ғана нысан емес: ол тең дәрежеде тілдік болмыстың осы екі аймағына да қатысты болады» [8, 106].
А.Ф.Алефиренко	«Мәтін – бұл тұтастық, коммуникативті құрылым, оның компоненттері автордың коммуникативті интенциясымен ұйымдастырылып, иерархиялық, семантикалық құрылымға бірлескен» [9,73].	О.И.Москальский	«Мәтін деп бір жағынан, бір немес бірнеше сөйлемдерден тұратын, сөйлеушінің ойы аяқталған, кез келген айтылған пікірді түсінсек, екінші жағынан, повесть, роман, газет немесе журнал мақалалары, ғылыми мақалалар, түрлі құжаттар тағы басқа осы сияқты тілдесім туындылары» [10, 54].
Н.Уәли	«Мәтін – қимыл әрекеттегі тіл. Тілдің негізгі бірлігі сөз, сөйлем емес – мәтін. Мәтін дискурстық әрекеттің өнімі, нәтижесі, туындысы» [11, 31-37].	М.Балақаев Е.Жанпейісов М.Манасбаева М.Томанов	«Жазу – ол белгілі бір текст. Бұл текстер әр жай, күйді білдіріп хабарлайды. ...Тілдік белгілерді сұрыптап қолдану заңдылықтары

			әдетте айтылатын ойдың мазмұнына байланысты. Ойлау жұмысының нәтижелерін тіл, сөз (речь) арқылы бейнеледі. Ал сөз арқылы жеткізілетін ой мен оның мазмұнының арасында тығыз байланыстылық болады» [12, 52].
Г.Смағұлова	«Мәтін – тіл жүйесіндегі өзінің мәні мен болмысына сай, сөйлемдер тізбегі ғана емес, мағыналық-құрылымдық күрделі тұлға» [13, 81].	З.Ерназарова	«Мәтін деп сөйлеуші мақсатына сай аяқталған ойды білдіретін бір немес бірнеше сөйлемдер тізбегін айтады. Тілдің иерархиялық құрылымында мәтін семантика-синтаксистік құрылым ретінде жоғары деңгей болып есептеледі. Ал сөйлеу бірлігі ретінде мәтін сөйлесіммен салыстырғанда бүтіндік сипатқа ие. Ол ортақ мақсаттағы бірнеше сөйлесім тізбегі болуы мүмкін» [14, 113].
Ф.Оразбаева	«Мәтін – қатысымдық тұлғалардың ішіндегі мазмұндық тұтастығымен ерекшеленетін бүтін жүйе» [15, 56].	А.Жапбаров	«Мәтін – қазақ тілін оқыту барысында үлкен орын алатын оқыту нысаны. Біріншіден, тілден білім беретін материал оқыту мәтіндері түрінде болса, екіншіден, жаттығулардың тұтас мәтін түрінде берілуі де мәтінен орындалатын жұмыстардың сараланып жүйеленуін қажет етеді» [16, 120-122].
А.Аракин	«Мәтін – білімді дара тұлғаға бағдарлап оқытудың ұтымды құралы» [17, 96].	Т.Әбдікәрімова	«Мәтін – өте күрделі тілдік құрылым. Осы құрылымды айқындайтын басты белгілері – жүйелілік және тұтастық. Мәтіннің тұтастық категориясы сол мәтінді ұғынып, мәнін түсінгенде ғана пайда болатын, оның логикалық жағымен тығыз байланысты болса, ал оның жүйелілігі күрделі бірліктердің құрайтын тілдік құралдардың белгілі әдіс-тәсілдерімен ұйымдасуынан көрінеді» [18, 5].
Л.М. Лосева	«Мәтінмен жұмыс – тілдің барлық пәндермен байланысуын қамтамасыз етудің кепілі» [19, 21].		

Анықтамалардан байқалғандай ғалымдардың барлығы бірдей мәтінді сөйлеудің әрі ауызша, әрі жазбаша формадағы шығармасы деп есептей бермейді. Бір зерттеушілер мәтінді сөйлеудің тек жазбаша формасында таныса, басқалары ауызша сөйлеу шығармалары, негізінде монологтік шығармаларды да мәтін деп

есептейді. Кейбір ғалымдар оны кез келген сөйлеу ниетін, соның ішінде жай сөйлесу ретінде түсініп, диалогте мәтіннің болатынын айтады.

Ғылыми-зерттеу тағылымдама барысында түрік тіл біліміндегі мәтінге қатысты зерттеулерге шолу жасадық. Түрік ғалымдары мәтін теориясына, оның құрылымдық бөліктеріне әдеби шығармалар негізінде талдау жасағанына көз жеткіздік. Мәселен:

- Мәтін — жазу символдарының ең кіші бірлігі болып табылатын әріптердің, мағыналық бірліктерді құрайтын сөздер, сөйлемдер мен параграфтардың жиынтығы. Мәтін «бір жазуды құрылым, баяндау және тыныс белгілерімен құрайтын сөздердің тұтастығы [20, 67].
- Өзін құрайтын сөз тіркестері мен сөйлемдердің бір-бірімен байланысып, мағыналық тұтастықты қалыптастырған, белгілі бір мақсатпен жасалған, басы мен соңы нақты сызықтармен шектелген, жазбаша және ауызша тіл өнімі [21, 251].
- Белгілі бір хабарлама контекстінде бір немесе бірнеше адаммен ауызша немесе жазбаша түрде жасалған тіл жүйесі [22, 105].
- Тілдік көрсеткіштердің уақытша және сызықты реттілікпен мағыналы байланыстарды құруы [23, 87].
- Өз ішінде байланысқан және тұтастай алғанда белгілі бір коммуникациялық функцияны атқаратын шектелген тілдік көрсеткіштер тізбегі ретінде анықталады [24, 6].
- Мәтіндер - ақпарат, сезімдер және ойлар орналасатын құрылымдар. Бұл құрылымдарда ақпараттар кездейсоқ орналаспаған. Керісінше, ақпараттардың белгілі бір ұйымдастырылған түрі бар. Орналастыру процесі рет-ретімен емес, логикалық ұйымдастырумен жүзеге асырылады. Мәтінді құрайтын символдар бір бүтін болып табылады. Бұл бүтіндік, әрі мағына, әрі форма бүтіндігін білдіреді. Мәтіннің өз ішінде мағыналық бүтіндікке ие болуы сөйлем концепциясымен байланысты [25, 94].

Жалпы тіл білімінде мәтінмен қатар ұғынылатын терминнің бірі – *дискурс*. Дискурс дегеніміз – тілдік қарым-қатынастың ерекше түрі. Оған «кез келген екі адамның сөйлесімі деп те, болмаса «сөйлеу актісінің жүзеге асу формасы» – деп те анықтама беруге болады.

Мәтіннің функционалдығы мәселесі көтерілген тұста ресейлік лингвистикада дискурс мәселесі көтерілді. Мәтінге берілген анықтамалардай, дискурс жайлы берілген анықтамалар да әртүрлі авторда әр түрлі көрініс тапты. Әр ғалымның әр түрлі сипаттауыннан дискурс ұғымына берілген ортақ анықтамалардың жоқтығын аңғаруға болады.

Жалпы тіл білімінде дискурс әр қырынан зерттелді. Дискурсты әлеуметтік лингвистика тұрғысынан алғаш қарастырғандардың бірі ғалым В.И.Карасик болды. Ғалым дискурсты «белгілі бір әлеуметтік топ өкілдері арасындағы сөйлесу

жағдаятынан немесе олардың типтік сөйлеу әрекетінен туындайтын сөйлесу әрекеті деп таныды [26, 389].

Т.М. Николаева дискурсқа берілген әр түрлі анықтамаларды қарастыра келіп, ең негізгілері ретінде мыналарды нұсқайды: «а) байласымды мәтін, ә) мәтіннің ауызша сөйлеу формасы, б) диалог, в) мағыналық жақтан ішінара байланысты айтылым түрлері, г) ауызша немесе жазбаша сөйлеу туындысы» [27, 467].

Дискурс – көп аспектілі сан қырлы ұғым. Ол сөйлеуші (адресант), тыңдаушы (адресат), сөйлеу жағдаяты және тіл, яғни тілдік бірліктер деп аталатын құрамдас бөліктерден құралады [28, 390].

Бұлардың ішінде ең бастысы – адам (субъект) мен тіл (тілдік бірліктер). Дискурсты жасаушы (дүниеге келтіруші) – адам, оның тірегі, сүйенері – тіл. Сондықтан дискурс бірінші кезекте адаммен, екінші кезекте тілдік бірліктермен байланыстырыла қаралады [29, 3-9].

М. Бахтин дискурсты «адресант пен адресаттың қарым-қатынасын жүзеге асыратын сөйлесім үлгісі» деп айтады. Себебі айтылымға тән қасиет – үш жақтың біріне қаратылады, яғни адресатқа арналады да, оған айтушы мен тыңдаушының қатысуы шарт [30, 97].

Дискурс мәселесін алғаш зерттеушілердің бірі – Н.Д.Арутюнова: «Дискурс – лингвистикалық және экстралингвистикалық мәнбірлер негізінде жасалған мәтін» – деген анықтама береді [31, 136-137]. Біздің ойымызша, ғалымның анықтамасындағы «мәтін» сөзі өз мәнінде жұмсалмаған. «Мәтін» сөзінің орнына «сөйлесім» термині қолданылғанда, ғалымның ғылыми пікірі шынайы болған болар еді. Өйткені мәтін дегеніміз – сөйлесімнің қағазға түскен түрі немесе нұсқасы.

Қазақ тілтанымында дискурс мәселесі XXI ғасырдың алғашқы кезеңінде зерттеле бастады. Зерттеушілер Н. Уәли, Г.Смағұлова, Қ.Есенова, З.Ерназарова, Г. Әзімжанова, Б.Жұмағұлова, Г. Бүркітбаева, Д. Әлкебаева, Ж.М. Кеншінбаева, Ш.А. Нұрмышева, С.Б. Альпатина, А.Е. Сәденова, Ш.Сабитова, Г. Мұратова, К.Садирова, А.Қасымбекова, Л. Ақтанова, А. Әділова т.б. болды. Аталған тілші-ғалымдар еңбегінде дискурс жан-жақты сөз болып, әр қырынан талданды.

Қазіргі қазақ тіл білімінде дискурс термині соңғы кезде сөйлеудің дәстүрлі ұғымын модификациялап, мәтін, диалог, стиль аясында тіл ғылымында ерекше орын ала бастады. Ғалым Д. Әлкебаева: «Дискурс нақты айтылған сөз деген мағынамен сәйкес келеді, өзінің мағыналық-ақиқаттық мазмұнымен қоса экстралингвистикалық факторлармен жүйеленетін сөйлесімдерді айтады» [32, 17-19]. Ғалым Ж. Кеншінбаева: «Дискурс – қолданыстағы мәтін, яғни сөйлеу тілінің нақтылы коммуникативтік қарым-қатынас орнатудағы қызметі» [33, 3] - десе, профессор Н.Уәли: «Фреймі «автор», сөз актісі» - «адресат» және сөз жағдаяты деген (сөздің қандай ситуацияда айтылғаны) құрылымдардан тұратын коммуникативтік оқиға» [11, 28] - деп түсіндіреді.

Дискурс сөйлеушінің сөйлеуімен, оның сөзін тыңдаушының тыңдауымен ғана шектеліп қалмайды. Ол сөйлеушінің тілдік бірліктерді өз орнында қолдана

алуымен, сөйлеудің негізгі «тура), қосымша (ауыс), жасырын (астарлы) мағыналарын дұрыс қолдана білуімен, керекті тілдік бірліктерді дұрыс таңдай алуымен және ойын дәл жеткізуімен, сонымен бірге тыңдаушының естіген нәрселерін дәл ұғып, дұрыс түсінуімен де айқындалады [15, 102]. Мұны айтып отырған себебіміз: егер тыңдаушы сөйлеушінің сөйлеген сөзін дұрыс ұқпаса, оның мән-мағыналарын аңғара алмаса, онда екі адамның арасында «коммуникативтік қарым-қатынас орнады», «толымды түсіністікке қол жеткізілді» деп айтуға болмайды.

Дискурсты бір адам жасай алмайды. Оны кемінде екі адам жасайды. Солардың бірі – сөйлеуші, екіншісі – тыңдаушы. Сөйлеуші, жоғарыда айттық, тілдің ішкі мүмкіндігін жете меңгерген сөйлесімге керекті тілдік бірліктерді дұрыс таңдай білетін, оларды өз орында жұмсай алатын адам болуы керек. Сонда ол айтпақ болған ойын тыңдаушысына дәл және шебер жеткізе алады. Бұл ойымызды шешендік сөздер дискурсын зерттеген ғалым Г.Смағұлованың пікірі қуаттай түседі: «қарым-қатынастың жүзеге асуы үнемі екі адамның (сөйлеуші мен тыңдаушы) бетпе-бет, кезек-кезек алмасып отыруы, жанды контакты арқылы жүзеге асырылады» [34, 19].

Сондай-ақ, сөйлеуші тілдік қарым-қатынас кезінде тыңдаушының әлеуметтік жағдайын, білім деңгейін, амандығын, қызығушылығын, көңіл-күйін, мінезін бәрі-бәрін ескере отырып, сөйлесімді өз ыңғайына қарай жүргізуге тиісті [14, 91] Ғалым З.Ерназарованың «тыңдауышының қабілетіне қарай сөйлеуші өзінің сөзін өзгертеді» - деуі осының дәлелі болса керек.

Дискурстың нәтижесінде сөйлеуші мен тыңдаушы бір-бірімен тілдік қарым-қатынасқа түсіп, пікір алмасады. Біріне-бірі ақпарат жеткізеді, хабар береді, ой бөліседі, әңгімелеседі, ақылдасады, кеңеседі, сырласады. Мұндайда олар тек ақпарат алысып қана қоймайды, сонымен бірге, әңгімеге тақырып болып отырған нәрсеге өздерінің көзқарастарын да, оны жақсы немесе жек көретіндігін де білдіреді. Яғни дискурсқа диалогтік сипат тән. Бұл ойымызды ғалым К.Садированың пікірі нақтылай түседі: «Дискурстың диалогтік сипатына коммуникацияға қатысушылар санының кем дегенде екеу болуы жатпайды, сөйлеуші түзіп, қолданысқа түсірген мәтіннің қандай да бір тыңдаушыға бағытталуы жатқызылады» [35, 42]

Дискурстың жасалуына түрткі болатын, сөйлесімді тудыратын – сөйлеушінің сөйлеу мақсаты мен сөйлеу жағдаяты. Әсіресе сөйлеу мақсатының маңызы зор. Мақсатсыз ешнәрсе сөйленбейді де, ешнәрсе істелмейді де.


Сөйлеу актісінің көпшілікке белгілі мынадай мақсаттары болады: ақпарат (хабар) беру, пікір алмасу, сұрақ қою, бұйрық беру, өтініш (тілек) айту, кешірім сұрау, кеңесу, ақылдасу, құттықтау, т.б. Осылардың бірі арқылы сөйлеуші тыңдаушыға әсер етіп, оны өз айтқанына сендіреді, иландырады, қолдатады, құптатады, мақұлдатады. Реті келсе сол істі істетеуіне мәжбүрлейді (орындатады).

Әрине, әр уақыт осылай бола бермейді. Кейде айтылған нәрсені тыңдаушының құптамауы, қолдамауы, тіпті оған қарсы шығуы да мүмкін. Айналып келгенде бұл да тілдік қарым-қатынастың болғандығының белгісі, соның нәтижесі.

Дискурстың жақсы өтуіне сөйлеу жағдаятының да рөлі зор дегенді жоғарыда айтқанбыз. Тек ескерте кететін нәрсе: «тілдік жағдаят» деген мен «сөйлеу жағдаяты» дегендер (екеуінің де орысшасы - «языковая ситуация») бір нәрсе емес. Алдыңғысы - кең ауқымды ұғым, соңғысы - тар ауқымды ұғым. Кең ауқымды «тілдік жағдаят» - белгілі бір мемлекетте (аймақта) тұратын этносқа қызмет ететін тілдің жағдайын қарастырады. Ал тар ауқымды «сөйлеу жағдаяты» - сөйлесушілердің кім екендіктері (кәрі, егде, жас, бастық, бағынышты т.б.) мен қарым-қатынасқа түсу кезіндегі жеке адамдардың жай-күйі (мекені: үйде, көшеде, жұмыста; мезгілі: күндіз, түнде, қыста, жазда т.б.) және олардың қайда отырып сөйлескендіктері (қонақта, тойда, ауруханада, сотта т.б.) деген сияқты дискурстық мәселелерді сөз етеді.

Ендеше, дискурс дегеніміз – белгілі бір сөйлеу жағдаятында екі адамның табан астында ауызша тудырған бір сәттік сөйлесімі. Әлгі сөйлесім біткен соң, дискурстың да өмірі бітеді. Яғни сөйлесім жасалады, пайдаланылады. Содан кейін ол ыдырап кетеді. Басқаша айтсақ, дискурстың өмірі сонымен аяқталады [36, 30].

Дискурстың сызба түрдегі нұсқасы мынадай болып шығады:



1-сызба.

Қазіргі лингвистикада «мәтін» мен «дискурс» ұғымдарының шекарасын анықтау аса маңызды болып табылады. Мәтін мен дискурстың айырмашылықтары олардың ерекшеліктеріне байланысты талданады. Мәтін негізінен ауызша және жазбаша формадағы монологтік немесе диалогтік мазмұнды білдіреді. Ал дискурс болса, ол экстралингвистикалық факторлармен тығыз байланыстағы, күрделі коммуникативтік құбылыс ретінде қарастырылады. Бұл дегеніміз, дискурс – тек сөздер мен сөйлемдердің жинағы емес, солардың шынайы өмірдегі қолданысын, контекстін, коммуникативтік жағдайын қамтитын құбылыс.

Дискурс пен диалог арасындағы корреляция немесе байланыс олардың құрылымдық жүйесінде көрінеді. Яғни, диалог дискурстың бір көрінісі бола алады, бірақ дискурс диалогтен кеңірек түсінікке ие, себебі ол коммуникацияның мағыналық, прагматикалық, мәдени және әлеуметтік қырларын да қамтиды [37].

Мәтін мен дискурс ұғымдарының аражігін ашып, оларды қолданудың шегін нақтылау мақсатында дискурс – әлеуметтік салаға тиесілі категория, ал мәтін – лингвистикалық категорияға жатады деген де пікірлер бар. Аталған терминдердің анықтамасының көптігі тілді коммуникативтік, когнитивтік, лингвомәдени және

т.б. зерттеу аспектілерімен байланысты. Сонымен бірге мәтінді түрліше түсіну тіл білімінің басқа салаларымен де байланысты орын алып отыр.

Дискурс пен мәтіннің айырмашылығын профессорлар С.С.Құнанбаева мен А.Е. Карлинский жақсы ажыратып берген. Ғалымдардың айтуынша, дискурс – іс-әрекет, басқаша айтқанда, сөйлесім (выражение). Ал мәтін – сол сөйлесімнің нәтижесі. Дискурс – дайындықсыз бірден сөйлеу, бір нәрсені ауызша айту. Мәтін – сол ауызша айтылған сөздің жазбаша түрдегі көрінісі. Яғни мәтін – тіл білімінің өз алдына дербес бір саласы [38, 118].

Ғалым А. Әділова дискурс пен мәтіннің ортақ белгілері мен айырмашылықтарын төмендегідей келтіреді:

• «Дискурс автор интенциясына, стиль ерекшеліктеріне байланысты сұрыпталып алынатын тілдік құралдардың жиынтығы.


• Дискурс мәтінге қарағанда кең ұғымды қамтиды. Ол сөйлеу үдерісі.

• Дискурс нақтылы уақытпен ажырамас бірлікте, ал мәтін тек мәдени кеңістікте өмір сүреді, уақытқа тәуелді емес, кез келген кезде екінші бір дискурста өзектенуі мүмкін.

• Дискурсты қайта туындатуға болмайды, ал көркем мәтін қайта туындауға қабілетті әрі бейім.

• Дискурс ақпаратты беру тәсілі болса, мәтін ақпаратты сақтаушы, жинақтаушы, жаңа мән тудырушы көпқырлы, көпқабатты құрылым» [39, 121].

Сонымен, мәтінді дискурспен теңестіруге болмайды. Жоғарыда анықталғандай дискурс дегеніміз – екі адамның бір сәттік ауызша сөйлесуі. Дискурс мәтінді жасайды, туғызады. Ал мәтін сол дискурстың өз жемісі, нәтижесі. Осы тұрғыда ғалым Б.Қалиұлының мына анықтамасы ойымызды қуаттай түседі: «...Мәтін – ауызша сөйленген сөз бен жазбақ болған дүниенің қағазға сол қалпында түсірілген түрі». Ғалым сонымен қатар, дискурсты қарапайым тілде ғана түсіндіруге тырысып, оны диалог кезінде немесе екі немесе одан да көп адресаттардың тілдік қарым-қатынасы кезінде бір-бірін түсінуі дейді де толық түсінікке қол жеткізілу жолдарын сөз етеді: [40, 6]



2-сызба.

Қазіргі гуманитарлық ғылымдардың даму сатысындағы байқалатын ерекшеліктердің бірі – дискурстың *диалогтік тұтастық* тұрғысынан зерттелуі. Зерттеу жұмыстарында дискурс – әлеуметтік мәні бар қарым-қатынас түрі, интеракция [41], диалог деп қарастырылып жүр [42, 17]. Дискурстың интеракциялық немесе диалогтік аспектісі оның доминанттық (басым) ерекшелігі десек те болады, өйткені дискурсқа тән жеке тұлғалық және әлеуметтік факторлар интеракция кезінде көрініс табады.

Қарым-қатынас жағдайында сөйлеу типтері алдымен ауызша немесе жазбаша түрге, екіншіден, диалогтік немесе монологтік түрге бөлінеді. Ауызша қарым-қатынас жағдайында сөйлеудің диалогтік түрі ең алғашқы әрі негізгі болып саналады. Диалог – екіжақты қарым-қатынас түрі, онда екі адам бір-бірін түсінуге тырысады. Диалогтің өзі – екі немесе одан да көп адамдардың өзара әңгімелесуі, сөйлесуі дегенді білдіреді. Оның тақырыбы алдын ала анықталмайды және еркін түрде өрбиді. Әңгіме барысында тақырып өзгеруі мүмкін болғандықтан, диалог әртүрлі сипатта болуы ықтимал. Сондықтан диалог өмірдің барлық саласында кездеседі және қарым-қатынасқа қатысушылардың кезектесіп сөйлесуінің нәтижесінде жүзеге асады. Диалог белгілі бір жағдайға байланысты пайда болып, дами түседі; оның репликалары бір-бірімен байланысты әрі бірін-бірі толықтырып отырады [43, 31].

Дискурстың түзілуі коммуникация тұрғысынан әлеуметтік мәнмәтінге байланысты, ал диалогтің құрылымдық негізіне сөз алмасу мүмкіндігі, интерактивті, дәйекті немесе бірізді сөз актілері сияқты белгілер тән [44, 20].

Диалогтік дискурс екі немесе одан да көп жеке тұлғалардың арасындағы бірлескен коммуникативтік әрекеттен басқа экстралингвистикалық белгілердің (белгілі бір пресуппозициялар, конституативтік белгілер т.б.) болуы негізінде ақпараттың адекватты қабылдануын қамтамасыз ететін коммуникативтік қатысымның нәтижесі [45, 10].

Диалог пен дискурс терминдері ұқсас болғанымен, олардың арасындағы айырмашылықты түсіну маңызды және бұл тақырыпта зерттеушілер арасында түрлі пікірлер бар. Екеуінің де ортақ белгілері бар – адресант (сөйлеуші) пен адресат (тыңдаушы) қатысады, әрі екеуі де коммуникативтік жағдаятта жүзеге асады. Дегенмен, олардың арасында бірнеше негізгі айырмашылықтар да бар.

Диалог көбінесе қатысымның ауызша немесе жазбаша түрін білдіреді және ол әдетте екі немесе одан да көп адамның өзара пікір алмасуын қамтиды. Диалог барысында сөйлеуші мен тыңдаушының репликалары кезектесіп, бір-біріне жауап беріп, пікірлер алмасады. Диалогте қатысушылардың өзара әрекеті және белгілі бір мақсатқа қол жеткізуі маңызды. Ол әдетте нақты бір тақырып шеңберінде дамиды және сөйлеушілердің коммуникативтік ниеттері мен реакцияларын бейнелейді.

Дискурс – бұл ұғым кең мағынада қолданылады және ол тек диалогтегі репликалар алмасуын ғана емес, сондай-ақ коммуникацияның барлық компоненттерін қамтиды. Дискурс экстралингвистикалық факторлармен (әлеуметтік, мәдени, контекстуалдық, психологиялық факторлармен) астасып жатады. Дискурс қатысушылардың белгілі бір ортақ тақырып аясында пікір алмасуы арқылы өзара қарым-қатынасқа түсуін білдіреді және мұнда тілдік және тілдік емес құралдардың барлығы рөл атқарады.

Басқаша айтқанда, дискурс – бұл біртұтас коммуникациялық әрекет, оның құрамына:

- ✓ Коммуникативтік мақсаттар мен интенция;
- ✓ Әңгіме контексті мен мәнмәтіні;
- ✓ Әлеуметтік-мәдени факторлар мен сөйлеушілердің білім деңгейі кіреді.

Дискурс және диалог екеуі де ауызша және жазбаша түрде болуы мүмкін, бірақ дискурс термині кеңірек әрі күрделірек ұғымды білдіреді. Ол бір тақырып аясында пікір алмасудың тұлғааралық қарым-қатынасына тереңірек талдау жасауға бағытталады. Диалог – дискурстың бір элементі болып саналады, ал дискурс – коммуникациялық процестің толық мәнмәтіндік құрылымы.

М.М. Бахтиннің көзқарасы бойынша, мағынасына қарай диалог пен дискурс ұғымдары жақындау болғанымен, екеуінің қолданылу аясы екі түрлі. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық: диалогте тілдің интерактивтік қолданысы байқалса, дискурс үшін коммуникацияның әлеуметтік мәнмәтінге енуі маңызды [46, 316]. Сондықтан кез-келген мәдениет әлемімен, кез-келген мәтінмен жанасу диалог деп аталады және диалог барысындағы түсіністік екі саналы ойдың тоғысуынан пайда болады. Диалог – мәтін түзуші тетік (механизм), мәтінді дискурсқа айналдыратын, әлеуметтік мәдениет мәнмәтініне кіретін қатысымның

прототиптік көрінісі. Сонымен диалог тілдік интеракцияның дискурстық формасы десек, ал дискурсты өмірге қайта келген, жанданған диалогтік сипаттағы сөйленіс не мәтін деп қабылдауға болады.

Сонымен, **ойтүйін:** Дискурс - ауызекі сөйлеу тіліне тән іс-әрекет, қарым-қатынастық құбылыс дейтін болсақ, диалог – сол сөйлеу тілінің жүзеге асу формасы. Ал мәтін – тілдің (тілді қолдану іс-әрекетінің) жемісі. Ол – өзіндік белгілері бар, құрылым-құрылысы бар, бірнеше сөйлемдерден құралып, күрделі ойды білдіретін, өзара грамматикалық, логиикалық, мағыналық байланысқа түсетін тілдік бірлік. Дискурстың негізгі тілдік бірлігі – сөйлеу актісі (сөйлесім), ал мәтіннің негізгі тілдік бірлігі – сөйлем. Диалог – дискурстың жүзеге асу формасы.

1.2 Диалогтің тіл білімінде зерттелуі

Диалог – адамның сөйлеу әрекетіне негізделген қарым-қатынасының негізгі түрлерінің бірі. Диалог теориясы тіл білімінде айтарлықтай белсенді түрде дамыды. Сондықтан «диалог құбылысы қатыспайтын немесе қатыса алмайтын саланы атау қиын. Қазіргі жалпы тіл білімінде диалог лингвистиканың бірнеше саласы: коммуникация теориясы, мәтін лингвистикасы, синтаксис, стилистика, әлеуметтік және психолингвистика салаларының зерттеу пәні болып табылады.

Диалог сөзі гректің *dialogos* сөзінен пайда болған. Оның мағынасы – жалпы сөйлесу, кем дегенде екі коммуниканттың қатысуымен болатын вербалды әрекеттің дәйектілігі, бірізділігі. Диалог екі жақты қарым-қатынас түріне жатады. Мұнда қарым-қатынасқа түсуші екі адам бірін-бірі түсінуге тырысады. Диалогке қатысушылардың ойлары әр түрлі болады: келісу, талқылау, сұрақ-жауап, ойдың бірдей шығуы т.б.

Диалогті зерттеу бүгінгі таңдағы коммуникативті лингвистиканың негізгі нысандарының бірі. Қазіргі тіл білімінде қарым-қатынас қызметі жеке бірліктер түрінде емес, өзара хабар алысатын саналы әрекет түрінде асатындығы нақтыланып келеді. Тұлға аралық қатысымның, диалогті қатысымның компоненттері ретінде мынаны атасақ болады: 1) сөйлеуші мен адресат (сбуъект факторы жеке психологиялық, сөйлеушінің тұлғалық әлеуметтік ерекшеліктері; адресат факторына оның тең қатысымға дайындығы енеді, сондай-ақ, жеке мінезі; коммуниканттар арасындағы интеракциялық және тұлғааралық қарым-қатынас); 2) сөйлеушінің коммуникативті ниеті, уәжі, қатысым мақсаты; 3) қатысым өтетін уақыт пен кеңістікке (коммуникативті акт барысындағы қатысымның жалпы әлеуметтік-саяси, тарихи-мәдени жағдаяттарына сүйенетін шарттарын белгілейтін экстралингвистикалық факторлар) байланысты шынайылық деңгейі; 4) белгілі бір қоғамдық және статуыстық рөлі бар коммуниканттардың өзара қарым-қатынасы; 5) қатысым жағдаятына сай пресуппозицияларды (авторлық интенцияның дұрыс қабылдануы, өйткені сөйлесімнің прагматикалық мағынасы сөйлеуші мен адресаттың пресуппозицияны оқи алуы, тезаурустарының ұқсастығы, импликацияны анықтай алу қабілеттігіне байланысты жүзеге асады [47, 12].

Диалог сөйлеушілерді бірінен кейін бірін сөйлете беру емес, ол автор мен тыңдаушының арасында қарым-қатынас орнауына себеп болатын коммуникативті жағдаят деп түсіну керек. Диалог барысында пайда болатын өзара байланыс қарым-қатынасты тереңдетеді және оның нәтижелі болуына ықпал етеді. Диалогтің мәні тыңдаушының реакциясымен тікелей байланысты. Сөйлеушінің сөздері мен тыңдаушының жауабы арасында үнемі өзара әрекеттестік орын алады, және осы әрекеттестік диалогтің дамуы мен мазмұнын айқындайды. Диалогтің мақсаты әрқашан көпқырлы болады, оны бір ғана мақсатпен шектеу мүмкін емес. Мысалы, сөйлесімнің бастамасы өтініш не ақпарат алу сияқты нақты бір мақсатпен басталғанымен, тыңдаушының әртүрлі реакциясы нәтижесінде диалогтің бағыты өзгеруі мүмкін. Бұл өз кезегінде жаңа коммуникаивті мақсаттар мен міндеттердің пайда болуына әкеледі. Диалогтің бұл қыры оның динамикалық әрі бейімделгіш құрылымын көрсетеді. Тыңдаушының реакциясы тек жауап беру ғана емес, сонымен қатар сөйлесімнің бағыты мен мағынасын да анықтайды. Сөйлеушінің тыңдаушыға бағыттаған сөзі тыңдаушының реакциясы арқылы сөйлеушіге қайтып оралып, жаңа мазмұн мен мәнге ие болады. Осылайша, диалог – тек ақпарат алмасу ғана емес, екі жақтың бір-біріне ықпал етуі арқылы қалыптасатын күрделі қарым-қатынас жүйесі.

Диалог – тілдік қатысымның негізгі формаларының бірі, және оның өзіндік ерекшеліктері мен белгілері бар. Диалог тікелей қарым-қатынас барысында жүзеге асатындықтан, оның ауызша тілге тән бірнеше белгілері бар. Атап айтқанда:

Тікелей қарым-қатынас жағдайы: Диалог екі немесе одан да көп адамның қатысуымен өтеді және әдетте олар бетпе-бет қарым-қатынас жасайды. Диалог барысында қатысушылар бір-біріне тікелей әсер етіп, сөздерді, интонацияны және ым-ишараны қолдану арқылы ойларын жеткізеді.

Қатысушылардың әртүрлілігі: Диалогке қатысушылар бір-біріне таныс немесе бейтаныс болуы мүмкін. Таныс адамдар арасындағы диалог еркін және бейресми түрде өтсе, бейтаныс адамдар арасында ресми немесе әдепті сөйлеу нормалары сақталады. Бұл қатысушылар арасындағы қатынас түріне байланысты.

Ерікті тілдік әрекет: Диалог әдетте ерікті түрде, яғни қатысушылардың өз қалауы бойынша жүзеге асады. Олар өз ойларын еркін білдіріп, пікір алмасады. Дегенмен, ерекше жағдайларда диалог еріксіз жүзеге асуы мүмкін. Мысалы, ресми жағдайларда немесе шұғыл әрекет талап ететін кезде (сұрау, жауап беру міндетті болғанда).

Тақырыптың шектелмеуі: Диалогте әңгіме тақырыбы әртүрлі болуы мүмкін және оған ешқандай шектеу қойылмайды. Қатысушылар кез келген тақырыпты қозғап, өзара пікір алмаса алады. Тақырыптың кеңдігі диалогтің мақсатына, контекстіне және қатысушылардың қызығушылығына байланысты анықталады.

Диалогтегі негізгі ерекшелік – оның **динамикасы мен икемділігі**. Қатысушылардың ойы мен тілдік реакциялары бір-біріне тікелей әсер етіп,

диалогтің мазмұны сол сәтте қалыптасады. Бұл диалогті монологтен ерекшелендіреді, себебі монологте бір адам өз ойын жүйелі түрде баяндаса, диалогте екіжақты қарым-қатынас пен пікірталас орын алады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында диалогтің көркемдік қызметі орыс әдебиетіндегідей арнайы зерттеу обьектісіне алынбағанымен, оның шығарма құрылымындағы қызметінің маңызына қатысты айтылған ғылыми ой-тұжырымдар баршылық.

Диалог – әдебиеттану ғылымының да нысаны. Өйткені сөз – диалогтің басты тірегі болса, әдебиеттің де, тілдің де негізгі элементі, обьектісі - сөз болып табылады. Сондықтан біз қарастырып отырған диалог мәселесі екі ғылым саласына ортақ болғандықтан әдебиеттану ғылымындағы диалогтің зерттелу деңгейін шолып өту – орынды.

XIX ғасырдағы Батыс Еуропа мен орыс романындағы диалогтің фнукционалдық айырмашылығын А.И.Белецкий: ... «біріне өзі жасаған бейнелердің типтік-тұрмыстық жағдайынан хабар беретін әшекей ретінде, екіншісінде оқырманды жан құбылыстарымен таныстыру үшін керек болуына қарап ажыратады [48, 124].

Орыс әдебиетінде диалогті зерттеуші ғалымдардың бірі В.Е. Хализев «Әдебиет теориясы» атты еңбегінде Шлегель диалогтерін қарастырып, негізін айқындайды. Ғалым үшін диалог әр түрлі тұлғалардың екіжақтылық қарым-қатынасынан тұрады. Диалогке қатысушы кейіпкерлер әркез рөлдерін өзгертіп отырады. Белгілі бір уақытта сөйлеуші белсендірек күй танытса, кейде тыңдаушы қалпында көрінетіндігін атап көрсетеді [49, 98].

Л.Гинзбург «Толстой диалогтері персонаждың әр сөзінен лықси тасыған психологиялық бақылау кернеуі асқынар сәттерде өрістейтінін атап өтеді. Оның үстіне «монолог сияқты диалог та автор түсініктемелерімен көмкеріледі. Интонациялық құрылым, жекелеген сөздердің айтылуы, өң, көзқарас немесе жымию тәрізді дәлдіктерсіз аттап басу қиын» [50, 63]. Демек, Л.Толстой қас қағымдағы сырлар қамтылатын репликалар ғана емес, әңгімелесуші субъектілердің бір-бірінің үн толғамына байланысты шұғыл реакциясы, бөгде сөзді қабылдау акті де қатты қызықтыратынын көреміз.

«А.П.Чехов диалогтерінде да жазушының әсер қатынасы жиі. Алайда олар тілдесу мазмұнымен сәйкес келе бермейді. Бұл тұста да шындық құбылыстарын барынша қанат жая бауырына алуды көздейтін талапты аңғаратын обьективті позиция бас көтереді. Суреткердің қырағы жанары сыртқы орта мен кейіпкерлердің сөйлеу кезіндегі жүріс-тұрысы, қимыл қозғалысын қатар қадағалайды» [51, 81].

Чехов үшін диалог – үлкен көлемдегі қарым-қатынас сахнасы, жалпы айтқанда өзіндік мазмұнымен басым драмаландырылған, ең бастысы мәңгілік өмірмен байланысты үлкен көлемдегі қарым-қатынас сахнасы болып табылады.

Ғалым М. Бахтин диалогті тек тілдік құбылыс ретінде емес, адам болмысының, оның санасының өзегі ретінде қарастырады. Зерттеушінің пікірінше,

диалог адамның өмір сүруінің, негізгі формасы. Ол «сананың диалогиялық табиғаты» туралы айтып, адамның ішкі және сыртқы өмірінің ажырамас бөлігі ретінде диалогтің маңыздылығын көрсетеді. Диалогті тек сөзбен алмасу ғана емес, адамның бүкіл болмысының, дене қимылынан бастап, ой-пікірлерінің де диалогке қатысуы деп түсіндіреді. М.Бахтин үшін өмірдің өзі диалогті үдеріс. Ғалымның ойынша, адамдар арасында ғана емес, адамның өз санасында да үнемі диалог жүріп жатады. Бұл диалог тек сыртқы қарым-қатынас арқылы ғана емес, ішкі монологтер арқылы да іске асады. Сананың диалогиялық құрылымы жеке тұлғаның өзін-өзі түсінуіне, айналасындағы әлемді тануына ықпал етеді. Сонымен қатар, Бахтин диалогтің әртүрлі ғылымдарда, әсіресе философия, психология, лингвистика және әдебиеттану салаларында зерттелуі керек екенін атап өтеді. «Диалогті түсіну – бұл жеке тұлға мен қоғамның өмірін, қарым-қатынастарын, және мәдениет дамуын түсінудің кілті»[46, 435].

Диалогті қатынастардың пайда болуының басты жағдайлары қарым-қатынастың қарқынды болуы. Жеке адамның айтқан сөзі екіншісінің жауабын қажет еткен сәтте диалогтік қатынас пайда болады. Сөз – бұл қандай да болмасын авторлық бағыттағы айтылуға тиісті нәрсе. Сөздің шын болмысы – сөзді жасаушы адаммен тұтасу. Ол екеуін ішкі ритм қосады. Адамның ішкі әлеміндегі айтылуға тиісті нәрсе сөз болып шығады. Ғалым сонымен қатар Ф.Достаевскийдегі полифониялық романмен тамырлас диалогтің өзгеше функцияларына тоқталады. Диалог мұнда тікелей әрекет үдерісіне айнала тұрып, «сюжет арқылы әзірленгенімен, іштей кейіпкердің оқиғалық қарым-қатынастарына тәуелсіз болады» [46, 440]. Достаевский шығармаларындағы диалогке М.Бахтин басқа композициялық элементерге қарағанда айрықша орын береді. Оның себебін ғалым былайшы түсіндіреді: «Достаевскийда адам сөйлесу субъекті болып табылады», - дейді.

Түрік тіл білімінде диалогке қатысты зерттеулер жасаған ғалым Yalçın Çetin диалогті философиялық тұрғыдан қарап былайша анықтама береді: «Диалог – мәдени және тарихи тұрғыдан белгілі бір әлеуметтік сөйлеу түрі болып табылады және тіл қолдану мен ауызша процестер арқылы жүзеге асырылады. Сонымен қатар, адам көбінесе барлық нәрсесін тіл жаратылысы ретінде келешек ұрпақтарға сөйлеу түрінде тіл арқылы жеткізеді. Шынында да, адам тілі, белгілі заманнан бүгінгі күнге дейін, үнемі адамды таңқалдырған. Адамды осынша таңқалдырған осы тіл философиялық диалогтің да негізгі тасымалдаушысы болған» [52, 1-14].

Сонымен қатар түркі филологиясында монолог пен диалогті салыстыра зерттеген ғалымдар олардың көркем шығарма мәтініндегі қолданысына ерекше ден қойған. Монолог – бір адамның сөйлеуі, ал диалог – екі немесе одан көп адамның өзара сөйлесуі. Монологте диалог элементтерінің болуы, яғни сөйлеушінің өзіне-өзі сұрақ қоюы, жауап беруі немесе басқа адамдармен пікір алмасуы, мәтіннің тереңдігін арттыра алады.

Мысалы, монологтің ішінде диалог элементтерінің болуы автордың персонажымен, ойларымен, эмоцияларымен тереңірек танысуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл әдебиетте, психологияда және театрда қолданылады, себебі ол кейіпкерлердің ішкі әлемін ашып, оқырманға немесе тыңдаушыға олардың күрделі ойларын жеткізуге көмектеседі [53, 1-14].

А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» (1926) еңбегінде диалог шығарма мазмұнына қарай жіктеліп, «сөйлестіру» деп алынса, М. Әуезов диалогті «әңгімелестіру» деп береді. Көркем шығарма тілінің поэтикасы туралы кең зерттеулер жүргізген әдебиетші ғалым Қ.Жұмалиев кейіпкер бейнесін сомдаудағы диалогтің рөлін ерекше бағалаған. Ол диалогті «қатысушының сөздері» деп атай келе, ол «қатысушының тұрпатын, күйініш-сүйінішін суреттеумен қатар, олардың сөздерін көрсетеді. Сөз, адамның сезімін, ойын, өмірдегі әртүрлі оқиғаға қатысын, мәселеге қалай қарайтынын айырып беру үшін жұмсалады. Сондықтан, әдеби шығарма адам образын суреттеу үшін қатынасушының сөзін беру керек. Өйткені бұл жөніндегі сөздің үлкен рөлі бар» [54, 50] – деген тұжырым жасайды.

Академик Зейнолла Қабдоловтың зерттеулерінде диалогтің көркем әдебиеттегі рөлі мен қызметі ерекше орын алады. Ол диалогті тек тілдік қатынас құралы ретінде ғана емес, кейіпкердің ішкі әлемін, психологиясын ашудың маңызды тәсілі ретінде қарастырған. Ғалым диалогті әдебиеттің басқа да көркемдік амалдарымен тығыз байланыстырып, жан-жақты талдайды. Көркем шығармадағы диалогтің қызметін әдеби тұрғыдан саралаған ғалым Б.Майтанов «Қазақ романы және психологиялық талдау» және «Көркемдік нәрі» атты еңбектерінде қазақ романдарындағы диалогтерге зер салып, кейіпкердің ішкі психологиялық қақтығыстарын, ой толғаныстарын ашудағы рөліне терең талдау жасаған. Ғалым орыс әдеби шығармаларындағы диалог үлгілерін де назарға алып, салыстыра отырып зерттейді. Аталмыш зерттеулер диалогтің көркем әдебиеттегі қызметін кеңінен қарастырып, оның шығармашылық үдерістегі маңызын көрсетеді.

Белгілі ғалым Х.Әдібаев та «Талант. Талғам. Тағдыр» атты еңбегінде шығармаларды талдау барысында диалогке тоқталған. Профессор Т.Рақымжанов «Романның көркемдік әлемі» деген зерттеу еңбегінде С.Мұқановтың «Өмір мектебі» романындағы диалог, монолог үлгілерінен мысал келтіріп, олардың кейіпкер бейнесін, психологиясын ашуда, характер танытуда үлкен рөл атқаратыны туралы құнды пікірлер айтады.

Әдебиеттанушы ғалым Р.Сұлтанғалиева «Сәбит Мұқанов романдарындағы диалог қолданысы» атты еңбегінде жазушының «Сырдария» және «Ботагөз» романдарындағы диалог үлгілері мен оның кейіпкер мінезін даралаудағы қызметін әдебиеттану ғылымы тұрғысынан талдайды [51, 24]

Ж.Аймауытұлының диалог қолдану шеберлігін әдебиеттану тұрғысынан қарастырған зерттеуші Ш.Әбішева прозалық шығармалардың көркемдік жүйесіндегі диалогті қолдану шеберлігі, жазушының алғашқы әңгімелеріндегі диалогтің сипаты мен шығарма өзегіндегі көркемдік қызметіне талдау жасайды.

Сондай-ақ кейіпкердің мінезін даралау мен топтық мінездер типін жасаудағы қаламгер шеберлігінің маңызын айқындайды [55, 18]

Жалпы тіл білімінде зерттеушілер диалог мәселесін филологиялық, философиялық, психологиялық және т.б. әр түрлі қырынан қарастырып келді. Диалог теориясының негізін орыс ғалымдары Л.Л. Якубинский, Л.В. Щерба, Н.Ю. Шедова, М.М. Бахтин, т.б. қаласа, оның философиялық өзектілігі К.Ясперстің, Ф.Эблердің еңбектерінде көрсетіледі. Соның ішінде құрылымдық-семантикалық аспектіде Л.Л. Якубинский, А.К. Соловьева, И.Н. Борисова; прагматикалық аспектіде С.Г. Ильенко, Е.В Подучева; функционалды аспектіде Т.Г. Винокур; стилистикалық аспектіде В.Виноградов, Б.А.Ларин т.б. зерттеді.

Бұл мәселеге шетел ғалымдары Л.Чахоян, С.Беркнер, Т.Власова, А.Кучер, Н.Буренина, Е.Карпушина және т.б. зерттеулері арналған.

Кейіпкер болмысын, мінез-құлқын айқын танытатын тілдік тәсіл – диалог. Диалогке қатысты тілтанымдық еңбектерді топтастыра қарасақ, зерттеудің үш бағытта жүргенін аңғаруға болады:

- ✓ Диалог пен монологті салыстыру;
- ✓ Ауызша диалог пен көркем диалогті салыстыру;
- ✓ Белгілі бір автор шығармасындағы диалогтің сипаты [56, 11].

Осы үш түрлі бағытта жүргізілген зерттеулер арқылы көркем шығарма мәтіндегі диалогтің өзіндік табиғаты ашылып, ерекшеліктері айқындалды.

Бірінші бағыт – монолог пен диалогті салыстыру. Диалог пен монолог – сөйлеудің формалары. Диалог пен монологтің айырмашылығы, олардың өзіндік сипаттамасы Г.Винокур, Л.Щерба, Л.Якубинский, В.Виноградов еңбектерінде алғаш сөз болды. В.В.Виноградовтың пікірінше, диалог ауызша сөйлеудің бір түрі ғана емес, сонымен бірге «прозаның әртүрлі түрлерінің, мысалы, новеллалардың, романдардың және өлеңнің алуан түрлерінің сөздік құрылымының» құрамдас бөлігі болып табылады.

Ғалым Т.Г. Винокурдың диалог пен монологтің айырмашылығын сипаттауы дәл және айқын. «Диалог пен монолог тілдік қарым-қатынастың екі түрлі формасы ретінде қарастырылады және олардың әрқайсысының өзіндік ерекшеліктері бар. Диалог – бұл кем дегенде екі адамның өзара пікір алмасуы. Оның негізгі белгілері:

- ✓ Екі немесе одан да көп қатысушының болуы;
- ✓ Әрбір айтылған сөз (реплика) екінші адамның жауабын тудырып, пікір алмасу орын алады;
- ✓ Сөйлеудің жылдам темпі және қысқа, нақты репликалар;
- ✓ кейде сөздерді қысқарту немесе түсіріп тастау арқылы ойды жеткізу.

Диалогтік сөйлеу әрқашан екінші қатысушының пікіріне тәуелді болады. Бір қатысушының айтқан ойы келесі репликаны туындатады, сондықтан олар бір-бірімен тығыз байланысты. Монолог болса, диалогке қарама-қарсы сипатта болады:

- ➢ Бір адамның пікірін білдіруі;

➢ Сөздің ұзақтыққа және логикалық құрылымға ие болуы, өйткені бұл алдын ала ойластырылған сөйлеу формасы;

➢ Тез арада жауап алуға бағытталмауы, яғни бұл біржақты, тыңдаушының тікелей реакциясын қажет етпейтін сөйлеу» [57, 67-69].

Монолог ұзақ әрі жан-жақты ойластырылған сөз болып табылады, ол бір адамның ойын жүйелеп жеткізеді. Диалог пен монологтің айырмашылығы олардың мақсаты мен формасында ғана емес, сонымен қатар талқыланатын тақырыптар мен сипаттарына байланысты да болады. Диалогте пікір алмасу арқылы шешімге келу немесе мәселені талқылау басым болса, монолог көбінесе ақпарат беру, ой бөлісу немесе пікірді жеткізуді көздейді.

Осылайша, диалог пен монолог тілдік қарым-қатынастың түрлі формалары ретінде әртүрлі мәнмәтінде қолданылады, олардың әрқайсысы сөйлеушінің мақсатына байланысты ерекшеленеді.

Л.В. Щербаның диалог пен монолог туралы анықтамалары олардың құрылымы мен қызметінің айырмашылықтарын тереңірек түсінуге мүмкіндік береді. Диалогті «репликалардың тізбегі» деп атау арқылы ғалым диалогтің өзара пікір алмасу формасын көрсетеді. Бұл жерде диалог әрбір қатысушының ойы бір-біріне тәуелді болып, бірінен кейін бірі туындайды. Репликалардың байланысы диалогтің негізгі динамикасын қалыптастырады, бұл диалогке қатысушылардың ой алмасу арқылы бір-бірін түсінуге немесе келісімге келуге ұмтылысымен ерекшеленеді.

Монологті Л.В. Щерба ұйымдасқан жүйе деп сипаттайды, онда ойлар белгілі бір ретпен сөзбен беріледі. Монолог реплика ретінде емес, алдын ала ойластырылған және қоршаған ортаға немесе тыңдаушыларға әсер ету мақсатында қолданылатын құрал ретінде қарастырылады. Яғни, монологте сөйлеуші біржақты түрде өз ойын жеткізеді және бұл айтылған ойлар тыңдаушының тез арада жауап беруіне тәуелді емес. Монолог алдын ала жоспарланып, логикалық түрде жүйеленеді, ол арқылы сөйлеуші тыңдаушылардың санасына әсер етуді көздейді [58, 114].

Л.В. Щербаның бұл анықтамалары диалог пен монологтің сөйлеу әрекетіндегі әртүрлі функцияларын және құрылымдық ерекшеліктерін түсіндіруге бағытталған. Диалог – пікір алмасу құралы болса, монолог – біржақты әсер ету құралы.

Екінші бағыт – ауызша диалог пен көркем мәтіндегі диалогті салыстыру. Көркем шығармадағы кейіпкер сөзі ауызекі сөйлеу тіліне жақын. Диалогтің құрылымына қысқа мазмұн, ойдың нақтылығы, эллипсис, жай, толымсыз сөйлемдер, эмоционалды-экспрессивті сөздер, жалпы ауызша сөйлеу тілінің синтаксистік құрылымы тән. Солай бола тұрса да, бұл тілдік категорияларды тең дәрежеде қарастырмау керек. Диалог ауызша сөйлеу тіліне жақын дегенімізбен көркем әдебиеттегі диалогтің өзіндік ерекшеліктері бар.

Зерттеуші Р.Будаговтың көркем диалог пен күнделікті өмірдегі диалогтің арасындағы айырмашылықтарын сипаттауы өте нақты әрі маңызды. Көркем диалог тек қана кейіпкерлердің сөйлесуі емес, ол автордың идеясына бағынатын, арнайы өңделген және әдеби туындының маңызды элементі болып табылады. Ғалымның пікірінше оның негізгі ерекшеліктері:

«Ұзақтылық пен құрылым: Көркем диалог белгілі бір ұзақтыққа ие болуы мүмкін, ал өмірдегі диалогтер қысқа әрі кездейсоқ бола алады. Көркем диалог автор тарапынан мұқият ойластырылып, өңделеді, ал шынайы өмірдегі сөйлесу стихиялық сипатта болады.

Функционалдық байланыс: Әдеби диалог оқиға желісін дамытуға көмектеседі, барлық элементтері бір-бірімен тығыз байланыста болады. Бұл өмірдегі сөйлесулерде кездесе бермейді, себебі күнделікті диалогтер кейде бір-бірімен байланыссыз болуы мүмкін.

Ритм, темп және уақытқа бағыну: Көркем диалогтің әдеби мәтін ретінде белгілі бір ритмге және темпке бағынуы қажет. Бұл қасиеттер көркем туындының ішкі құрылымына сәйкес болуы шарт, ал күнделікті өмірдегі сөйлесулерде мұндай заңдылықтар жоқ» [59, 212]. Осылайша, көркем диалог – жазушының ой-идеяларының жүзеге асуы мен шығарманың атмосферасын жеткізудің маңызды құралы болып табылады. Ол көркем мәтіннің ритміне, эмоционалдық бояуына және оқырманға әсер етуіне айтарлықтай ықпал етеді.

Үшінші бағыт – диалогті жеке шығармашылық тұрғысынан зерттеу – бүгінгі таңда кең таралған зерттеу нысандарының бірі. Аталған бағытта зерттеушілер белгілі бір автордың шығармаларындағы диалогтің түрлері мен қызметін, олардың ерекшеліктерін саралайды, сондай-ақ шығармаларды салыстыру мен талдау арқылы диалогтің рөлін тереңірек түсіндіреді. Бұл бағыт диалогті тек жалпы әдеби категория ретінде ғана емес, автордың өзіндік қолтаңбасын, стилін анықтайтын негізгі құрал ретінде қарастыруды көздейді.

XX ғасырдың орта кезеңінен бастап диалогті зерттеу тек лингвистикамен шектелмей, басқа да ғылым салаларымен тығыз байланыста дамыды. Психология, психолингвистика, мәдениеттану, прагматика, сөйлеу актілерінің теориясы, тіл мәдениеті және лингвостилистика сияқты салалар диалогті әртүрлі қырынан қарастырып, оның тілдік қарым-қатынастағы маңызын жан-жақты зерттеуге мүмкіндік берді. Осылайша, диалогті зерттеу көптеген ғылымдардың тоғысында дамып, көпқырлы және кешенді сипат алды.

М.Хайдеггерді пікірінше, «тек диалогте ғана тілдің бар болмысы толық ашылады» [60, 73], - дейді. Диалогті тұтастай және диалогтік тілдің бірліктері ретінде қарастырғанда да, зерттеушілер алдымен оның коммуникативтік ұстанымынан гөрі мазмұндық, құрылымдық, грамматикалық ерекшеліктеріне баса назар аударады.

Поляк зерттеушісі Фабрицио Макагно өзінің «Диалогтердің прагматикалық құрылымын талдау» мақаласында диалогтің минималды анализ бірлігі ретінде

қарастырылатын диалогтік қозғалыс ұғымын сипаттайды. Ол өз пікірінде бірлескен диалогтік мақсаттардың жеке қозғалыстар мен жоғары деңгей арқылы бірлесіп құрылатынын баса айтады. Сөйлеушілердің қарым-қатынас ниеттері осы тұрғыда қарастырылады. Осы мақсатпен ол диалогтің прагматикалық құрылымын анықтауды, атап айтқанда, диалогтік мақсаттар (мысалы, сендіру, талқылау, ақпарат алмасу және т.б.) желісі ретінде, сөйлесушілердің өз сөздері арқылы қол жеткізгісі келетін коммуникациялық мақсаттарды көрсету міндетін қояды [61, 150].

Осы тұрғыда, сөйлесушілердің жеке мақсаттары (мысалы, ақпарат алу немесе белгілі бір әрекет жасау) бірлескен мақсатқа (ақпарат бөлісу, бірлескен шешім қабылдау) бағынады. Диалог түрлері - бұл ортақ диалогтік ниеттерді түсіндіретін нормативті фреймдер. Алайда, мұндай модельдер нақты коммуникациялық тәжірибеде сөйлесушілердің мінез-құлқын талдау және болжау үшін қолданылғанда, бірнеше проблемалар туындайды. Нақты диалогтер «статикалық емес мағына құрудың динамикалық процесімен» сипатталады, сөйлесушілер мақсатты және қосымша мақсаттарды ілгерілетіп, интерпретациялап, келіседі [62, 100]; [63, 148]; [64, 79];

Ал XX ғасырдың екінші жартысынан бастап жедел дамыған лингвистикалық прагматика диалогтің коммуникативтік қырларын, коммуникативтік үдерістегі субъектілердің (тыңдаушы мен сөйлеуші) бір-біріне өзара әрекеттерін, әсерін жан-жақты қарастыруға күш салды.

Орыс тіл білімінде диалогтік тілді ең алғаш психолингвистикалық және әлеуметтік лингвистика аспектісінде қарастырған ғалым Л.П.Якубинский болды. Ғалым диалогтік тілдің құрылымдық жүйесін, тыңдаушы мен сөйлеушінің жалпы ортақ базасы болатын коммуникацияның вербалды құралдарының рөлін, т.б. мәселелерді қарастырады.

Ғалым Л.П.Якубинский диалогтің түзілісін қарастыруда, оның репликаларды түзудегі «толымсыздығын» және субъектілердің реплика алмасудағы өзара байланыстары мен бағыныштылығын ашып көрсетеді [65, 87].

Ғалым Л.П.Якубинский өзінің «Диалогтік сөйлеу туралы» еңбегінде диалогті үзіліссіз сөйлеу деп анықтап, сөйлеудің осы түрін өз бетінше зерттеу қажеттілігін көрсетті.

Орыс тіл білімі ғылымында диалог талданып, жете зерттеліп қана қоймай, көркем диалог үлгілерінің типологиясы да жасалған. Айталық, белгілі тілші ғалым Е.Галкин-Федорук еңбегінде диалогтің екі түрі аталады:

1) диалог - қайшылық;

2) диалог - жинақтау.

Сонымен қатар, диалогтік тілді ұзақ жылдар бойы зерттеген ғалым А. К. Соловьева еңбектерінде бірнеше мәселелер қамтылады. Ғалым диалогтің семантикалық алуан түрлілігін ашуда, оның белгілі бір ортақ тұжырымдарға негізделген лингвистикалық ерекшеліктерін анықтау мүмкіндігін жеке бөліп қарастырып, диалогтің құрылымдық-семантикалық табиғатына ерекше көңіл

аударады. Бұл тұрғыда диалог түрлерінің қысқаша және жинақталған ерекшеліктерін анықтау, сөйлеу ағынындағы диалог түрлерінің синтаксистік моделін қарастыру, диалогтегі лексикалық-синтаксистік параллелизмді дамыту, репликалардың құрылымына назар аудару және сөйлеудің интеллектуалдық негізін көрсету қажеттілігін атап өтеді. Сонымен бірге, диалогтік тілге кешенді талдау жасауда прагматикалық, лингвистикалық және басқа да мәселелерді қамту маңызды деп есептейді.

Ғалым В.Брыдина диалогке қатысушы мен жауап қайтарушының функционалды жағдайына, әлеуметтік жай-күйіне байланысты сөйлеу диалогінің қолданымдық негізін атап көрсетеді [66, 81].

Ю. Рождественский «Теория риторики» еңбегінде диалогті этос, пафос, логос тұрғысынан қарастырады. Онда этос дегеніміз – белгілі бір тілдің бір тақырып аясында сөз болуы. Пафос тілдегі сөйлеу ниеті уақытпен, тақырыппен ойластырылған. Логос – тілді қолдану барысында сол ортаға түсінікті тілдік бірлікті қолдану. Сөйлеу әрекетінің алмасуында диалогтің классификациясын көрсетеді. Онда тілдік қатынасқа түскен адамдардың үш түрін көрсетеді: *белсенді, енжар, белсенді-енжар.* Сонымен қатар, әлеуметтік кеңістіктегі сөйлеу әрекетін де қарастырады.

Құрмалас сөйлемдердің синтаксисіндегі диалогтік бірліктерді зерттеген С.Е.Крючков пен Л.Ю. Максимов оның мынадай ерекшеліктерін көрсетеді: «Екі немесе одан да көп репликалық сөйлемдерден тұратын, құрылымы және мағынасы жағынан өзара тығыз байланысты, сондықтан да бірінші репликаның мағынасы мен формасы келесі репликаның мазмұнын айқындап береді. Яғни, берілген диалогтің толық мазмұны репликаларды өзара бірлікте қарастырғанда ғана ашылады» [67, 159]. Осылайша, диалогтік бірлік – бұл екі немесе одан да көп сөйлеуші қатысатын құрылымдық-мағыналық тұтастыққа ие мәтін.

Қазақ тіл ғылымында диалогтің табиғаты мен ерекшеліктеріне байланысты тілтанымдық зерттеулер А.Байтұрсынұлы мен Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады.

Тіл білімінде диалогтің грамматикалық табиғаты туралы сөз еткен С.Аманжолов болды. Ол «екі я онан да көп адамның сөйлескен сөзін диалог дейміз» деп, диалог пен репликаның айырмашылығын көрсетті. «Сөзге қатысқан жеке адамның сөзі, сұрауы реплика деп аталады. Репликалар да төл сөздің бір түрі. Бірнеше адамның сөйлескен сөзін жазғанда, әрқайсының сөзі жаңа жолдан басталады; әрбір сөйлеушінің сөзінің алдынан сызықша қойылады» деп, төл сөздердің автор сөзімен, бөгде сөздермен арақатынасын және оларға тән тыныс белгілер, төл сөзді төлеу сөзге айналдыру жолдары туралы жан-жақты зерттеді. Диалог С.Аманжолов зерттеулерінде синтаксистік тұрғыдан сипатталып, талданды [68, 98].

Тіл ғылымында ғылымында диалог арқылы берілетін кейіпкер бейнесі соңғы уақыттарда автор бейнесі мәселесімен, көркем шығарма тілі, дара стильмен тығыз

байланыста қарастырыла бастады. Оның алғышарты қазақ стилистикасының өзекті мәселелерімен айналысқан ғалымдар М.Балақаев [69], І.Кеңесбаев [70], Қ.Өмірәлиев [71], Р.Сыздық [72], Е.Жанпейісов [73], Х.Кәрімов [74], М.Серғалиев [75], Б.Шалабай [76] т.б. еңбектерінде «кейіпкер тілі» – диалогтің шығарма өзегіндегі қызметі мен бірқатар ерекшеліктері жөнінде маңызды тұжырымдар түйінделген.

Көркем әдебиет стилистикасы мен көркем шығарманың тілі туралы алғашқы ғылыми-теориялық тұжырым айтқан ғалымдардың бірі – М.Балақаев болды. Ғалым «жеке жазушының тіл өрнегінің толып жатқан бояу-бедері, өзіндік өсу, жетілу жолдары болады. Көркем әдебиет тілінің нәзіктігі көп жағдайда жазушының белгілі бір сөздерді «мағыналық топқа иіру, яғни сөздерді өзара мағыналық байланысқа түсіру шеберлігімен байланысты», - деген ой айтады [69, 87].

Диалогтің қазіргі көркемдік деңгейіне жетуі ұзақ тарихи дамудың нәтижесі болып табылады. Шығарманың құрылымдық элементтері сияқты, диалог та қалыптасу және даму кезеңдерінен өтті. Ғалым Е.Жанпейісовтің зерттеулерінде бұл құбылыс көркем проза тілінің жалпы дамуымен тығыз байланыста қарастырылады. Оның айтуынша, «1920-30 жылдардағы алғашқы прозалық шығармаларда кейіпкер тілінің жасандылығы жиі байқалады, бұл сол кезеңнің әдебиетінде авторлар әлі де шынайы, өмірге жақын кейіпкерлерді бейнелеуде қиындықтарға тап болғанын көрсетеді. Диалогтердің сол кездерде жасанды болып көрінуі авторлар мен оқырмандардың әдеби тәжірибесінің аздығымен және диалог құру шеберлігінің әлі жетілмегендігімен түсіндіріледі. Кейіпкерлердің диалогтері көбінесе формальды сипатта болып, шынайы өмірдегі сөйлеу ерекшеліктерін толық бейнелей алмады» [73, 174]. Сол кездегі диалогтерде бірнеше адамның қатысуы жиі орын алған, бірақ олардың өзара қарым-қатынастары мен тілдік ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде дамымаған. Уақыт өте келе, диалог шынайы әрі әсерлі сипатқа ие болып, кейіпкерлердің ішкі әлемін, эмоцияларын жеткізетін маңызды құралға айналды.

М.Серғалиев зерттеулерінде диалогтің кейіпкер бейнесін, оның мінздемесін жасаушы қызметі қазақ жазушыларының шығармалары негізінде талданып, ашылады. Қаһарманның дүниетанымы, басқа кейіпкерлермен қарым-қатынасы, сырт тұлғасы, ортасы, табиғат көріністері сынды көптеген шығарманың көркемдік қуатын арттыратын клмпонеңттерді ата келе, ғалым: «Қандай туындының да негізгі тірегі, басты арқауы адам екені ежелден мәлім. Сондықтан адамның ой-түйсігі, мінез-қылығы, сөзі және олардың арасындағы үйлесімділік, сәйкестік әлгі аталған компоненттердің ішіндегі жетекшісі болса керек», – деп, диалогтің қызметін айрықша белгілейді [75, 195]. Адам кез-келген шығарманың тірегі, негізгі тірегі екені бұрыннан белгілі. Демек, олардың арасындағы ойлар, мінез-құлық, сөйлеу және үйлесімділік, сәйкестік осы компоненттердің арасында көшбасшы болуы мүмкін.

Диалогтің негізінде репликалардың (сөйлемдердің) алмасуы жатыр. Бұл өзара репликалар арқылы пікір алмасу, сұрақ-жауап ретінде жүзеге асады, осылайша

қатысушылардың қарым-қатынасы мен түсінісу процесі көрініс табады. Диалогтің басты ерекшелігі – оның динамикалық құрылымында. Әрбір реплика тыңдаушының жауап беруін қажет етеді, және осы жауап арқылы қарым-қатынас жалғасады. Егер екі субъектінің бірі жауап қайтарудан немесе репликадан бас тартса, онда диалогтің құрылымы бұзылады, және ол монологке айналып кетуі мүмкін. Монологте бір ғана адам сөйлеу процесін жүргізеді, ал екінші жақ тыңдаушы ғана болады, яғни қарым-қатынас біржақты сипатқа ие болады.

Егер екі тарап та сұрақ-жауап алмасуынан немесе реплика алмасудан бас тартса, онда қарым-қатынас толығымен тоқтайды. Бұл жағдайда диалогтің негізгі мақсаты – қарым-қатынас жасау мен түсінісу процесі – жүзеге аспайды. Диалогте сұрақ-жауап арқылы туындайтын өзара әрекеттестік пен түсінісу процесі қатысымдық бірліктің мәнін ашады және ол диалогтің табиғи қозғалысын қамтамасыз етеді.

Сондықтан диалог тек тілдік бірліктердің алмасуынан ғана тұрмайды, сонымен бірге қарым-қатынасқа түсуге, түсінісуге және өзара әсер етуге бағытталған процестердің күрделі бірлігі болып табылады.

Диалог мазмұны жағынан қатысушылардың алға қойған мақсат-міндеттеріне қарай тілдік ұйымдасуы «репликаның құрылым мен сипаты, берілуі), тілдік дамуы (лексикасы, сөйлеу мәнері т.б.) әртүрлі болып келеді.

Диалогтің мазмұны қатысушылардың мақсаттары мен міндеттеріне байланысты түрлі тілдік ерекшеліктерге ие болады. Бұл диалогтің реплика құрылымынан бастап, оның берілу тәсілі, лексикалық және синтаксистік ұйымдасуы, сөйлеу мәнері секілді түрлі аспектілерде көрініс табады.

Репликаның құрылымы мен сипаты: Диалогтің репликалары әдетте сұрақ, жауап, келісім, қарсылық, ұсыныс сияқты түрлі функцияларға байланысты құрылады. Әрбір реплика белгілі бір мағынаны жеткізу мақсатымен құрылып, сұрақ қою, ақпарат беру, ой білдіру сияқты әрекеттерге қызмет етеді. Қарым-қатынасқа түскен адамдардың рөлдері, сөйлеу мақсаттары мен олардың диалогке қатысудағы міндеттері репликаның формасын және стилін анықтайды.

Тілдік дамуы (лексикасы, сөйлеу мәнері): Диалогтің лексикасы да қатысушылардың мақсаттарына, әлеуметтік жағдайына және сөйлесу жағдайына байланысты өзгереді. Ресми диалогте әдеби тіл нормалары басым болып, нақты және анық сөздер қолданылады. Ал бейресми ортада, күнделікті әңгімеде, қарапайым, ауызекі сөздер, жаргондар немесе диалектизмдер кездесуі мүмкін. Сөйлеу мәнері де осыған қарай қалыптасады: бір жағдайда баяу әрі салмақты сөйлеу болса, екінші жағдайда жылдам, еркін сөйлеу мәнері орын алуы мүмкін.

Диалогтің дамуы: Диалогте репликалардың реті мен біртіндеп өрбуі – әңгіменің жалпы бағытын және оның қалай дамитынын айқындайды. Бір реплика екінші репликаға түрткі болып, қатысушылардың ойын, пікірін аша түседі. Сонымен қатар, диалогтің дамуы оның лексикалық байлығына да тәуелді: сөздердің

қайталанбауы, жаңа ақпараттың қосылуы және мағыналық кеңеюі диалогтің маңызын арттырады.

Мәнмәтін пен жағдаяттың әсері: Диалогтің құрылымы мен сипаты мәнмәтінге (жағдаятқа, орынға, уақытқа) байланысты өзгереді. Әртүрлі жағдаяттағы диалогтер түрлі мақсаттарды көздеп, тілдік құралдармен ұйымдасады.

Осылайша, диалогтің тілдік ұйымдасуы мен дамуы қатысушылардың өзара қатынасындағы мақсат-міндеттеріне, сөйлеу ортасы мен контекстке байланысты әртүрлі болып келеді.

Ғалым С.Аманжоловтың диалогтің негізгі қасиеттерін талдауына сүйенсек, диалог тілдік қатынастың маңызды түрі ретінде екі деңгейде көрініс табады: оқиғалы (ақпараттық) және іскерлік (конвенционалды).

Оқиғалы (ақпараттық) деңгейдегі диалог – қатысымның кез келген саласында қолданыла береді. Бұл тұрмыстық жағдайлардан бастап ресми, кәсіби ортаға дейінгі көптеген қарым-қатынастарды қамтиды. Іскерлік (конвенционалды) деңгейдегі диалог – мұнда қатысушылардың әлеуметтік рөлдері маңызды саналады. Осылайша, диалогтің сипаты оның мазмұнына, мақсат-міндеттеріне, сөйлеушілердің әлеуметтік рөлдеріне қарай анықталады. Диалогтің бұл түрлері тілдік қатынастың жан-жақты және әртүрлі бағыттарда дамуын қамтамасыз етеді [68, 144].

Диалогтің қатысымдық тіл біліміндегі қасиеттері мен түрлері оның көпқырлылығы мен күрделілігін дәлелдейді және оның әрдайым нақты жағдай мен мәнмәтінге байланысты өзгеретінін көрсетеді. Әдеби шығармалардағы диалогті талдау кезінде, оны көркемдік мәнмәтінмен бірлікте қарастыру қажет, өйткені диалог арқылы сөйлеушілердің өз-өзін танытуы және автордың көркемдік шеберлігіне назар аудару маңызды.

Көркем шығармадағы диалогтің ерекше рөлі – оның кейіпкерлерді жан-жақты көрсетуге мүмкіндік беруінде. Диалог кейіпкерлердің мінез-құлқын, дүниетанымын, ішкі сезімдерін аша отырып, оқырманға олардың ойларын, өзара қарым-қатынасын тереңірек түсінуге жағдай жасайды. Бұл автордың көркемдік шеберлігін айқындайтын негізгі құралдардың бірі болып табылады, себебі диалогтегі сөздердің таңдалуы, олардың құрылымы мен берілу тәсілі кейіпкерлердің болмысын және оқиғалар динамикасын айқындауға көмектеседі.

Диалогтің қатысымдық сапасы оған қатысушылардың – қолданушының да, сөйлеушінің де – өзін-өзі танытуына үлкен мүмкіндік береді. Сөйлеушілер диалог арқылы өз ойларын жеткізіп қана қоймай, өздерінің ішкі әлемін, көзқарасын, қоғамдағы рөлін де көрсетеді. Бұл тұрғыда диалог – өзіндік ой-пікірін білдірудің, қарым-қатынас орнатудың және жеке тұлға ретінде ашылудың бірегей құралы.

Осылайша, көркем диалогтің қатысымдық қасиеті оның мәнін тереңірек түсінуге, қатысушылардың мақсатын, ішкі жан дүниесін ашуға және автордың идеясын жеткізуге мүмкіндік береді.

Ғалым Ф.Оразбаева диалогтің қатысымдық (коммуникативтік) тұрғыдан ерекше құбылыс екенін терең түсіндіреді. Диалогке қатысушылардың әрқайсысы бір мезгілде бірнеше іс-әрекетке ұмтылады: сөйлеу, тыңдау, түсіну және жауап қайтару. Бұл процестер бір-бірімен тығыз байланысты және диалогтің мәнін толық ашуға мүмкіндік береді.

Ғалымның пікірінше, сөйлесім әрекеті, яғни сөйлеу мен тыңдау процестері қатар жүретіндіктен, коммуникация барысында айтылған сөздің тыңдалым жағы да өте маңызды рөл атқарады. Ауызша айтылған ой екінші адамның есту қабілетін оятып, оған әсер етпейінше, шынайы ұғынысу болмайды. Сондықтан диалог барысында тек сөйлеушінің ғана емес, тыңдаушының да рөлі ерекше. Олар екеуі де өзара әрекеттесу процесінде бірін-бірі толықтырып, қатысымдық мақсатты жүзеге асырады.

Жанды тілдегі диалог осындай қасиет-сапаларға ие болып келеді және көркем шығармада ол автордың көркем эстетикалық идеясымен композициялық тұтастықта ұйымдасып, сюжеттік-құрылымдық қызмет атқарады. Жанды ауызекі тілдегі диалогке қарағанда көркем шығармадағы диалог осындай ерекшеліктеріне қарай күрделене түседі. Тілдік қатысым негіздерінде диалогтік қарым-қатынас жасаудың мынадай шарттары көрсетіледі:

- Білім деңгейінің сәйкес, шамалас болуы;
- Қарым-қатынас жасауға деген қажеттілік;
- Детерминизм, яғни себеп-салдарлық байланыстардың сақталуы;
- Қарым-қатынас жасаушы адамдардың ортақ естеліктерінің «ес, жады) болуы;
- Ортақ тілдік білімдерінің болуы, тілдік түсінісу;
- Семантикалық байланыс, яғни ортақ тақырып болу керек [15, 131].

Ауызекі тілдегі диалогке тән бұл шарттар көркем шығармада эстетикалық мақсат-мұраттарға сай ұйымдасып, авторлық идеяға бағынады.

Диалог табиғатына арналған тілтанымдық зерттеулер қатарына ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалогтің лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтарын айқындаған А.Айтбенбетова еңбегін атауға болады. Ғалым аталған еңбегінде ауызекі сөйлеу және көркем шығарма мәтініндегі диалогтің лексикалық, синтаксистік, стилистикалық ұқсастықтары мен айырмашылықтары айқындап, олар қазақ және орыс тілі материалдарымен салғастыра қарастырып, пайда болу табиғатының, қызметінің негізгі көрсеткіштері бірдей екендігін анықтайды. Сонымен қатар ғалым ауызекі және көркем диалогтің бір қатар ұқсастықтарын былайша саралайды:

-ауызекі және көркем диалогтерде стильаралық және стилдік белгісі бар лексикалық элементтердің ара салмағына әсер ететін жалпы фактор тән;

- ауызекі және көркем диалогтерде синтаксистік конструкциялардың бір ғана типтері пайдаланылады.

Ауызекі және көркем диалогтердің өзара ұқсастығына қарамастан, олардың стильдік бояулары бірдей емес:

а) ауызекі диалогте стильдік бояуға ие құралдау шектеулі;

ә) стильдік бояуы бар синтаксистік конструкциялардың ауызекі және көркем диалогтерде әр түрлі мөлшерде көрінуі;

б) синтаксистік конструкциялардың стильдік типінің және оның лексикалық толығуындағы стильдік сипаттаманың ауызекі және көркем диалогтердегі ара салмағының түрліше болуы болуы;

в) стильдік бояуы бар бірліктердің пайдаланылу қызметінің түрліше болуына байланысты ауызекі диалогте стильдік бояуы бар бірліктердің аяқасты туып, көркем диалогте автордың оларды саналы пайдалануымен ерекшеленеді [78, 62]

Орыс және қазақ тілі материалдары негізінде психолингвистикалық, этнолингвистикалық, әлеуметтік-лингистикалық факторлар арқылы салғастыра зерттеген ғалым Г.Иманғалиева «Типология диалога» (на материале казахского и русского языков) (1999) еңбегінде қазақ және орыс тілдеріндегі зерттеулерге сүйене отырып, диалогтің түрлерін анықтайды. Ғалым диалогті хабарламалық, прагматикалық, модальдік деп үш түрге бөліп қарастырып, оларды іштей әгімелесу, хабарласу, пікіралмасу, сұхбаттасу, түсінісу, мақұлдау, талқылау, өтіну, қорытындылау, т.б. түрлерге жіктейді.

Зерттеуші Г.Иманғалиева қазақ және орыс тілдеріндегі диалогтерді зерттеуде мынадай 4 көрсеткішті басшылыққа алады.

1. Диалогтің өту ахуалы:
- уақыт (шекті, шексіз);
- сипаты (ресми, бейтарап, кітаби);
- пікірлесу жағдайы (кедергінің болу-болмауы);

2. Сөйлеушіге тән белгілер:
- әңгіме тақырыбын білуі;
- диалог тақырыбын білуі;
- диалог тақырыбының қажеттілігі;
- диалог тақырыбын бағалауы.

3. Тыңдаушыға тән белгілер:
- әңгіме тақырыбынан хабардарлығы;
- диалог тақырыбын бағалауы;
- әңгіме тақырыбының қажеттілігі.

4. Сөйлеушілер арасындағы қарым-қатынас:
- таныс, таныс емес;
- әлеуметтік мәртебесі;
- өз тыңдаушысына қатынасы [79, 97].

Драмалық шығармалардың тіліндегі диалогтік сөйлеудің, диалогтік тілдің, диалогтік тұтастықтың ерекшеліктерін танығаң ғалым А.Тымболова еңбегінің маңызы жоғары. Ғалым драмалық шығармаларды *автор - актер – көрермен*

бірлігінде талдай отырып, аталған шығарма тіліндегі диалог пен монологтің, полилогтардың құрылымдық-семантикалық жүйесін қарастырады. Сонымен қатар драмалық шығармалар тіліндегі ремаркалар мен репликалардың қызметін анықтайды [80, 142].

Қазақ тіліндегі қосүнді сөзді Ж.Аймауытұлы шығармалары негізінде зерделеген ғалым Г.Шоқым оның дербес стильдік тәсіл екенін айтады. «Қосүнді сөз әдеби шығармадағы автор сөзі және кейіпкер сөзімен бір қатардағы баяндау тәсілі. Қосүнді сөздің алғашқы үлгілері қазақ әдебиетінде 20-шы жылдары пайда пайда болған. Қосүнді сөз шығарманың сюжеттік-композициялық құрылымына, стильдік, көркемдік ерекшеліктеріне қатысты сөз кестесі. Сондықтан, жазушы тілін зерттегенде қосүнді сөздің қолданылу қызметін айқындап талдау маңызы зор» [81, 82].

Диалогтік тіл – репликалардан тұратын, ұдайы қабылдаулар арқылы әсер ететін тілдік қызметте белсенді рөл атқаратын сөйлеудің түрі. Репликаларға қатысты Д.Б. Абыдкаримова және Ж.Қаңлыбаева еңбектері диалогтегі репликалардың мазмұндық және құрылымдық ерекшеліктерін айқындайды.

Кемеңгер жазушы М.Әуезовтің 20-30 жылдардағы әңгімелерінің тілін талдаған зерттеуші М.Жұманазарова жазушы әңгімелеріндегі авторлық баяндау мен кейіпкер тілі құрылымын, шығармадағы диалогтің жасалу жолдарын айқындап, жазушының қазақ прозасына әкелген жаңалығын, өзгеше үлгі дәстүрін, стильдік тұрғыда талдап, зерделеді [82].

Жазушы Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кейіпкер мінезін беруші тілдік тәсілдерді зерттеген Г.Сәрсеке еңбегінде шығармадағы кейіпкер мінезін даралаушы тәсілдер ретінде диалог пен портрет таңдап алынып, олардың қызметі мен құрамы сараланады.

Диалогтің тіл үйретудегі маңызы мен рөлін айқындаған зерттеуші А.Саденова инофондардың қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы тұрғысынан диалогтік дискурсты зерттейді [83].

Ойтүйін: Көркем мәтіндегі диалогті зерттеу арқылы диалогтің құрылымдық-семантикалық, функционалды-коммуникативтік сипаттарын анықтауға жол ашылады.

1.3 Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық сипаты

Жалпы көркем шығарманың құрылымында мәтіннің екі типін бөліп көрсетуге болады: әңгімелесу және диалог. Олар құрылымдық қатынас жағынан алып қарағанда әртекті көркем сөзді жүзеге асыру формаларын қамтиды: автордың сөйлеу аясы және кейіпкердің сөйлеу аясы. Көркем прозада коммуникативтік құрастырылымға қарай мәтіндердің типі белгілі композициялық сөз құрылымдарына тармақталады. Оларға О.Ревзина мыналарды жатқызады: автордың монолог сөзі, тура сөйлем (көркем диалог), ішкі монолог, бөгде-тура сөйлем [84, 42]. Автордың монолог сөзінің лингвистикалық ерекшелігі ретінде сөйлеуші «мен» формасында немесе үшінші жақта жекеше формада, ол (автор) екінші түрінде берілуін атауға болады. Автордың монолог сөзі түсіндірме, қағаз, әңгімелеу және талқылау түрінде функционалды рәсімделген жағдайларда қызмет атқара алады.

Б.Шалабай шығарманың өзіндік бітім-болмысы, бір жағынан тілдік тұлғалардың шындыққа қатынасымен айқындалса, екінші жағынан, шығарма мәтінін құрудың, ұйымдастырудың ерекшеліктерімен айқындалады», – деп көрсетеді [85, 96].

Тілші ғалымдар М.Томанов, С.Исаев, Ә.Ибатов «Фольклор тілдің көркемдеуші жүйесінің қалыптасқан көрігі болды» десе [86, 185], Е.Жұбанов «Фольклорды жалпы халықтық тілді эстетикалық образ түрінде трансформациялаудың айрықша бір жолы» екендігін атап өтеді [87, 101].

Академик Р.Сыздықова ауыз әдебиеті тілі мен ауызша поэзия тілі арасындағы ұқсастықтар мен ерекшеліктерді, әрқайсысына тән белгілерді көрсете отырып, алғашқысының көркем әдебиеттің тілін қалыптастырудағы рқлін, арадағы жалғастықты нақты мысалдармен дәлелдейді: «XV-XVIII ғасырлардағы, тіпті кейбірі одан да арғы дәуірлердегі жеке образдардың (поэтикалық жүк арқалаған сөздер мен тіркестердің) өміршеңдігінен, тұрақтылығынан, олар бір дәуір аясында қалмай, кейінге ұласа берген» [88, 80].

Академик Ә.Қайдардың «Шығарма тілі – көркем әдебиет өзегі» деген мақаласында әдеби көркем тілдің сыры мен қыры, бояу нақышы, өзіндік өрнегі, жалпы да нақты заңдылықтары сөз қолданысының сан алуан тәсілдері мен түрлері, тіл байлығының компоненттері, сөзді жүйесімен қолдану мен әсерлі әсем қолданудың тиісті шарттары, тіл байлығын жете меңгеру – халық өмірін жетік білу қажеттілігі жан-жақты да терең сипатталған [89, 42-56].

Бір жазушыда тілдің синтаксистік, құрылымдық құралдарының көркемдік қызметі айтарлықтай мәнге ие де, енді бірінді метафоралық көркемдеу құралы шынында да, ол жазушының өзіндік стильдік ерекшелігін байқатады. Тілдің лексика-семантикалық және грамматикалық бейнелеу құралдары шығарманың көркем құрылысын жасауға бірдей дәрежеде қатыспайды. Белгілі бір шығарма құрылысында бір тілдік категорияның конструтивтік рөлі өте жоғары жоғары болады да, басқа тілдік мәнбілер де төмен болуы мүмкін. Тілдің қандай

құбылыстары болмасын, көркем шығармада ондай қызметтен тыс, бейтарап тілдік мәнбілер де болады дегеніне келісуге болмайды. Әртүрлі жазушылардың сөз қолданыстарының түрліше болатындықтарын көрсетеді. Тіпті, бір жазушының өзі творчестволық өсу дәуірінің кезеңіне сай өзгеше тілдік құралдарды пайдаланып отыруы мүмкін. Бұл құбылыс сол жазушының стильдік эволюциясымен тығыз байланысты [90, 24].

Көркем әдебиеттегі диалог мәселесі өте кең арналы, алуан құбылысты, орасан ауқымды мәселелердің бірі. Қандай көркем шығарманы алмайық, сюжет сыры, оқиға өрбуі, сондағы кейіпкерлердің қарым-қатынасына, сөйлеу-сөйлесуіне негізделген. Шығармаға әр қилы адамдар негіз болады, олар үнемі бір-бірімен байланыста көрінеді. Суреткер әр кейіпкерін өзіне лайық мәнерімен, тіл ерекшелігін, кәсібін ескере отырып сөйлетеді. Сонымен қатар сөйлеу жағдайлары, мағына-мазмұны, сөйлем құрылысы – әрқайсысы өзара дараланып тұрады.

Көркем диалогтік сөздің барлық қасиеттері, жалпылай айтқанда диалогтің ерекшеліктеріне шоғырланады, сөйте тұра, осы сипаттың көріну деңгейіне көркем шығарманың өзіндік тілдік қорының құрылымы айтарлықтай әсер етеді. Ең алдымен көркем шығармада қолданылатын сөздердің барлық тілдік құралдарының эстетикалық міндетті көздейдіні байқалады.

Көркем шығарма мәтініндегі үйлесімді диалогтер – нақты диалогтік нысандардың кең таралған түрі. Бұларға фатикалық қызметпен бірге, поэтикалық қызмет те тән. Көркем диалогтерде күнделікті өмірдегі диалогке қарағанда тілдің ақпараттық қызметі анық көрініс табатын күрделілігімен айқындалады. Себебі мұнда біріншіден, диалогті автор аяқастынан құрамайды, ол шығармашылықтың жемісінен туады; екіншіден кез келген көркем шығармадағы кейіпкерлер арасында болатын тілдік акт диалог құрылымын дамытуға және сол шығармадағы басқа диалогтермен іліктесуге міндетті болады. Сонымен бірге кейіпкерлердің сөзінде эпикалық, сипаттаушылық, характерологиялық және басқа да қасиеттердің көрініс табуына жол ашады.

Көркем шығармалардағы кейіпкерлердің мінез-құлқын ашуда, болмысын анықтап, таным-түсінігін аңғаруда бедерлі, бейнелі сөздің керегі бар. Кейіпкер мінезіне қатысты диалогтерге зер салғанда оның құрылымы мен құрамын ажырамас бірлікте қарастырған жөн.

Көркем туындыда автор баяндауы жетекші орын алады. Бірақ белгілі бір тұстарда жазушы кейіпкерлерінің сөзіне, ойлауына, яғни субъективті көзқарастарын байқатуына жол береді. Авторлық баяндаудан диалогке, диалогтен авторлық баяндауға көшу бірден болатын құбылыс емес. Диалог авторлық баяндаумен тығыз байланысты болады. Бұл байланыс тек мағыналық жағынан ғана емес, сонымен бірге құрылымы жағынан да келеді. Құрылым жағынан авторлық баяндау мен диалог арасындағы жақындық «түсініктемеден», кейіпкердің сөзінен, «сілтеме сөз» (реплика) түрлерінен, қайталаулардан, ремарка мен репликаның ішкі құрылымдық ерекшеліктерінен көрінеді. Мұндай тығыз байланыстылық диалог

құрылымын кеңінен алғанда анық байқалады. Диалогтің да контекске ену және ажырау шегі бар.

Көркем шығармаларда диалог көп ретте бірден кейіпкерлердің «сілтеме сөздерінен» (репликаларынан) басталмайды. Ең алдымен автор диалогке жағдай жасайды. Әңгімеге қатысушы кейіпкерлердің аты-жөні, көңіл-күйі, сөйлесу орны, мезгілі, диалогке өзек болып отырған тақырып жайында мағлұмат береді. Бұл авторлық баяндаудан диалогке өтудің баспалдағы.

Диалогтік кіріспе – диалогтің алғышарты, диалогтің басталуына дайындық іспетті бөлік. Мысалы: *Бапайдын кемпірі қанша сыбырлай айтса да, соңғы сөздері бізге анық естілді. Қып-қызыл боп кеткен Аян тістене шытынып, басын бұрып әкетті. Іргеге қарап жатты.*

– Үйбай, белім-ай, көп отырып қаппын ғой, үйге кетейін, – деп менің апам орнынан тұрды.

– Аян тәуір болғанша күнделікті бір күрешке сүтті бізден алып тұрыңдар [1, 135]

Баян өзіне әлдекімнің сұқтана қарап отырғанын сезсе де, ол жаққа мойын бұрмай отыр еді, өзіне қадалған жанардың нысанасынан құтыла алмасын таныған да барып, басын сәл солға бұрып, шеттегі столға қарады да, лезде қайтадан бұрылып кетті. Жеті еркек пен бір әйел жайғасқан столда дөңкиген қара жігіт бұған тесіле қарап қалыпты. Беті күйген болса керек, маңдайдан мойынға дейін қызыл ала тыртығы мол екен.

– Байқа, ана столда отырғандарға ұнадым білем, – деп сыбырлады Баян.

– Қай стол а? – Қайрат та шеткі сол қатардағы столға бар денесімен қозғалып қарады [2, 135].

Диалогтік кіріспе көлемі әртүрлі болып келеді. Кейде ол мән-жайды қысқаша баяндап, бірді-екілі сөйлемнен тұрса, кейде көп сөйлемдерден құралып кеңінен сипаттама береді. Қалай болғанда да, *диалогтік кіріспенің* көлемі шектеулі болады. Ол сонысымен авторлық баяндаудан ажыратылып тұрады.

Көркем шығарма авторы диалогтік кіріспе бөлікті кейіпкерлерді бейнелеуде мынадай мақсатта жұмсайды.

Біздің анықтауымызша ол мақсаттар төмендегідей:

1) кейіпкердің өзіне тән характерін сипаттау үшін:

...Қызықтаған балалардың ішінде атан өгіздей боп Қызылкөзде жүретін. Оны Ғраждански дің алдына алып келген де «шіркін, мен де осындай кәмәндір болсам» деген арман еді. Сол арманы аяқ астынан быт-шыт болды. Орыс қазақтың былапытын араластырып соққанда, біреуді кемітіп, біреуді кеміріп боқтағанда бұл өңірде Ғраждански ден озатын аузы пысық адам жоқ-ты.

– *Әй, нақұрыс, мен саған не деп тұрмын?!*

– *Енді деп тұрсыз ғой...*

– *Әй, ләухи, мен саған жоғал деп тұрмын!*

– *Енді... жоғалайын деп тұрмын ғой...*

– Әй, мыржық, сен жоғалудың не екенін білесің бе?!

– Енді...

Әй, дүңгене! Сыболыш! Боқ басында өлгің келмесе жоғал! Әңгүдік неме, мына сөзіңді менен басқа ешкім естімесін!.. қаш!.. Қаш дегенді білемісің, миғұла?! Едрене майт, гнида! Вшивая дохлятина!..[3, 52].

Қ. Ысқақтың шығармаларындағы диалогтердің мұндай құрылымы кейіпкерлердің бейнесін шынайы ашуға және оқырманға нанымды, айқын түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Автор кіріспе бөлікті пайдалана отырып, негізгі бөліктегі диалогке дайындық жасайды, яғни кейіпкердің айтатын сөзінің мән-мағынасын, оның мінез-құлқын, сөйлесу ерекшелігін көрсетуге алғышарт қалыптастырады. Бұл тәсіл арқылы диалог тек ақпарат алмасу құралы емес, сондай-ақ кейіпкердің болмысын толық ашатын, оқиғаны жандандыратын тетікке айналады.

Кіріспе бөлім кейіпкердің сөз саптауын, сөйлеу мәнерін айқындап, оны өмірге жақын бейнелейді. Онсыз негізгі диалогтің мәні жоғалып, тек біржақты кейіпкер сипаттамасы ғана қалуы мүмкін. Сондықтан автор кіріспе арқылы диалогке тереңдік қосып, кейіпкердің тілі арқылы оның болмысын ашады, сол арқылы оқырманға оның ішкі әлемін шынайы жеткізуге тырысады.

2) кейіпкерді кеңістікпен тұтастыққа алып суреттеу үшін:

Жатақхана барақ сияқты ұзыннан-ұзақ сопайған зал екен. Бөлменің қақ ортасында діңкиіп қарақожалақ пеш тұр. Көгендеген қозыдай қатар-қатар жыпырлаған кереует. Ашылып-шашылып жатқан төсек-орын. Бес-алты бала стол басында кітап оқып отыр екен, мен бөлмеге кірісімен кітаптан бастарын алысып, ит көрген мысықтай үдірейісе қалды. Аяқ киімін шешпестен теңкейіп төсек үстінде жатқан кекіл шашты, имиген қара басын көтеріп, менің бас-аяғымды шолып шықты. Сосын дүрдиген ернін жалап-жалап қойды.

– Немене, интернатқа түстің бе? – деді. Сөз ыңғайына қарағанда, осындағы дөкейдің бірі болса керек. Қондырмай қуып шыға ма деп қауіптендім де:

– Ие, деп бас изеген болдым.

– Қай класта оқисың?

– Сегізінші.

– Дөйт де…ген, бірге оқиды екенбіз гой. Кел, кел! Менің жанымда әзір ешкім жоқ. Мұнда орын жетпейді, екі балаға бір койка. Кел, кел! Дорбаңа да орын табылады, менің сандығым үлкен! – деп киіп-жарып барады. Өзі келіп арқамнан қақпайлап төсегіне отырғызды. Екі туып, бір қалғандай-ақ асты-үстіме түсті. – Немене, мұның іші толған бауырсақ шығар?

– Жоқ, әншейін киім-кешектер гой.

Сол-ақ екен, оның қабағы салбырап жөнелді [4, 100].

Диалогтің алдыңғы бөлігін алып тастаса, шығармада интернатқа келген Қасымның ең алғаш таныстығы, ондағы адамдармен алғаш тілдесуі мұндай ұтымды шықпас еді. Оқырман кейіпкерді тұтас, өзге кейіпкерлермен бірге, нақты мекен-

жайда, нақты сурет арқылы көре алады. Берілген диалогтердің барлығы кейіпкерлердің өткен өмірі туралы естеліктерді баяндауы барысында қолданылған, сол себепті баяндау жалпыдан жекеге, тұтастықтан жекелеп, бөлшектеп баяндау тәсілі арқылы жүзеге асырылған. Баяндаудың мұндай тәсілі келесі үзіндіде де қолданылған:

Жарықжұлдыз сөзшең екен… Өзен басына жеткенше талай әңгімені түгесіп тастады. Әуелі бастап имиген қарадан түсті.

– Сен оның айтқанына көне берме. Әрі-беріден соң төбеңе шығып алады да, анаы өйт, мынаны бүйт деп қу жаныңа қоныс таптырмайды. Біз оны бүкір деп атаймыз. Есімі Қыдырхан, бүкірі біздің қосқанымыз гой, – деп бір қойды. – Оның үстіне тәрбиеші, мұғалім, аспаз дегендерге жағынып, бірді-бірге шатыстырып қойып, майға батырған ыстық қасықша жылпылдап
сумаң етіп әр жерден сұңғіп шығып жүргені.

– Жаңағы әйел кім?

– Ойбай, ол нағыз дөкейдің өзі. Егер ол брысь десе, бүкіл интернат жым болады. Тәрбиеші бір ме, оқытушы екі деші, директордың әйелі үш болды ма, тағы несі бар еді, иә, айтпақшы интернаттың, барлық азық-түлік, киім-кешегінің билігі соның қолында, көңіліне жақпаса саған дұрыс киім де бергізбей қояды. Общем бір сөзбен айтқанда поддиректор [4, 102].

Берілген диалогтердің кіріспе бөлігіндегі сөйлемдердің барлығы кейіпкерлердің, автордың өмір туралы түйген тұжырымдары мен ой-толғамдарынан тұрады: …*Қызықтаған балалардың ішінде атан өгіздей боп*

Қызылкөз де жүретін… Жатақхана барақ сияқты ұзыннан-ұзақ сопайған зал екен… Жарықжұлдыз сөзшең екен… Сөйлемдердің барлығы да автордың не кейіпкердің өткен өмірінен алынған естелік оқиға туралы баяндалатындықтан өткен шақ тұлғасында тұр. Осы орайда диалогтің кіріспе бөлігіндегі баяндау – кең ауқымды жалпы ойдан нақты детальдарға көшу арқылы беріліп, дедуктивтік әдіске сүйенеді. Мұндай әдіс автордың әлемге деген көзқарасын, тұжырымын жеткізіп, оқырманды кейіпкердің тарихына және оның сол сәттегі сезімдеріне бағыттайды. Екінші жағынан, диалогтің кіріспе бөлігіндегі индуктивтік баяндау тәсілі – нақты детальдардан жалпы тұжырым жасауға бағытталған. Бұл тәсілде оқырманға берілген суреттемелер мен детальдардан белгілі бір идея немесе ой туындайды. Индуктивтік баяндауда автор кейіпкерлердің әрекеттерін, эмоцияларын егжей-тегжейлі суреттейді, ал қорытындыны оқырманның өзі жасайды.

«Қоңыр күз еді» шығармасындағы диалогтер осы екінші тәсілге жатады. Мұнда автор оқырманға кейіпкерлердің жағдайы мен психологиялық күйін суреттеп, сол сәттің мәнін сезіндіреді. Диалогтерде автор оқырманға кейіпкерлерді бағалауды, олардың мінез-құлқына баға беруді немесе оқиғалардың логикасына өзінше тұжырым жасауды жүктейді. Бұл тәсіл оқырманды белсенді ойлауға, шығарманы сезіммен қабылдауға және кейіпкерлермен бірге оқиғаның куәгері ретінде қатысуға мәжбүрлейді.

3) диалогтегі кейіпкер сөзінің нақты қандай ситуацияда айтылғанын көрсету үшін:

А) *Дуня котлеттен үзіп аузына салған жоқ. Аян қос стаканға қошқыл сары вермуттан толтыра құйып еді, одан да татпады.*

– Бұл дүние жүзіне тараған ең мықты шарап, – деді Аян. – Сенің бал сыраңнан он есе артық.

– Мейлі мың есе артық болсын [4, 215].

Ә) *…Сол тұңғиықтан әлдене бәлекеттер былдыр-сылдыр, былдыр-сылдыр бұрқылдасып өкшелеп қуғандай болды да алды-артына қарамай зыта жөнелді. Ес білгелі қатты сескенгені осы шығар, артында қалған бұта-қарағанның сыбдырынан да жонарқасы шымырлады. Келген бойда шеткі итарқаға арсы-күрсі қойып кеткен.*

– Өй, жын ұрды ма?! Ездің гой!…

Шошып оянған Мешел тұра алмай мөшек ішінде мөңкіп жатыр екен.

– Аю қуып келеді! - деді қысылғаннан.

– Әй, қойшы! - деп Мешел кейіп қалды. – Көзіңе қос көрінген де. Біз сияқты арамдарға аю тиісуші ме еді, – деді? [5, 264].

«Бұқтырма сарыны» және «Ақсу – жер жаннаты» романдарында диалогтік кіріспелердің оқиғаны дамытудағы маңызды рөл атқаратынын байқауға болады. Бұл шығармалардағы диалогтік кіріспе бөліктер алдыңғы және кейінгі оқиғаларды байланыстырып, композициялық тұтастықты сақтауға ықпал етеді. Диалогтік кіріспелер оқиғаның өрбуін қамтамасыз етіп қана қоймай, кейіпкерлер арасындағы байланыс пен шиеленісті күшейтеді. Алдыңғы оқиғаның салдарлары, сол сәттегі жағдайдың мәні, немесе болашақтағы оқиғаның белгілері диалогтік кіріспеде бейнеленеді. Бұл, өз кезегінде, композицияның біртұтастығын сақтап, оқырманды шығарманың арнасына бағыттап отырады.

4) диалогте сөйлеп тұрған кейіпкерлердің болмысын, ой-пікірін нақты жағдайға сай жан-жақты ашып көрсету үшін:

А) *Алтын бұдан арғысын қозғамай, сөзінің аяғын қалжыңға айналдырғысы келді.*

– Бәтір-ау, өзің тіпті өзгермепсің гой. Бет-аузыңда тым болмаса қыл-қыбыр атаулыдан да ырым жоқ, – деп күліп алды. Бірақ мен үндемей отырған соң оның да жүзінен күлкі тез қашты… [4, 98].

Ә) *Сарқыт меңірейіп отырып қалды. Ақ сұр шамның астында ақ жібек бөртпе шәліні иығына бос тастап, бір сәтке ақ жібек дүниенің дырдуынан бөлініп қалған сырықтай ақ кемпірден Шерубай қаршадай қызды іздеп еді. Таппады… Ғұмырының финишінде сол елес тастай қатқан ақ кемпір боп көз алдында отырады деп ойлап па?! Іздегені қыз еді, көретінім кемпір болады деп ойлап па?!. Көңілінің сырын, көмейінің жырын тауысып алған Шерубай да әп-сәтте көнеріп, өзінің жетпіс жасына қайтып оралды да қаусап шыға келді. Ақ кемпір күбірлеп отыр екен.*

– Құдай сақтапты. Шерубай екеніңді білгенде ғой…

– Еріп кететін бе едің?

– Өмір бақи іздегендей екенмін-ау!…

– Кім білсін, сен іздегенде мен тірі қалмайтын ба едім… [5, 512].

Алдыңғы «Қоңыр күз еді» хикаятынан үзіндіде кейіпкер Алтынның сөзін автор толықтырып, түсіндіріп тұрса, екінші мысалда диалогтік кіріспе кейіпкер Шерубайдың бір кездері армандаған қаршадай қыздың «ақ кемпір» болғандағы кейпін көріп таңданған, өкінген ішкі жан дүние бұлқынысын дәл жеткізуге қызмет етіп тұр. Кейде автор кейіпкерлер арасындағы диалогті сырттан бақылап, олардың әңгімесіне тікелей араласпау арқылы оқырманға шынайы және жан-жақты картина береді. Бұл лирикалық сәттерде кейіпкерлердің шынайы сезімдері мен ішкі дүниесі ашылып, автор оларды мүмкіндігінше толық, дәл көрсетуге ұмтылады. Автордың араласпай, тек бақылаушы рөлінде болуы – кейіпкерлердің өзіндік мінезін, мақсат-мұраттарын, ішкі жан күйзелістерін шынайы күйінде көрсетудің бір тәсілі.

Кейбір сәттерде кейіпкерлердің диалогтері ғана емес, оларды қоршаған ортаны, қимыл-әрекеттерін, бет қимылдарын, мимикасы мен сезімдерін егжей-тегжейлі суреттеу де маңызды. Автор олардың әрекеттерін диалог алдындағы кіріспеде бұтарлап, нақты детальдарға тоқталып сипаттаған кезде, кейде диалогтің өзін көлеңкеде қалдырып, оқырманға кейіпкерлердің жан дүниесін тереңірек ұғынуға мүмкіндік береді. Мұндай кіріспелер кейіпкерлердің әңгімесінің мазмұнынан да әсерлі болып шығып, оқырманды кейіпкерлердің ойы мен сезіміне жақындата түседі. Мысалы, бір кейіпкердің диалогке кірісер алдында қолын қалай ұстап тұрғанын, көзқарасын немесе жүзіндегі алаңдаушылықты сипаттау – оқырманды алдағы диалогтің мазмұнына дайындайды, кейіпкердің ішкі сезімін жеткізеді. Осылайша, диалогке дейінгі сипаттамалар мен детальдар жалпы шығарманың динамикасын күшейтіп, кейіпкерлердің психологиялық портретін ашуға көмектеседі.

Лесхоздың штампасынан басқа не пропискасы жоқ, не семьясы тіркелмеген су жаңа паспортты Бекет үн-түнсіз директорға ұсынып еді, ұсталмаған ақшадай иісі де су жаңа, иесінің тері сіңбеген қысыр қағазды директор да үн-түнсіз төс қалтасына салып алды.

– Құрыдым! – деді Мешел.

Бидоны мен Мешелдің ат дорбасын арқалап Жәмила келе жатыр екен.

– Хал нашар, жігіттер! - деп Асекеңнің қисық мұрны да теріс бұрыла берді [5, 433].

«Ақсу – жер жаннаты» романынан алынған үзіндіде кіріспедегі үнсіздік пен «қысыр қағаз» кейіпкерлердің басына түскен жайдың қаншалықты қиын, ауыр сәт екенін оларды айтқызбай-ақ танытып тұр. Осыған байланысты кейіпкерлер де қысқа ғана тілдескен.

Диалог құрылымында кейіпкерлердің ойлары мен сөздері оқиғаның дамуына ықпал етеді, сол арқылы оқырманға кейіпкерлердің ішкі дүниесі, қарым-

қатынасы және оқиға желісі толық ашылады. Автордың бұл баяндауы диалогтің маңызын, кейіпкерлердің эмоционалдық жағдайын және әңгіменің мәнін түсіндіру үшін қолданылады.

Авторлық кірікпе диалогтегі ойдың жалғасы іспеттес. Мұнда диалогтегі жағдай кеңінен ашылады. Диалогке қатысушы кейіпкерлердің сезімі, ой-түсінігі, қимыл-әрекеті жазылып, айшықты суреттеледі. *Авторлық кірікпе* ремаркадан нүкте арқылы ажыратылып, диалог құрылымында дербес орын алады. *Авторлық кірікпе* кейіпкерлер жай-күйін толықтыра баяндайды, диалогке негіз болған тақырыпты кеңінен дамытады, автор көзқарасын, бағалауын білдіреді және бір диалогтен екінші бір диалогке көшіру қызметін атқарады. Бұл аралықта автор диалогті одан әрі дамытып, қалыптасқан жағдайды тәптіштеп суреттеу мақсатында да пайдаланады. Мысалы: *Мен әжемді дүниедегі ең бақытты ананың бірі санайтынмын. Өз құрсағынан шыққан үш ұл, бір қыздан өніп-өскен өркеннің өзі бұл күнде кішігірім бір ауыл дерліктей боп қалды. Ең үлкені – менің әкем Көсембай колхоздың бас бухгалтері, ортаншысы Әсембай – колхоздың маңдайалды шопандарының бірі. Москва, Алматыдағы мәжіліс, көрмелерге жылына үш-төрт барып қайтады, кіші ұлы Еселбай жоғары оқу орнын, одан кейін аспирантураны бітірген, ал кенжесі Мәржапия – үш ағасының арқасында маңдайынан ешкім қақпай, бұла боп өскен, адуын, ерке қыз – жуырда ғана ауылдағы ең көрікті жігітке ұзатылды. Міне, әжемнің барар өрістері осындай. Ендігі бір аңсайтыны шөбере сүю, тек, әттең, немерелері кәмелетке жетпей жатыр. Немерелерінің ең үлкені – мен он жетіге биыл ғана толдым. Әрине, он сегізге тола қалған күнде де үйлене қояйын деп жүрген мен жоқ. Бірақ әжемнің жатса-тұрса армандайтыны – менің тезірек өсуім.*

– Жеңісбегімді аяқтандырып, осының бір шүйкебасын көрсем, – деп тілейді.

– Әже-ау, көресің ғой әлі бәрін. Тіпті мені қойып, биыл ғана мектепке барған Есеттің де шүйкебасын көрерсің әлі» – деймін.

Шынында да менің әжем әлі жас – алпыстың үшеуінде ғана, кәрілікке жеңдірмеген, жүріс-тұрысы жинақы, пысық. Алайда өлімге даярланғанына біраз жыл болды [1, 433].

Күн сәскеден ауып барады. Біз Гришка, Қанатай үшеуміз диірменнің желке тұсындағы қойтастың үстінде отырмыз. Қанатай – жұқалтаң, ақсұр өңді бала. Менен бірер жас кішілеу. Гришка – отыздан енді асқан, дорба ауыздау сары жігіт. Қазақша судай. Дәл аяғымыздың астында кішкене өзен ағып жатыр. Тастан тасқа секіріп, тулап ағады. Қанатай балағын түріп алған, жалаң аяқ. Ақ көбік боп көпіршіген суға аяғының ұшын тигізіп, қызық көріп отыр. Гришканың үсті-басы, бет-аузы түгел ұн. Терлеп отыр. Енді бірде ол жеңін сыбанып еңкейіп, қолымен судан іліп ап бетін жуды.

Гришканың білегі неше түрлі жазулар мен суреттерге толы екен. Қанатай қызығып кетті.

– Міне, керемет! Гриша ағай, мұның бәрін қашан жазғызып жүрсіз?

– Е, балалық кездегі ғой...

Қанатай Гришканың білегінен ұстап, таң-тамаша қалып, суреттерді қарай бастады [1, 305].

Келтірілген мысалдардағы авторлық кірікпе бірде жас баланың әжесі туралы ойын, екіншіде екі ойын баласының сыртқы келбеті суреттеліп, диалогтегі репликаларға мазмұндас, орайлас келіп, кейіпкер көңіл-күйін, әрі қарай орын алатын қарым-қатынасты түсінуге қажетті бөлік болып тұр.

Біз анықтаған диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе – тұтас бір синтаксистік құрылым. Олар мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланысты. Мұндай құрылымды күрделі синтаксистік тұтастық деп атауға болады. «Синтаксистік күрделі бірлік – құрылымына енген компоненттері мағыналық, құрылымдық жағынан бір бүтін болып тұйықталып тұратын тілдік бөлшек» [91, 145] десек, бұл аталған белгілер диалог құрылымынан да орын алады.

Мағыналық тұтастық *диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе* бойында сақталып отырады. Үш бөлікте де ортақ жай баяндалады: жоғарыда берілген соңғы мысалда екі баланың әрекеті диалог құрылымына ортақ желі болып тартылған. Яғни компоненттер семантикалық бірлікте болады, диалог компоненттері белгілі бір ой, мағына төңірегіне топтасады, саралап ашып, дамыта көрсетеді. Құрылымы жағынан бірнеше дербес сөйлемдерден тұру белгісі де сәйкес келеді.

Диалог құрылымына енген бөліктерде ортақ сөздердің қайталанып келу жиі ұшырасады. Диалогтік кіріспеде айтылған сөз кейінгі компоненттерде әр алуан формалық өзгерістерге ұшырап жұмсалады не қайталанып келеді. Диалогтік кіріспенің соңғы сөйлемі созылмалы, тынақсыз интонациямен аяқталады:

Қыз суық қарығаннан бетер қып-қызыл боп қызарып кетті. Бетін теріс бұрып:

– Өзің ұялмайсың ғой тақылдап. Адамның өзіне сен сондай екенсің деп айтуға бола ма екен, – деді ренішті үнмен күңкілдей сөйлеп. *Сатайдың өзі де қысылып қалды.*

Мұның өзі диалогтік кіріспеден соң ой жалғасатынын аңғартады. Тиянақсыз интонация арқылы диалогтік кіріспе диалогке, кейіпкерлердің сілтеме сөзіне (репликаларына) ұласады. Авторлық кірікпеде интонация біршама тиянақты болады. Мысалы:

– Доғаны алма. Өзіміздің бір доғам сонда, – деді әкесі.

Әрине, жылы төсекте жатып ап бұйыра бергенге оның несі кетіп барады дейсің. Онан да өзі тұрып, осындай салқын үйде етті темірше өварыған киімдерін киіп: «Бүгін демалысы ғой, балам ұйықтасыншы бір» – деп шанаға өзі барып қайтсашы. Өйту қайда. Тегінде үлкен кісілердің баланы өстіп қинап жұмсағанына жаны құштар-ау.Сол несі екен? Әсіресе осы Сатайдың әкесі. Мұның қиналғанын, қынжылғанын сезген сайын қыбы қанып жататын сияқты. Фу! [1, 51].

Диалогтік кіріспе мен авторлық кірікпе – шартты ұғымдар. Көркем шығарма мәтінінде бұл тұтастық үнемі сақтала бермейді. Кейде диалог құрылымында диалогтік кіріспе қатысып, авторлық кірікпе болмауы мүмкін. Немесе диалог кіріспесіз басталып, ара-тұра авторлық кірікпе орын алуы мүмкін. Мысалы:

– Ал, жүріңдер, мен кешегіден де қызық ертегі айтамын, – деп еліктіре жөнеледі. Кейде ертегі тыңдауға ол күндіз де шақыратын.

– Сырғанақ деген немене, тек киім тоздырып, шаршау, – деп менсінбегендей ернін шүйіріп қоятын. *Ондай кезде оған «Ағатай, мә, сырғанашы», – деп шанаңды кесе-көлденең тосып жалынсаң, пысқырып қарамайтындай көрінетін. Сонан кейін-ақ ойынның сәні кетуші еді.*

Енді бірде диалог диалогтік кіріспеден басталып, авторлық кірікпенің қатысынсыз құрылады: *Есік жұлқа ашылды да, Байзақов Тұрсын көрінді. Оның екі бетінің ұшы қызарыңқырап, алқынына дем алады. Жүгіріп келгенге ұқсайды.*

– Менің сізбен сөйлесуім керек, Бекен Ысқақович.

– Қазір уақытым жоқ.

– Өтінем сізден.

– Мен бәрін де естідім... – деді ентігін баса алмаған күйі [7, 150].

Диалог құрылымы диалогтік кіріспе мен авторлық кірікпенің қатысуынсыз да құрылады:

– Не ойын? Концерт пе?

– Иә. Колхозшыларға концерт қойып бердік.

– Пьеса да әзірледіңдер ме?

– Жоқ. Пьеса таба алмадық.

– Бәлі, сөз бе екен сол да, таба алмадық деген.

Көркем шығармадағы диалог құрылымында ремарканың қызметі ерекше. Ремарка айтылған пікірдің кімдікі екенін, қандай мақсатпен, қандай жағдайда, қалай айтылғанын білдіруі оның ең қарапайым және алғашқы қызметі боп саналады. Ремарка арқылы сөз иелерінің түрлі қимыл-қозғалыстары, түрі, бет-әлпеті, сол арқылы адамның ішкі көңіл дүниесі ашылады. Сонымен қатар ремарка автор пікірін, көзқарасын білдіреді. Диалог құрылымында ремарканың қайталану құбылысы жиі кездеседі:

— Сен мені танымай қалдың ба, неге үндемейсің Мақсұт?

Ол тіл қатпады. Босағада тұрды да қойды.

— Бір-бірімізді көрмегелі отыз жылға жуық болды, Мақсұт. Сен соғысқа кеткенде, мен жиырма сегізде едім ғой.

Ол үндемеді.

— Қартайдым, Мақсұт. Ал сен дәл осыдан отыз жыл бұрынғы қалпыңда қалыпсың.

Ол үндемеді.

— Танымадың ба, Мақсұт? Мен Хадишамын ғой! Сені әне келеді, міне келеді деп отыр едім. Жұрт көрсе, сені менің балам дер. Сен, сірә, сол сөзден қорқып тұрсың ғой.

Ол үндемеді.

— Босағада тұрғаның қалай, Мақсұт! Төрге шық, өз үйің ғой [6, 187].

Диалогтің кіріспе және кірікпе бөліктері оның негізгі мазмұнына қосымша қызмет атқарып, толықтырып, әр қырынан түсіндіріп отырады. Бұл бөліктердің негізгі мақсаты – диалогке дайындық жасау, сол диалогтің мағынасын, маңызын және эмоционалды реңкін күшейту. Олар оқырманды алдағы әңгімеге бағыттап, кейіпкерлердің жағдайын, олардың эмоционалды күйін алдын ала түсінуге мүмкіндік береді. Осылайша, кіріспе және кірікпе бөліктер диалогтің құрылымын айқындап, оның қалай дамитынын алдын ала белгілеп береді.

Ал диалогтің негізгі бөлігі – кейіпкерлердің сөздері, олардың сол сәттегі көңіл-күйін, таным-түсінігін, болмысын аша түсетін негізгі материал. Бұл бөлік кейіпкерлердің сөздері арқылы олардың шынайы сезімдерін, реакцияларын, ойларын жеткізіп, оқырманға кейіпкерлердің болмысы туралы толық картина ұсынады.

Диалогтің кіріспе және кірікпе бөліктері мен негізгі бөлігінің өзара байланысы диалогтің динамикасын құрап, оны толық әрі әсерлі етеді. Кіріспелер диалогке контекст береді, кірікпе бөліктер кейіпкерлердің сөздеріне қосымша түсінік немесе эмоция қосады, ал негізгі диалогтік бөлік сол сәттегі әңгімелесудің өзегін, оның маңыздылығын және кейіпкерлердің жеке бейнесін ашады. Авторда диалогтің негізгі бөлігі екі түрлі жолмен қолданылады:

1) Диалогте авторлық кіріспе қолданылмай, тек диалогтің өзін ғана беру әдісі. Мұндай тәсілде диалогтің сахналық, драмалық сипаты айқын көрінеді. Бұл жағдайда кейіпкерлердің мінезі, көңіл-күйі және психологиялық күйі олардың сөздері арқылы ғана ашылып, оқырманға ұсынылады.

Осындай тәсілде автордың араласуы болмайды, сондықтан кейіпкерлердің кім екені, қандай мақсатты көздейтіні, қандай көңіл-күйде екені тек олардың өзара қарым-қатынасы, сөз саптауы, сөйлеу мәнері арқылы көрініс табады. Бұл әдіс диалогке табиғилық пен шынайылық қосады, себебі оқырман тек кейіпкерлердің өзара әңгімесіне куә болады. Автордың сөзімен емес, кейіпкерлердің өз сөздерімен олардың мінез-құлқы, ішкі жан дүниесі, ойлары ашылады. Диалогтің осы түрі сахналық сипатта болып, оқырманға оқиғаны тікелей бақылауға, кейіпкерлердің болмысын өздері түсініп, бағалауға жағдай жасайды.

2) Диалогтің құрылымында авторлық кіріспелер мен кірікпе сөздердің маңызы зор. Мұндай элементтер кейіпкердің сөзін нақтылап, автордың баяндауын динамикалы әрі мазмұнды етеді. Авторлық кіріспелер арқылы оқырман диалогтің мағынасын, кейіпкерлердің ой-мақсатын жақсырақ түсінеді.

Кейіпкердің сөзі авторлық баяндаудың дәлелі ретінде қолданылатын жағдайда, автор әңгімеге қосымша түсінік, мәнмәтін және көркемдік шеберлік

енгізіп, оқырманды оқиғаға тереңірек бойлатуға мүмкіндік береді. Мысалы, кейіпкердің сөзінің алдында немесе соңында берілетін авторлық кіріспе сол кейіпкердің эмоционалды жағдайын, сөйлеу мәнерін немесе айтылып жатқан оқиғаның мәнін толықтырып, диалогтің әсерін күшейтеді. Бұл кезде кейіпкердің сөзі оқырманға түсінікті әрі шынайы бола түседі, себебі авторлық кіріспелер диалогтің алғышарттарын, себеп-салдарын түсіндіреді.

Екінші жағынан, авторлық кірікпесіз берілген диалог кейде толыққанды ашылмай, оқырманға түсініксіз қалуы мүмкін. Себебі, мәнмәтін мен эмоцияның жеткіліксіздігі кейіпкердің сөздерінің астарлы мағынасын, оның психологиялық жағдайын немесе оқиғалар арасындағы байланыстарды толық ашуға кедергі жасайды.

Сондықтан авторлық кіріспе мен кірікпелер – диалогтің құрылымдық және мағыналық байланысын күшейтетін маңызды құралдар. Олар кейіпкердің сөзін белгілі бір мақсатпен, эмоционалды реңкпен немесе оқиғалық мәнмәтінмен үйлестіре отырып, диалогтің динамикасын және көркемдік қуатын арттырады.

Ойтүйін: Қарап отырсақ, диалог құрылымы тұтастай кейіпкер болмысының кеңінен ашылуына қызмет етеді. Кейіпкердің өз сөзі, ремарка, авторлық кірікпе жазушы бейнелерінің кескін-келбетін, сезімін, мінезін, сан түрлі көңіл күйді суреттеп, танытуға бірдей ат салысады.

Жоғарыда айтылғандай, неғұрлым көп таралған диалогтің құрылымдық-семантикалық аспектісін зерттеу, диалогтің негізгі жеке лингвистикалық сипаттарына база назар аударуды қажет етеді. Дегенмен диалогтегі тілдік қызмет, коммуникативтік факторлармен тығыз байланысты.

1.4 Көркем мәтіндегі диалогтің функционалды-коммуникативтік сипаты

Диалогтің коммуникативтік үдерістер құрылымымен байланысты ерекшеліктеріне зерттеушілер ерте кезден-ақ көңіл бөлсе де, оларға деген кең көлемдегі қызығушылық XX ғасырдың ортасында пайда болды. XXI ғасырда қарқынды дамып келе жатқан семиотиканың бір саласы – лингвистикалық прагматика, жалпы прагматиканың бөлігі ретінде, диалогтің коммуникативтік қырларын тереңірек зерттеп, түсінуге және коммуникативтік үдерістің субъектілері (адресат пен адресант) арасындағы тікелей байланыс, олардың өзара қарым-қатынасы мен бір-біріне әсер етуін жан-жақты ұғынуға бағытталады.

Лингвопрагматикалық зерттеулер коммуниканттардың аясын кеңейтуге жол ашып, олардың әрқайсысын жеке-дара зерттеуге мүмкіндік берді, сонымен қатар, тілдік қатынастың жанрларын (ақпараттық диалог, достық әңгіме-дүкен, талас, жанжал және т.б.) жүйелі түрде сипаттауға жол ашты.

Тіл бірліктері нақты сөйлеу аясында жүзеге аса отырып, белгілі бір функционалдық міндеттермен байланысты мағыналарды білдіруге қызмет етеді.

Тілді функционалды тұрғыдан сипаттағанда, ондағы тілдік бірліктердің қызметі, сөйлеу барысындағы ерекшеліктері анықталады. Функционалды аспектіде тіл, тіл бірліктері жалпылама мәнде жұмсалады. Прагматикалық тұрғыдан қарастырғанда, тілдік таңбалар адамға бағытталады, сөйленім мәтінді дайындауда ең қолайлы бірліктер (жалпы жағдаятты, адресатты көрсетіп) таңдап қолданылады.

Біз осы тараушамызда алдымен көркем диалогтің коммуникативтік сипатын анықтауға талпынамыз. Диалогтің коммуникативтік сипаты – сөйлеу актілерімен, коммуникативтік ниетпен, коммуниканттардың интенциясымен тығыз байланысты. Диалогтік қатысым барысындағы коммуниканттардың сөйлеу қадамы мен адымы диалогтің коммуникативтік сипатын айшықтай түседі.

Сөйлеуші мен тыңдаушының өзара қатынасы, олардың бір-біріне деген қарым-қатынасы, диалог барысында қалыптасатын эмоционалды жағдай – сөйлеу актісінің табысты болуына әсер ететін маңызды шарттар. Сонымен қатар, контекст (мәнмәтін), яғни әңгімелесу жағдайы, уақыты, орны және тілдік емес факторлар (ым-ишара, дауыс ырғағы, интонация) сөйлеудің мағыналық құрылымын тереңдетіп, қатысымның тиімділігін арттырады.

Сөйлеу актісін талдаудың негізгі мақсаты – сөйлеу әрекетінің табысты жүзеге асуы үшін қажетті шарттарды анықтау және оларды дұрыс қолдану.

Қазақ тіл білімінде сөйлеу актісінің ұлттық ерекшеліктерін прагмалингвистика тұрғысынан талдауға көп көңіл бөлінген. Зерттеушілер З. Ерназарова, Г. Иманғалиева, Д. Абдукаримова, М. Мурзағалиева, И. Нурғожина және Г. Әлімжанова еңбектерінде қазақ сөйлеу тілі басқа тілдермен салыстырыла қарастырылып, қазақ сөйлеу тілінің өзіндік ерекшеліктері жан-жақты зерттелген.

Ғалым З. Ерназарова сөйлеу түрлері мен сөйлеу актілерінің жалпыға тән ортақ белгілерімен қатар, ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрлерге байланысты ерекшеленетін сөйлеу актілерін көрсетеді:

❖ «Бата беру – ізгі ниет, ақ тілек білдіретін дәстүрлі сөз саптау, әдетте, үлкен кісілердің жастарға немесе жиналған жұртқа арнаған тілегі;

❖ Жұбату – қайғыға немесе қиындыққа душар болған адамды жұбатып, оның көңілін көтеруге бағытталған сөздер;

❖ Көңіл айту – жақын адамдарынан айырылған жанға қайғысына ортақтасып, жұбатуға бағытталған сөйлеу түрі;

❖ Ас қайыру – ас ішіп болғаннан кейін тамақтың берекелі болуы үшін айтылатын тілектер мен дұғалар;

❖ Бітім айту – дау-дамайды немесе келіспеушілікті шешуге, тараптарды татуластыруға бағытталған шешендік сөздер [14, 31].

Бұл сөйлеу актілері қазақтың ұлттық ерекшеліктерін көрсететін ауызекі сөйлеу тілінің көрінісі болып табылады. Олар тілдің прагматикалық аспектісін айқындайды және ұлттық дүниетаным мен салт-дәстүрдің тікелей ықпалымен қалыптасқан. Мұндай сөйлеу актілері арқылы қазақ халқының мәдени

құндылықтары, өмірге деген көзқарасы, қарым-қатынастағы этикалық ұстанымдары көрініс табады.

Көркем мәтіндегі сөйлеу актісінің құрылымы мен оның қарым-қатынастық мазмұнына көптеген факторлар әсер етеді. Сөйлеу актісі қатысушылардың кім екендігінен бастап, олардың қарым-қатынасының мақсатына, қолданылатын тілдік бірліктерге, жағдайға және сөйлеудің әсеріне дейінгі көптеген аспектілерді қамтиды.

Коммуникацияға қатысушылардың мақсаттары, рөлдері, жеке мінез-құлқы, тұлғаралық қарым-қатынасы, дүниетанымы мен эрудициясы – диалогтің мазмұнын, реңкін және стратегияларын анықтайды. Қатысушылардың коммуникативтік мақсаттары мен олардың арасындағы қарым-қатынас сипаты сөйлеу актісінің формасы мен мазмұнына тікелей әсер етеді. Мысалы, ресми немесе ресми емес қатынас, таныстық деңгейі, қарым-қатынастың бейресми немесе формалды сипаты әртүрлі сөйлеу тәсілдерін талап етеді.

Әңгіме тақырыбы мен мақсаты да маңызды рөл атқарады. Әңгіме нені талқылауға бағытталғанын, диалогтің қандай мақсатқа қол жеткізуге ұмтылатынын анықтай отырып, сөйлеуші қандай тілдік құралдар мен амалдарды қолдану керектігін белгілейді. Сонымен қатар, сөйлеу жағдаяты, әңгімеге бөгде адамдардың қатысуы, коммуникацияның тиімділігі немесе кедергілері – сөйлеу актісін қалыптастыратын және тыңдаушының оны қалай қабылдайтынына әсер ететін факторлар болып табылады.

Осы компоненттердің барлығы өзара әрекеттесе отырып, сөйлеу актісін қалыптастырады. Сөйлеуші оларды ескеріп, сөйлеудің құрылымын, стилін және әсерін реттейді. Осылайша, қатысушылардың өзара қарым-қатынасы, сөздердің мағынасы, интонация, жағдай және басқа факторлар диалогтің мазмұны мен оқырманға немесе тыңдаушыға әсерін анықтайды.

«Коммуникативтік хабарлау мен қабылдау, бір-бірімен тығыз байланыста болады. Өйткені, хабарлау болмаса, қабылдайтын ой да жоқ, керісінше қабылдау болмаса хабар да жетпейді. Қабылдаусыз процесс бүтін болмай, бір жақты болып қалады, қаоым-қатынас, байланыс жүзеге аспайды», - деп жазады ғалым Оразбаева Ф [15, 24].

Сөйлеу актісі – сөйлеушінің белгілі бір тілегін, ниетін, немесе мақсатын тыңдаушыға жеткізу процесі болғандықтан, оның ықпал етуші күші бар. Бұл ықпал сөйлеушінің мақсатымен тікелей байланысты, өйткені сөйлеу актісі арқылы сөйлеуші өзінің коммуникативтік ниетін білдіреді. Сол ниет немесе интенция тыңдаушыға әсер етуге, оның реакциясын тудыруға немесе белгілі бір ақпаратты жеткізуге бағытталады.

Интенция – сөйлеушінің коммуникативтік мақсатқа жетуі үшін қолданатын стратегиялық қадамдар жиынтығы. Бұл стратегия тыңдаушыға әсер етудің түрлі жолдарын қамтиды және тілдік құралдар арқылы жүзеге асады. Коммуникативтік стратегия – сөйлеушінің мақсатын белгілі бір жағдайға сай тиімді жеткізу үшін

таңдалған лингвистикалық амалдар мен тілдік құралдардың жиынтығы. Бұл стратегия сөйлесім барысында сөйлеушінің өз интенциясын жеткізуіне және тыңдаушымен өзара байланыс орнатуына көмектеседі.

Сөйлеуші стратегияны таңдай отырып, мақсатқа жетудің ең тиімді жолдарын қарастырады: ақпаратты түсінікті түрде беру, тыңдаушының көңіл-күйін ескеру, сөйлеу жағдайына байланысты лексикалық және синтаксистік құрылымдарды дұрыс таңдау. Осы амалдар сөйлеу актісінің тиімділігін арттырып, сөйлеушінің коммуникативтік мақсатына қол жеткізуіне ықпал етеді.

Коммуникативтік акт – бұл сөйлеуші мен тыңдаушының интенциясына негізделетін интенциялық акт. Қарым-қатынасқа түсушілер тек жай әңгімелесуді мақсат етпейді, олар осы қатысым арқылы әрекет етеді. Сөйлеушілердің әрекет етуі – сөйлеу әрекеті, ол сол адамның белгілі бір мақсатын анықтап, оны сыртқа шығарудың тәсілі болып табылады. Бұл әрекеттер түрлі коммуникативтік мақсаттарға бағытталған болуы мүмкін: ақпарат беру, сендіру, өтініш білдіру, ренішті жеткізу немесе кеңес беру және т.б.

Коммуникативтік акт барысында сөйлеушінің интенциясы (мақсаты) әртүрлі формада көрініс табады. Бұл интенция ашық (эксплицитті) болуы мүмкін, яғни тікелей айтылған ой, мақсат немесе тілек. Сондай-ақ, ол жасырын (имплицитті) немесе көмескі түрде де болуы мүмкін, яғни сөйлеуші сөзінде ниетін ашық білдірмей, тұспалдап жеткізеді. Әрдайым сөйлеуші өз коммуникативтік мақсатына жетуге, сөйлесім барысында бір нәтижеге қол жеткізуге ұмтылады.

Осылайша, коммуникативтік акт тек ақпарат алмасу ғана емес, сонымен қатар сөйлеушінің әрекет ету формасы болып табылады. Ол арқылы адам өз мақсатын жүзеге асырып, басқаға әсер етудің жолдарын іздейді. Интенцияның ашық немесе жасырын түрде берілуі сөйлеушінің мақсаттарына, жағдайға және диалогтің контекстіне байланысты өзгеріп отырады.

Сөйлесімнің мазмұны (пропозициясы) коммуникативтік акт жүзеге асқанға дейін, сөйлеу процесіне дайындық кезінде қалыптасады. Бұл дегеніміз, сөйлеуші өз ниетін, айтқысы келген ойын алдын ала жоспарлап, оны нақтылайды. Сөйлеушінің өз интенциясы анық болады және ол айтпақ ойын қандай реңкте жеткізетінін, қандай сөздер мен сөйлемдерді қолданатынын сол сәттегі сөйлеу жағдаятына және тыңдаушының қабылдау мүмкіндіктеріне байланысты таңдайды [47, 43].

Осы тұста көркем шығармада кеңінен қолданылатын мынадай коммуникативтік ниеттерді атап көрсетуге болады.

1) интеллектуалды ниет (мәлімет алу, пікірді қолдау, өрбіту)

− Газеттен оқимын. Оқып жүремін. Жақсы өркендеп, дамып бара жатырсыңдар ма? − деді.

− Иә, Қазақстан қатты дамып бара жатыр, − деп мен мәз болып қалдым. [8, 15]

Бұл диалогті қатысымда бірінші коммуниканттың қойған сұрағының негізі интенциясы мәлімет алу ғана емес, сонымен қатар, өз тыңдаушысын қолдап, оған деген өзінің қатысын білдіруі анық көрінеді.

2) **қатынасты ниет** (әгімелеушіні қолдау болмаса шеттету, әңгімені жалғасытру немесе аяқтау).

Құдияров қолын шүберекпен сүртті де:

– Ағай, менің өтінішімді ұмытпаңыз. Әрі-бері өткен біреулер болса, ала кет деп айтарсыз, – деп, кетуге ыңғайланғанда Шегебай кабинадан атқып шықты.

– Жоо-о-оқ, Байыс-жан, сені ешқайда жібермеймін. Менің ең құрметті қонағым боласың. Сені қаңғытып-жіберіп, ертең Рысекеңнің бетін қалай көрем. Жайлауға апарам. Ел аралайсың.

– Бармағын қақайтып, – мына деген келіншекпен таныстырам, – деп көзін қысып қойды.

– Ағаңның сыйын көріп қайтасың.

– Мені мазақтайсыз ба, мына түріммен қалай жұрт көзіне көрінем? Адамы түгіл иті шошып кетер.

– Байыс-жан, со да сөз бе екен. Шегебай ағаң аман болса бәрі табылады. Мына машинаның іші толған киім-кешек, азық түлік. Қалағаныңды ішіп, таңдағаныңды киесің. Кел, қасыма отыр. Аздап жүрек жалғап алалық [9, 6].

Осы келтірілген мысалда коммуниканттар өз интенцияларымен бір-біріне әсер етті, қатысым қарқынын өздерінің ниетіне сай орнатты. Мұндай сөйлеу актілері сөйлеуші мен мен адресат арасындағы қарым-қатынастың ынтымақтастық деңгейін айқындайды. Мәселен, жоғарыдағы диалогте коммуниканттар өздері күткен қатысым мақсатына, яғни, бір-біріне деген жағымды көңілдерін білдіруге қол жеткізу үшін қолдау көрсетті.

3) **әрекетке итермелеу ниеті** (белгілі бір әрекетке бағыттап, оны орындауға итермелеу).

Жаңыл орнынан атып тұрды.

– Сіз маған суретіңізді сыйға беретініңізді ұмытып кеткен жлқсыз ба? – деді жас жігіт.

– Шегенің жұмыс бөлмесінде бірнешеуі бар болу керек. Жүріңіз қарап көрейік. [9, 16].

Мұндай ниетке құрылған қатысымдағы сөйлеу актілерінің иллокутивті қызметі имлицитті болуы да мүмкін. Мәселен, осы диалогте қатысымның стимулы мәлімет сұрау емес, өтініш білдіру. Ал, адресат бұл өтінішпен келіскенімен, бірден тура (Есімде.Ұмытпадым) жауап берген жоқ. Дегенмен оның жауабы сөйлеуші итермелеген әрекетті орындауға келісті де, импликациямен берілген келісімін түсіндірумен негізделеді.

4) **эмоциялық күйді өзгертуге бағытталған ниет** (әңгімелесушінің көңілін көтеру болмаса аулау)

– Ойын басталды ма? Неге аңтарылып отырсыңдар? – деп Байман жайнаңдай, жалақтай келді.

– Жоқ әлі... Өзің қыздырмасаң... – деген соң, Байман:

– Ал ендеше, мен бастайын. Айтқанымды істейсіңдер, істемегенің ойын бұзар бересің, – деп, кеудесін ашып, білегін сыбанып, түрегелді.

– Е, бәрекелді!.. Ой, сабазым-ай!.. Топтың гүлі жаңа келді ғой!..

– деп, өзінен өнер шықпайтын тоғышарлар қошамет қылысты.

– Бәрің де ойнауға келдіңдер ғой?.. Ендеше, бұлай отырып ойнауға болмайды. Әйда, қыз-бозбалалар, араласа отырасыңдар. Кәне, пәленше, сен бері кел, сен мұнда отыр! – деп қыздарды да, жігіттерді де жетелеп, сүйреп, көтеріп, заматта опыр-топыр қып, бір қыз, бір жігіттен, қыз жетпегеніне келіншектен аралатпа қып отырғызды.

Бұл мысалдағы коммуниканттардың интенциясы бір-бірінің белгілі оқиғаға деген көзқарасын өзгертуге бағытталған. Олар өз интенциясын қатысым үрдісіне енгізе отырып, бір-бірінің көңілін аулады.

Сонымен кез келген диалогтік қатысымның мақсаты қарсы жақты қандай да бір әрекетке итермелеу болып табылады. Коммуникант алдына нақты, кейде керісінше, жалпы мақсат қоя отырып, сөйлеу жағдаятына ойша баға береді, сөйте отырып өзінің сөйлеу әдебін айқындайды. Коммуникативтік ниет – әңгімелесушілердің сөйлеу әдебін реттеуші болып табылады.

Сөйлесімнің прагматикалық түрін анықтауда оның прагматикалық компонентінің сипаты шешуші роль атқаратыны сөзсіз. Бір қадамнан тұратын диалогтегі репликаның прагматикалық түрі ықпал етуші, айқындаушы түріне негізделеді. Бұл жерде құрылымдық-мазмұндық тұтастықтың болуы да болмауы да мүмкін. Бірінші жағдайда сөйлеу қадамының жалпы авторлық интенциясы бар, ол репликаның коммуникативтік-прагматикалық түрін анықтайды. Екіншіден, коммуникативтік мақсаттың кезектесуі сөйлесім мазмұнын көрсетеді және бұл сөйлесімдерді үстем коммуникативтік бірлік басқарады. Соңғысы репликаның прагматикалық қызметі мен мақсатты түрін қоса көрсетеді. Сөйлеушінің интенциясын жеткізуші алғашқы сөйлеу актісі кейінгісімен салыстырғанда, тәуелсіз сипатта болса, кейінгісі алғашқының мақсаты мен мазмұнына тікелей тәуелді болады.

Сөйлеу қадамдарын сараптау тілдік қатысым үрдісіндегі коммуникативтік мақсат арқылы жүреді. Бұл дегеніміз ықпал етуші акт, яғни сөйлеуші алға қойған мақсатына сөйлеу үрдісі барысында ғана жетеді. Прагматиканың негізінде сөйлеу әрекеті мен конвенциялық (уәделесу) ережелердің шарттарын есепке ала отырып, жүзеге асатын әрекет – екі жақты әрекет деп жазады З.Ш.Ерназарова. Әрекетті тудыратын, оның стратегиясы мен тактикасын, яғни көріну құралдарының түрін анықтайтын - сөйлеушінің мақсаты екені анық [14, 22]. Сондай-ақ диалогтің қалыптасуына сөйлеу жағдаяты тікелей қатысты, себебі онсыз әңгіме тақырыбын түсіну қиын. Әрине диалогті коммуникативтік прагматика тұрғысынан айқындау

негізінде нақты ұстанымдардың болмауы мүмкін емес. Осы тұста М.М.Михайлов ұсынған мынадай коммуникативті-прагматикалық принциптерді атап көрсетуге болады [92].

1. Коммуникативтік ынтымастық ұстанымы диалогті сөйлеудің маңызды әрі орнықты формасы ретінде қарастырылады және коммуникацияның сәтті жүзеге асуы үшін қажет. Бұл ұстаным қарым-қатынастың мақсаттылығын, сөйлеушілер арасындағы өзара түсіністік пен келісімді сақтауды қамтамасыз етеді. Коммуникативтік мақсатқа жетуге ұмтылған сөйлеу әрекеті белгілі ережелерге, үйлесімділікке және диалогтегі үйлесімді қарым-қатынасқа бағынады. Бұл сөйлеушінің мақсаты, ниеті, қарым-қатынастың сипаты мен диалогтің жағдайын есепке алып, дұрыс әрі орнықты сөйлеуді талап етеді.

Сөйлеу әрекетінде коммуникативтік қатысымның табысты болуы үшін сөйлеу этикеті ережелерінің сақталуы маңызды. Бұл өзара қарым-қатынас кезінде сөйлеушілердің бір-біріне дұрыс үн қатуы, өзара сыйластықты көрсетуі және диалогті оңтайлы жүргізуі арқылы жүзеге асады. Коммуникативтік тапсырмалардың орындалу деңгейі, сөйлеушінің мақсатына жетуі, сондай-ақ диалогтің тиімділігі коммуникативтік құзыреттіліктің болуына байланысты.

Коммуникативтік құзірет – бұл сөйлеушінің үйлесімді қарым-қатынас жасауға қажетті коммуникативтік және тілдік шарттарды білуі. Бұған пресуппозицияны түсіну және қолдану, яғни сөйлеу мәнмәтінін, әңгіме барысында туындайтын болжамдарды және тілдік құралдардың орынды қолданылуын білу жатады. Бұл құзірет диалогтің коммуникативтік формаларын мақсатқа сай пайдалану және сөйлеу кезінде қолданылатын тілдік бірліктерді орынды қолдануды қамтиды.

Мысалы:

Пеш алдында отырған кемпір әлде неге күлімсірей түсіп:

– *Атың кім, шырағым? – деді милицияға.*

– *Атым – Жаманғали шеше, фамилиям – Егізбаев.* [10, 81]

Бұл диалогте коммуниканттардың жас ерекшелігін есепке алатын, әлеуметтік статусын ескеретін тіл бірліктері (шырағым, шеше) ұтымды қолданды. Екінші коммуникант өзінен жасы үлкен адамның сұрағына толық жауап берді.

2. *Әрекеттесу ұстанымы* сөйлеудің құрылымына әңгімелесушілердің екеуінің де белсенді ат салысуын ұсынады. Тілдік қатысым үрдісін басқару үшін әңгімелесушілердің коммуникативтік бағдарламасының өзара келісімі, коммуникативтік мақсаттардың үйлесілімділігі мен қолданылу аясының дұрыстығы (коррекциясы) талап етіледі.

– *Мынау аттан түсіп жатқан кім? - деді Шұға. ... тани кеттім.*

– *Әбдірахман ғой, – дедім.*

– *Әбдірахманың кім?*

– *Қазақбайдың баласы.*

– *Иә, әлгі учитель баласы ма?*

– *Иә.*

– *Жап-жас жігіт екен ғой, - деп бірер қарады да, Шұға отауға кіріп кетті.* [10, 10]

Бұл коммуниканттардың екеуі де айтылған сөйлесімдердің мақсатын, себеп-салдарын, коммуникативтік тапсырмасын дұрыс түсініп, диалогті өрбітті. Осы мәнбірлердің ескерілуі өте маңызды. Өйткені, «сөз тартпақшы боп оны-мұны айтады, бірақ онысы белгілі бір жоспармен айтылмағандықтан, тыңдаушыға ой тудырғандай әсер бере алмай, жерге ұшып жоқ болып жатыр», деген Б.Майлиннің ойы нақтылана түседі. Мұны төмендегі мысалдан байқауға болады.

– *Аман-ей, – деді Серік айғай салып. – Неғып мықшыңдап тұрсың, әйелің сау ма?*

– *Соқтықпай жүр, – деп қайырып тастады Сейітқұл.* [11, 22]

3. *Әсер ету ұстанымы* әрекеттестік ұстанымымен тығыз байланысты. Әсер ету жоқ жерде, әрекеттесу де жоқ. Мұның жүзеге асу жолдары әртүрлі. Тыңдаушыға әсер ету сөйлеушінің коммуникативтік мақсатының вербалдануына (бейвербалдануына болмаса әрекет түрінде көрінуіне) тікелей байланысты. Сондай-ақ, мұның коммуникативті-прагматикалық мүмкіндіктері мен жолдары да әртүрлі. Мысалы, сұраулы сөйлесім қашанда жауап реакциясын туғызады десек те, ол эмоционалды реакцияға да итермелеуі мүмкін.

– *Ден сау ма, келін, мал-жан амандық па? – деп Демесін жалбаңдап амандасып жатыр.*

– *Шүкір, – деп ернін бір жыбыр еткізді де қойды.* [10, 60]

Бұл диалогте тыңдаушының (адресаттың) жауабы оның психологиялық күйінің көрінісі ретінде байқалады. Әдетте, жалпы сұраққа нақты, тікелей жауап беру (мысалы, «иә», «жоқ») күтіледі. Алайда, адресат мұндай тікелей жауап бермей, «шүкір» деген сөзді қолданады. Қазақ тілінде «шүкір» – жалпы алғанда оң контекстте айтылатын сөз болғанымен, бұл диалогте ол сөйлеу қарқынын тежеп, әңгімені жалғастыруға ниет болмағанын көрсетеді. Бұл сөз, бір жағынан, жағдайға шүкірлік етіп, амандықты білдіргенімен, екінші жағынан, диалогті жалғастырудан жалтару немесе сөйлеушімен байланысқа терең түсуден бас тарту тактикасы ретінде қолданылған.

Адресаттың мұндай тактикасы – сөйлеушіге деген жағымсыз көзқарасының белгісі, оны жақтырмайтынын немесе онымен қарым-қатынасты одан әрі өрбіткісі келмейтінін білдіреді. Бұл жерде адресаттың жауабы қысқа әрі бейтарап болып көрінгенімен, шын мәнінде, оның сөйлеушіге деген көңіл-күйін, қарым-қатынасын, диалогтегі белсенділік деңгейін көрсетеді. Мұндай жағдайда адресат диалогтің қарқынын тежеп, байланысқа кіруден қашып, өзінің жеке қатынасын білдіреді.

Бұл тактика сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы психологиялық қашықтықты білдіреді және репликалардың мазмұнындағы жасырын контексті, қарым-қатынастың прагматикалық деңгейін ашады.

4. *Коммуникативтік-прагматикалық үстемдік ұстанымы* – сөйлеу актісінің нақты коммуникативтік және прагматикалық құрылымын айқындайтын негізгі факторлардың бірі. Сөйлеудің мұндай құрылымы көбінесе коммуникативтік жағдаяттың ерекшеліктеріне және сөйлеушінің интенциясы мен мақсаттарының табысты әрекеттесуіне тәуелді. Бұл сөйлеу жағдайында сөйлеуші жеткізетін ақпараттың белгілі бір семантикалық компонентінің немесе прагматикалық мақсаттың үстемдігі, басым болуы байқалады. Яғни, диалогте немесе монологте айтылатын сөйлемдердің семантикалық құрылымындағы бір компонент сөйлеу актісінің жалпы мазмұнын қалыптастыруда негізгі рөл атқарады.

– Кететін болдың ғой, ә ? – деді Әмине шіміркене қарап.

– Кетем.

– Кет, кет ... Кеткелі жүргеніңді білгем. Кеткенше асығып жүр ең... Бетіңнен жарылқасын ... мен де өлмеспін... [10, 71]

Бұл мысалдағы реплика-стимулдың баяндауышы қатысымның ары қарай өрбуіне ықпал етіп тұр. Тыңдаушы да тура жауабын осы сөйлем мүшесіне екпін түсіре жауап берді. Адресат реплика-реакциясының пропозициясы *Ия* болса, иллокутивті қызметі - келісу. Қатысым барысында коммуниканттардың қолданған цитациясы Н.Д.Арутюнова сипаттағандай, коммуникативті бумеранг қызметін атқарды. Өйткені цитация сөйлеушінің сөйлесіміне қайтарылатын вербальді реакцияның компоненті болып табылады. Сонымен осы компонент әңгімелесушілер арасындағы қарым-қатынаста үстемдік танытып, диалог тақырыбын өршіте өрбітті [93, 50].

5. Коммуникативтік толықтық ұстанымы коммуникативтік үстемдік ұстанымымен тығыз байланыста. Коммуникативтік толықтық – сөйлеушінің өз ойын анық, толық әрі мақсатқа сай жеткізуін көздейтін ұстаным, ал коммуникативтік үстемдік – сол мақсаттың сөйлеу актісінде басымдылығын қамтамасыз ету. Бұл екі ұстаным сөйлеушінің ой-пікірін барынша айқын әрі тиімді жеткізуін қамтамасыз етеді. Коммуникативтік мақсат тек қана иллокуцияға (мысалы, сұрақ, тілек, кеңес және т.б.) ғана бағытталмайды, ол сөйлеудің эмоционалды, экспрессивті және көркемдік сипаттарын да ескереді.

Әңгімелесушінің сөзі эмоционалды реңкке, экспрессияға және көркемдік элементтерге ие болғанда, тыңдаушыға ойды дәл және айқын жеткізу жеңілдейді. Сөйлеудің иллокутивті сипаты (сұрақ қою, тілек айту, кеңес беру) тек мазмұндық компонент қана емес, сонымен қатар оның интонациялық, эмоционалдық және стильдік реңктерімен толықтырылады. Бұл реңктер сөйлеушінің мақсаттарын, оның қарым-қатынасқа қатынасын, тыңдаушымен байланысын тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Мәселен, сұрақ қою – тек ақпарат сұрау емес, сонымен қатар сұрақтың мазмұнына байланысты эмоционалды бояуы мен қарым-қатынастың реңкіне де ықпал ететін иллокутивті акт. Осылайша, коммуникативтік толықтық ұстанымы

сөйлеу актісінің эмоционалды, экспрессивті және көркемдік компоненттерін ескере отырып, ойды барынша айқын әрі мақсатты түрде жеткізуге бағытталған.

– *Еркін шырақ, – деді бөренедей мойнын әрең бұрып, қаладан шыққаныңа көп болды ма?*

– *Жоқ ақсақал, еру болғанымa екінші түн. Кеше осы мезгілде келдік. Көп уақытым жолда қалды* [11, 54].

Адресат толық мәлімет алу үшін қойылуы мүмкін келесі – *Қашан келдің? – Жолға қашан шықтың? Жолда неше күн жүрдің?* сияқты сұрақтарды күтпестен адресанттың иллокуциясына толық жауап берді.

6. Алдын алу ұстанымы – адамның жиған тәжірибесінің нәтижесінде тілдік қатысымның өту барысына сай белгілі реакцияға дайын бола алу қабілеттілігі. Мұны тұрақталған, дайын сипаттағы реакцияның түрлерін қалыптастыратын сөйлеудің жағдаяттық-тақырыптық сипаты десек те болады, себебі олар белгілі бір сөйлеу жағдаятында тыңдаушының әрекетін алдын ала болжаумен байланысты қалыптасады.

– *Мариям, – деді.*

– *Бірдеме айтайын дедің бе?*

– *Айтайын деп едім.*

– *Айта ғой.* [10, 56]

Бұл мысалдағы қаратпа сөздің өзі адресанттың ниетінен хабар беріп тұр. Сөйлеуші вокативті қолдана отырып, тыңдаушыны психологиялық тұрғыдан әңгімеге дайындап алды. Тыңдаушы бұл қаратпаның прагматикалық мәнінің өзімен байланысты екендігін түсінеді. Өйткені қаратпа сөз (Мариям) көңіл аудару қызметін ғана емес, сөз бастау, диалогті қатысымды бастау қызметін атқарып тұр. Сөйлеушінің осы мақсатын қабылдаған тыңдаушы реакциясы арқылы әңгімеге дайын екендігін білдірді.

Диалог барысында әңгімелесушілер көбінесе сөйлесімнің тура мағынасын ғана емес, оның тыңдаушыға ықпал ететін мағынасын негізге ала отырып әрекет етеді. Бұл дегеніміз, диалогтің негізгі мазмұны көбінесе сөйлеушінің интенциясына, яғни айтылған ойдың астарындағы ниет пен әсерге байланысты қалыптасады. Сөйлесімдер арасындағы өзара байланыс олардың мазмұнында контекст арқылы көрінеді: кейбір репликалар таныс, бұрыннан бар тақырыпты қайта қозғайды, ал басқалары диалогтің өрбуіне қарай жаңа тақырыпты алға тартады.

Диалогтегі сөйлесімнің негізгі қадамдарын немесе адымдарын түсіндіруде сөйлеу актілерінің (констатив, директив, промиссив, менасив, экспозитив, сатисфактиф) шектеулі рөлі бар, себебі олар диалогтік әрекетті толықтай бейнелемейді. Бұл сөйлеу актілерінің шектеулігі олардың көбінесе сөйлеушінің интенциясын немесе белгілі бір мақсатты жеткізуін ғана қарастыратындығынан көрінеді.

Бұл актілер диалогтегі репликалардың функционалдығын түсіндіреді, бірақ диалогтің толық феноменін ашып бере алмайды, өйткені диалогтің мәні тек сөйлеу актілерінің шеңберімен шектелмейді. Диалогте контекст, қатысушылардың қарым-қатынасы, интонация, бейвербалды амалдар және астарлы мағына маңызды рөл атқарады. Әңгімелесушілер сөйлесімде тура айтылған нәрсеге ғана емес, оның мәнмәтіндік астарына, сөйлеушінің ықпал ету мақсатына және диалогтің жалғасуына мән береді. Сондықтан диалогтің феноменін толықтай түсіндіру үшін осы күрделі элементтердің барлығын қарастыру қажет.

Сөйлеу әрекетінің жалпы мақсатына немесе жағдайына сүйену әрқашан нақты нәтиже бермейді, өйткені кең мағынадағы коммуникативтік интенция диалогтің ерекшеліктерін толық бейнелей алмайды. Әр сөйлеу жағдайы тыңдаушының реакциясы, мәнмәтін, эмоционалдық жағдай сияқты факторларға байланысты ерекшеленеді. Сондықтан диалогтегі әр қадам белгілі бір коммуникативтік мақсаты бар интенциямен және сол сәттің нақты талабымен қалыптасады.

Сөйлеушінің интенциясы әрқашан белгілі бір қатысым жағдаятына сай тілдік бірліктерді таңдауға бағытталады. Бұл таңдаулар сөйлеу алдындағы кезеңде жүзеге асырылып, диалог барысында сөйлеушінің стратегиясы мен мақсатына сәйкес жүзеге асады. Мысалы, «нақтылау» сөйлеу актісі арқылы сөйлеуші тыңдаушының түсінбеген немесе нақтыламаған аспектілерін анықтап, пікірдің айқындылығын қамтамасыз етуге тырысады. Ал «әрекетке итермелеу» сөйлеу актісі сөйлеушінің тыңдаушыны белгілі бір әрекетке, жауап беруге, немесе көзқарасты өзгертуге бағытталған ниетін білдіреді.

Диалог барысында сөйлеуші тілдік бірліктерді нақты жағдаятқа байланысты интенсивті түрде таңдап, өзінің мақсатына сәйкес қолданады. Коммуникативтік интенцияның кең ауқымды мағынасын түсінгенімен, диалогтің сәтті жүзеге асуы үшін сол сәттегі контексті, әңгімелесушінің реакциясын және жағдайға сәйкес қолданылатын тілдік амалдарды дәл анықтай білу маңызды. Осылайша, сөйлеушінің интенциясы нақты сөйлеу жағдайында қажетті нәтижеге қол жеткізуге бағытталады [94].

Кез келген сөйлесімнің семантикалық-синтаксистік құрылымынан туындайтын тура мағынасы және «нағыз сөйлеу» мағынасы бар. Бұл лингвистикалық контекс пен коммуникативтік жағдаятқа сүйенеді. Қатысым барысында коммуниканттар сөйлесімнің тура мағынасының негізінде сөйлеу әрекетін қалыптастырмайтыны мәлім. Сөйлеуші сыртқа шығарған сөйлесімнің негізінде қашанда тыңдаушы анықтай алатын мазмұн болады. Сөйлеу әрекетіне импликация тән.

Диалогтегі сөйлеу қадамдарының негізгі түрлеріне П.В.Зернецкий жиектеуші; орталық; ынталандырушы; қолдаушы; қарсылық білдіруші; жалғастырушы; жаңартушы сөйлеу қадамдарын жатқызады [95, 91].

Жиектеу және орталықтандыру сөйлеу қадамдары тақырыптық болмайды, олар сөйлеу әрекетінің шекарасын белгілеу қызметін орындайды да, негізінен әңгімелесушінің көңілін аудару үшін қызмет етеді. Мұндай сөйлеу қадамдары ретінде коммуниканттар вокативтер, жеке есімдер, экпрессивті шылаулар сияқты тіл бірліктерін қолданады. Мысалы:

– ***Ойпырмай!*** – *деген бір дауысқа жұрт сапырылысты.*

– *Уа, не болды?*

– *Жалбыр келіп жетті!...*[10, 29]

– ***Әй, Оспан!*** – деп саңқ етіп қалды Бати. – Үлкен кісіге тигізбе тіліңді.

– Қашаннан бері Омардың жетелеген тазы иті бола қалып едің. [11, 113]

Диалогтегі *ынталандырушы* сөйлеу қадамы алдыңғы екеуі сияқты сөйлеу әрекетін бастай алады. Бұл қадам тақырыпты өрбітетін болғандықтан, оның негізгі компоненті – нақтылайтын, сұрайтын, хабарлайтын сөйлеу актілері болып келеді.

Диалогтегі *Қолдаушы* сөйлеу қадамы жоғарыда аталған қадамдардың кез келгенінен соң келе береді. Ол көбіне қабылдау, келісу сияқты жауап сөйлеу қадамы болып табылады. Сондықтан мұндай қадам алдыңғы сөйлесіммен құрылымдық-семантикалық байланысты болады да, тақырыпты өрбітеді.

Көркем шығармадағы диалогтің функционалды-коммуникативтік сипаты – диалогтің атқаратын қызметтері бойынша да анықталады. Көркем шығармада диалог алдымен – *көркемдік қызмет атқарады, яғни адам образын жасайды.* Себебі диалог адамдар арасында өмірде кездесетін сан қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты түрде, нанымды түрде ашылуына қызмет етеді, соның тілдік амалына айналады. Айталық, жазушы Б.Майлин – диалогтің осы мүмкіндігін шебер пайдаланған. «Аяқталған еңбек» әңгімесі бастан-аяқ түгелімен диалоқа құрылған.

– *Мына Дүйсенбай салың* – деп, анадай жерде келе жатқан Дүйсенбайды кекетуден, менсінбеуден бастайды әңгіменің екінші бір кейіпкері қожыр бет – Ержан. Қожыр беттің айналасындағы оның шашбауын көтерушілер мұны қағып алып, көтермлей жөнеледі. осыдан қуат алғандай, қожыр бет Дүйсенбайға деген жек көруі сезімін, байларды конфискелегенде Ерканның тыққан малын көрсеткеніне наразылығын ашық білдіреді. «Шіркінде дін жоқ екен ғой!», «Мұның бүйірі шығып оңбай жүргені де сол ғой» деп, қасындағылар да қалыспайды. Дүйсенбайды даттауда бірінен-бірі асып түсіп жатады. Қожыр беттің жаңағы репликаларынан басталған осы экспрессивтік сөйлемдер жалғасып кетеді де, әңгімемеге Дүйсенбайды жақтап сөйлеген жігіттің араласуынан кейін сәл өзгере бастайды. Енді қожыр бет «құдайшыл», «дәм-тұзшыл» бола қалады, жастарға бұрынғы әдетінше «ақылгөй» болмақ та дәмесеі бар, бірақ қынжылуын да, дәрменсіздігін де жасыра алмайды, тауыса сөйлейді. Автор қожыр беттің осы репликасында ілгері экспрессивтік сарынның өзгергенін ескерте кетеді.

– Бұл күндегі жастар құдайды, аруақты аяққа басты ғой. Дәм-тұз дегенмен есептесу жоқ, тұзына тышты деген осы да! – деп, қожыр бет сұрланып, шырайын өзгертіп, қарсы сөйлеген жігітке ішінен кіжінген пішін көрсетті.

Осы әңгімеде диалог бірден ашық дауға айналады. Кейіпкерлердің қай-қайсысы да сынып бүгін қалмайды, ойына алғандарын ашық, ащы тілімен білдіреді:

– Е, Дүйсенбай қалай, Ерқанның тыққан малын түгелдеп шықтың ба?

– Түгелдемесе, сен түгендеп берейін деп пе едің? – деп Дүйсенбай шал шап ете қалды.

– Ойбай, көргенсіз шіркін, мен дегенде жының бар ма? Бірдеме айтсам, беттен ала түсесің... Түнеукүні жиылыста «Атқа мінер, бұзық» деп жұрт көзінше абыройымды айрандай төктің....Менің саған жазған жерім қой жоқ осы...

Қожыр беттің осы диалогтегі репликаларының ең көлемдесі – осы. Бұдан әрі оның репликалары бірден-бір шағындала түседі. Бұл – кейіпкер сөзі экспрессиясының өзгеруі тұрғысынан өте қызық реплика. Мұның басында әңгіменің алғашқы бөлігінде Дүйсенбайды жақтап сөйлеген жігітке қарсы айтылған қожыр беттің репликасындағы экспрессивтік сарынның ізі бар. Қожыр бет бұрынғы күнін әлі ұмытып үлгермегендей, «көргенсіз шіркін», «беттен ала түсесің» деп сөгіп, кінәлап, Дүйсенбайды бетін қайтарып тастауды көздегендей.

Автор Дүйсенбай мен қожыр беттің репликаларына түсініктеме (ремарка) бермейді. Бұл кәдімгі драмалық шығармалардағы диалогтерді еске түсіреді. Кескілескен тап күресі осы бір полемикалық диалогтің құрылымынан белгілі: Дүйсенбай өз басының ғана қамы емес, тап мүддесін қорғауға жарап қалған жаңа өмірдегі өз жолын, ұлы істегі өз рөлін жіті түсінген кедей.

Ал, Қожыр бет «құдай», «аруақ», «дәм-тұз» деген сөздерді қолданады, бірақ оларды құдайға сенгендіктен емес, осындай ұғымдардың бұрын өздері үшін пайдалы болғандығын қолданады. Қожыр бет диалогте өзінің дөрекілігін жасыра алмайды, оны дөрекі сөз қолдану арқылы білдіріп отырады.

Диалогтің ұтымды қолданылуы, шығарманың түпкі ойының диалог арқылы ашылуы басқа қаламгерлермен салыстырған Б.Майлин стилінде жиі ұшырасады. Майлин әңгімелерінен диалогтің көмегімен кейіпкердің қандай адам екенін танытудың небір шебер үлгілерін кездестіреміз. Диалог шығарма идеясын ашуда ұтымды тәсіл ретінде қолданылып, шығарманың көркемдік қуатын арттыра түседі.

Көркем шығармада диалогтің қызметі – ***графикалық ерекшеліктерімен*** де айқындалады. Көркем шығарма тілінде кездесетін диалог қаратпа, лепті сөз, экспрессивті, сұраулы сөз, еліктеуіш, одағай тәрізді сөйлеу тіліне тән тілдік амал-тәсілдер сызықша, сұрау белгісі, леп белігі, тырнақша, көп нүкте тәрізді жазба мәтінге тән графикалық таңбалармен белгіленіп, сөз бедерін айшықтай түседі. Мысалы:

– Туған жеріңіз?

– Оңтүстік Қазақстан

– Өскен жеріңіз?

– Солтүстік Қазақстан

– Жетілген жеріңіз?

– Батыс Қазақстан.

– Марқайған жеріңіз?

– Шығыс Қазақстан.

– Оһо! Бармаған жер, баспаған тауыңыз жоқ екен де!

– Неге болмасын! Бармаған жер, баспаған тауым көп өзі, өте көп... [12, 152].

Көркем мәтіннің дискурстық сипаты уақыт шеңберінде автор, кейіпкер және оқырман арасындағы коммуникациядан қалыптасады. Көркем мәтінді зерттеуде тек тілдік тәсілдерге назар аудару жеткіліксіз, себебі автор оқырманға әсер ету мақсатында кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынасты және олардың эмоциялық жай-күйін бейнелеуде түрлі пунктуациялық белгілерді қолданады. Сонымен қатар, көркем мәтін дискурсы реципиентке концептуалды және коннотативті бейнелі әсер ету үшін құрастырылатыны маңызды. Тілдік тәсілдердің өзіндік тұрпат межесі мен мазмұн межесі бар: тұрпат межесі ретінде тілдік белгілер қызмет етсе, мазмұн межесі мәтіннің ойы мен идеясына негізделеді.

– Жауым жоқ деп ойлап па едің? Ха! Сенің жер басып жүргеніңнің өзін ауырсынатын ағайындарың бар. Сен ештеңе білмейсің...

О, жалған... Мен мына аңғал айналарды аядым... ...Мен түсіндім, көрдім... Ұялған жоқпын. Түсіндім, көрдім ештеңеге өкінген жоқпын!

– Мынау – мен...

– Бұл сен емес, – деді тағы шал. Бұл – сенің өзің туралы түсінігің ғана... Айнаға қарашы, оң құлағың қай жағыңда тұр? [13, 160].

Тұрсынжан Шапайдың шығармасынан алынған үзіндіде сызықша, сұрақ белгісі, леп белгісі, үтір және көп нүкте қолданылған. Диалогте *«Жауым жоқ деп ойладың ба? Ха! Сенің жер басып жүргеніңді ауыр көретін ағайындарың бар»* деген сөйлемдерде тыңдаушының пікірін теріске шығару, өз ойын жеткізу және эмоция білдіру байқалады. Автор бұл мақсатта сұрақ және леп белгілерін тиімді пайдаланған.

Қария өз сөзін нықтап, бастырмалата жеткізгенін көрсету үшін көп нүктелер қолданылған. Көп нүктелерді қоюдың бірнеше себебі бар: атап айтқанда, эмоцияны білдіру үшін («О, жалған...»), ақпарат беру мақсатында («Мен мына аңғал айналарды аядым... ...Мен түсіндім, көрдім... Бұл – сенің өзің туралы түсінігің ғана...»), ойдың толық жеткізілмегенін көрсету үшін («Мынау – мен...») қолданылған.

Диалогтегі ***санамалау құбылысы*** да диалогтің көркемдігін арттырып, графикалық таңбалармен ерекшеленеді.

– Орайы келгенде, айтармын деп жүр едім. Сенің басыңнан үш түрлі мін көремін. Соны тыңда! – деді.

Абай: – Айтыңыз, әке! – Құнанбайдың жүзіне тура қарады да, тосып қалды.

– Ең әуелі, арзан мен қымбаттың парқын айырмайсың. Ізіңдегі барыңды арзан ұстайсың. Бұлдай білмейсің. Көп күлкіге, болымсыз ермекке асылыңды шашасың. Жайдақсың! Жайдақ суды ит те, құс та жалайды. Екінші, дос пен қасты сараптамайсың. Досқа досша, қасқа қасша қырың жоқ. Ішіңде жатқан сыр ұшығы жоқ. Жұрт бастайтын адам ондай болмайды. Басына ел үйрілмейді. Үшінші, орысшылсың. Солай қарай ден қойып барасың. Дін, мұсылман жат санайтынын ескермейсің! – деді [14, 359].

Экспансиялық сипатына сәйкес сөйлем баяндауыштары, негізінен, бұйрық және ашық райлы етістік формасында, II жақ жіктік жалғау формасында келген. Бірдей тұлғада келген сөйлемдерге әртүрлі тыныс белгісі (нүкте, леп белгісі) қойылған [96, 101].

Бұл жерде автор әке Құнанбайдың бала Абайға айтқан ақылы бірде зілді, бірде зілсіз жеткізілгенін білдіру үшін тыныс белгісін құбылтып қолданған. Кейіпкерлер арасындағы тартысты, дауыс құбылтуын шынайы бейнелеу үшін автор тілдік ұстанымдар шеңберінен шығып, эмоцияны бейнелеуде осындай амалдарды шебер қолданған.

Көркем мәтін поэтикасын зерттеген ғалым Б.Момынова жазушы Р.Отарбаев шығармаларындағы тыныс белгілердің семантиалық мағына жеткізетін құрал екенін айта келіп: Жазушы әсіресе көп нүктені (...) көп пайдаланады. Бұл тыныс белгісі кейде «онсыз да түсінікті» дегенді, кейде «ойлана түс» дегенді, кейде «айтарға сөзім жоқ» дегенді, кейде болжамды білдіреді, яғни көп нүкте Р.Отарбаев шығармаларында көпфункциялы тыныс белгісіне айналған», – деп тұжырымдайды [97, 78]. Ғалымның ойын әрі қарай сабақтас, жазушы шығармаларында көп нүкте *сауалдан сауал тудырады, қимылдың қайталана беретінін, әттеген-ай, қап, деген өкініштi, кіжінуді* т.б. мағыналарды білдіреді. Мысалы:

– Ойбай, бар қызық сенде болды.

– Айтпа. Күйеуі кетеден шыққан Сейсенбайды қол дап, қатыны тама Сәрсенбайды жақтап... қызыл майдан, қырық пышақ. Дүние ғаламдасамыз деп өңір тиегін ағытып жатқанда бұлар рудың сойылын соғып... Надандық, сені қайтейін? – деп дастарқанға бет сипай салды. Надандыққа өкпелеймін деп отырып батаны да ұмытты.

– Қайсысы жеңді, қайсысы?

– Ағиба да. Бір шөкім кетені тама табанына тұрғыза ма, «Осыдан іниме дауыс берме, інге кіргізейін» деп... Қатын қайраттанса қазан ғана қайнамас... Жә, қойшы оны! Ал аң қалай, қанды ауызыңды сайлап отырсың ба?

– Шибөрі күн бермей тұр деп малшылар зар жылай-ды. Әуселесін көрейін деп отырмын.

– Шибөрі?

– Иә. Он шақты жыл болды ғой Қошалаққа сондай бір мақұлықтың бауыр басқанына... [15, 8].

Яғни, көркем мәтіннің энергиясы - диалог арқылы оқырманға жетеді. Жоғарыдағы диалогтердегі графикалық ерекшеліктер, санамалау құбылысы көркем мәтіннің энергиясын арттырып тұр. Себебі мәтін энергиясы шығармадағы кейіпкерлер арасындағы тартыстан бірден көрінеді. Ал тартыс диалогке құрылып, көркем шығарманың серпінді қуатын арттырады.

Сонымен бірге диалогтің ең қуатты элементтерінің бірі – астарлы мағына, яғни жасырын мән, ол тікелей айтылмай, тұспалдау, интонация және айтылмаған ойлар арқылы беріледі. Астарлы мағына диалогке көпқабаттылық қосып, оны энергияға толтырады, оқырманға кейіпкерлердің шынайы ойлары мен сезімдерін өз бетімен түсінуге мүмкіндік береді. Мұндай диалог оқырманды тереңірек қызықтырып, «жасырын мәнді» табуға мәжбүрлейді.

Көркем шығармадағы диалогтің келесі қызметі – ***сюжетті бейнелі дамыту.***

Диалогтің көркем шығармада қолданылу мақсатын сөз еткенде, бір диалогтің өзінде әртүрлі функциялардың араласып келе беретіндігін, бірақ бірі басым болатындығын есте ұстаған жөн. Айталық, кейіпкердің мінезін ашу, сезімін бейнелеу мақсатымен қолданылған диалогтердің (оның қай түрі болмасын) қай-қайсысы да сюжетті дамытып отырады.

– Жайлыекең қайда?

– Жай сұрадың ба?

– Соттан қағаз бар.

– Не қағаз?

– Малайыңызға ақы бермеген екенсіз, сол ізденіп сізге мың сом алатын «Решение» салғызыпты... [10, 53].

Осы іспетті салттық диалогтер әңгіме сюжетін бейнелі түрде дамыту, оқиғаны баяндауды түрлендіру, жандандыру мақсатын көздейді. Оларды авторлық баяндаумен оңай ауыстыруға болатыны да содан.

Екі адам арасындағы әңгіменің диалотық сипаты жойылып кетпей, сақталуы үшін кейіпкерлердің ұзақ баяндауы үзіліп беріледі. Диалогке қатысушы кейіпкерлердің репликалары қысқаша сұрақ форматында да келіп көркем шығарманың сюжетін дамытады. Мысалы:

– Ағай, сіздің атыңыз Бурахан ғой?

– Бурахан.

– Кинорежиссерсіз ғой?

– Оны кайдан білдің?

– Білемін.

– Қайдан?

– Айтпаймын... [12, 26].

Сонымен бірге диалог қыстырма ретінде де келіп сюжетті дамытуға атсалысады.

– Өзің отыршы, сөзіңді тыңдағым кеп барады, – деді.

– Менің Жаңгірімдей екен ғой... – деді, Темір патша ақырын ғана күрсініп [16, 126].

Көркем шығармада диалог осындай формада келіп, үзілген әңгіме қайта басталып, баяндау желісі әрі қарай жалғаса береді.

Сонымен, диалогтің сюжетті дамыту қызметі – кейіпкердің басынан өткенді, өзі қатысып отырған оқиғаны ғана емес, естігенін де аңыздап әңгімелеп беру арқылы да іске асады.

Көркем шығармада диалог – ***мінездеу қызметін*** атқарады. Айталық, Р.Сейсенбаевтың «Шайтанның тағы» романында отбасылық қарым-қатынастар мен қоғамдағы мәселелер тереңінен қарастырылады. Оқиға желісі негізінен үш негізгі кейіпкер – Ескендір, Баян және Абылай төңірегінде өрбиді, бұл арқылы автор әртүрлі әлеуметтік және кәсіби мәселелерді қозғайды. Романда кейіпкерлердің рухани әлеміне терең бойлау арқылы олардың ішкі дүниесінің нәзік қалтарыстары мен бұлтарыстары көрсетіледі.

Автор әр кейіпкердің өміріндегі түрлі оқиғаларды суреттеу арқылы олардың мінездерін біртіндеп ашады. Ескендірдің парасатты, әділ әрі рухы мықты тұлға ретінде бейнеленуі, Баянның сезімтал әрі күрделі ішкі әлемі, Абылайдың өмірге деген көзқарастары арқылы автор үш түрлі адам бейнесін сомдайды. Олардың әрқайсысы қоғамдағы өзгерістерге, адамдар арасындағы қақтығыстар мен күрделі ситуацияларға түрліше әрекет етіп, сол арқылы олардың жеке тұлғалық сипаттары ерекшеленеді.

Оқиға барысындағы әртүрлі жанжалдар, күрделі моральдық таңдаулар мен ішкі тартыстар осы кейіпкерлердің дамуына әсер етеді. Бұл арқылы автор тек қана жеке отбасылық қарым-қатынастарды емес, сонымен қатар кеңірек әлеуметтік мәселелерді де көтереді. Әрбір кейіпкердің рухани және адамгершілік қасиеттері біртіндеп тереңдей түседі, бұл олардың мінездерінің даралығын айқындап, оқырманға ерекше әсер қалдырады.

Шығармадағы Ескендір бейнесі жан-жақты дамыған, рухы берік және әділетті тұлға ретінде суреттеледі. Оның мінезінің негізгі қырлары - парасаттылық, отбасына деген қамқорлық және өмірдегі салмақтылық. Романның кейіпкері ретінде Ескендір өз отбасының тірегі, тыныштығын қорғаушы адал әке рөлінде көрінеді. Ол отбасы мүшелерімен, әсіресе жұбайы Айшамен, қызы Баянмен және ұлы Абылаймен болған диалогтерінде сабырлы, ақылға қонымды, терең ойлайтын адам ретінде бейнеленеді. Оның мінезінің жұмсақтығы мен даналығы осы қарым-қатынастар арқылы анық көрінеді.

Сонымен қатар, Ескендірдің мінез ерекшеліктері тек отбасылық қарым-қатынастарда ғана емес, қызмет барысында да ашылады. Түрлі адамдармен байланыс жасағанда, ол өзінің әділдігі, салмақтылығы және парасаттылығымен ерекшеленеді. Бұл оның ішкі дүниесінің байлығын және қиын жағдайларда өзін ұстай білу қабілетін көрсетеді. Ескендірдің өмірлік қағидалары мен тұлғалық

қасиеттері оны күрделі, көпқырлы кейіпкер ретінде көрсетіп, оқырманның ықыласына бөленуге мүмкіндік береді.

Бұл әсіресе роман кейіпкері Колхозжанмен қатар суреттелгенде анық көрінеді. Бір қызметтегі екі адамның екі түрлі мінезі қақтығыстар арқылы айқындалады.

– Шындығын айту керек, Арекең сізді әлі де өлердей жақсы көреді. Інішектің жұмысына көмек беруге бас тартқаныңызда, өкпе артып, сізді жек көргенім рас. Сонда сізге кіршік жуытпаған да Арекең. Әлі де осал еместігіңізді сонда аңғарып едім. Арекең жең ұшынан жалғасар алыс-берісіңіз бар-ау, – деп Жан сықылықтай күлді.

– Аға-інілік тілектестіктен басқа не болсын. Сен айтқандай жең ұшынан жасалар арамдыққа қаным қас. Оған үйренбегенбіз.

– Бекер, Еске, бекер. – Жаңа ғана жымиып тұрған Жаның жүзі лезде сұрланып кетті. – Ата сақалыңыз аузыңызға түсее де, өмірге қырыңыз жоқ-ау. [2, 26].

Колхозжан – студенттік жылдардан келе жатқан көзтаныс, заң қызметкері. Ол – Ескендірге қарама-қарсы мінездің адамы, айлалы, қу жігіт. Колхозжанмен қатарластыра қарсы қоя суреттеу арқылы автор Ескендір бейнесінің жақсы қырларын аша түседі. Ескендірдің репликасы арқылы кейіпкерінің шыншыл, өткір мінезін айқындай түседі.

– Сенің пышақ айналмайтын ішіңді, Колхозжан, студенттік кезіңде-ақ таныған едім. Соғыста болмасаң да, екінші дүниежүзілік соғысты жалғыз сен тәмамдағандай, менің содаттық киімімді киіп, жатақханадағы бар орден, медальдарды өңіріңе тағып, қыздарды алдайтыныңда, бұл жастықтың әсерлі буы ғой, жөнге келер, басылар деп ойлаушы едім. Бірақ қателескенімді кейін аңғардым. Сен бұрын қыздарды ғана алдасаң, енді халықты алдай алмайсың, үйткені адамның бойында патриоттық пен алаяқтық қатар тізгін тарта алмайды. Адам не шын мәнінде патриот, не алаяқ. Бұдан бөтен үшінші ұғым болуы мүмкін емес, болмайды... болуға қақысы да жоқ» [2, 41].

Көркем шығармадағы диалогтің мінездеу қызметі – автордың шеберлігіне тікелей қатысты. Бұл шеберлік кейіпкерлердің сөз саптауынан, екі кейіпкердің диалогке қатысымға түсуінен, кейіпкерлердің дәрежесі мен қызметін беруде танылады. Диалогтің мінездеу қызметі арқылы – *автор-кейіпкер-оқырман* үштігінің байланысы нығая түседі.

Сонымен, тараушадағы айтар ойымызды түйіндесек: Көркем мәтіндегі диалогтің коммуникативтік сипаты - *сөйлеу актілері мен коммуникативтік ниетпен, коммуниканттардың интенциямен тығыз байланысты екендігі анықталды. Бұл орайда коммуникативтік ниеттің түрлері анықталып, мысалдармен дәйектелді. Диалогтік қатысым барысындағы коммуниканттардың сөйлеу* ***қадамы*** *мен* ***адымы*** *диалогтің коммуникативтік сипатын айшықтай түсетіні анықталды.*

Көркем шығармадағы диалогтің атқаратын қызметі сан алуан. Біз жұмысымызда оның ең негізгілеріне тоқталдық Атап айтқанда, ***көркемдік қызмет атқарады, яғни адам образын жасайды.*** *Бұл қызмет көркем шығарманың қуатын арттырып, кейіпкерді даралай түсетіні анықталды. Диалогтің* ***графикалық ерекшеліктері*** *де белгілі бір қызмет атқарып, шығарманың бедерін айшықтайтыны нақтыланды.* ***Диалогтің сюжетті дамыту қызметі*** *- әңгіме сюжетін бейнелі түрде дамыту, оқиғаны баяндауды түрлендіру, жандандыру мақсатын көздейді.* ***Диалогтің мінездеу қызметі*** - кейіпкерлердің сөз саптауынан, екі кейіпкердің диалогтік қатысымға түсуінен, кейіпкерлердің дәрежесі мен қызметі арқылы танылып, *автор-кейіпкер-оқырман* үштігінің байланысы нығая түседі.

Бірінші тарау бойынша түйін

Бұл тарауда көркем мәтіндегі диалогтің сипатын анықтау көзделді. Көзделген мақсатқа жету үшін «мәтін», «дискурс», «диалог» ұғымдарының арақатынасы ажыратылды.

Лингвистикалық тұрғыдан мәтін – тілдік бірліктердің белгілі бір жүйеде ұйымдастырылып, мағыналық тұтастықты білдіретін құрылымы болса, экстралингвистикалық тұрғыдан ол қоғам, мәдениет, тарих секілді факторлармен тығыз байланысты. Мәтін ақпаратты жинақтау және тасымалдау функциясын орындайды, сонымен қатар адамның когнитивтік үдерістерін тудырып, оларды бейнелейді. Басқаша айтқанда, мәтін арқылы адамдар әлемді қабылдайды, түсінеді және мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізеді.

Мәтін мен дискурс ұғымдары жиі бірге қарастырылады, бірақ олардың өзара байланысы түрлі лингвистикалық бағыттар мен зерттеу тәсілдерінде әртүрлі түсіндіріледі. Мәтін негізінен тұрақты тілдік құрылымға ие болса, дискурс – мәтіннің нақты коммуникативтік жағдайдағы жүзеге асуы, оның мәнмәтінмен, сөйлеуші мен тыңдаушының әлеуметтік-мәдени ортамен байланысын көрсетеді.

Кейбір зерттеулерде мәтін дискурстың статикалық көрінісі ретінде қарастырылса, дискурс оның динамикалық, әрекеттік жағын қамтиды. Яғни мәтін – тілдік формада көрініс тапқан ақпарат, ал дискурс – сол ақпараттың белгілі бір әлеуметтік, мәдени, тарихи контексте жүзеге асуы.

Мәтін мен *дискурс* ұғымдарының айырмашылығын анықтауда дискурстың ерекшеліктерін үш түрлі бағытта сипаттауға болады, бұл оның күрделі және көпқырлы табиғатын көрсетеді.

Дискурс – әлеуметтік мазмұндағы коммуникативтік іс-әрекет: Бұл тұрғыда дискурс қарым-қатынас жағдаятында жүзеге асатын сөйлеу әрекеті ретінде қарастырылады. Дискурс тек тілдік құрылым емес, сонымен қатар оны қолданатын жеке тұлғаның әлеуметтік және мәдени мәнмәтіндегі коммуникативтік іс-әрекеті болып табылады.

Дискурс – сөйлеудің тілдік тәсілі: Мұнда дискурстың стилистикалық және тілдік ерекшеліктеріне, сөйлеушінің тілдік қолданысына, ақпаратты беру тәсілдеріне, сендіру немесе дәлелдеу құралдарына ерекше мән беріледі. Бұл тұрғыда дискурс риторикамен және тілдік стильдермен тығыз байланысты.

Дискурс – қатысушылардың пікірі мен әрекеттеріне сыни көзқарас: Үшінші бағытта дискурс талдау әдісі ретінде қарастырылады, ол қарым-қатынасқа қатысушылардың пікірлерін, ұстанымдарын және әрекеттерін сын тұрғысынан зерттейді.

Осылайша, дискурс – қарым-қатынас контекстінде жүзеге асатын, тұлғаның тілдік және әлеуметтік әрекетін қамтитын, қатысушылардың өзара әрекеттесуі арқылы туындайтын күрделі құбылыс.Дискурс – мәтін және дискурс – диалог ұғымдарының арасындағы айырмашылықтар олардың белгілеріне қарай ажыратылады. Ғалымдардың көзқарасынша, *мәтін* деп ауызша және жазбаша түріндегі монолог пен диалогті айтса, ал *дискурс* деп құрамында экстралингвистикалық факторлармен астасқан күрделі коммуникативтік құбылысты атайды.

Диалог пен *дискурс* ұғымдары жақындау болғанымен, екеуінің қолданылу аясы екі түрлі. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық: диалогте тілдің интерактивтік қолданысы байқалса, дискурс үшін коммуникацияның әлеуметтік мәнмәтінге енуі маңызды Осы тарауда шетелдік және отандық тіл біліміндегі осы үш ұғымға берілген анықтамалар салыстырылды. Мәтін мен дискурс ұғымының айырым және ортақ белгілелері кесте түрінде түсіндірілді.

Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық сипаты анықталды. Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымы **диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе** деп ажыратылды.

Диалогтік кіріспе – диалогтің алғышарты, диалогтің басталуына дайындық іспетті бөлік. Диалогтің кіріспе бөлігі мынадай мақсаттарда жұмсалады: *1) кейіпкердің өзіне тән характерін сипаттау үшін; 2) кейіпкерді кеңістікпен тұтастыққа алып суреттеу үшін; 3) диалогтегі кейіпкер сөзінің нақты қандай ситуацияда айтылғанын көрсету үшін диалогтегі сөйлеуші кейіпкерлердің мінезін, ойын, сөзін нақты ситуацияға байланысты әр қырынан толықтыру үшін.*

Авторлық кірікпе – диалогтегі ойдың жалғасы іспеттес. Мұнда диалогтегі жағдай кеңінен ашылады. Диалогке қатысушы кейіпкерлердің сезімі, ой-түсінігі, қимыл-әрекеті жазылып, айшықты суреттеледі. *Авторлық кірікпе* ремаркадан нүкте арқылы ажыратылып, диалог құрылымында дербес орын алады.

Біз анықтаған диалогтік кіріспе, диалог, авторлық кірікпе – тұтас бір синтаксистік құрылым. Олар мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланысты. Мұндай құрылымды күрделі синтаксистік тұтастық деп атауға болады.

Көркем мәтіндегі диалогтің функционалды-коммуникативтік сипаты - сөйлеу актілері мен коммуникативтік ниетпен, коммуниканттардың интенциямен

тығыз байланысты екендігі анықталды. Бұл орайда коммуникативтік ниеттің түрлері анықталып, мысалдармен дәйектелді. Диалогтік қатысым барысындағы коммуниканттардың сөйлеу **қадамы** мен **адымы** диалогтің коммуникативтік сипатын айшықтай түсетіні анықталды.

Көркем шығармадағы диалогтің атқаратын қызметі сан алуан. Біз жұмысымызда оның ең негізгілеріне тоқталдық Атап айтқанда, ***диалог - көркемдік қызмет атқарады, яғни адам образын жасайды.*** Бұл қызметтің көркем шығарманың қуатын арттырып, кейіпкерді даралай түсетіні анықталды.

Диалогтің ***графикалық ерекшеліктері*** де белгілі бір қызмет атқарып, шығарманың бедерін айшықтай түседі.

Диалогтің сюжетті дамыту қызметі - әңгіме сюжетін бейнелі түрде дамыту, оқиғаны баяндауды түрлендіру, жандандыру мақсатын көздейді.

Диалогтің мінездеу қызметі - кейіпкерлердің сөз саптауынан, екі кейіпкердің диалогтік қатысымға түсуінен, кейіпкерлердің дәрежесі мен қызметі арқылы танылып, *автор-кейіпкер-оқырман* үштігінің байланысы нығая түседі.

Көркем мәтіннің энергиясы - диалог арқылы оқырманға жетеді. Диалогтердегі графикалық ерекшеліктер, санамалау құбылысы көркем мәтіннің энергиясын арттырып тұр. Себебі мәтін энергиясы шығармадағы кейіпкерлер арасындағы тартыстан бірден көрінеді. Ал тартыс диалогке құрылып, көркем шығарманың серпінді қуатын арттырады.

2. ДИАЛОГ – ЭТНОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТІ ТАНЫТАТЫН БІРЛІК

2.1 Көркем мәтіндегі диалогтің түрлері

Егер мәтінде хабар шынайы өмірдің нақты көрінісін суреттеу арқылы берілсе, онда автор суреткер ретінде көрінеді және мәтіннің көркемдік жағына мән береді. Көркем мәтінде адресант пен адресаттың ортақ танымына сай, шындық болмыстағы оқиғалар мен құбылыстар сөз болады. Сол себепті бір тақырыпқа әртүрлі авторлар шығарма жаза алады. Әр автор өз оқиғасын оқырманы үшін тартымды, қызықты және әсерлі етуге тырыса отырып, оның дүниетанымына ықпал етуді мақсат етеді. Автордың танымдық деңгейі оның тақырыпты таңдауы мен оны оқырманға жеткізу шеберлігінен байқалады. Суреттеліп отырған дәуірге сәйкес келетін тілдік қолданыстарды, диалектизмдерді және бейнелеу тәсілдерін орынды пайдалану, әр сөздің мағынасын оқырманның танымына үйлестіру – кез келген адамның қолынан келе бермейтін шеберлік. Сондықтан да көркем мәтін – 1) тілдік, 2) танымдық, 3) эстетикалық ақпараттар кодқа салынған ерекше тілдік семиотикалық жүйе [98, 32].

Қазақ мәтіндерін құрамындағы тілдік компоненттердің құрылымына қарай ***метаментальді және этноментальді*** деп ажыратуға болады.


Метаментальді мәтіннің коммуникативтік мақсаты адресанттың (автордың) ниетіне негізделе отырып анықталады. Автор бұл мақсатқа жету үшін адресаттың (оқырманның) дүниетанымына әсер етуді көздейді. Осы мақсатта автор, біріншіден, сөйлеудің прессупозициялық түрін таңдайды, яғни «сөйлеу жағдаятымен байланысты анықталатын сөйлеушілердің білім қоры мен тәжірибесінің қажетті бөлігін іріктейді». Екіншіден, сөйлеу актісін құрастыруда қарым-қатынас құралы ретінде қолданылатын тілдік бірліктерді тиімді түрде ұйымдастырады.

Этноментальді мәтіндер А. Байтұрсынұлы атап өткендей, күн көріс ісі мен көңіл көтеріс ісінен туындайды. Бұл туралы ғалым: «Адам баласының сөзі ежелден екі түрлі мақсатта қолданылып келеді. Біріншісі – күн көріс ісіне, екіншісі – көңіл көтеріс ісіне. Алғашқысы «қара сөз» деп аталған, ал соңғысына «өлең сөз» деп атау берген. Қазақта өлеңнің өзі екі түрлі: бірі – әнді, екіншісі – мәнді. Әнді өлеңде негізгі назар әнге аударылғандықтан, сөздің көркемдігіне аса мән берілмеген. Ал мәнді өлеңде басты назар әннен гөрі сөзге аударылғандықтан, айтушы сөздің көркем әрі мағыналы болуына көп күш салған», – деп қазақтың сөз өнерін халықтың болмысымен, дүниетанымымен және ұлттық ойлау жүйесімен байланыстырады [99, 21].

Қазақ тіліндегі этноментальді мәтіндер этномедни ақпарат береді. Этномәдени ақпараттар әр түрлі формаларда жүзеге асады. Мәселен, батаның, беташардың, айтыстың, шешендік сөздің т.б. әрқайсысының өзіне тән этномәдени сипаты бар. Олар прецедентті мәтіндер қолданысына негізделген. Ю.Карауловтың айтуынша, прецедентті мәтіндерге: «тұлға үшін танымдық және эмоционалды жағынан маңызы бар мәтіндер; тұлғаның айналасындағы адамдардың бәріне де

кеңінен таныс мағұлматтар, тілдік тұлғаның дискурсында бірнеше қайтара қолданылатын мәтіндер жатқызылады» [100, 25].

Біз жоғарыдағы тұжырымдарға сүйене отырып, көркем мәтіндегі диалогті метатанымдық және этнотанымдық деп жіктеп, алғашқысына проза мен поэзия және драмадағы диалогтерді, соңғысына айтыс пен шешендік сөздердегі диалогті топтап, төмендегі сызба арқылы түсіндіруге тырысамыз.



3- сызба. Диалогтің қазақ мәтіндеріндегі жіктелісі.

Осы тараушамызда метатанымдық диалогтер, яғни проза мен поэзиядағы және драммадағы диалогтерге талдау жасай отырып, жинақтаған мысалдарымыз негізінде көркем мәтіндегі диалогтің түрін анықтауға талпынамыз.

Диалог – сөйлесу, әңгімелесу пішіні, кем дегенде екі адамның пікір алысуы; ғылыми және көркем әдеби шығармада қолданылатын тәсіл. Диалог көркем және драмалық шығармаларда маңызды рөл атқарады, себебі ол кейіпкерлердің мінезін, ішкі дүниесін ашуға, шығарманың көркемдік идеяларын жеткізуге көмектеседі. Диалогтің драмалық табиғаты оның интонациясы, ырғақтылығы және эмоциялық толқыныстарынан тұрады. Әр кейіпкердің сөз саптауы арқылы олардың ой-толғаныстары мен ішкі дүниесінің ерекшеліктері көрініс табады. Жазушының шеберлігі де осы сәтте байқалады, өйткені ол әр кейіпкерді олардың жеке мінезі мен ойлау деңгейіне сәйкес сөйлетуі керек. Мазмұнды диалог құру жазушының халықтық тіл байлығын шебер пайдалануынан көрінеді. Кейіпкерлердің сөздері арқылы олардың даралығы, әлеуметтік жағдайы, мәдениеті, тәжірибесі және басқа да қырлары айқындалады. Сонымен қатар, диалогтің ырғақтылығы мен интонациясы оқырманға кейіпкердің эмоциясын, жағдайын сезінуге мүмкіндік

береді, бұл шығарманың шынайылығы мен әсерлілігін арттырады. Жазушы үшін кейіпкерлерді диалог арқылы сөйлету – оқиғаның табиғилығын сақтап, көркемдік идеяларды терең ашуға мүмкіндік беретін тиімді құрал.

Жазушының шеберлігі диалог арқылы кейіпкердің мінез-құлқын, болмысын және жеке тұлғасын түрлі жағдайлар мен тақырыптарда және адамдармен қарым-қатынас арқылы көрсетуінде жатыр. Кейіпкердің «Мен» болмысының көпқырлылығы, оның ерекше мінезі, дүниетанымы және өмірлік тәжірибесі жазушының қолындағы диалогтік құралдар арқылы толық ашылады. Жазушы кейіпкерді әртүрлі диалогтерге, қарым-қатынасқа қатыстыра отырып, оның әр түрлі қырын, эмоциясын, ойларын, көзқарастарын жан-жақты суреттеуге ұмтылады.

Сонымен қатар, кейіпкердің қалыптасуы мен дамуы жазушының шығармашылық шеберлігіне тікелей байланысты. Автор кейіпкерді сомдауда, оның бейнесін жасауда өзінің тіл байлығын, диалог құру қабілетін және кейіпкерлердің психологиясын түсінуін қолданады.

Шынында да, кейіпкердің ең бірінші сыншысы да, әміршісі де – автордың өзі. Ол кейіпкерді өмірге әкелуші әрі оның тағдырын анықтаушы, мінезін қалыптастырушы ретінде шығармашылықтың барлық қырын пайдалана отырып, кейіпкерді тірі бейне ретінде суреттейді. Әр диалогтің мәні мен рөлі – кейіпкердің бейнесін толықтырып, оның тұлғалық ерекшеліктерін оқырманға айқын әрі әсерлі түрде жеткізу.

Көркем диалог – жазушының мұқият ойластырылған көркем мәтінінің бөлігі. Оның ерекшелігі – ойды тіл арқылы жеткізуге деген үлкен назар аударылып, барлық элементтеріне эстетикалық мән беріледі. Тілдегі қателер де тілдік ерекшеліктің бір құралына айналып, кейіпкер бейнесін жасауда қызмет етеді, сөздер барынша мәнерлі болуы үшін мұқият іріктеледі. Бұл қасиет кез келген көркем диалогке тән, алайда олардың нақты көрініс табу деңгейі көптеген факторларға, оның ішінде жазушының шеберлігіне де байланысты.

Сонымен бірге, дарынды авторлардың қолтаңбасында кейіпкерлер сөздерінің қайталанбас ерекшелігі көп жағдайда жазушының өзіндік мәнері арқылы көрінеді. Жазушы шығарманы жазу барысында сөздік қорындағы материалдарды тек әдеби тілден ғана емес, басқа да көптеген коммуникативтік-тілдік тұлғалардан қалай таңдап, қолданғанына қарай ерекшеленеді.

Ғалым А.Соловьева диалогті мынадай төрт түрге бөліп көрсетеді: диалог-тартыс, диалогтік-талас, диалог-түсіндіру, қостау диалогі – мұнда екі әңгімелесуші бір-бірінің пікірін қостап отырады. Және олардың өзіндік ерекшеліктерін талдап көрсетеді [101, 164].

Көркем шығарманың маңызды негіздерінің бірі – диалог, яғни сөйлеу тілі екені белгілі. Зерттеуші ғалымдар көбінесе диалогті кейіпкердің бейнесін ашу құралы ретінде қарастыратын біржақты пікірде болған. Алайда, диалогтің тек образды ашу ғана емес, жалпы шығарманың архитектоникасын құрудағы тиімді әрі маңызды тәсіл екендігі де жиі атап өтіледі.

Академик В. Виноградовтың мына пікірі: «Диалогтің құрылымы мен қызметі, прозалық шығармалардағы дара стильдегі «жылжу» тәртібі, оның авторлық баяндау стилінің әртүрлі түрлерімен байланыс тәсілдері мен принциптері – көркем проза стилін зерттеудің маңызды мәселелерінің бірі. Бұл салада дара көркем стильдің ерекшеліктері ерекше айқындалады», – көптеген мәселелерге назар аудартып, зерттеулерге бағыт береді [102, 175].

Прозалық шығармадағы диалог ерекшеліктері

Көркем шығармада оқиғаға қатысушы кейіпкерлердің сөзін монолог, диалог және полилог түрінде жеткізу дәстүрі ертеден келе жатқаны белгілі.

Мысалы, М. Әуезовтің алғашқы прозалық шығармаларының бірі «Қорғансыздың күнінде» кейіпкер сөзі әртүрлі тәсілдермен беріледі. Алдымен кейіпкердің тілі – Күшікпай жайлы әңгімені айтқан ақсақалдың ұзақ монологі. Бұл ақсақалдың аты аталмайды және ол әңгімедегі оқиғаға да араласпайды. Автор бұл кейіпкерді халық шежіресінің типтік өкілі ретінде пайдаланып, сол аймақ тарихын оқырманға сенімді түрде баяндаудың тиімді тәсілі ретінде қолданғаны айқын. Осы себепті онымен сөйлесетін немесе әңгімені жалғастыратын басқа кейіпкердің болмауы да орынды.

Сол әңгімедегі алғашқы сөз Қалтайдікі. *«Божы ұстап отырған Қалтай бетін уқалап кішкене қозғалып, Ақанға қарап: – Батыр-ау, мына Күшікпай "мені өлтірген шешек – осы Ж. қаласы» дей ме? Немене: бір емес, екі емес ызғырықтайды да тұрады, – деп күлді»* [14, 175].

Ақан Қалтайға жауап бермейді. Қалтай да жауап күтпеген сияқты, тек өз ойын баяндап отырғандай көрінеді. Басқаша айтқанда, қасиетті тұқымды жамандауы арқылы жанындағы бастығына бағыныштылығын көрсетіп, оның көңілінен шығу үшін барын салып отырғаны түсінікті. Осылайша, жазушы бір ғана ауыз сөзбен адамның мінезін ашады. Ал Ақанның үндемеу себебі – қол астындағы адамның қалай сөйлейтінін жақсы білетіндігі. Ақанның қарсы пікір білдірмейтіні белгілі, яғни ол көңіліне жағымды сөздерді жылы қабылдаушы тыңдарман рөлінде көрінеді.

Кейінгі сөздерден көрініп тұрғандай, алғашында Ақан «көнбейтін» сияқты көрінгенімен, Қалтай оны тез көндіріп, өз дегеніне келістіре алады:

Ақан мырза қораның сиқын көріп, көңілсізденіп:

– Қалтай, осы үйге қайдан әкелдің? Кісі отырарлық жері де бар деймісің, басқа үйлердің біріне бармай, – деді.

Қалтай атты доғарып жатып:

– *Үндеме, неге әкелгенімді кейін білерсің, – деді* [14, 175].

Осыдан кейін ас үстіндегі әңгіме берілмейді. Алайда, сырттағы сөз алмасу мен келісімді жазушы мынадай ишарамен көрсетеді: «Ақан Ғазизаның үйде отырған кездегі ажарынан үміттенерлік ештеңе байқамаған соң, тысқа шыққанда Қалтайға сыбырлап, біраз жасырын сөз айтты. Қалтай басын изеп, оның сөзін құптады».

Мұндай жағдайларда жазушы кейіпкер сөздерін әдейі ашық жарияламайды, себебі олардың ойларында жиіркеніште қылықтары мен арам пиғылдары бар. Осындай жағымсыз қырларын ашық баяндап, оқырманның эстетикалық талғамына зиян келтірмеу үшін кейіпкерлерді «сыбырлатып», «жасырын сөйлетеді». Дегенмен, оқырман болып жатқан немесе болғалы тұрған сұмдық оқиғалардан жанама түрде хабардар болады.

Мына үзіндіден де соны байқаймыз: *«Алдынан ентігіп, беті дуылдап, қызарып, жаңа болған құмарлықтан бұзылған түрмен Ақан шыға келді. Екеуі де сөйлескен жоқ. Бірақ көңілдегі істерін айтыспай-ақ ұғысты»* (Қорғансыздың күні).

Кейіпкерлерінің сырт келбетінен қандай оқиғаның болғанын және сол туралы сөз қозғамай-ақ өзара түсініскенін байқаймыз. Шынында, бір кейіпкер мақтанышпен, ал екіншісі қайғылы іске қуанып сөйлеп жатса, бұл бір жағынан артық әшкерелеу болар еді. Екіншіден, М. Әуезов сияқты әлемдік әдебиет үлгілерінде жазушы этикасын сақтай білетін зиялы адамның жоғары мәдениет тұрғысынан суреттеп, бейнелеу деңгейіне нұқсан келтірер еді.


Оның үстіне, прозалық шығармаларда төл сөз, төлеу сөз арқылы берілуі мүмкін. Шығарма авторының кейіпкерлердің ішке бүгіп, іркіп қалған сырларын оқырманға жеткізу мүкіндігі де бар. Демек, прозалық диалогтің құрылымын күрделі және оның нақты қолданыстары әр алуан. Бұл ең алдымен диалог пен авторлық баяндаудың арақатынасының әрқашан жаңа болып келетіндігіне байланысты. Ғалым Х.Кәрімов бұл жайында: Диалог сөздің тілдік-стилистикалық ерекшеліктері жазушының даралық стиліне және әр жанрдың хабарлау-эстетикалық нормаларына сай болып келеді. Көркем шығармаға стилистикалық талдау жасағанда ондағы төл сөз ретінде айтылғанның бәрін диалог деп атап өте шығу дұрыс бола бермейді. Диалогтің көркем шығармадағы қызметін, жеке авторлар стилінде алатын орнын, қолданылу ерекшеліктерін анықтау үшін алдымен оның жеке түрлерін ажыратып алудың мәні бар», – деп тұжырымдайды [74, 75].

Жеке қаламгерлер тіліндегі диалог түрлерінің қолданысын және оның кейіпкер бейнесін танытудағы рөлін анықтау – көркем әдебиет тілін зерттеуші ғалымдардың өзекі мәселелерінің бірі.

Көркем шығармадағы диалог түрлері күнделікті өмірде адамдардың қарым-қатынас жағдайы, өзара түсінісу, сөйлесу сипаты қаншалықты көп болса, ол да саны жағынан соншалықты мол болып келеді. Ғалымдардың зерттеулерінде диалогтің типологиясына және оның жіктелуіне қатысты нақты орныққан пікір жоқ. Диалог түрлерінің саны да әр ғалымда әртүрлі көрсетіліп жүр.

Х.Кәрімов прозалық шығармалардағы диалогтерді таза, аралас, көп дауысты деп бөледі. Ғалымның өз сөзімен айтсақ: «Көркем әдебиетте таза диалог, аралас диалог, көп дауысты диалогтер бірден пайда болмаған. Алғашқысы диалогтің таза түрі. Ы.Алтынсарин әңгімелері мен ХХ ғасырдың басындағы қазақ прозасындағы

диалогтер сондай» [74, 27]. Аталған диалог түрлерін сызба арқылы төмендегіше жинақтауға болады.



4-сызба. Көркем прозадағы диалог түрлері.

Таза диалогте сөз иесінің кім екендігін білдіру үшін қарапайым ремарка қолданбауға болады. Ол мүмкін жағдай. Ал оны кім қай шығармасында, қай жерінде, қандай мақсатпен қалай пайдаланады, ол автордың шығармашылық еркі мен қалауына байланысты болады. Бұған көз жеткізу үшін төмендегі мысалға назар салып көрелік:

– *Бұл бірінші балаң ба?*
– *Иә, бірінші балам. Сен кімсің?*
– *Мен бе? Адаммын-ау, дейім...*
– *Әрине, адамсың! Қатының бар ма еді?*
– *Жоқ. Әзір реті келмей қойды...*
– *Өтірік айтасың...* [16, 175].

Бір күні шошқаларын айдап есен көлге кетіп бара жатыр еді, артынан біреу келіп:

– *Бағар көбейсін, шалым! – деді.*

Қараса, Шәкен дәрігер екен. Кәдуілгі малшыларша Есен «айтсын» деп жалт қараса, дәрігер мазақ қылғандай, күле айтып тұр екен.

– Е, шалым енді шошқа бақтың ба? – деді, тағы да дәрігер аяушылық еткен пішінмен. Бұл жолы мазақтап тұрғаны Есенге тіпті айқын көрінді.

– Шырағым, біздің ісіміздің бәрі ерсі ғой сендерге. Аулағырақ жүрсең қайтер екен! – деді, Есен таяғына сүйеніп тұрып. – Аулақ дегенге түсінесің ғой?! [16, 190].

Мұның екеуі де таза диалог және бір автордың қаламынан туған. Ал құрылымы жағынан мүлдем ұқсамайды. Әсіресе, күрделі құрылымды екінші диалог өте қызық. Есен шалдың жауап репликасы «айтсын», автор сөзінің ішіне енгізілген. «Айтсыннан» кейінгі ремарканың екінші бөлімі *«дәрігер мазақ қылғандай, күле айтып тұр екен»* шалдың жауап репликасына емес, алдында Шәкен айтқан

кекесінге, оның есеннің өңменінен өтердей әсеріне қатысты. Бұл – көркем прозадағы диалогтің автор сөзімен сан қилы қарым-қатынаста болғандығының жарқын үлгісі.

Прозалық шығарма мәтінінде аралас диалогтің да үлес салмағы мол. Аралас диалогтің қолданысына төмендегі мысал дәлел болады:

Рақым тағы да іле жөнелді.

– Себеп пе?

– Себеп? Сол себепті ойлап келем, - деп Несібай оң қолының оқыс ауырған жерін сипап тұрып: – Себеп ескінің сызы ма деймін, – деді.

– О, не дегенің? Қандай сыз? – деп Рақым басында түсіне алмады.

Құлжатай да аңырап қалған еді.

– Көз алдымнан өткіздім ғой. Кеше зоотехниктің бір сөзі көңілімі қона кетті. Бұрын ондайды қазақы күйде есеп қыламыз ба? Сол бір дұрыс сөз айтты.

– Не деді? [14, 205].

Ғалым Х.Кәрімов кемеңгер жазушы М.Әуезовтің прозалық шығармаларындағы диалогтер жайлы былайша толғанады: «М.Әуезовтің диалогті пайдалануында көзге түсетін бір ерекшелік бар. Ол – диалогтің жазушы әңгімелерінде кейіпкер мінезін ашуда, образ жасауда бірден-бір тәсіл болмай, көбінесе кейіпкердің іс-әрекеті автор атынан суреттеу мен мінездеуге қосымша, көмекші тәсіл ретінде қолданылатындығы. Жазушының 20-жылдары жазған әңгімелерінің көпшілігінде диалог тым аз, кейбіреуінде кездеспейді десе де болғандай! Ол 30-жылдардағы ғана әңгімелеріне диалогті көбірек қолдана бастады. Диалог авторлық баяндаумен өте тығыз байланыста болады. Бұл байланыс мағыналық жағынан ғана емес, сонымен бірге құрылымы мен стилистикалық жағынан да келеді. Құрылымы жағынан авторлық баяндау мен диалог арасындағы жақындаудан комментариден (түсініктемеден), кейіпкердің сөздерінен, реплика түрлерінен, қайталаулардан, ремарка мен репликаның ішкі құрылымдық ерекшеліктерінен көрінеді» [74].

Прозалық шығарма мәтіндегі аралас диалог арқылы диалогке қатысушы кейіпкерлердің саны анық танылады. Диалогтің бұл түрі прозалық шығарма мәтінінде жиі ұшырасып, оқырман назарын аудартады. Мысалы:

– Жарайды, бірігіп шық мен сөзімді қойдым, – деп Шауыпкел қиқайып теріс қарап кетті.

– Арыстанның айтқаны рас, Шауыпкел, сен ылғи осы бар ғой – кертартумен боласың, – деп сөзге Қуандық та кірісті.

– Ау, Қуандық-ау, қойсаңшы, біз екеуміз бүлікті қайтеміз. Біз сол арба істеп сатып, тамағымызды асырауды білейік те, – деді Ысқақ, сонадай сомадай боп жатып.

– Ретті жерінде неге кіріспейін, Сейтпеннің малын алатыны рас болса, арбам содан әрі істелмей қалса да мен кірісем, талай еңбегім сіңген, жасырған малын алдымен өзім шығарысып берем, – деді Қуандық.

– Әй, Қуеке, жарайсың! Биылғы жер бөлісінде де еңбекті сіңіріп едің, осы жолда да қайратыңды көрсет, – деп Арыстан жайраңдап күліп қалды [10, 65].

Прозадағы диалог авторлық баяндаумен сан қилы қатынасқа түсетіндіктен олардың құрылымы драмадағы диалогке қарағанда әлдеқайда күрделірек. Прозада таза диалог пен аралас диалогтің арасындағы айырмашылық тек қатысушылардың санында ғана емес. Олар өзара көркем шығармада қолданылу мақсаты, атқаратын қызметі, авторлық баяндалуы, байланысу тәсілдері жағынан да бір-бірінен өзгеше болып келеді. Диалог құрамындағы репликалардың қарапайым ремарканың көмегімен, не оның көмегінсіз берілуін алайық. Таза диалогтің құрамындағы репликалардың қарапайым ремаркасыз айтылу мүмкіндігі бар. Өйткені репликалардың кімдікі екені әңгіменің жалпы барысынан, ремарка айтылған алдыңғы репликалардан, не алмасып отырған репликалардың мазмұнына, ондағы қаратпа, қыстырма, сөздерден т.б. белгілі болып тұрады. Ал аралас диалогте ондай мүмкіндік байқалмады. Аралас диалогке жоғарыда келтірілген екі мысалда репдикалардың ремарка арқылы айтылуынан кімнің сөзі екені білінеді. Олай болса, аралас диалогтегі әр репликаның төңірегіндегі (көбінесе соңынан) оның кімдікі екенін білдіретін ремарканың айтылуы шарт.

Көркем әдебиетте диалогтің осы айтылған екі түрінен өзгеше тағы бір түрі кездеседі. Ол – оқиғаға қатысушы көптің, бір топ адамның сөзі арқылы берілетін диалогтер, көп дауысты диалог. Диалогтің таза түрі мен аралас түрінің құрамындағы репликалардың кімдікі екені, қай кейіпкерге тиесілі екені белгілі және анық болады. Құрамындағы әр репликаның қай кейіпкердікі екендігінің айқындығы (мейлі ол ремарка арқылы көрінсін, немесе оның көмегінсіз белгілі болсын) бұлардың екеуіне де ортақ жай. Ал оқиғаға қатысушы көптің сөзі болып келетін диалогтердің басты ерекшелігі – олардың құрамындағы репликалардың қай кейіпкердікі екендігін, диалогке қатысушы кейіпкерлердің саны неше екенін анықтау мүмкін болмайды.

Көп дауысты диалогтер бір топ адамның әртүрлі оқиғалардан, хабарлардан т.б. алған әсері, сезімі, бір мәселеге байланысты ойлары, әр кездегі репликалары т.б. болып келеді де, оқиғаға қатысушы көптің басындағы күйініш-сүйінішті, қуаныш-қорқынышты бейнелеудің үлесімді де ұтымды амалына айналды. Мысалы: *Шетке таман отырған бір жігіт кенет бұрылып, ауылдың алдыңғы жағына қарап шұқшиды. Жұрттың бәрі елеңдесті.*

– Немене, жай ма?

– Мына бір салт атты төпеп келеді...

– Апырым-ай, жай болса игі еді?! – десіп, жұрт орындарынан ұшып-ақ тұрысты.

– Жігіт алуға қаладан әскер шығып қалған болар ма?

– Болыстың ауылдарының жігіттері бүгін жиналып жатыр деп еді, әлде солар бір нәрсе істеді ме екен?

Бір минуттың ішінде жұрттың басына мың түрлі ой келді. Қылаң атты біреу төпеп келе жатыр. Үрпиіп тұрған жұртқа жақындай беріп:

– Уа, сүйінші деді! – деді.

–Ойпырым-ай, не болды?

– Жақсылық болды.

– Патшаның қатыны ұл туыпты, соның қуанышына қазақтан жігіт алмайтын болыпты. «Манапас» болыпты.

– Құдай-ай, бере көр!


– Ие, аруақ!

– Қарақтарым-ай, көздің жасын иді ғой! – деп жыламсырап кемпірлер жүр [10, 132].

Міне, бұл көп дауысты диалог белгілі бір оқиға туралы хабарлап қана қоймайды. Диалогті құрайтын жарыса айтылып жатқан репликалар әртүрлі эксперссияға толы. Соның нәтижесінде көп дауысты диалог оқиғаға көптің түрлі сезімдерін жеткізіп тұр. Қазақтан «солдат алу» хабарын есітіп, дағдарып отырған жұрт келе жатқан аттыны көргенде шошынып күдіктеніп, қорқып, үрпиісе қалса, ал жаңа хабардан кейін сол дағдарыстан құтылғандай қуанысады.

Көп дауысты диалогтер автор атынан суреттеу орнына, не авторлық баяндау орнына жұмсалып тұрғанын байқаймыз. Мұндай диалогтер қатысушылардың түрлі эмоциясын бейнелейді, әрі белгілі бір оқиға құбылыс туралы да хабарлайды, әңгіменің қысқа да әсерлі, драмалық сипатта болуына септігін тигізеді. Көркем шығармадағы оқиғаларды кәдімгі шындық өмірдегідей жандандырады, сюжетті дамыту, оқиғаны баяндау тәсілдерін түрлендіреді.

Орыс және қазақ тілдеріндегі диалогті салғастырмалы негізде зерттеген зерттеуші Г.Иманғалиева диалог түрлерін жинақтай келе, негізгі деп таныған 15 түрін ақпараттық, прагматикалық, модальдық диалог [79, 50] деп үш топқа жіктейді. Ғалымның диалогті жіктеуін жинақтап, кесте түрінде былайша ұсынуға болады:



5-сызба. Көркем мәтіндегі диалог түрлері.

Бұлайша топтастыруда ғалымның функционалдық принципті негізге алғаны байқалады. Аталған диалогтердің барлығы кез келген шығармада кездеседі, себебі диалог туындының мазмұны категориясын құрайтын бірліктерге кіреді. Ал мазмұн көп қырлы, сан алуан болып келеді. Әр автордың мазмұнды жеткізу формасы да сан түрлі. Осыған байланысты диалог түрлерін жоғарыдағыдай шартты түрде бөлгенмен, онымен шектеуге болмайды. Ғалымның бұл жіктелісін біз диалогтің мазмұны мен қызметіне қарай деп бөле отырып, оған төмендегідей мысалдар келтірген болар едік.

Сөйлеу қарым-қатынасында диалогтің басқа түрлеріне қарағанда жиі кездесетін диалог түрі - ақпараттық диалог. Мұндай диалогтерде әдетте сөйлеу қарым-қатынасы басталғанға дейін серіктестердің біреуі белгісіз болады және жаңа ақпарат беріледі. Ақпараттық диалогтің басты мақсаты – коммуникативтік акт үдерісінде жаңа ақпаратты қабылдау немесе беру. Шығарма мазмұнына қарай анықталатын ақпараттық диалогтің негізгі формалары – әңгімелесу, сұрақ қою, хабарлау мен түсініктеме беру арқылы іске асады.

Көркем шығармадағы әңгімелесу түріндегі ақпараттық диалогке мысалды Ә.Нұрпейісовтің «Қан мен тер» романынан келтірсек болады.

– Аман-сау барсың ба? Е-е, естіп жатырмыз. Бұрын қара борбай балықшы едің, енді қол бастап келе жатырған көрінесің. Дабылың бізге де жетіп жатыр. Біз де естіп жатырмыз.

– Өй, ата-ай, қайбір қарық болғаннан істеді дейсің. Ел басына күн туғасын үйде жата алмадым.

– Жә!... Жә! Құдай беттеріңнен жарылқасын! [17, 158]

Диалогте көшбасшының рөлі айқын көрінбейді. Ол қарт адам Сүйеу мен жас революционер Еламанға иек артып жүгінеді. Ынталандыру репликасы арқылы диалогке қатысушы коммуниканттардың бір-бірінің іс-әрекетінен хбардар екенін *естіп жатырмыз, дабылың бізге де жетіп жатыр, біз де естіп жатырмыз* репликалары арқылы аңғаруға болады. Ал әсер ету репликасы арқылы кейіпкердің ақталу әрекетін бағамдауға болады. Қорытынды реплика дәстүрлі клишелерден құралып, танымдық сипатқа ие болады: *Құдай беттеріңнен жарылқасын!* Аталған шағын диалогтің тақырыбы – Еламанның революциялық істерге қатысуы болса, мақсаты – ауылдың бұрыңғы балықшысының революцияға қатысы бар екендігі туралы соңғы жаңалықтан хабардарлығын көрсету және оның іс-әрекеттерін мақұлдау деп топшылаймыз.

Көркем шығарма мәтінінде жиі кездесетін диалогтің келесі түрі – сұрақ қою арқылы нақты ақпарат алу, яғни тергеу диалогі.

(Алексей Кулаков келгенде Ботагөз үйде жалғыз болды).

– *Үйдің есі қайда?*

– *Үйде жоқ.*

– *Қайда ол?*

– *Аңға кетті.*

– *Сен кімсің?*

– *Мен қарындасымын.*

– *Қатыны қайда?*

– *Бір үйге кетіп еді.*

– *Шақыр тез*

– *Жарайды.* [18, 146]

Диалог түрлерінің әртүрлілігі күрделілік дәрежесіне негізделген сипаттамалармен толықтырылады. Диалог құру салыстырмалы түрде бір сөйлемнен тұратын репликалар басым болған жағдайда қарапайым болуы мүмкін. Бірақ кейде ол диалогтің ұзақтығымен, мәнмәтін мен жағдаяттың әсерінен, әңгімеге қатысушылардың санымен және т.б. ерекшеліктерімен күрделене түседі. Прагматикалық әсер етуші диалог түрінде коммуниканттардың көпжақты сөйлеу ниеті бар мәлімдемелер тізбегін анық байқауға болады. Прагматикалық диалогтер әңгімелесушіге төмендегідей әсер қалдырады. Олар:

1) дау;

2) тартыс;

3) ойталқы;

4) өтініш;

5) ұсыныс

6) қоштасу

Көркем мәтіндегі прагматикалық диалогтің негізгі формасы *тартыс диалогі арқылы* көрінеді. Экспрессивтік реңк, логикалық сәт, яғни репликалардың параллелизмі, монологтік репликалардың енгізілуі, әңгімелесушінің ойын бөлу т.б.

аталған диалогте қамтылады. Сонымен қатар диалогке қатысушы тұлғаның репликасы тартысқа қатыспауы мүмкін, бірақ шешуші сәтте көрініс табады. Мысалы:

(Қыз бен жігіт арба үстінде ауылға келе жатты)

– Қатты сонша қинап қайда асығасыз, қарындас, жай-ақ жүрейік те.

– Немене, арба ішіңізді түйгілеп келе ме?

Мен сасып қалдым.

– Жоға, жоқ. Таныса отыралық дегенім ғой [1, 12].

Немесе:

– *Қатынның қырық жаны бар деген. Өй, атаңа нәлет...Тұр!*

– *А-А... Жайшылық па?*

– *Жайшылық болса жатпас па едім. Тұр үйді жық! Көшеміз.*

– *Таң атсын да.*

– *Таң атқасын менің өлігімді көрмексің бе?*

– *Құдай шебер-ай, шыбын шаққаннан өлген кісінің моласын көргем жоқ.*

– Сұбыхан алла! О, дінсіз! Көрмесең енді көресің. Мына маса өлтірмей қоймас. Өлтірер! Өлтірер! – деп Судыр Ахмет қақпа шекпенмен басын тыс қып бүркеп алды [17, 175].

Түсіндіру диалогі логикалық сәттің әлсіз берілуіндегі экпрессивті бояудың көп болуы, қайталап сұрау кезіндегі репликалардың параллелизмі, монолог болмайды, әңгімелесушінің ойын бөлмейді, мұнда диалогке қатысушының біреуінің жеңілгендігін анық мойындаумен аяқталады.

– Қой, Сұлтан сенің бұл сөзіңе кім сенеді дейсің, онан да білсінбей айтсаңшы. Ешкімге ғашық боп көрмесең, неге әке-шешеңді ылғи құдалыққа жібересің?

– Қызықсың, Күлипа. Соларды мен жіберді ғой дейсің бе, өздері ғой, бермейді. Жай айтқанға түсінбейді, ал қатты айтайын десең ренжиді. Енді қартайғандарында соларды ренжіткім келмейді, мейілдері, барса бара берсінші деймін. Жігіт үні жабырқаңқы шықты.

– Солай ма еді? – деді таңданған Күлипа [1, 89].

Диалог-таласта өте әлсіз логикалық сәттің берілуі, экспрессивтіліктің жоғары деңгейі қамтылады. Мұнда да монологтік репликалар болмайды, лексика-синтаксистік параллелизмдер болуы мүмкін, репликалардың жеке берілуі болмайды, диалогтің аяқталуы диалог мазмұнымен сәйкес келе бермеуі де мүмкін.

– *Өй, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедіреюін қарашы!*

– *Өзіңнің бетін оңып тұрған шығар!*

– Е, менің бетімнің несі бар екен? Көп болса отын арқалап, жаным қиналғасын қарайып кеткен шығар!

– *Ие, басқа кезде аппақ деген...*

– *Мөңкенің қатыны құсап, балпылда да отыр солай.*

– *Өзің балпылдамайтын шығарсың.*

– Тұтақ! Сен мендей де болмайсың. Ана судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде шашыңнан сүйрелеп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ. Соныңды көрсем екен соңыра.

Балкүміс жылап жіберді [17, 141].

Немесе:

– *Сақ бол ана сайқал төркініне кепті ғой*
– *Кім?*
– *Ақбаланы айтам. Ал, көре қал, бұнысы тегін емес.*
– *Әкесі сыртқат деген.*

– Соған сенесің бе? Мені әулие дерсің. Ол жүзіқараның Еламаннан дәмесі бар.

– Құдай-ай қойшы.

– Сен аңқаусың.

– Жоқты соқпа.

– Сен ашық ауызсың. Жұрттың бәрін өзіңдей көресің.

– Алла разы болсын....қойыңызшы.

– Өй, мынаның есі дұрыс па? Қойы не, а?

– Бірді бірге шатпасаң тыныш жүре алмайсың ба?

– Ойбай-ау, енді не дейін. Мына шірік мені масқара қылды-ау! Мен сорлы омырауымды ашып, аңқылдап келсем... ойбай-ау, мына шіріктің зәбірі өтті ғой. Күні кеше ғана Төлеу шашыңнан сүйреп... [17, 149].

Ал *қоштау диалогтің* мазмұны нәтижелі аяқтала бермейді. Мұнда логикалық және экспрессивті сәттер, монологтік репликалар иррелевантты болып келеді. Мысалы:

– *Менің екі қарғам бар, сыртқа теппейсің.*
– *Әрине, сыртқа теппеймін.*
– *Сол балаларды өз балаңдай көрерсің. Алаламайсың!*
– *Әрине, алаламаймын* [21, 240].

Біз жинақтаған материалдарымыз негізінде прозалық шығармалардағы диалогтің түрін анықтауға тырыстық. **Оның алғашқысы –** ***диалог-әңгіме.*** Шығармадағы автор диалогтің бұл түрін кейіпкердің бейнесін жасау және ашу мақсатында қолданады. Автор кейіпкерлердің әңгімелері арқылы олардың қарым-қатынасын бір-біріне қосады. Стилистикалық ерекшеліктер ескеріледі. Әңгіме арқылы идеяны, шығарманың мазмұнын ашады. Негізінен *диалог-әңгіме* арқылы сөйлеуші тыңдаушыға әртүрлі ақпаратты береді:

— Әй, шырақ, — дедім Шалабайға, — аруақ атып кетпесін, — дедім. – Егер Мақсұт болса, мен кіммін? Хадиша болар едім, алдымнан көлденең жүрмес едің сен шірік, — дедім. — Мақсұт жоқ болған соң, мен сияқты жетім кемпірді елемейсің,— дедім. — Аруақ атқыр болмасаң анау Ақшай кім, мен кім?—дедім.— Жөн білмейтін қандай көргенсіз едің,— дедім.—Тұқшиып, төмен қарап, жер шұқылайды, жерге кіргір.

Ал, әлгі Ақшай құтырсын.

— Алды-артының бәрін жалмаған қақбас, — деді мені. — Өліп қалмай жападан-жалғыз неғып отырсың. Қоржынның аузын ұстаған сенің не теңің, қақбас, — деді [6, 203].

Диалог-әңгіме түрінде өрбитін Хадиша мен Ақшайдың диалогтері арқылы екі кейіпкердің мінезі, болмыс бітімі, қоржын ашуға таласы айқын көрінеді.

Көркем шығармадан жинақтаған мысалдарымыз негізінде анықталған диалогтің келесі түрі – диалог-арыздасу.

– Бітімбайдың қырқы кеп қалды, соны ұмытпа!

– Білемін.

– Құран аударт, құны жиырма теңге, құрбандығы бір тоқты ғой.

– Мақұл.

– Батырбайға жуырда жыл толады.

– Білемін.

– Артында тұқым жоқ, жесірдің қолынан не келер дейсің, басын үйлет!

– Мақұл.

– Анау Үйсінбайдың түтіні өшті, үйі құлайын деп тұр, есік-терезесін біреулер шегелеп кетіпті.

– Білемін.

– Сол үйді қайта көтерт, есігінің алдына бес қарағай, иә бес қайың тік, соғыста шейіт болған бес баласына белгі болсын!

– Мақұл.

– Түнде әкем марқұм келіп кетті. Жолға жүреміз әзірлен деген. Қайтып соғар мезгілі - бүгінгі бесін намазы.

– Мақұл… [5, 472].

Ел басқарып, жұрттың қамын жеген үлкен жүректі қария өлерінде де сол жоғары адамгершілік тұғырынан көрініп көп өсиет айтып кетіпті. Диалогтен көне көз қарттың көріпкелдігі, ақылгөйлігі байқалады. Қылаңхан қарттың соңғы арызын, аманатын тыңдаушы, орындаушы, қарттың сөзіне қарсы келмей тек мақұлдап отырады. Диалогтің көлемі шығарманың екі бетін толық алып жатқанмен, ақсақалдың сөзі қысқа, синтаксистік құрылымы күрделі емес.

Диалогтің түрлі бөліктерінде қолданылатын етістіктер мен сөйлем түрлері диалогтің жалпы динамикасын анықтап, кейіпкердің мінез-құлқы мен ішкі толғанысын жеткізеді.

✓ Болашақтың ісі мен келер шақта сөйлеу: Диалогтің алғашқы бөлігінде болашаққа бағытталған іс-әрекеттер туралы сөз қозғау, келер шақта сөйлеу – кейіпкердің алдағы өмір жолын, үміттерін немесе болашаққа деген көзқарасын көрсетеді.

✓ «Еді» көмекші етістігінің қайталануы: Ортаңғы бөліктегі «еді» етістігінің қайталанып келуі кейіпкердің сөздеріне ерекше эмоционалдық реңк береді. Бұл тәсіл арқылы кейіпкердің өткен өміріне деген өкініші, қимастығы және ішкі жан

толқынысы айқын көрінеді. Қарт адамның әңгімесінде «едім» формасының қайталануы оның өмірінің өткен сәттеріне деген «ah» ұруын, өкінішін жеткізеді және сол естеліктердің маңыздылығын күшейтеді. Сонымен қатар, бұл қайталау кейіпкердің соңғы сапарға қимастықпен аттанып бара жатқанын бейнелейді.

✓ Бұйрықты сөйлемдердің қолданылуы: Диалогтің алғашқы және соңғы бөліктерінде бұйрықты сөйлемдердің мол қолданылуы кейіпкердің шешімталдығын, өмірлік тәжірибесінің негізінде қалыптасқан ақыл-кеңестерін көрсетеді. Ал бұйрықты сөйлемдердің болымды немесе болымсыз тұлғалы етістіктермен берілуі – кейіпкердің әр сәтте әртүрлі күйде немесе пиғылда сөйлеуін білдіреді.

Қарттың ақылы мен даналығы: Қарттың сөзін бастан-аяқ ақылмен жеткізуі – оның өмірлік даналығын, сабырлылығын және жинақталған тәжірибесін көрсетеді. Диалогте қарт адамның өмір жолында жинақтаған ақыл-кеңестері, ұлағатты сөздері негізгі назарда болады. Ортаңғы бөліктегі эмоционалды толысулар мен толғаныстар оның терең сезімдерін көрсетсе, басы мен соңының ақылмен берілуі – сөзінің мән-мағынасын айқын әрі нық қылады.

Бұл диалогте Жанжігіт шалдың бейнесі терең адами құндылықтардың символы ретінде көрініс табады. Арыздасу арқылы оның биік адамгершілік қасиеті, елге деген адалдығы, өмірлік ұстанымдары айқындалып, ерекше көркемдікпен ашылады. Шалдың сөздері мен іс-әрекеттері арқылы оның ұлы мұраттары мен құндылықтары көрінеді, және ол өле-өлгенше сол принциптерден таймай, өмірлік қиындықтарға мойымай, өз жолынан тайқымайтын, мықты рухты тұлға ретінде суреттеледі.

Диалогтің мұндай құрылымы кейіпкердің ішкі әлемін, оның тағдырға деген көзқарасын және адамгершілік ұстанымдарын шынайы түрде жеткізуге мүмкіндік береді. Осылайша, Жанжігіт шалдың образы арқылы автор адалдық пен қайсарлықтың үлгісін көрсетіп, оқырманды адамның ішкі беріктігіне және өмірдің қиыншылықтарына төтеп берудегі даналыққа сүйсіндіреді.

Үш ұрпақтың өмірін тоғыстыра отырып, шығармада диалогтің рөлі тек кейіпкер бейнесін ашумен шектелмейді, сондай-ақ ол композициялық-идеялық жүк арқалайды. Жанжігіт шалдың өлер алдындағы соңғы өтініші мен сөздері, шын мәнінде, оның өз ұрпағына ғана емес, барша кейінгі ұрпаққа арнаған аманаты іспеттес. Бұл диалог арқылы автор ұрпақтар арасындағы сабақтастықты, аға буынның даналығын және адамгершілік мұраттарын жеткізуді мақсат етеді.

Шалдың сөздері мен өсиеті кейінгі ұрпақтың өмір сүру жолына бағыт беретін рухани бағдарлама, моральдық қағида іспеттес болып шығады. Сағит пен Бекет арқылы орта және жас буынның бұл мұраны қалай қабылдайтыны, оны қаншалықты түсініп, жүзеге асыратыны да көрсетіледі. Осылайша, диалог оқырманға тек кейіпкердің өміріне шолу жасатпай, ұрпақтар арасындағы қарым-қатынас пен сабақтастықты ашып көрсетеді, бұл автордың идеялық ой-мақсатын тереңдете түседі.

Көркем шығармаларда ерекше көзге түсетін диалогтердің келесі түрі – қалжың-диалог.

Қалжың-диалог түрінде келетін кейіпкердің «сілтеме сөзі» арқылы көркем шығарманың сюжеттік желісі жандана түсетінін аңғаруға болады:

– Жолдас Тұрсынходжаев, мәжілісті сыйласаңыз, бас киіміңізді алып отырыңыз. Ал бас киім шеше алмайтындай кінәрат бар болса, амал жоқ, – деп езуі қат-қабат болып, ыржия күлген.

Сонда Тұрсынходжаев мұрты құлағына жеткенше шаншыла түсіп, басынан құндыз бөркін жұлып алып:

– Жолдас Кушекин, менің басым, сіз ойлағандай таз емес. Шаш деген жетеді. Тіпті әлдекімдерге қарайласуыма да болады, – деп бөркін қолына кигізіп, дөңгелетіп дөңгелетіп қойып еді.

Кушекин өзінің жап-жалтыр басын сипалап, қызғылтым жүзі қанқызыл болып қысылып қалған.

– Аузында әзілі жоқтың, қолында шоқпары жүреді. Сіздікі де, менікі де әзіл болсын, жолдас Кушекин. Кешіріңіз, – деген Тұрсынходжаев ыңғайсыздықты сейілткісі келіп, – Бала жастан бас киіммен отыру әдетке айналған. Мен Крайком, Түркатком сияқты киелі мекемеге бас киімімді емес, аяқ киімімді шешіп кіремін. Калошым босағада қалды. Кір-қоқыс басқа емес, аяққа ілеседі.

– Кім біледі, кейбір жолдастардың басында да кір-қоқыс болуы мүмкін, – деп Кушекин кегін кешіре алмай, зілденіп, күрең-қызыл, жып-жылтыр бетінің алауы қайтып, боп-боз, сөнік көзі мөлие бастаған. Тұрсынходжаев есесін жібергісі келмей, мұртын ширата беріп еді, Рысқұлов:

– Іліксіз, қағытпасыз сөйлесейік, жолдастар, – деп басу айтқан. [6, 410].

Қалжың-диалог жазушы Қ.Ысқақов шығармаларында жиі ұшырасады. Қалжың мен астарлы мысқыл жазушының ең өтімді, ұтымды құралы деуге болады. Оның қай шығармасын алсақ та *қалжың-диалог* түрін кездестіреміз, себебі оның әр шығармасында бір күлкі туғызатын, әзілге бейім кейіпкер қатысып отырады.

– Қатын!...

– Түсіндім!...

– Ақсу мен Бұқтырманың құйғанын сең бітеп тастап, Көрбикені қызыл су басып барады! Динамитпен ұрмаса болатын емес!...

– Ұқтым!...

– Кеңестің қаншығы сегіз күшік тапты!...

– Қаншығы дейді?...

– Енді қатыны деп пе едің!...

– Сәлем де!... Қалжасына борыштымын деп айтты де!...

– Сенің борышың көбейіп тұр-ау!... Жәкем қалай?.

– Қалайын сұрайсың?...

– Соғымнан жарты жамбас, бітеу белдемесі қалып еді, қона кетсең қайтеді!...

– *Ерікпе!... Сенің оразаң таусылып па еді?...*

– *Бізге он екі ай түгел ораза ғой!...*

– *Ит білет, азаннан ауыз шайып алған адамша сөйлейсің!...*

– *Ойпырай, біздің қатын екеуіңе дауа жоқ екен!... Бірің телефонның трубкасынан, бірің аспанда жүріп ауыздағы иісті қайдан сезе қоясыңдар осы!...*

– *Біз де пендеміз ғой!... Жә, басқа айтарың жоқ па?...*

– *Басқа айтар бізде не арман қылды дейсің!... Бір жыл қой баққаннан жүз жыл ақыл сұрама депті, аспанда жүрген сен болмасаң, тағының мүйізін, тарпаң қатынның тамағын аңдыған бейбақтан не сұрайсың?!.*

– *Тү-ү байқұс-ай, сорлап қапсың-ау!... Бұр тұтам ала жіп таппай жүргеннен саумысың?!. Асықпа, жер жібігенше аялдай тұр!... Жаманның жаназасы да жұртқа міндет!...* [5, 25].

«Ақсу-жер жаннаты» романындағы бұл диалог Қылаңханның көркем бейнесін жасауға негіз болған. Оның сөзі сырт көзге дөрекі көрінеді, бірақ бұл - ауыл адамдарының, құрдастар әзілі. Қылаңханның сөзінде серіктесін өзімсіну, ауыл адамдарының бір-біріне деген ашық-жарқын қарым-қатынасы, ықыласы байқалады. Сонымен қатар, диалогте Қылаңханның мінез-құлық, таным-түсінігін де көрсетіп тұр. Бұл диалог оқыған, көпті көрген оқымысты Сиғаттың немесе қаладан келген жас маман Бекеттің аузынан шықса шынайы болмас еді. Бұдан басқа жазушы шығармаларында жеңгелер қалжыңы [3, 6], әйелдер калжыңы [4, 184], ерлі-зайыптылардың қалжыңы [3, 43] кездеседі. Автор шығармаларындағы қалжың бірде ашық-жарқын, жақын, адамдардың күлкілі, шынайы көңілін танытса, кейде жазушы қалжыңы астарлы болып келеді.

Көне грек ойшылы Сократтың диалогке ерекше мән бергені белгілі. Оның пікірінше, диалог – адамның өзіне терең үңіліп, өзін тануға мүмкіндік беретін әдіс. Сократ диалогті шындықты іздеу, ақиқатты ашу құралы ретінде қолданған. Ол адамдар арасындағы әңгіме барысында туындайтын сұрақтар мен жауаптардың арқасында ақыл-ойды дамытып, шынайы білімге қол жеткізуге болатынын айтқан. Сонымен қатар, Сократ диалогке қатысуды «адам үшін үлкен ғанибет» деп бағалаған және диалогке қатысушыларды «философиямен өз бетінше айналысушылар» деп атағаны да оның осы көзқарасын айқындайды.

Ұлы ақын Абай Құнанбайұлы білім мен ғылымды дамытудың екі маңызды құралына атайды: Алғашқысы - мұлахаза (пікір алмасу, ой бөлісу) және соңғысы - мұхафаза (сақтау, қорғау). Абайдың айтуынша, адам білімін, ақыл-ойын көбейтіп, ғылым жолында жетістікке жету үшін осы екі құралына ерекше назар аудару керек. Ой бөлісу арқылы адам өз түсінігін тереңдетіп, пікірталас арқылы танымын кеңейтсе, білімін сақтау және қорғау арқылы оны жоғалтпайды, керісінше, дамыта түседі. Сондықтан Абай ғылымның дамуы осы екі қуатты жетілдіру, барлық күшін жұмсап, тырысу арқылы ғана мүмкін екенін атап көрсеткен [103, 174]. Абай оны өз мақсатында прозалық шығармаларында ұтымды пайдаланған. Ақынның қарасөздері кемеңгердің ішкі *диалогтік ойтолғамынан* (астын сызған – біз) тұрады.

Диалогтік ойтолғам – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы.

Диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылықтары бар. Айталық, монологте автордың сөзі біркелкі, сұраусыз сөйлемдер арқылы іске асса, *диалогтік ойтолғамда* қаламгердің ішкі толғанысы оқырманға сауал бере отырып жарыққа шығады, яғни оқырман мен автор арасында айрықша диалогтік қарым-қатынас орнайды. *Диалогтік ойтолғамда* автор өзі қойған сұрауына кейде жауап беріп, кейде ашық қалдырады.

Абай қарасөздері біз ұсынып отырған диалогтік ойтолғамға мысал бола алады. Абай поэзиясының тілін зерттеген академик Р.Сыздық: «Ұлы Абайды «ұлы» деп тек оның поэзиясы - өленděрі ғана емес, «Қарасөздері» атты прозалық шығармалары да танытады. «Қарасөздер» - Абайдың шығармашылық дүниесіндегі орны ерекше қазына» - деп жазды [88, 168].

Айтпақ ойын, діттеген мұратын, арман-үмітін, толқытқан ой-пікірін, айналасына, замандастарына деген көзқарасын – бәрі-бәрін өлең арқылы-ақ айта алған, ақтара алған ақын Абай бір кезек поэзия әлемінен ауысып, проза дүниесіне көшуінде, әрине себептер бар, негіз бар. Қазақтың көз-құлағы көп жаттықпаған сөз айтудың бұл түріне көшуінің себебін автордың өзі баяндайды. 1-қарасөзінің бастамасында бұл әрекетін былайша түсіндіреді:

«*Ел ортасы жасқа келдік, қажыдық, жалықтық...Ал енді қалған өмірімізді қайтіп, не қылып өткіземіз? Соны таба алмай өзім де қайранмын.*

Ел бағу? Жоқ, ел бағым жоқ. Бағусыз дертке ұшырайын деген кісі бақпаса, не албыртқан, көңілі басылмаған жастар бағамын демесе, бізді құдай сақтасын!

Мал бағу? Жоқ, баға алмаймын. Балалар өздеріне керегінше өздері табар...

Ғылым бағу? Жоқ, ғылым бағарға да ғылым сөзін сөйлесер адам жоқ. Білгеніңді кімге үйретерсің, білмегеніңді кімнен сұрарсың.

Софылық қылып, дін бағу? Жоқ, ол да болмайды, оған да тыныштық керек...

Балаларды бағу? Жоқ, баға алмаймын. Бағар едім, қалайша бағудың мәнісін де білмеймін, не болсын деп бағам, қай елге қосайын, қай харекетке қосайын?..» [96, 14].

Зер сала қарасақ, аталған қарасөз сипатының өзіндік уәжі бар: сөйлеу тілін автор әдейі таңдаған, бұған қарасөздерінің жазылу себептері мен арнаған адресаттары мәжбүр еткен. Таңдаған мәнері оқырманмен әңгіме-дүкен құрысу. Міне, 1-ші қарасөздегі автордың әңгіме-дүкен құруы диалогтік толғаныс арқылы жарыққа шыққан деуге болады. Сондықтан мұнда ауызекі сөйлеу нормалары: интонацияға құрылған конструкциялар, тыңдауға жағымды ұйқастар мен ырғақты қатарлар көзге түседі. Ақынның 1-ші қарасөзі интонацияға құрылған, яғни, ауызша айтып, құлақпен тыңдауға лайықталған сөз орамдары бар: *Ел бағу? Мал бағу? Ғылым бағу* дегеннің өзі қазіргі күн тұрғысынан алғанда морфологиялық тәсілмен жасалған сұраулы тіркестер екені анық.

Диалогтік ойтолғам құрылымында толымсыз сөйлемдер жиі ұшарасады. Толымсыз сөйлемдер Абай қарасөздерінде кездеседі. Мысалы, *«Бірлік қандай елде болады, қайтсе тату болады? – Білмейді. Тағдырдың жарлығын білесіздер – өзгерілмейді»* деген сөйлемдердегі соңғы сөздер (білмейді, өзгерілмейді) толымсыз сөйлемдер болып тұр, олардың толымды толымды түрлері: *бірлік қандай елде болатынын білмейді..., тағдырдың жарлығы өзгерілмейді* деп келулері керек.

Диалогтік ойтолғамның басты ерекшелігі автор өзі қойған сұрағына оқырманды ойланта отырып жауап берсе, кейде сұрақтың жауабын оқырманға қалдырады. Автор жауапсыз қалдырған диалогтік ойтолғамға Абайдың жиырма үшінші қарасөзінен мысал келтірейік: *«Әуелі – өзің қаруың қайтарлық қартаюға жетемісің, жоқ па? Екінші – балаң мейірімді болып, асырарлық болып туа ма, жоқ па? Үшінші – малың болса, кім асырамайды? Малың жоқ болса, қай асырау толымды болады?*

Автор оқырманға сауал қойып, сол сауалдың жауабын беру – диалогтік ойтолғамның кең тараған түрі. Мысалы, «*Әуелі Құдайдан тілеймісің? Тілейсің. Ол қуатты адал кәсіп қыларлық орынға жұмсаймысың? Жұмсамайсың.*

Поэзиядағы диалогтің ерекшеліктері

Диалогтік ойтолғам үлгілері поэзиялық шығармаларда да көрініс табады. Ақын М.Мақатаевтың ерекше қырын танытатын жырларының бірі диалогке құрылған өлеңдері. Аталған өлеңдері біз ұсынып отырған диалогтік ойтолғамға тікелей қатысты.

М.Мақатаев өлеңдерінің тілін зерттеген ғалым А.Әмірбекова ақын өлеңдеріндегі бейнелі тіркестер жөнінде былай дейді: Әрбір ақынның өзіндік көркемдік жасау әлем жасау моделі болады. Сол көркемдік әлем моделіне орай ақынның ерекшелігі де анықталады. Мәселен, М.Мақатаевтың турашыл, эмоциясын бүкпесіз жасырмайтын ақиық ақын, мұзбалақ ақын деп баға беріп жатамыз. Себебі, өлеңдерінде тым ашуланған, кейде шаттана қуанған, тіпті мұңайған, қайғыға салынып тебіренген, ейде балаша масаттанған эмоциялар бар» [104, 65].

Ақын өлеңді сұрақ-жауап әдісімен екі адамның сұхбаты түрінде жырлайды. Кез келген ақын өз ойын, идеясын өлең жолында ұйқасқа, ырғаққа құрып, лирикалық кейіпкер бейнесі арқылы жеткізеді. Сөйтіп, арман-тілегін, мұң-шерін жырлайды. Ал, ақын М.Мақатаевтың диалогке құрылған өлең-жырлары тікелей екі адамның қатысуымен сұрақ-жауап күйінде жырланады.

А.Егеубаевтың Мұқағали Мақатаевтың поэзиясына берген сипаттамасы оның шығармашылығындағы диалогтің ерекшелігін терең түсінуге жол ашады. «М.Мақатаевтың жырларындағы диалог, тартыс және өмірге жақындық – сөзді шынайы, жанды әрі заттық деңгейде қабылдауға жетелейді. Бұл тәсіл арқылы ақын өлеңге жан бітіріп, сөздің әрбірін тіршілікке, сезімге айналдырып, оқырманның жүрегіне жақындата түседі. Оның өлеңдеріндегі диалог оқырманмен тікелей

әңгіме-дүкен құрып, сырласу, ой бөлісу, кейде жан айқайын жеткізу арқылы әсер етеді» – деп баға береді [105, 101].

Мұқағалидың поэзиясында диалогтің формасы өзгеше: ол оқырманды диалогке шақырып қана қоймайды, оны әңгімеге белсенді араластырады, бірге ойландырады. Мұндай тәсіл арқылы оның лирикалық қаһарманы эмоциялық әсерді күшейтеді, оқырманмен терең байланыс орнатады. Осы диалогтерде азаматтық мақтаныш, юмор, ирония, кейде кекесін, кейде өзіне-өзі деген сарказм мен терең мұң байқалады. Мұқағали өлеңдеріндегі диалогтің тірілігі, өмірге жақындығы, әрбір сөздің болмысқа айналуы – оның лирикалық қаһарманының ішкі әлемін шынайы бейнелеу арқылы нанымды, әсерлі қабылдануына ықпал етеді.

Шынында да Мұқағалидың диалогке құрылған жырларынан көтеріңкі көңіл-күй, юморға құрылған жауаптасулар көптеп кездесіп отырады. Ақынның сондай жоғары пафоста жырланған өлеңдерінің бірі «Менің анкетам». Өлең басынан соңғы тармағына дейін сұрақ-жауап түрінде жырланған. Өлең бойында ақынның алуан түрлі сезімдері көрініп жатады.

– Туған жерің?
– Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың.
– Туған жылың?
– 1931. Құрдасымын Шәмілдің.
– Жынысың кім?
– Еркекпін ғой, еркекпін!
Және дағы тәуірімін… [20, 156].

Диалогті сұрақ-жауапқа құрылған ақынның «Ұланымын Қарасаз деп аталатын ауылдың» деген жауап астарынан туған жерге деген мақтаныш сезімін байқасақ, шумақ соңындағы тармақтан әзіл – юморды көреміз.

Өлең мазмұнынан ақ көңілді, әзілкеш ақын мінезін байқаймыз.

– Міндеттісің бе әскерге ?
– Міндеттімін.
– Біздің әлі жас кеуде.
– Жауынгердің ұлымын ғой,
Жанын қиған Мәскеуге.
– Сөгіс алып көрдің бе?
– Ол жағынан періште едім дей алмаймын
Мен мүлде.
Ойлы-қырлы бұл өмірде болады ғой мүлт кету,
Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де… [20, 157].

Ақынның өлеңдеріндегі жауаптар терең философиялық ойға негізделген. «Ол жағынан періште едім дей алмаймын» деген жолдар арқылы ақын адам өміріндегі түрлі сынақтар мен пенделік сәттерге ой салады. Ол адамның өмірде кездесетін қиындықтар мен сынақтар алдында еріксіз қателікке ұрынатынын, кейде тағдырдың ауыртпалығына төзе алмай қалатынын ашық жеткізеді. Бұл ақынның

өмірге деген шынайы көзқарасын көрсетеді, өйткені әр адам баласы пенде, өзіне тән әлсіздіктері мен күмәндары бар.

Ақынның «Ол өзі бір еншісі ғой ездің әрі ердің де» деуі де өмірдің екі қырын — ерлік пен ездікті — қатар алып шығады. Ер тағдырдың барлық сынақтарын еңсеріп, берілмейді, ал ез әлсіздігімен, өмірдің соқпақтарына төтеп бере алмай, қажып қалады. Осылайша, ақын оқырманын ойға салып, олардың өз өміріне тереңірек көз салуына жол ашады. Өмірдің асау мінезін түсіндіру арқылы ол әр адамға өмірдегі өзінің жолын табуға, өз тағдырына қарсы тұрып, шынайы ер болуға шақырады.

– Мекен жайың?
Мекен-жайым – жер менің.
Жерде жүрген ақын деген пенденмін.
Қалам, қағаз, уақыт бер тек аздаған,
Мен өмірді жырлау үшін келгенмін [20, 157].

Иә, ақынның шығармашылығындағы басты мақсат – өмірдің мәнін, уақыттың жылдамдығын және тіршіліктің сырын өлең жолдарымен жырлап, кейінгі ұрпаққа рухани мұра қалдыру. Уақыттың шапшаң өтуі мен оның бағасын түсіну – ақын үшін негізгі тақырыптардың бірі. Ол «Уақыт бер тек аздаған» деп, уақыттың қадірін сезініп, бар ойын, жүрек толғанысын қағаз бетіне түсіруге ұмтылады. Өйткені, үнсіз келіп, үнсіз кету – ақын үшін ең үлкен қорқыныш. Сол себепті ол бар жан-тәнімен поэзияға беріліп, өз өмірін өлең жолдарында мәңгі қалдыруды қалайды.

Ақын жырларының соңын ойлы, мағыналы түйінмен аяқтайтыны оның философиялық тереңдігін көрсетеді. Бұл ақынның жүгі ауыр, жауапкершілігі зор поэзия жолын таңдағанын көрсетеді. Ол өмірге, адамзатқа, уақытқа деген көзқарасын, ой-пікірін орамды, сырлы жырлармен жеткізіп, оқырманға ой салатын, өмірдің мәнін түсіндіретін тағылымды мұра қалдыруды көздейді. Сол арқылы ақынның арман-тілегі, ұрпаққа айтқысы келген өсиеті мәңгі есте қалады.

Диалогтік ойтолғамға құрылған ақынның келесі өлеңі – «Махаббат диалогі». «Махаббат диалогі» өлеңінде ақын екі ғашықтың арасындағы мөлдір сезімді қысқа, шынайы диалог арқылы шебер суреттейді. Бұл диалогте екі жүректің бір-біріне деген таза махаббаты, адалдығы мен нәзік сүйіспеншілігі көрінеді. Олардың сезімдері жай ғана сөздермен емес, жүректерінің үнін жеткізетін қарапайым әрі әсерлі диалогтермен өрбиді.

Ақын қысқа диалог арқылы махаббаттың шынайылығын, тереңдігін көрсетіп, оқырманды сол сезімнің мөлдірлігімен тербейді. Бұл өлеңнің ерекшелігі – сөздердің қарапайымдылығы мен көркемдігі арқылы махаббаттың рухани мәнін ашуында. Ғашықтардың бір-біріне деген айнымас адал сезімі, сенімі мен байланысы оқырманға махаббаттың күші мен құдіретін сезіндіреді.

– Құс боп ұшып жоғалсам, не етер едің?
– Сені іздеумен мәңгілік өтер едім.
– Отқа түсіп өртенсем, не етер едің?

– Күл боп бірге соңыңнан кетер едім.
– Бұлдырасам сағымдай не етер едің?
– Жел боп қуып, ақыры жетер едім.
– Қайғы әкелсем басыңа не етер едің?
– Қойшы, сәулем, бәрін де көтеремін [21, 35].

Ақынның диалогке құрылған жырында екі ғашықтың махаббатының ең биік сезіміне жеткен тұсы шынайы әрі нәзік суреттеледі. Сезімнің әрбір дірілі мен тазалығы өлең жолдарында әсемдікпен өріліп, махаббаттың асқақ рухы оқырманға терең әсер етеді. Диалог формасында жырлау арқылы қос ғашықтың өзара адалдығы, жүректерінің тазалығы мен нәзік махаббаты шарықтау шегіне дейін асқақтайды.

«Құс боп ұшып жоғалсам», «Отқа түсу», «Сағымдай бұлдырау» секілді көркем тіркестер ақынның махаббатты қарапайым өмірлік жағдайлардан бөліп алып, оны асқар шыңға жеткізе білгендігін айғақтайды. Бұл тіркестердің әрқайсысы махаббаттың драмалық, лирикалық қырын ашып, сезімнің нәзіктігі мен биіктігін шебер жеткізеді. Сұрақтар мен жауаптар арасындағы диалог қарапайым болып көрінгенімен, ақынның ұшқыр қиялы мен поэтикалық шеберлігі арқылы сезімнің биік шыңына көтеріліп, мазмұны тереңдей түседі.

Осылайша, өлеңдегі диалог арқылы махаббаттың мәңгілік құдіреті, пәктігі мен тазалығы көркемдік деңгейде жырланып, оқырманның жан-дүниесіне әсер ететін ерекше поэтикалық әуен қалыптастырады.

Бұл көрініс екі ғашықтың барлық қиындық пен тәуекелге бел буып, махаббаттарына адал болуы арқылы шынайы сүйіспеншіліктің күшін бейнелейді. Олардың қайсарлығы, бір-біріне деген адалдығы мен берік сенімі оқырманды баурап алып, шынайы сезімге, өмірлік мұраттарға жетелейді. Мұндай махаббатты жырлау ерекше үлгіде көрініс тауып, оқырманның жүрегін терең тебірентеді. Бұл көрініс жастарға махаббаттың құдіреті мен адалдықтың маңызын жеткізіп, өмірдің мәнін түсінуге бағыттайды.

Поэзияда мұндай батыл және жан-тәнімен сүйген махаббатты суреттеу сирек кездеседі, ал кездескеннің өзінде де дәл осындай шынайы әрі терең бейнеленуі өте аз. Сондықтан бұл көрініс шығарманың құндылығын арттырып, махаббаттың идеялық мазмұнын ерекше тәсілмен жеткізу арқылы оны оқырман үшін үлгіге айналдырады.

Ақынның шығармаларында диалог толыққанды сақталмаса да, оның элементтері байқалады. Өлеңнің бойында сұрақ қою немесе кейіпкердің өз-өзіне немесе басқаға бағытталған ой-толғауы лирикалық монолог арқылы өрбітіліп, оқырманды ойға батырады. Диалогтің немесе сұрақ-жауаптың болуы өлеңге серпін беріп, сезім мен ойдың жандануына ықпал етеді.

Мұндай тәсіл өлеңнің динамикасын күшейтіп, оқырман мен лирикалық кейіпкердің арасындағы байланысқа көпір болып қызмет етеді. Өлеңнің басында немесе соңында кездесетін диалогтік бөліктер кейіпкердің ішкі қайшылығын,

арманын немесе өмірге деген көзқарасын аша түседі. Сол себепті диалог пен сұрақ-жауап тәсілдері ақынның поэзиясына тереңдік пен әсерлілік беріп, әр жырдың шынайы әрі өмірлік сезімдерін дәл бейнелеуге мүмкіндік жасайды.

Ақынның барлық өлеңдері диалог түрінде болмаса да, кейбір шығармаларында бұл тәсіл шебер қолданылып, жырға ерекше реңк береді. Мұндай диалогті өлеңдерде ақын диалог арқылы оқырманды ойландырып, лирикалық кейіпкердің ішкі сезімдерін, толғаныстарын жеткізуге мүмкіндік береді. Сұрақ-жауап арқылы дамитын диалогтер өлеңнің динамикасын арттырып, оқырманды терең сезімге бөлеп, оқиғаға немесе лирикалық көңіл-күйге еліктіреді.

Осылайша, диалогті өлеңдер ақынның көркемдік шеберлігін, ішкі дүниені бейнелеу тәсілін көрсететін ерекше көркемдік құбылысқа айналады. Сондай-ақ мұндай өлең бойындағы қысқа ғана диалог жыр ортасында да, жыр соңында да кездесіп қалып отырады. Сөзімізге дәлел болу үшін ақынның «Адасқанда» өлеңінен үзінді келтірейік.

– Әлі жүріп келеміз бе, ей?

– Келеміз.

– Өстіп жүріп өлеміз бе, ей?

– Өлеміз. [22, 30] – деп жыр басы диалогке құрылады да, әрі қарай ақын монолог түрінде жыр мазмұнын баяндайды.

Құзар тауда біз адасып келеміз,
Бір жылынып, бір суынып денеміз.
Бағыт, бағдар – барлығы да белгісіз,
Қап-қара түн өзіңді өзің көргісіз.
Ат аяғын шалыс басса болғаны,
Құздан құлап, даяр жатқан көрді сүз [22, 30], – деп жырлайды.

Ақынның өлең соңын диалогке құра аяқтауы да ерекше.

– Біздер әлі тіріміз бе, әй?

– Тіріміз.

Жөнсіз, босқа қырта бермей, жүріңіз!

– Мені ұнатпай келесің-ау, бастаушым,
Түсінбеймін, не болады күніміз?!

– Не болушы ед, қорқатұғын несі бар?
Өле кетсек, өлгендердің біріміз,
Қорықпаңыз, біз әзірге тіріміз [22, 30].

Өлеңнің басында да, соңында да ақын қараңғы түнде адасып кеткен жол бастаушы мен оның серігінің арасындағы диалогті келтіреді. Өлең мазмұнынан екеуінің де көңіл-күйін байқаймыз. Екінші адамның жөнсіз сұрағына жол бастаушының қайтарған қыңыр жауабы «Тіріміз бе, ей?» «тіріміз», «өлеміз бе, ей?» «өлеміз» сөздерінен екі жолаушының да мінез-құлқын айқын байқауға болады.

Өлеңде сұрақ қоюшының шыдамсыздығы мен жауап берушінің қырсық мінезі анық көрінеді. Ақын қарапайым диалог арқылы екі кейіпкердің ішкі дүниесін

ашады, олардың өмірге деген көзқарасын, бір-бірімен қарым-қатынасын сөзбен шебер жеткізеді. Айдаладағы екі жолаушының сөздерінде белгілі бір қарама-қайшылық бар: біреуі тез жауап күтіп, шыдамсыздық танытса, екіншісі өз ойын қасарысып, қырсықтықпен жеткізеді. Бұл диалогтің драматизмін күшейтіп, кейіпкерлердің мінез ерекшеліктерін айқындайды.

Ақын диалогтің соңын бір мәмілеге келтіріп, «Өле кетсек, өлгендердің біріміз», «Қорықпаңыз, біз әзірге тіріміз» деген жол бастаушының сөзімен аяқтайды. Бұл екі ауыз сөздің астарында үлкен философиялық ой жатыр: өлім мен өмірдің мәңгілік тақырыбы, тағдырға деген қабылдау мен күресу. Диалог соңындағы осы сөздер оқырманға өмірдің өтпелілігін, адамның тағдырына қарсы тұруға немесе оны қабылдауға қатысты үлкен мәнді ашып береді. Бұны ақынның диалогтік ойтолғамы деп тануға болады.

Ақын өмірдің екі жақтылығын — қиындық пен үмітті, қорқыныш пен сенімді — бір диалогке сыйғызып, оқырманға өмірдің мәні мен оның философиялық тереңдігін ұғындырады.

Көркем сөз кестесіне түскен қарапайым сөз бірліктері қалам құдіретімен әртүрлі мағыналық реңктерге бөленеді. Жасы үлкен адамдарды *қария, ақсақал* деп құрметпен қарау дәстүрлі қазақ мәдениетінде этикалық қатынастың нормасына айналған.

Кейбір халықтардың мәдени-этикалық дәстүрінде *қарт* адамдарды биологиялық жақтан қартайған, күш-қуаты әлсіз, қоғамның, айналасының қолдауы мен жәрдеміне мұқтаж мүсәпір жан есепті түсініп, аяушылық сезім басым болса, қазақы дәстүріндегі орта, керісінше, «аяушылық сезім емес» қарттарды *ақылгөй, көпті көрген жан* деп білетін және өздерін олардың алдында қарыздар санайтын түсінік әлеуметтік стереотипке айналған.

Ал *шал* - «ауыл-аймақ, ел ішіндегі әлеуметтік істерден сырт қалып, көбіне бала-шаға, үйелмен жайын күйттеп жүретін, едәуір жасқа, келіп шау тартқан адам» деген түсінік тілдік санамызда орныған қалғаны да белгілі. Ал ақынның құдіретті қаламы осы бір қарабайыр сөйлеу тілінің ырқындағы атаудың этикалық мазмұнында бүгулі жатқан құндылықты қайта жаңғыртып, бәрімізді қазақтың қара шалымен қайта табыстырады. Ақын көкейінде жүрген көп сұраудың біріне берген жауабы диалогтік ойтолғамның толық үлгісі бола алады:

- *Осыншама ақылды кімнен, балам, үйрендің?*
- *Ішіндегі шалдардан анау қараша үйлердің*
  Бірін төре, бірін би етсем деген ойым бар,
  Бабам қолдап, бір кезде маған билік тиген күн, - деп жауап береді.

Мұқағали абырой, кішілік, ақыл-парасат тәрізді адами этикалық құндылықтарды алдымен қараша үйдің қара шалынан іздейді.

Мәңгілік адами құндылықтар қатарында *бақыт* деген аса күрделі этикалық ұғым бар. Бірақ, бақыт деген не десек, оның бәрімізді мойындатқан жауабы жоқ. Бұл атаудың нені білдіретіні айтылғанмен, көпқырлы семантикалық спектрдің бір

ғана қыры. Сол сияқты ақынның жаңағы қараша үйдегі қара шалының бақыт туралы айтқаны қараңғыда санамызға түскен нәзік сәуленің бір үзігіндей көрінеді. Ақын өзінің диалогтік ойтолғамы арқылы бақыт ұғымын былайша түсіндіреді:


- *Бақыт ізде мал бақ, мейлің тас қала,*
Бірақ балам, мынаны естен тастама.
Бақыттысың бақыт ізде сорласаң
Бақытты боп сорлап жүрсең масқара!

Ақынның айтып отырған қара шалы кім? Ол – өткен күндердегі зерттеулердің сөзімен айтсақ, ақылман қарттың жиынтық бейнесі. Ал бүгінгінің сөзімен айтсақ, Мұқағали ақынның қара шалы – қарт бейнесінде заттанған, яғни персонификацияланған рух.

Ақынның табиғатты ерекше сүйген, одан нәр алып, оған айрықша үн берген өлең шумақтары диалогтік ойтолғамның озық үлгісі бола алатынына көз жеткіздік.

Драмадағы диалогтің ерекшеліктері

Диалог – драмалық шығармалардың жаны. Драмалық шығармаларда диалог бүтін шығарманың көркем болмысын жасайды, үлкен қызмет атқарады. Демек, пьесадағы әрбір кейіпкердің жауаптасуында үлкен жүк, астарлы салмақ жатады. Автор соның бәрін шашау шығармай, санаулы кейіпкерлермен тілімен беруге тырысады. Драмалық шығармалар тілін зерттеген ғалым А.Тымболова қазақ драмалық шығармалардағы диалогтің түрлерін анықтайды: [80, 123].



6-сызба. Драмалық шығармалардағы диалогтің түрлері.

Драмалық сөйлеуде импровизация маңызды рөл атқарады. Мұнда коммуникацияға қатысушыларды ортақ жағдай біріктіреді, ал қарым-қатынасқа

қажетті тақырып, әңгімелесушілердің белсенді өзара әрекеті және кейде эмоционалды бағыттылығы байланыс жасайды. Ал монологтік сөйлеуде адресаттың реакциясы міндетті емес, қосымша рөл атқарады.

Драмалық диалог – көркем әдебиет тілінің бір нұсқасы және сол тілдің эстетикалық құндылығы ретінде қолданылады, күнделікті қарапайым тілмен салыстырғанда оның өзіндік табиғаты айқын байқалады.

Зерттеуші А. Айтбенбетова драмадағы диалогті былай сипаттайды: «Драмадағы диалог табиғи ауызекі диалогке ең жақын. Олардың негізі де, сыртқы сипаты да ұқсас, тек әшекейлері әрдайым бірдей емес. Драмадағы диалогтің жеңіл әрі көркем болғандығы соншалық, оқырман оны тез түсініп, тез есте сақтайды». Диалогтің эстетикалық әсері туралы ол: «Драмадағы диалог сөйлеу тілі диалогіне бағынышты бола отырып, коммуникация заңдылықтарына ықпал етеді және оқырманға эстетикалық әсер ететін жаңа кеңістік қалыптастырады. Реалистік драмада диалогтегі қосымша сөз мағынасы жазушының көркемдік жүйесімен және идеялық мақсаттарымен үйлесе отырып, эстетикалық тұрғыдан ең әсерлі элементке айналады», – деп түйіндейді [78, 71].

Ойтүйін: Демек, ауызекі және прозалық шығармалардағы диалогтерден драмалық диалогтің басты айырмашылығы – қысқа да нұсқа, ықшамдылығымен, әсерлілігімен, нақты жағдаятқа құрылуымен, стилистикалық тұрақтылығымен, просодикалық табиғатымен айрықшаланады.

Ментальді мәтіндердегі метатанымдық диалог – прозалық, поэзиялық және драмалық шығармалар арқылы беріліп, олар жеке мәтін ретінде немесе бір мәтіннің ішінде араласа келіп, автордың интенциясын жүзеге асырады.

2.2 Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат

Лингвомәдениеттану саласында тіл тек коммуникация мен таным құралы ғана емес, сонымен бірге ұлттың мәдени коды ретінде де қарастырылады. Әлемнің ұлттық тілдік бейнесі тіл бірліктері мен оның ұғымдық-категориялық құрамындағы мағыналық элементтерді ұлттың қабылдауы мен дүниетанымы тұрғысынан сипаттайды. Адамның когнитивті қызметі мен мәдениет қалыптастыру үдерісінің негізгі механизмдерінің пайда болуы мен дамуы кезіндегі тілдің рөлін зерттеу ақиқат болмыстың тіл арқылы бейнеленуін ашып, мәдениет өкілдерінің дүниетанымы, эстетикалық нормалары және діни наным-сенімдері туралы жан-жақты ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Әр этностың өмір сүру сипаты ұлттың рухани ерекшеліктеріне байланысты ана тілінде сақталады. Өйткені тілде әр ұлттың өзіндік ойлау ұғымдары мен бағыт-бағдарын сипаттайтын лексика қалыптасады. Қазақтың ұлттық әдеби тілінде мұндай лексика айтыс өлеңдерінде көрініс табады.

Айтыс – екі адамның өнер жарыстырып бәсекеге түсуі, ол қара сөзбен де, белгілі бір аспапта ойнаумен де немесе суырып салма өлеңмен де жүзеге асуы мүмкін. «Өнер алды – қызыл тіл» деп сөз өнерін жоғары бағалаған халық айшықты

сөзге бай ақындар айтысына ерекше мән беріп, оны ұрпақтан-ұрпаққа жалғастырып келген. Өзінің осы төл өнері арқылы халық дүниетанымын, рухани және материалдық байлықтарға деген көзқарасын, болашаққа қатысты болжауларын білдірген. Айтыс – бүкіл бір халықтың сөз байлығын ғана емес, оның ойлау жүйесінің сөзде көрініс тапқан бедері мен бейнесін көрсететін өнер түрі.

Айтыс жанрының табиғи белгі-сипаттарын ашып саралағында, оның ел дәстүрі мен соның кәсіп-тіршілігіне, таным-түсінігіне тікелей байланысты көрініс табатынын академик-ғалым М.Әуезов тап басып танып, ғылыми байсалдылықпен дәлелдеп берген еді. Ол осыған орай: «Халық әдебиетінің өркендеп дәуірлеген шағы – халықтың шаруасы күйлі, үдере көшіп ен жайлап, сауық-сайран, мереке-қызықпен күнелткен көшпелі тұрмыста болған шақтарында болды. Егер халық көшпелі тұрмыстан қалып, отырықшы тұрмысқа айналса, отырықшы халықтың кәсібіне кіріп, еңбекпен күнелтіп, бос жүретін іссіздікті тастаса, бұрынғы ойын-той, сауық-сайран сиреп жоғала бастайды», - деп жазған еді [106, 240].

Көрнекті ғалым Ахмет Байтұрсынұлының осы бағыттағы зерттеулерінде бұл жанрдың драмалық-театрлық түрге ұласу жолдарына, ғни «алаңдық айтыс-тартысқа» ауысуына мүмкіндігі мол екеніне ерекше мән берген. Ғалым осы мәселеде: «Сөз өнерінің бұл түрі Европа тілінде тек «айтыс» мағынасында емес, «айтыс-тартыс, арпалыс» мағынасында ұғынылады. Біздің қазақ Европа мәдениетінен үлгі алмай, әдебиетін өз бетімен жетілдіргенде, қазақтың айтыс өлеңдері алаңға түсе-түсе барып, алаң айнасына айналып, айтыс-тартыс түрге түсетіні даусыз еді. Үлгіні өзге жұрттан алғандықтан, алаң әдебиеті бізде төтеннен шығып қалды», - деп жазған болатын [107, 409].

Қазақ айтыс өнерінің шығу тегі мен жанрлық ерекшеліктерін анықтауда М.Әуезов пен С.Мұқановтың зерттеулері ерекше маңызға ие. Олардың еңбектері арқылы айтыстың қазақ мәдениетіндегі орны, даму жолы және жанрлық сипаттары терең талданды.

М.Әуезов айтыстың шығу тегін қазақтың тұрмыс-салт жырларымен байланыстырып, оны жеке жанр ретінде қарастырды. Оның пікірінше, айтыс – халықтың күнделікті өміріндегі оқиғалар мен мәселелерді бейнелейтін поэзиялық диалог түрінде қалыптасқан. М. Әуезов айтыстың драмалық белгілеріне назар аударып, оның ішкі тартыс пен қызуқанды пікірталасқа құрылғанын ерекше атап көрсетеді. Айтыс өнеріндегі эмоциялық қақтығыстар, қарсыластардың ойы мен пікірлерінің ашық түрде қақтығысып, тыңдаушының назарын аударатын драмалық элементтеріне мән береді. Осы арқылы айтыс халық өміріндегі өзекті мәселелерді талқылаудың, пікір алмасудың құралы ретінде қарастырылады.

С.Мұқанов өз еңбектерінде айтыстың халық өміріндегі рөлі мен көркемдік ерекшеліктеріне талдау жасап, оның қазақ қоғамындағы мәнін ашып көрсетеді. Айтысты халықтың рухани мәдениетінің бір бөлігі ретінде бағалап, оның суырыпсалмалық өнер ретіндегі жоғары деңгейін атап өтеді. Айтыскерлердің шеберлігі, олардың ойлау жылдамдығы мен сөз тапқырлығы қазақтың көшпелі өмір

салтымен тікелей байланысты деп есептейді. Зерттеулерінде айтыстың көркемдік сипаты мен айтыскерлердің тілдік құралдарды шебер қолдануы, олардың ақындық қабілеті жоғары бағаланады.

Академик М.Әуезов пен С.Мұқанов айтыс жанрын терең талдап, оны тұрмыс-салт жырларынан бөлек дербес жанр ретінде қарастырса, басқа зерттеушілер де айтысты әр түрлі қырларынан зерттеп, түрлі жіктемелер жасаған.

Қ.Жұмалиев өз зерттеулерінде айтыс жанрын тұрмыс-салт, әдет-ғұрып, эпостық сипаттарға байланысты жіктеп, нақты мысалдар арқылы олардың ерекшеліктерін түсіндіруге тырысқан. Оның зерттеулері айтыстың құрылымдық, мазмұндық және тілдік ерекшеліктеріне терең талдау жасауға бағытталған. Бұл зерттеулер айтыс жанрының байлығы мен күрделілігін көрсетуге үлкен үлес қосқан.

Б.Кенжебаев ірі, көркем айтыстарды «өлеңмен жазылған роман» деп бағалаған. Оның пікірінше, айтыстарда эпикалық сипат, кейіпкерлердің бейнеленуі және оқиғалар дамуы роман жанрына тән көркемдік элементтерге жақын келеді. Бұл айтыстың шынайы өмірді бейнелеп, қазақ қоғамындағы әлеуметтік, мәдени, тұрмыстық мәселелерді терең талдайтын жанр ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Е.Ысмайылов айтыстарды «сюжетті роман» деп сипаттап, олардың мазмұнында күрделі оқиғалық желі мен кейіпкерлердің жан-жақты бейнеленуін ерекше атап көрсеткен. Оның пікірінше, кейбір айтыстарда көркемдік деңгейі соншалықты жоғары, олардың сюжеттік құрылымы прозалық роман жанрына ұқсас келеді.

Бұл зерттеулер айтыстың тек өлеңдік форма ғана емес, қазақ халқының рухани мұрасындағы ерекше орын алатын жанр екенін көрсетеді. Жанрлық жіктеулер арқылы айтыстың күрделі де бай мазмұны анықталып, оны көркемдік құбылыс ретінде қарастыруға мүмкіндік береді.

Зерттеуші Е.Тұрсынов айтыстың шығу тегін ерекше көзқараспен түсіндіріп, оны көне дәуірдегі құдалық кезіндегі әзіл-сықақ пен жұмбақ айтыс рәсімдерімен байланыстырады. Оның пікірінше, айтыс бірден ақындық өлең түрінде қалыптаспай, оның шығу тарихы ұзақ эволюциялық процестен өткен. Айтыстың бастапқы формалары құдалық кезінде, яғни екі жақ туысқан рулардың арасында сөз жарыстыру дәстүрінен басталған.

Бұл көзқарас айтыстың әлеуметтік және этнографиялық мәнін ашуға бағытталған. Е.Тұрсыновтың айтуынша, құдалық айтыстар мен қыз бен жігіт арасындағы айтыстың түп-тамыры бір, себебі бұл айтыс түрлері негізінен қыз алысып, қыз берісу сияқты руаралық қарым-қатынастардан туындаған. Мұндай салт-дәстүрлерде сөз жарыстыру – өзара әзілдесу, жұмбақ айту, пікір алмасу сияқты элементтер басты рөл атқарған. Құдалар арасындағы айтыс әдетте еркін, ойын түрінде өтетін болса, кейінірек ол дамып, ақындар арасындағы суырыпсалма айтысқа ұласқан [108, 163].

Қазір терминге айналған «айтыс» сөзінің мәні, қайтсе де, диалогке келіп тіреледі. Оған нұсқап тұрған «-ыс» жұрнағы. Қазақ тіл білімінде диалогті «сөйлесім» деп атау жиі ұшырасады. Сөйлесім мен айтыс ортақ құбылыстары бола тұра, өзіндік сипаттарға ие екі түрлі нысан. Сөйлесім немесе диалог жалпы тектік мәнде қолданылып, «айтысты» да қамтыса, «айтыс» - сөйлесімнің халық поэзиясындағы өзгеше бір көрінісі.

Диалог негізінен қос тағаннан, сұрау мен жауаптан тұрады. Бұл – ауызекі сөйлеу тіліне тән. Ал диалогті екі адамның тіл қатысуы ретінде жалпы мағынасында алсақ, ондағы репликаның ұзақ период, монолог түрінде де болатынын байқаймыз. Оның бір дәлелі – айтыс. Сондықтан диалог функционалдық стильдердің ішіндегі ауызекі сөйлеу стилімен шектелмейді. Мұның да дәлелі – айтыс.

Айтыс тілін қай стильге жатқызу қажеттігі туралы мәселені тілтанымдық тұрғыда шешкен ғалым – Р.Сыздық. Ауызша дамыған қазақ әдеби тіліндегі өлең сөз үлгілерін, ауызша дамыған әдеби тілдің белгілері мен даму кезеңдерін жүйелеген ғалым ауызша айтылатын әдеби сөздің ерекше түрінің бірі ретінде айтысты таниды: «Бұл күнде көбінесе алқатоп алдына шығатын ауызша айтылатын әдеби сөздің бір түрі – айтыс туындылары. Айтыс – қазақ мәдениетінде нағыз ұлттық сөз өнері, ауызша дамыған әдеби тілдің ерекше көркем үлгісі. Бүгінгі қазақ айтысындай сөз үлгісі – ауызша дамыған әдеби тілдің типі өзге алыс-жақын тілдерде (халықтарда) сақталмаған, қазақ мәдениетінде ертеден келе жатқан дәстүрлі, ұлттық сөз түрі. Демек, қазақ айтысы – халықтар мәдениетінің сақталып тұрған бір жарқылы, тіл ұшқыны», – деп жазады [109, 94].

Айтыс – рухани құбылыс, өнер. Ал кез-келген рухани құбылыста, өнерде негіз болады. Көне заман философтары Сократ пен Платон, Аристотель диалектиканы диалогтің жетістігі деп санаған. Шындыққа жетудің айқын жолы диалог деп таныған [110, 180-189]. Әйгілі философ Әл-Фараби диалектика өнері адамға қабілет пен қайрат беретінін, адам шындық пен философия деңгейіне диалектикалық диалогке деген қабілетін шыңдау жолымен ғана жететін жазады [111, 221]. Конфуцидің де өз ой түйіндерін диалог жолымен жасағанын еске түсіру артық болмайды. Қоғамтанушылардың түсіндіруінше, диалогтің төрт жолы бар.: «Бірінші, диалог – ақиқатқа жетудің жолы. Бұл тұрғыда «Платон – менің досым, бірақ ақиқат бәрінен де қымбат» деген қағиданы ұстануымыз керек еді. Екіншісі – өз әріптестерін мүмкіндігінше өзінің ығына көндіруге тырысатын диалог. Үшіншісі – тек жеңіске жетуді көздейтін диалог. әр уақытта қателеспеймін, тек дұрыс қорытынды жасаймын, талассыз шындықты айтамын деушілер басқа әріптестерін өзіне қалай да көндіруге тырысып, диалог емес, монологке ыңғайлайды. Төртінші, диалог кейде диалог үшін жүргізіледі» [112]. Ойлауымызша, қазіргі айтыста осы жайттардың бәрі де бар.

Шын ақындардың диалогі (жауаптасуы) көрініп тұрады. Өйткені айыстағы конфликт осы диалогтен шығады. Оны зерттеушілер ертеден-ақ байқаған. Мәселен, А.Янушкеевич айтыстағы диалогте туатын шиеленісті былайша сипаттайды:

«Айтыс басталды. тылсым тыныштық қайтадан орнады. Олимп ойындарындай-ақ екі ақын бір-бірімен сайысқа түсті. Бірі шумақпен атқылай бастаса, екіншісі шебер қорғанады. екеуі де қыза-қыза айтысты қатты шиеленістірді» [113].

Айтыста диалог тосын құралады, сондықтан сауал беру мен жауап беруде тапқырлық қажет. Оның сырын С.Мұқанов егжей-тегжейлі түсіндіреді: «Айтыстың бір ерекшелігі – мұнда жаттама даяр өлең аз болады. Айтыс өлеңнің көбін айтысқан ақындар жаңадан, ойынан шығарады. Бұған себеп - айтыс тақырыбының тыңнан болуы. Айтысқа түскен екі ақын айтысар алдында не туралы айтысарын көбіне білмейді. Содан кейін жүрген жолдарының мәнісін сұрастырады. Осы амандық, жөн сұрауда бірінің бірі аңысын аңдып, жеңер арнасын іздейді. Әрине, айтысқа түскен екі ақын да күн бұрын соқтығар жерін ойлап отырады, бірақ кейде ол ойы болмай қап, қарсы ақын ақын оны басқа тақырыпқа бұрып әкетеді. Күтпеген сұрауға кенеттен тез жауап бермеген кісі ақын емес, әр айтысқа түскен ақын айтысқа түсерден бұрын жаттама өлеңге сенбей, күшін кенеттен берілетін мәлімсіз сұрауларға әзірлейді. Ақынның көпшілік көзіне ақын боп танылуы осындай тез тапқырлығы мен сөзінің өткірлігінде» [114, 6].

Көркем сөздің ауызша туатын қай түрінде болсын, айтушы мен тыңдаушының арасында, философтардың пайымдауынша «іштесу» деп аталатын психологиялық әрекет пайда болады. Тыңдаушы айтыста туып жатқан тапқыр ой мен әсем сөздерді өзі қоса жасасып отырғандай іштей жақындасады. Мұны тыңдаушы дыбыспен де, қимылмен де білдіріп отырады. Бұл – іштесудің сыртқы көрінісі. Ал ішкі психологиялық қабысуда тыңдарман өзі де бүтіннің бөлшегі болып отырғанын сезеді, бірақ бұл сезім санадан тыс жүріп жатады. Айтыс барысында тыңдаушы орынды ой, әсем тіл әлеміне осылайша еніп қана қоймайды, енді өздері айтыскерлерге әсер етеді: оларды шабыттандыра түседі, арқаларын қоздыра түседі, бір сөзбен айтқанда айтыскерлер мен тыңдармандар бір-бірімен іштей табысады.

Айтыстың өзіне тән тілдік ерекшеліктері де жоқ емес. Айтыскерлер мен тыңдаушылардың дискурстық қатынасының талабы: айтушы тыңдауышының аялық білімімен санасады. Бұл жерде *айтушы – мәтін – тыңдаушы* үштағанының сәтті үйлесімі айтыс арқылы көрінеді. Мұнда тыңдарманның аялық біліміне тек жаңа атаулар мен жаңа ұғымдардың сай екендігінің ғана емес, қазақ тілінің байырғы қолданыстарының, әсіресе бейнелі көркем фразеологизмдерін, теңеулерін, меңзеулерін тыңдарманның дұрыс түсінетіндігінің ерекше мәні бар.

Айтыста сөзбен көрінетін бәсеке жарыстары болады. Бұл жарыстар айтыскер өзін биіктен, айтыскерлік дарынын, сүйенетін тіректерін: ұстаздарын, ел жақсыларын, өз жағының байлығын, батырлығын, тектілігін айтып бәсекеге түседі. Бұл әрекет те әр кезеңде әртүрлі сипат алады. Бұл белгі сипаттардың барлығы айтыстың адресанттарының құрамына, олардың білім дәрежесіне, жастарына, жыныстарына қарай көрініп отырса, адресаттары – айтыс тыңдармандарының аялық біліміне, яғни айтыс тақырыбына қатысты мәселелер туралы түсігінігінің бар болуымен санасу керектігіне қарай тағы танылады. Тағы бір ерекше жағдай айтыста

екі ақын кезекпе-кезек бірде сөз айтушы (адресант) және тыңдаушы (адресат) позициясында бола отырып, екеуінің де сөздерінің тыңдаушысы және болады. Сондықтан айтыста дсикурстық қатынас екі сатылы деуге болады. Әрине, айтыс дегенді дискурс құбылысы ретінде екі ақынның айтыс өлеңдерін мағыналық, логикалық, стилистикалық жағынан тұтасып тыңдаушыларға бағытталған бір мәтін деп санап, *айтыскерлер – сөз – қабылдаушы* үштағанында көпшілік болып түзіледі. Демек, айтыс ақындарына дискурстық қатынастың міндеті екі рет түсетінін байқауға болады [115, 41]

Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат – *бәдік айтыстарда* жиі көрініс табады. Бәдік өлеңдері негізінен жауаптасу үлгісінде келеді.

Қыздар: *Бәдік кетіп барады мекесіне,*
Ешкі арығын білдірмес текесіне.
Онан көшер жеріңді мен айтайын,
Бар да жабыс жігіттің шекесіне.

Жігіттер: *Темір бәдік дегенде, темір бәдік,*
Қу қыздардың шекесін кемір, бәдік.
Семіз қыздың ішіне кіріп кетіп,
Бүйрік майын жедағы семір, бәдік.

Қыздар: *Бозбаланың көш, бәдік, санына көш,*
Жатыпішер жалқаудың қарнына көш.
Онан көшер жеріңді мен айтайын,
Жігіттердің қушиған жағына көш!

Жігіттер: *Ақын қыздың көш, бәдік, тіліне көш,*
Бақта ашылған сарттардың гүліне көш.
Көш айласын білмесең мен айтайын,
Бұратылған қыздардың беліне көш.

Осылайша, бәдік айтыс жеңіл де жарасымды әзілмен, жылы юормен ел көңілін сергітетін, жастарды табыстыратын сауық-сайранға, қызық-думанға ұласқанын көреміз. Түрі, түсі белгісіз, ескі наным-сенімнен туған бәдіктің жігіттің шекесіне, қушиған жағына жабысуы езуге еріксіз күлкі үйіреді. Жігіттердің де қапы қалмай бәдікті семіз қыздың бүйрек майымен семіртуі, қу қыздардың шекесін кеміртуі зілсіз юмордың бояуын қоюландыра түседі. Бәдіктің семіз қыздың ішіне кіріп кетуі, бұратылып белінде жүруі әзілді әрлендіріп, көңілді кештің көрігін қыздыра береді.

Бәдіктің диалогке құрылған мәтіндері айтыс жанрынан ерекшеленеді. Айтыста қыз бен жігіттің есімдері жиі аталса, бәдік мәтіндерінде бұл ерекшелік жоқ, өйткені басты мақсат – жеке тұлғалар арасындағы өнер жарысы емес, дәстүрлі

ғұрыпты орындау. Бәдік әндері мен өлеңдерінде қатысушылар өнерпаз ретінде емес, дәстүрдің маңызды бір бөлігі ретінде әрекет етеді.

Бәдік диалогінің тағы бір айырмашылығы – оның қатысушылары нақты қыз бен жігітпен шектелмейді. Диалогте кез келген адам сөз алып, өз еркімен айта береді, бұл оны айтыстан айрықша етеді. Диалогтің осындай ашық, еркін формасы бәдіктің өзіне тән ерекшелігін көрсетеді.

Айтыс дискурсындағы диалогтің әуен-сарынға негізделуі оның көркемділігін ерекшелендіре түсетіні сөзсіз. Әуен-сарын айтыстың көркемдік қуатын арттырып, диалогтің шынайылығын әрі мазмұн байлығын тереңдетеді. Диалогке қосымша эмоционалдық әсер беріп, тыңдаушы мен көрерменнің назарын аудартады. Қыздар мен жігіттердің арасында кезектесе айтылатын диалогтік мәтіндер белгілі бір рөлдерді сомдауды, әрекеттесуді талап етеді, бұл жағынан олар театрлық қойылымдарға жақын. Демек, біз зерттеп отырған айтыс дискурсының қай формасын алсаңыз да сөйлеуші мен тыңдаушы арасында орын алып, коммуникативтік ниет диалогтің қызметі арқылы жүзеге асатынын бағамдауға болады.

«Әу-жар» немесе **«Жар-жар»** – қазақтың ежелгі айтыс түрлерінің бірі және ол көбінесе әзіл-сықақтық сипатқа негізделген. Бұл айтыс ұзатылар қыздың тойында, тойдың соңына қарай орындалады. Жар-жар айтысының басты мақсаты – қыздың көңілін аулап, жаңа өмірге қадам басар сәтінде оны әзіл-қалжың арқылы жұбату, қоштасу, сондай-ақ алда болатын өзгерістерге дайын болуға шақыру.

Жігіттер: *Қара насар, замандас, қара насар, жар-жар,*
Қара мақпал сәукеле шашың басар, жар-жар.
Мұнда әкем қалды деп қам жемеңіз, жар-жар,
Жақсы болса қайын атаң орнын басар, жар-жар.

Қыз: *Есік алды қара су майдан болсын, ай-ау,*
Ақ жүзіңді көргендей айнаң болсын, ай-ау,
Қайын атасы бар дейді бозбалалар, ай-ау,
Айналайын әкемдей қайдан болсын, ай-ау! [116, 43] – деп басталып, жігіттер де, қалыңдық та қайын жұрты мен өз туыстарын бір-бір ауыз өлеңмен атап шығады. Әр шумақтың басында қайталанып келетін жолдардан да, бір үлгіде айтылатын өлең пішінінен де жар-жардың көбіне жаттама өлеңдер болып келетіні аңғарылады.

«Жар-жардың» **бәдіктен** айырмашылығы оның діни нанымдардан емес, қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне байланысты туындағанында. Бұл өлеңде көбіне тұрмыс-салт элементтері, атап айтқанда, үйлену, ұзатылу және жаңа өмірге қадам басу секілді әлеуметтік құбылыстар бейнеленеді. Жар-жардың бір ерекшелігі – бұл айтыс формасы тұрақты болып, ұзақ уақыт бойы халықтың салт-дәстүрімен бірге сақталып келген.

Осы тұста А.Байтұрсынов: «Жар-жар қыз ұзатар үйде ұзататын қызды жұбату үшін айтылатын өлең. Жар-жарды екі жақ болып бастап, соңынан бір жақты етіп жібереді. Олай болатын себебі жұбатушының сөзіне әуелі жауап қайырылып отырады. Сонан соң жұбату сөз қыздың жақындарын жұбатуға ауып кетеді. Екі жақ болған жерінде жұбатушы жақ жігіттер болып, қарсы жағы қыздар болып айтады, - дейді [117, 252]. Демек, жар-жар айтысы екі адамның айтысы арқылы да, хор арқылы да, сонымен қатар екі жақтың бөлініп өлең айтуы және екі адамның өлеңінің қайырмасына ғана қосылу ерекшелігі жар-жардың көп құрылымдылығын танытады. Бірақ, қай түрін алсақ та диалог арқылы жасалғанын анық көреміз.

Және бір ескеретін ерекшелік «Әу-жар» айтысында ғана жігіттердің өлеңді де, ондағы әзілді де бірінші болып бастауы. Ал басқа жағдайда өтетін қыз бен жігіт айтыстарында уытты сөздің салмағы қыздар жағына көбірек тиесілі болады:

Жігіт: *Айт дегенде айтайын той қылған қыз,*
Семіз бие тойына сойғызған қыз.
Ұзатылу той қылып үлкен қызық,
Кетемін деп үйінен ой қылған қыз, - деп жігіт бірден отқа май құйғысы келсе, қыздар кейде өрелі өлеңмен ата дәстүрін дәріптей сөйлейді.

Сөз таба алмай әріптес сасайын ба,
Бұрынғының жолынан асайын ба,
Бұрынғының дәстүрі болғаннан соң,
Елден аулақ жапанға қашайын ба [116, 71]

Әу-жар айтысының өзгермейтін «трафарет» үлгісі болсын, кейінгі өзгерген түрі, жаңашаланған формасы болсын мұнда диалог, яғни, екі адамның жауаптасып сөйлесуі қатаң сақталады. Бәдік өлеңдерден, өтірік өлеңдерден, арналы айтыстарға қарағанда «Әу-жарда» диалог айқын көрінеді. Себебі, арналы сүре айтыстарда көбіне ақынның ішкі ой толғамдары мен көріп білген пайымдаулары ұзақ сонау толғау немесе монолог ретінде берілуі мүмкін. Ал қарсыласы сол толғауда айтылған ойдың қапы кеткен жерін тауып, әріптесін сүріндіруге талпынады. Әужар түре айтыс түріне жататындықтан мұнда лезде сөзге жауап беру, ұтымды уәж айту басты назарда болады. Жеке монологтен гөрі іліп-шалу, қысқа қайыру сынды диалогтік сипат басым болады. Айтыс көлеміне қарай түре, сүре деп бөлінеді. Түре айтыс дегеніміз қарсыласын көп ұзатпай түріп отырып, немесе әр ойын бір ауыз өлеңге сыйғызып түйіп отырып айту дегенді білдіреді. Ал сүре айтыс керісінше, ұзағырақ сілтеп, алыстан орағытып, бір кезекте бірнеше ой айтып кеңінен көсілетін жарыс. Көбіне түре айтыстарда диалогтік сипат басым болып келеді.

Жігіт ұзатылып бара жатқан қалыңдыққа қолы жетпегеніне өкініш білдіре отырып, кейде әзіл сөздің арнасын астарлап басқа бағытқа бұрып әкету «Әужар» айтыста жиі орын алады. Бұл әрине, тыңдаушы көпшіліктің де көңілінен шығып ду еткізер тапқыр сөз болуы тиіс.

Жігіт: *Жердің сәні болмайды ел кеткен соң,*
Елдің сәні болмайды сен кеткен соң.

Кетеріңде сіңліңе тапсырып кет,
Өгейсітіп жүрмесін ержеткен соң.

Қыз: *Боз қазанат дегенде, боз қазанат,*
Құдай қосса сіңлім де болды азамат.
Кетерімде сіңліме тапсырайын,
Жігіт болсаң жол тауып кел бір замат [116, 54].

Айтыс дискурсында ақындардың жауаптасуына құрылған айрықша түрі – қайым айтыс. Қайым айтыс – айтыс өнерінің ерекше әрі ең қызықты түрлерінің бірі. Бұл айтыс түрі шынайы суырыпсалмалықты, ақындық тапқырлық пен жылдам ойлау қабілетін талап етеді. Қайым айтыстың басты ерекшелігі – қарсыластың өлеңінің құрылымын бұзбай, сол ұйқасқа және ырғаққа жауап қайтару. Ақындар алғашқы екі жолды сәл ғана өзгертіп немесе сол қалпында қайталап, соңғы екі жолды өз жауабымен толтырады. Бұл жерде айтыскерлердің шеберлігі мен тапқырлығы ерекше көрінеді, себебі әр жауапта жаңа ой қосылып, қарсыластың айтқанына салмақты әрі мағыналы жауап берілуі қажет. Күдерінің әзілдеп айтқан өлеңіне Ұлбике шымыр жауаптар қайтарып, тойтарып отырады. Онысы кейде өткір сыннан асып, ащы әжуаға айналып жатады. Қыз бен жігіт қақтығы шапшаң жауаптасып, бір-бір шумақтан қайтарылып отыратын, диалог сипатындағы қайым, түре айтыс түрінде келеді. Мысалы:

Күдері: *Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,*
Зинақор бір құдайды еске алмады.
Өлеңнің бес-алты ауыз арқасында,
Қасыма қыздар келді қос алмалы.

Ұлбике: *Сексеуіл құмға бітер басы алмалы,*
Зинақор бір құдайды еске алмады.
Тұсыңда қыздар болса қос алмалы,
Қожа қайтіп ұстайды ақ шалмалы? [116, 89] – деген үлгіде өлең ұйқасы еш өзгермеген, бұл аса оңай болып көрінгенімен айтыста басты басымдылық өлең ұйқасында емес, айтылар уәжде болатынын ескерсек, диалог құрылымындағы қыздың тапқырлығы айрықша мәнге ие.

Айтыста қарымта жауап берудің екі түрі сөз қуалап жауап беру және ой қуалап жауап беру тәсілдері кеңінен қолданылады. Түре айтыс үлгісінде көбінесе сөз қуалап айту әдісі, сүре өлеңде ой қуалап айту әдісі қолданылады:

Бір құсың өзің бойдақ, өзің ақын,
Ауылың жылдағыдан биыл жақын.
Мазамды ала бермей әр нені айтып,
Маңымнан аулақ жүрші, ей, қу тақым, – десе, жігіт табан астында сөзден ұстап:

Бойжеткен қуантады қуланғаның,

Сөзіме менің айтқан уланғаның.
Қит етсе қу тақым деп тақылдайсың,
Тақымның қалайтындай суланғанын, [116, 91] – деп іліп әкетеді. Бұл диалогтік сипатта сөз қуалау әдісі қолданылып тұр. Әйтпесе қу тақым деген сөз метонимия. Қыз тақым туралы емес сүрбойдақ жігіт туралы айтып тұр. Алайда тісқаққан жігіт қыздың дәл осы сөзінен ұстап отыр. Бұған ашуланған қыз айтысты әрі қарай жалғайды:

Кешегі көшкен жұртта қалды қалақ,
Сен емес менің теңім салды балақ.
Байлардың алты ай жаздай қойын бағып,
Ешкі еміп, болыпты әбден ернің жалақ, – деп ұрыса кетсе, қойшы намыстанбай-ақ:

Толыбай ата қоныс мекеніміз,
Еткесін тағдыр кедей не етелі біз?
Байлардың алты ай жаздай қойын бақсақ,
Емерсің ешкі түгіл текені қыз, – деп жауап қатады. Бұл айтыстың диалогтік сипаты арқылы қызды өлеңмен жеңу, әсіресе түре айтыста жеңу мүмкін еместігін аңғаруға болады.

Айтыс дискурсындағы диалогтік сипаттың анық аңғарылатын келесі түрі – *жұптыр айтыс*.

Жұптыр айтыс – екі жігіт, екі қыз қарама-қарсы жақ болып, қара өлең түрінде айтысатын айтыстың бір түрі. Салт-дәстүр бойынша қандастық туыстығы барларға айтысқа түсуге тыйым салынады. Дауыстарының үйлесіміне қарай екі жігіт, екі қыз немесе қос келіншектен – төртеуі екі жұп болып, бір-біріне қарсы қарап, бірі бастаушы, екіншісі қостаушы болып отырысады. Әдетте өлеңді жігіттер бастайды. Алдын ала сайлап алған әндеріне салып, өлеңмен амандаса, айтысуға рұқсат сұрай келеді. Қыз-келіншектер жағы жігіттерге сын тағып, мін айтып, айтысуға басында тең көрмей бәлсінетіндері болады. Ойы терең, сезімі сергек, сөзі сұлу, өнегелі өлеңдермен тапқырлық таныта алған жігіттер ғана тыңдаушы қауымды қостатып, айтысты әрі қарай жалғастыруға мүмкіндік алады. Қос-қостан жұптасып айтысуға негізделген айтыстың бұл түрін төмендегі диалогтер дәлелдейді:

Жігіт жақ: *Атыңды шешең сүйіп қойған Еркін,*
Той болса түзетесің кәмшат бөркің.
Бұлаңдап ұжымақтың хор қызындай,
Бітпеген еш адамға сенің көркің.

Қыз жақ: *Атымды шешем сүйіп қойған Еркін,*
Той болса түзетемін кәмшат бөркім.
Сипатымды келе сап баяндадың,
Есіңді аударды ма менің көркім? [116, 116]

Халық алдында мандат алған ақындардың айтысындай болмаса да, қыз бен жігіттің қара өлең түріндегі жұптыр айтысында томалақ тойдың райын көтеріп, шырайын келтіретіндей тапқыр сөз, бейнелі ой, нақыл нышанды сөз орамдары жиі кездесіп отырады. Айтылмыш ойдың түп қазығы өлеңнің соңғы екі жолында болады. Жұптыр айтыс турасында ғалым Н.Уәли өз ойын былайша сабақтайды: «Жұптыр өлеңнің қайсыбір үлгілерін ақындар айтысына арналған жинақтардан кездестіруге болады. Алайда жұптыр өлең деген ел аузындағы халықтық атауды алғаш қолданып, үйірге қосқан көрнекті ақын, зерделі әдебиеттанушы ғалым Оразақын Асқар өзінің талай жылдар ел аузынан жинаған «Қара өлең» жинағында «жұптыр өлең» топтамасын бергенін еске алып, сондай-ақ қара өленді мәдени құндылықтар қатарына қосқанын атап айтуға болады» [98].

Айтыс дискурсындағы диалог – этноментальді мәтіндер құрамына кіреді. Зерттеуші Н. Ильясова этноментальді мәтіндер туралы былай дейді: «Бұл мәтіндер халықтың қайталанбас ұлттық этникалық ерекшеліктерін сипаттайды. Ұлттың тілдік бейнесін айқындайтын осындай коммуникативтік бірліктерді этноментальді модельдегі коммуникативтік бірліктер деп атаймыз. Олар әрбір ұлттың этникалық психологиясын, әдеп нормаларын және дәстүрлі қасиеттерін танытып, қоғамдық-әлеуметтік этникалық құбылыстардың сырын ашады. Осы арқылы ұлттың этнопсихологиялық ерекшеліктері көрініс табады. Сондықтан адресатты белгілі бір этникалық топтың танымы, эмоциясы және мәдениетімен таныстыратын мәтіндер коммуникативтік бірліктердің этноментальді моделін көрсетед» [118, 226].

Ғалымның пікірін әрі қарай сабақтасақ, айтыс дискурсындағы диалог - әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын, ұлттың рухани-мәдени өмірінің тілдегі көрінісі. Сол себепті біз айтыс дискурсындағы диалогті жеке мәтін ретінде танып, оны *этнотанымдық диалог* деп атаудың еш артығы жоқ деп есептейміз.


Этноментальді мәтіндер арқылы этностың болмысын айқындаудың бірнеше жолдарын көрсетуге болады. Олардың ішінде ең маңыздыларының бірі – *лингвокоммуникативтік қасиеті.* Этнотанымдық мәтіндер әртүрлі жағдаяттарға байланысты айтылатын, мазмұны ұқсас болғанмен алуан формада көрініс табатын, психикалық өзгеріп тудырып, әсерлі сөйлеу үлгісін танытады.

Этнотанымдық диалогтерде сөйлеушінің қызметі жай ғана ақпарат жеткізу емес, оның алдында тыңдаушының болашағына бағдар беретін мақсаттық прагматика міндеті тұрады. Этноментальді мәтіндердің қай-қайсысын алсақ та, олардың құрамында тілдік қатынасқа түсушілер (коммуниканттар) айқын көрінеді.



7-сызба. Айтыс дискурсындағы коммуниканттар моделі

Айтыс дискурсындағы этнотанымдық диалогтердің коммуникативті-прагматикалық маңызы ерекше. Айтыс дискурсында адресанттың (айтыскердің) прагматикалық байланысқа түсуіне адресаттың (тыңдаушы ақынның) айтыс барысында жасырған жұмбағы немесе көтерген мәселесі себеп болады. Айтыс дискурсындағы этнотанымдық диалогтердің коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктерін былайша түсіндіруге болады.



8-сызба. Айтыс дискурсындағы этнотанымдық диалогтің коммуникативті-прагматикалық ерекшеліктері.

Ойтүйін: айтыс – диалогтік сөйлесімнің халық поэзиясы тіліндегі айқын көрінісі. Тыңдаушы мен айтыскер арасындағы қарым-қатынас диалогтің өрбуіне себепкер бола алады. Айтыс дискурсындағы этнотанымдық диалог – оқиға өрбітушілік, оқиғаны дамытушылық, халықты иландыру, адамның мінез-бітімін, сөзсаптаманың даралау қызметтерін атқарады. Айтыстағы сұрауларға орай диалог хор, қара өлең ретіндегі жауаптасулардан құралып, өзіндік ерекшеліктерін танытады.

2.3 Шешендік сөздер дискурсындағы диалогтік қатысым

Шешендік сөз – тілдік, коммуникативтік, философиялық, логикалық, этикалық, психологиялық, тарихи-мәдени т.б. көпқырлы ерекшеліктері бар классикалық формадағы сөз өнері. Шешендік өнер «өнердің падишасы» деп есептелген. Римдіктер сөз шеберлерін төрт топқа бөлген: шешендер, философтар, ақындар және тарихшылар. Шешендік өнер Мысыр, Вавилон, Ассирия, Қытай, Үндістан секілді елдерде айрықша дамыған. Бұл өнердің үздіксіз тарихы Ежелгі Грекиядан бастау алады. Біздің шешендеріміз өз өнерімен ғана танылып қоймай, сонымен қатар би, қолбасшы, батыр, жырау және философ бола білген.

Қазақ тіл танымында шешендік сөзге қатысты алғашқы тұжырымдар А.Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алады. Шешендік сөздердің уытты, лепті, әсерлі, қанды қыздырып, жүрек тулатып, естен айырып, ерікті алып кететін күшті, көрнекті, сәнді, мәнді сөздер екендігін айта келіп ғалым шешен сөздің бес түрін атап көрсетеді: «Шешендердің жиынды ауызна қаратып, нандырып, сендіріп, мемлекет ісіне қарар шығару мақсатымен сөйлегендері саясат *шешен сөзі* деп аталады; шешендер сотта айыпкер адамдарды ақтау, иә қаралау мақсатымен сөйлегенде сот билігіне әсер ету үшін айтқан сөздері *билік шешен сөздері* деп аталады; біреудің халық алдында еткен еңбегін, өткізген қызметін айтып, қошеметтеп сөйлеген шешеннің сөзі қошемет шешен сөзі деп аталады; білімділердің, ғалымдардың мазмұнды сөйлеген сөздері *білмір шешен сөз* деп аталады; дін жайынан сөйлеген ғұламалар сөзі, молдалар сөзі *уағыз* деп аталады» [2, 405].

Қазіргі шешендік сөз үлгілерінің ерекшеліктерін ескере отырып, ғалым М.Серғалиев бес түрлі шартын көрсетеді: шешендік – тілге, сөзге тікелей қатысты құбылыс; ешбір сөз мақсатсыз қолданылмайды; хабар жеткізу тәрізді мақсат қарабайыр ғана орындалмай, ол міндетті түрде сезімге әсер етуі арқылы эмоциялық қызмет атқарады; белгілі бір ойдың ақиқаттығын дәлелдейді; тыңдармандарды немесе оқырмандарды әлдебір әрекетке ең болмағанда жауап беруге, тіпті талас айтуға жетелейді [119].

Бүгінде шешендік сөздерімізді әр қырынан, атап айтсақ, тарихта болған би-шешендердің сөздеріне ғана қатысты қарастырмай көне замманнан, оның ежелгі дәуірден басталатындығы, әдеби тілге қатысы жайлы ғалым Г.Қосымованың еңбегінде аталып өтіледі [120, 95].

Шешендік сөздердің дискурстық сипатын айқындаған зерттеуші Ә.Жұмағұлова шешендік сөздерді қолданылу сипатына қарай былайша топтап көрсетеді:

- Шешендік сөз – эгоцентристік сөз. Қарым-қатынас жағдайында шешен (сөйлеуші) өз сөзін үнемі тыңдаушысының білім қорын, қабілетін ескере отырып құрайды.
- Шешендік сөз – әлеуметтік мәнділігіне шектеу жасалмайтын, жалпыхалыққа түсінікті сөз.

- Шешендік сөз – алдын-ала дайындалмаған арнайы сөз» [121, 87].

Этноментальді мәтінді құрастырушы да (адресант), оны тұтынушы да (адресат) – белгілі бір әлеуметтік топтың мүшелері. Осы әлеуметтік субъектілер мәтіндегі хабарламаға анағұрлым жақын тұрған социумның өкілдері болып табылады. Сондықтан мәтінді интерпретациялайтын да солар. Этноментальді мәтіндер кумулятивті қызмет атқарады. «Кумулятивті қызмет дегеніміз сөздің ұлт өмірінің айнасы, тұрмысы мен мәдениетінің күәсі болу қызметі» [122, 291].

Этноментальді мәтіндердегі этнотанымдық диалогтің сипаты – ***шешендік диалог*** арқылы танылады.

Шешендік сөздер дискурсының ажырамас бір бөлігі – диалог. Дискурстағы диалог барысында шешен (сөйлеуші тұлға) өзін ерекше әрі қайталанбас түрде таныта алады. Ол не туралы толық айту керектігін, нені айтпаса да түсінікті болатынын және сөйлеу барысында қандай мүмкіндіктердің байқалатынын біледі. Диалог – табиғи құбылыс, сондықтан оны қабылдау монологке қарағанда жеңілірек; монологті түсіну мен қабылдау тыңдаушы үшін күрделірек. Шешеннің коммуникативтік ниетін тыңдаушының дұрыс аңғаруы диалогтің сәтті өтуіне ықпал етеді.

Ғалым Н. Уәли диалогтің сәтті өтуі лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларға байланысты деп атап көрсетіп, диалогтің табысты немесе сәтсіз болуы, оның өрбуі немесе үзілуіне коммуниканттардың көңіл күйі де айтарлықтай әсер ететінін былай деп пайымдайды: «Диалогтің ойдағыдай өтуі лингвистикалық және лингвистикалық емес факторларға байланысты.

Диалогтегі сәттілік пен сәтсіздік:

А) коммуниканттардың әлеуметтік-стереотиптік ерекшеліктеріне;

Ә) коммуниканттардың аялық біліміне;

Б) коммуниканттардың құзыретіндегі жақындыққа, я болмаса алшақтыққа;


В) коммуниканттардың жыныс, жас, тұлғалық ерекшеліктеріне байланысты жайттарды ескеру, ескермеуден болуы ықтимал. Диалогтің өрбуіне немесе үзілуіне коммуниканттардың көңіл-күйі де ерекше әсер етеді. Бөгде адамның қатысуы да диалогтің өрбуіне кері әсерін тигізуі мүмкін» [98, 121].

Дискурс параметрінде қарым-қатынасқа түсушілердің саны, сөйлеуде белсенді әрекет жасаушылар, сөйлеуден қалыс қалып отырғандар ескеріледі. Соған орай шешендік сөздер дискурсында диалогтік сөйлесім параметрлерін былайша топтастыруға болады:

- Шешендік сөздер дискурсында сөйлеу формасы – ауызша, мәтінде – жазбаша;
- Шешендік сөздер дискурсында серіктес – нақты, мәтінде – белгісіз;
- Шешендік сөздер дискурсында тыңдаушы орта – шексіз, мәтінде – дифференциалды;
- Шешендік сөздер дискурсында сөйлеуге дайындық - жеткілікті, мәтінде – минимальды;

- Шешендік сөздер дискурсында тыңдаушылардың реакциясы – шешуші, мәтінде шешімін таппайды;
- Шешендік сөздер дискурсының қолданылу аясы – бейресми, мәтінде – ресми;


Тілдік қатынас тұрғысынан алсақ, шешендік диалогтер ауызша қатынас құралына жатады. Себебі олар нақты сөйлеу әрекеті үстінде орындалады. Коммуниканттардың ешбір жазу-сызусыз, көзбе-көз отырып, ауызба-ауыз тілдік қатынасқа түсу тәсілін көрсетеді. Шешендік диалогтерде коммуниканттар моделі былайша анықталады:



9-сызба. Шешендік диалогтегі коммуниканттар моделі

Диалогтік сөйлесу дегеніміз – қарым-қатынас жасау, ал қарым-қатынас жасау дегеніміз – әрекеттесу. Сөйлеу актілерін жіктеуде сөйлеуші шешенге деген сенім, иланым бірінші кезекке қойылады.

Шешендік сөздерде коммуникативтік мақсаттың типтеріне, коммуникацияға қатысушылардың өзара пікір алысуына орай диалог төмендегідей тілдесім жанрлары арқылы жүзеге асады:



10-сызба. Диалогтегі тілдесім үлгілері.

Бұлардың әрқайсысының шешендік диалогтегі көрінісі түрліше.

Жанқұтты он жеті жасында әкесінің айтуымен Сарым елінің беделді биі Шабанбайға бата алуға барады. Би Жанқұттының жайын сұрап білгеннен кейін:

Шырағым, дүниеде не адал, әлемде не мықты? – деп сұрайды. Сонда Жақұтты:

– Адал болсаң судай бол,

Су арамды кетіреді.

Мықты болсаң жердей бол,

Жер жаһанды көтереді, – деген екен.

Жауабына риза болған Шабанбай бала Жанқұттыны бірнеше күн қонақ етіп, кетерінде:

Алаңа жағам десең – азанды бол,

Ағайынға жағам десең – қазанды бол,

Халқыңа жағам десең – әділ бол,

Судай таза бол,

Жердей берік бол,

Өмірің ұзақ болсын,

Аймағың суат болсын,

Сөзің халқыңа қуат болсын, - деп батасын беріп аттандырған екен [123, 72].

Берілген шешендік сөздегі диалог ақыл айту мақсатында және тілдесу жанрының бір түрі – сөйлесу ретінде дамыған. Сөйлеуші өз батасын беріп, ақыл-кеңес айтса, тыңдаушы шешеннің сұрағына жауап беріп, диалогтің сәтті жалғасуына ықпал етеді. Сәтті аяқталған диалог сөйлеуші шешеннің батасымен тәмамдалады.

Шешендік диалогтегі тілдесудің келесі түрі – тілдесу. Ол көбінесе шешендік дауларда, қақтығыстарда, кінәліні анықтау мен екі адамның арасындағы ұрыс-керістерді әділ шешуде қолданылады. Мысалы:

Орта жүз бен кіші жүз арасында бір мал дауы болып, орта жүз адамдары неше рет келіп, малын ала алмайды. Соңғы рет келе жатқанда Сырымға жолығып, жөн сұрапты.

– Уа, азаматтар! Жол болсын! Билеріңде тыным жоқ, биелеріңде құлын жоқ, неткен жолаушысыңдар? – дейді Сырым. Жолаушылар мән-жайын айтады. Сырым қосыла жүреді. Кіші жүздің ханына келіп ел дауын айтады, бірақ екі елдің арасы бітімге келе алмайды. Сонда Сырым екі елдің арасының бітімін көздеп ханға:

– Бір дауды шеше алмасаң сен неғып хан болып отырсың, құлаққа құлақ, тұяққа тұяқ емес пе? - дейді. Хан сөзден тосылып малдың тұяғына тұяқ, басына бас беріп, орта жүзді разы қылып қайтарыпты [124, 31].

Қарым-қатынас барысында, сөз арасында *бір дауды шеше алмаса* сияқты сөз орамдары қолданылады. Бұл аталған диалогтің қорытынды бөлігі іспеттес. Реплика-сұрау түрі арқылы берілген диалогте Сырым ханның тапқырлығы диалогтің сәтті өрбуіне себеп болғанын анық байқаймыз.

Бір шешімге келу, мән-жайдың шындығын анықтау пікірталасқа негізделген диалог арқылы іске асады. Мұндай диалог үлгілерінде мәселелердің ортақ жақтары ерекше атап өтіледі. Сөйлеушілер өз пікірлерін ортаға салып, келіспейтін тұстарын айқын көрсетеді. Олар әрқашан өз сөздерін дәлелмен жеткізуге ұмтылады.

Тарихи деректерде әз Тәуке хан атақты билерді «Жеті жарғыны» қабылдағаннан кейін сынамақшы болып қайсысы қандай жауап берер еекен дейді:

– Дауға алдымен жасы үлкеннің бастауы, жасы кішінің қоштауы жөн бе әлде жасы кіші бастап, жасы үлкеннің қоштауы жөн бе?

Сонда Ұлы жүз биі Төле:

– Төбеде тұрған кісі төрт жағын түгел көргенде, төменде тұрған екі жағын, беткейде тұрған бір жағын әрең көреді. Сондықтан жасы үлкеннің оңы мен солын, алды-артын болжаған ағаның алдымен билік айтқаны дұрыс қой, – депті.

Орта жүз биі Қазыбек тұрып:

– Жасы үлкен аға әділ төреші бола алмайды. Себебі алдында қайырылары жоқ. Жасы кіші інің де төреші бола алмайды. Себебі, артында қайырылары жоқ. Сондықтан алдында айбынды ағасы бар, артында именерлік кісісі бар, алды-артында қарайлап, билігін абайлап жүргізетін ортаншы бидің төрелік айтуы орынды ғой, – депті.

Ең соңында кіші жүз биі, әрі жасы кіші Әйтеке:

– Ағасы келсе, ардақтап атын байлағандай, қонағы келсе, құрметтеп жайлағандай, тындырымды інісі болса, қанаты-құйрығы сай болып, көңілі жай болып, ағаның алар тынысы болса, інінің міндетін басқару, ағаның ретін бас бағу емес пе? – деген екен.

Осы мәжілісті басқарып отырған Тәуке хан билердің, әсіресе Әйтекенің берген жауабына риза болып, шын ықылас білдіріпті деседі [124, 54].

Сөйлеуші шешеннің айтатын ойын жүйелеуде, жеткізуде тыңдаушысының әлеуметтік жағдайын, жынысын, жас ерекшелігін, соған орай білім қорын ескере

отырып, шешендік диалогтегі коммуникативтік оқиғаның өту кезеңдері төмендегідей құрылымдардан тұрады:



11-сызба. Шешендік диалогтегі коммуникативтік оқиғаның өту кезеңдері.

Сөйлеуші → көпшілік қауым ← сөйлеуші

Бала би қартайған шағында халқын жиып:

Жерден ауыр не?

Судан терең не?

Оттан ыстық не?

Көктен биік не? – деп төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарын өзі былай деп шешкен екен:

Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім.

Судан терең дегенім – оқу, ғылым.

Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі.

Көктен биік дегенім – тәккәббардың көңілі [124, 62].

Шешендік диалог *сөйлеуші → көпшілік қауым ← бір тыңдаушы* арасындағы коммуникативтік жағдайға құрылады.

Досбол тоқсанға келіп, төсек басты болғанда, Шиелі қыпшақтарының Байсын, Саудағұл, Нұржан деген үш атқамінері оның көңілін сұрай келіпті. Қонады. Ертеңінде қайтуға қарағанда, Басын:

– Уа, Досбол аға, жасыңызда қазаққа қызыл тілден жол бермедіңіз. Аспандағы құсты ауызбен ілдіңіз. Енді төріңізден көріңіз жақын қалыпты, ол дүниеге не деп барасыз? – депті.

Байсын соқыр, Саудағұл таз, Нұршан пұшық екен. Өз заманының ұлығы болған соң паңданып отырыпты. Кейбіреуі мұртын ширатып, сақалын тарай беріпті.

Уа, сабаздарым, тумақ болса өлмек бар. Менің ол дүниеге айтарым жоқ. Егер айтар болсам, кешегі аруақты ерлерге бақ құсы қара шыбын болды, ол ұшып соқырдың көзіне, таздың басына, пұшықтың мұрнына қонды деп барсам керек, – депті [124, 78].

Шешендік диалог *сөйлеуші ↔ тыңдаушы* арасындағы коммуникативті актіге құрыла отырып, коммуникативтік дітті орындайды:

Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленген шағы екен. Ет желініп, қымыз ішілгеннен кейін Абай:

– Ата, сізден сұрақ сұрауға бола ма? – дейді.

– Е, шырағым, сұрай ғой, - депті Жанқұтты.

– Ата, арзан не, қымбат не, дауасыз не? – депті Абай. Сонда Жанқұтты:

Шырағым, арзан – өсек, қымбат – шындық, дауасыз – кәрілік емес пе, жанарыңның оты бар екен – ақындығың шығар, маңдайың жазық екен – ойлылығың шығар, халықтың қалаулы азаматы бол, – деп батасын беріпті [124, 91].

Қазақтың шешендік сөздерінің баяндау және бейнелеу жүйесінде мол орын алатын диалогтік құрылымдарды сол көне суырып салма дәстүріндегі тілдесулердің эволюциясы ретінде тануға болады. Солардың бір тобы сұрақ-жауапқа құрылған шешендік сөздер. Әдетте, сұрақ-жауап қарама-қарсы құбылыс болғанымен, бірін-бірі ұштап, тірілтіп, жандандырып отырады. Оның бұл сипаты шешендік сөздердің көркемдік жүйесінде ерекше айқын көрінеді.

Сұрақ-жауапқа құрылған диалогтерден шешендік сөздің идеясы, шешеннің рухани дүниетанымдық қасиеттері арқылы адам өмірінің сыр-сипаты ашылып, моральдық-этикалық тұжырымдар жасалып, қоғам, дүние, жаратылыс жайының сырлары танылады. Диалогтің сұрақ-жауап формасында сұрақ қарапайым тыңдаушы атынан да, есімі көпке белгілі би-шешен атынан да берілуі мүмкін. Алдыңғының сұрақ берудегі мақсаты танымдық қана болса, кейінгісі шешендік сын, түптеп келгенде сөз сайысына шақыру екенін аңғаруға болады. Мысалы, атақты Сырым батырдың Үргеніш шешенмен айтысы сондай сұрақ-жауап құрылымында беріледі.

Үргеніш шешен: – Сөз анасы не? – Су анасы не? – Жол анасы не? – деп сұрайды.

Сырым батыр: – Сөз анасы – құлақ, – Су анасы – бұлақ, – Жол анасы – тұяқ! – деп жауап береді.

Үргеніш шешен: – Дау мұраты не? – Сауда мұраты не? – Қыз мұраты не? – Жол мұраты не? – дейді.

Сырым батыр: – Дау мұраты – біту, Сауда мұраты – ұту, – Қыз мұраты – кету, Жол мұраты – жету – дейді.

Үргеніш шешен: – Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, мұныңыз не? – деп сұрайды.

Сырым батыр: – Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз, – дейді.

Сырым батыр: сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам сырымды күнде жеңеді, – дейді [125, 57].

Көріп отырғанымыздай, бұл диалогтің құрылымынан екі түрлі сипат танылады. Сөздің бір бөлігі халықтық жұмбақ-өлең сипатында болса, екіншісі ауызекі сөйлеу синтаксисі үлгісінде беріледі. Дегенмен, халықтық жұмбақ табиғатына тән «жекеден тұтастың, тұтастан жекенің сипатын білдіру» тәсілі жұмбақталған нәрсенің болмысын орағыта ашып, аңғарту шешендік сауалға да тән. Аталған сипаттар шешендік сөйлесулерде қысқа да ықшам келеді.

Әдетте, халықтық жұмбақтарда, жұмбақ өлең, айтыстарда бір құбылыстың немесе өзара ұқсас құбылыстардың сын-сипаты жұмбақталса, шешендік сұрақ-жауап формасында шешендік өнердің дүниетанушылық-интеллектуалдық қызмет аясының кеңдігіне сай бір емес, бірнеше, әртектес деректі-дерексіз құбылыстар да жұмбақталады.

Мәселен, шешеннің «сөз анасы», «су анасы», «жол анасы» деген сөздері меңзеу-метонимиялық алмастырулар. Өйткені, «ана» сөзі тура мағынасында тек адамға ғана қаратылып айтылады. Сол сияқты «мұраты» сөзінің де стилистикалық фрейм ретінде алынып, өзге сөздермен тіркес құруы меңзеу-болжал сипатындағы экспрессивті мағына береді. Ал, қара сөз үлгісіндегі сұрақ-жауап тапқыр ой жүйесіне құрылған. Сырым Үргеніш шешеннің сұрағына риторикалық сұрақпен жауап қайыруы арқылы оны бір сүріндіреді. Бұл Сырымның әрі байқағыштығы әрі тапқырлығы. Сырым қарсыласына өзінің жауабын ойластыра айтуы арқылы сөзіне жаңылтпаштық сипат дарытқаны «жан-жағыңызға қарай береді екенсіз», «жан-жағыңызға қарамасаңыз, мнеің қарағанымды» деген тіркестердегі қайталаулардан, ішкі ырғақтардың сақталуынан көрінеді. Үргеніш шешен де «екі аяқты, бір адам» деп сырымды сөзден жаңылдырмақ болады. Алайда, Сырым «өз сөзін соға берген адам» деп келемеж етуімен қарсыласын сан соқтырады. Бұл құрылымда драмалық диалогке тән сипат та көретінетінін айта кеткен жөн.

Осы іспеттес шешендік диалог құрылымы «Жерден ауыр не?» дейтін шешендік сөзде де кездеседі. *«Балаби қартайған шағында халқын жиып: «Жерден ауыр не? Судан терең не? Оттан ыстық не? Көктен биік не?* – деп төрт сұрақ берген екен. Ешкім шеше алмапты. Сонда Балаби өзі айтқан сұрақтарын былай деп шешкен екен: *– Жерден ауыр дегенім – ақыл, білім. – Судан терең дегенім – оқу, ғылым. – Оттан ыстық дегенім – фәни жалған, адамның өмірі. – Көктен биік дегенім – тәккәббардың көңілі»* [125, 70]. Бұл диалог құрылымының алдыңғы сұрақ-жауаптан өзгешелігі – шешен өзі қойған сауалына өзі жауап беруі – диалогтің монологпен жымдасуына немесе монодиалог болуында. Шешен өзін-өзі сынайды, ашық толғанады. Балаби сөзінің жұмбақтық сипаты «дегенім» сөзін қайталауынан көрінеді. Сөзде жұмбақталып отырған құбылыс «жердің», «көктің», «оттың» өзімен емес, олардың сын-сипат белгілерімен салыстырылады. Шешеннің оқу-білім мен ғылым, ілім т.б. сияқты өзара мәндес жекелеген құбылыстардың әрқайсысын басқа бір тұтас құбылыстың сапа белгісімен салыстыруы – концептуалды талдау жемісі.

«Қасқакөл дауы» атты шешендік диалогтің баяндау жүйесінде де өзіндік ерекшеліктер байқалады. Төле би, Әйтеке би және Орманбет би үшеуі Қасқакөл

атты көлге таласып, даулы жағдайға түседі. Төле Орманбетке: *«– Ай, Орманбет! Мен әлі тірімін өлгем жоқ, бұдан бұрын неше сәлем айтсам да келген жоқсың, ер кетер, жер жетер. Ешкімге опа қылмас дүние боқ! Ей, Орманбет, сен бізден кіші боласың барып қайттық, сен ілгері барасың, біз енді көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен жас едің көңілдегіңді аларсың! – дейді.*

Әйтеке де Төленің сөзін қостап: «– Бай болсаң халқыңа пайдаң тисін, батыр болсаң дұшпанға найзаң тисін. Бай болып пайдаң тимесе, батыр болып найзаң тимесе жұрттан алабөтен үйің күйсін деген, бізге кейінгілер осыны айта ма деп ойлаймын, – дейді.

Сонда Орманбет: «Екі би, айтқан сөзің жарасады, еншіге әркімдер-ақ таласады, бұл Қасқакөл Орта жүздің көлі еді, айтқандарың қиянатқа жанасады. Қанағатсыз билерді қабан деген, қамшылатқан жүйрікті шабан деген, біреудің ақысына зорлық қылса, ақыретте мұндай істер жаман деген, – дейді.

– Ей, Орманбет, сіз бізге Қасқакөлді беріңіз, Қасқакөл рас сізге жақын. «Бардан пайда, жоқтан залал» деген, не берсе қайырын тілеп көріңіз. «Үш жүздің ортасында Қасқакөл бар, әр жерде су ішетін басқа көл бар, үш бөліп енші қылып алысайық, жер жетер, көңіліңді ұстама тар» – дейді Төле [125, 111-112].

Үшеуі олай сөйлесіп, былай сөйлесіп келісе алмайды. Дау бітпей Орманбет еліне қайтады. Кейіннен анасының ақылына тоқтап, Қасқакөлді қарттарға бөліп береді. Бұл – шешен-билердің талас-тартысына құрылған полилогтың үлгісі. *Полилог дегеніміз* – бірнеше сөйлесушінің қатысуымен жүзеге асатын қатысымдық акт. Ал талас-тартыстың екіжақтық сипатына қарасақ, диалогтік құрылым анық танылады. Негізгі сөз тартысы Төле мен Орманбет арасында. Одағай, қаратпа сөздер «ер кетер», «жер жетер» деген мәтел мен «Ешкімге опа қылмас боқ дүние!» деген поэтикалық инверсия, сондай-ақ, «көп жүрмеспіз, көмілерміз, сен көңілдегіңді аларсың!» деген жолдардағы дауыссыз «к» дыбысының аллитерациясы Төле сөзінің эспрессивті-эмоциялық қуатын арттырып, драмалық ширығысты күшейте түседі. Төленің кезекті репликасында қаратпа сөз, бұйрық райлы етістік өтініш мағынасында қолданылады. Осы реплика ішінде монолог құрылымы тырнақшаға алынған. Монологтің «Қасқакөл бар», «басқа көл бар», «ұстама тар» деген ішкі ырғақ-ұйқасқа құрылуы, «бардан пайда, жоқтан залал» деген мақалдағы тілдік бірліктер – «бар» мен «жоқтың» қарама-қайшылық мәні де диалогке драмалық сипат танытады.

Әрине, Орманбет би сөзінің өзіндік құрылымы ерекше. Бұл сөйлеу құрылымының бірінші сөйлемінде қарсылықты шылау жасырын тұр. Сондай-ақ, екінші сөйлем мақал-мәтел түрінде айтылады. Шешеннің тауып айтқан мақалында «қабан деген», «шабан деген» деп келетін ұйқастан өзге «қанағатсыз би», «қамшылатқан жүйрік» деген тіркестердегі сөзге ырғақ беруші –қа буынының үндестігі де айрықша. Жалпы, «Қасқакөл дауы» даилог арқылы өрілген шешендік жекпе-жектің кемел көрінісі. «Қасқакөл дауы» аталатын шешендік диалогтің

құрылымына полилог, монодиалогтік құрылымдар тән десек, оның баяндау жүйесі драмалық диалогке құрылған деп анықтауға болады.

Шешендік диалогтер құрылымында сұраулы сөйлемдердің қызметі басым және прагматикалық тұрғыдан алғанда үлкен мүмкіндіктерге ие болады. Сөйлем негізінен пікір білдіруге, ақпарат беруге негізделеді. Сөйлемнің прагматикалық қызметі жайлы ғалым Д.Әлкебаева былайша тұжырым жасайды: «Сөйлем – прагматикалық әлеуеттілік мүмкіндігі өте мол, ойды толық жеткізуге қабілетті болып келеді. Сөйлеуші сөйлем арқылы тыңдаушыға тілдің кез келген саласы жеткізе алмайтын мүмкіндіктерді бере алады. Прагматикалық үштік одақ нәтижесінде сөйлем өз мүмкіндіктерінің құрамының жай және күрделі болғанына қарамастан, ерекше стильдік мәнерге ие болу қызметінде айрықша көрінеді» [126, 131]

Пікір алысу мен қарым-қатынас жасауды қамтамасыз ететін тілдік материалдардың біртұтас бөлшегі – сұраулы сөйлем. Сөйлеуші сұраулы сөйлемдерді ойын нақты, дәл жеткізу үшін оқырман назарын аударту үшін де қолданады.

Мағынасы қарай бөлінетін сұраулы сөйлемдерді ғалым Р.Әмір: «Сұрақты логиктер мазмұнына қарай негізінен екі топқа бөліп жүр: жалпы сұрақ, альтернативтік сұрақ. Сұраулы сөйлемдердің мағынасы сол логикалық мағыналарға негізделгенмен, коммуникация үстінде түрлі өң алатыны бар. Соларды ескеріп біз сұраулы сөйлемдерді мағынасына қарай төрт топқа бөлдік: ашық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, альтернативтік сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, риторикалық сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер, түрткі сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдер» – деп жіктейді [128, 55].

Ашық, жалпы сұрақты білдіретін сұраулы сөйлемдерде сұраққа негіз болып отырған, іздеулі болып отырған мүше белгісіз болып, сұраққа жалпы, ашық түрде қатысады. Мұнда іздеулі мүшенің орнына *кім?, не?, қайда?, қайдан?, неше?, не істеді?* деген сияқты сұрақ мағыналы сөздер жұмсалады. Сұраулы сөйлемдердің мұндай түрінің шешендік диалогтердегі жұмсалымы төмендегідей:

Сырым сынамаққа Бекен биге сәлем бере барса, қарт:

– Қай баласың? – депті

– Даттың баласымын - депті Сырым.

– Қой баға алмайтын жаманнан да қолақпандай ұл туады екен-ау! – депті [14].

Мазмұндық құрылымы тұрғысынан сұраудың өзі «ашық» не «тұйық», ал мазмұнына қарай дерекшіл және пікіршіл болып келетіндігі жөнінде ғалым Н.Уәли атап көрсеткен болатын [98, 145].

Осы сұрау түрлерін негізге ала отырып, шешендік диалогтердегі сұрақ қою үлгілеріне тоқталып өтейік. Шешендік диалогте сұраудың *ашық түрі* ерекше қолданылады және оның мағынасы жан-жақты қамтылады, тұйықталмайды, нақты әрі толық жауап алуға мүмкіндік береді. Айтылған ойды нақтылай түсу үшін

келтірілген мысалдар бұл жағдайды айқындай түседі: *Бір мәжілісте бас қосып сөйлесіп отырғанда Шоң биге Мұса мырза:*

Ақ сауыт деп нені айтамыз?
Арғымақ деп нені айтамыз?
Ақылды деп кімді айтамыз?
Ер жігіт деп кімді айтамыз? – деп сұрақ қойыпты.

Бұған Шоң:

Ақсауыт деп айтамыз,
Атқанда оқ өтпесе.
Арғымақ деп айтамыз,
Желгенде жылқы жетпесе.
Ақылды деп айтамыз,
Тозған елді септесе
Ер жігіт деп айтамыз,
Жауға тастап кетпесе! – депті [124, 31]

Ал құрылымы тұрғысынан сұраудың *дерекшіл түріне* қарағанда *пікіршіл түрі* жиі кездеседі, сұрақ беруші тұлға (шешен) жауап алушы тұлғаның ой-пікірін, көзқарасын т.б. ақпарат алуға тырысады. Мәселен: Бірде Жанқұтты шешен Құнанбайдың үйінде отырғанда оған Абай келіп сәлем береді. Ол кезде Абайдың жас, үйленбеген шағы екен. Абайдың тапқырлығын, өлең шығаратындығын естіп жүрген шешен баланы қасына отырғызып, оған бірнеше сұрақтар қояды:

– *Шырағым, дүниеге неге сүйенеді?*
Абай:
– *Дүние үмітке сүйенеді.*
Жанқұтты:
– *Көздің көрмесі бола ма?*
Абай:
– *Көз қабағын көрмейді.*
Жанқұтты:
– *Шам жарығының түспесі бола ма?*
Абай:
– *Шам жарығы түбіне түспейді.*
Жанқұтты:
– *Болат пышақтың кеспесі бола ма?*
Абай:
– *Болат пышақ өз сабын өзі кеспейді* [123, 41].

Шешендік диалогтерде сұрау қою арқылы диалогтің эстетикалық, көркемдеуіштік қызметі айрықша танылады. Шешен мен оның алдындағы тыңдаушы адам бетпе-бет отырып одан жауап күтеді. Қойылған сұрау келелі мәселе жайында айтылып, одан әрі пайымдау түрінде жүзеге асады. Шешеннің қойған әрбір сұрауы дұрыс және орынды деп танылады. Сондай-ақ шешен сұрау қою

арқылы өзекті мәселеге жауап іздейді, тыңдауышының реакциясын тудырады. Шешеннің қойған сұраулары риторикалық сұрау түріне жатады. Себебі сұрау қою барысында сөйлеуші мен тыңдаушы арасында байланыс күшейе түседі [126, 202].

Ғалым Д.Әлкебаева шешендік өнердегі сұрақ қоюға мән беріп, сұрақтың түрлерін былайша бөліп көрсетеді:

- Орынды сұрақпен қақпанға түсіру;
- Қарсы сұрақ әрекеттері;
- Шытырман сұрақтар құрсауына түсіру;
- ЫҚтиярсыз көндіру сұрақтары;
- Үдетпелі сұрақтар [127, 42].

Шешендік диалогтердегі сұраулы сөйлемдердің ерекшеліктері – олардың интонациясы мен риторикалық мақсаттарға бағытталуы. Сұраулы сөйлемдер осындай диалогтерде ерекше мағыналық және стильдік қызмет атқарады, өйткені олар тек ақпарат алу үшін ғана емес, тыңдаушыны ойландыру, бағыттау немесе белгілі бір реакция тудыру үшін қолданылады.

Риторикалық сұрақтар — шешендік өнердің маңызды құралы. Олар тікелей жауап талап етпейді, керісінше, тыңдаушыға ой тастап, назарын белгілі бір мәселеге аудару үшін қолданылады. Бұл сұрақтар көбінесе ерекше екпінмен, жігермен айтылады, ал сөйлеушінің интонациясы тыңдаушының зейінін аударуға бағытталған.

Шешендік диалогтерде сұрақтар рет-ретімен беріліп, тыңдаушының жауаптарын күшейте түседі. Мұндай диалогтерде сұрақтар мен жауаптар арасындағы байланыс мағыналық және стильдік үйлесімділікті қамтамасыз етіп, сөйлеу барысындағы динамиканы күшейтеді.

Сонымен қатар, сұраулы сөйлемдер диалогте прагматикалық қызмет атқарады. Сөйлеуші сұрақ арқылы тыңдаушының пікірін немесе көзқарасын тексеріп, өз көзқарасын нақтылай түседі. Тыңдаушының жауабы әрдайым сөйлеушінің ойына сәйкес келе бермеуі мүмкін, бірақ бұл диалогтегі маңызды элемент болып қала береді, себебі ол пікірталасты әрі қарай дамытуға, жаңа ойлар мен идеяларды талқылауға түрткі болады. Біз осы орайда шешендік диалогтің құрылымындағы сұрауларды төмендегіше жіктедік.



12-сызба. Шешендік диалогтегі сұраулардың түрлері.

✓ *Ақпарат беретін сұраулар.*

Ертеде Ташкент ұлығы Нарымбет: – Жылқыға қандай мақтау сияды? – деп Досболдан сұрапты.

Сонда Досбол: – Жылқының сүті шекер, еті бал, иісі жұпар, терісі киім, мінсең тұлпар, қызылжыра сарқыраның ішінде піскен сүт бар, жаратқанның ісіне таң қалыңдар! – депті [124, 60].

✓ *Жұмбақ сұраулар.*

Ноғайлының ханы Жәнібек халықты жиып:

– Үш арсыз, үш ғайып, үш жетім болады, соны кім табады? – депті. Жиналған халық көп дағдарып:

– Үш арсыз: ұйқы арсыз, күлкі арсыз, тамақ арсыз. Үш ғайып: қонақ ғайып, несібе ғайып, ажал ғайып, – деп шешіпті. Бірақ үш жетімді ешкім таба алмапты. Сонда Жәнібек хан:

– Елде келмеген кім қалды? – деп сұрапты.

– Келмеген Қарабас шешен қалды, – депті халық. Жәнібек Қарабасты шақыртып алып, әлгі сөздің шешуін содан сұрапты.Сонда Қарабас:

– Жетім үшеу емес, бесеу еді ғой! – депті де:

Оты жоқ жер жетім,

Басшысы жоқ ел жетім,

Елінен ауған ер жетім

Тыңдаусыз сөз жетім,

Жоқтаусыз қыз жетім, – дейді [124, 87].

✓ *Қызығушылық тудыратын сұраулар*

Сырым Үргеніштің ханына барып жүз көріс қылған. Хан сырымның атағына сырттай қаныҚ: «Қазақтың өзі шешен, өзі батыр кісісі» деп естиді екен. Хан Үргеніш шешен мен Сырымды айтыстырыпты:

Үргеніш шешен: – Намазда жан-жағыңызға қарай береді екенсіз, мұныңыз не? – деп сұрайды.

Сырым батыр: – Жан-жағыңызға сіз қарамасаңыз, менің қарағанымды қалай көрдіңіз, – дейді.

Үргеніш шешен: – Сізді екі аяқты, бір адам баласы жеңді ме? – дейді.

Сырым батыр: Сырымның айтқанын тыңдамай, өз сөзін соға берген адам Сырымды күнде жеңеді, – дейді [125, 57].

✓ *<u>Тағылымдық мәні бар сұраулар</u>*

Сырым бір жылы Орта жүзге барғанда Балаби шешенге кез келеді. Сырым мен Балаби көп әңгімелеседі.

Балаби: – Үгіт ақылды қандай адамға айту керек? – дейді.

Сырым: – Үгітті ұққанға, ақылды жұққанға айту керек, – дейді.

Балаби: – Ат пен ер қандай жерде, не үшін шабады? – дейді.

Сырым: – Ат шабысына қарай, ер намысына қарай шабады, – дейді.

Балаби: – Дүниеде не тәтті? – дейді.

Сырым: – Аста тұз тәтті, адамда дос тәтті, – дейді [123, 53].

Сондай-ақ шешендік диалог құрылымындағы сұраулардың прагматикалық әлеуеті жауапқа қарағанда басым. Сұрауларды прагматика тұрғысынан *дұрыс жауаптың шешімін іздеу* мен *ой тастау* сынды түрлерін анықтап, нақты мысалдар келтіруге болады.

✓ *<u>Дұрыс жауаптың шешімін іздеу</u>*

Нұралы хан Сырымды қонаққа шақыруға уәзірлерін жұмсайды. Сонда Сырым:

– Көл құсқа бара ма?

– Құс көлге бара ма?

– Қонақ ордаға бара ма?

– Орда қонаққа бара ма? – деп тұспалдап ишаратқа, айқын да ащы пікірге негізгі сұрауды береді.

Уәзірлері:

– Құс көлге барады.

– Қонақ ордаға барады, – дейді.

Уәзірлерінің соңғы пікірін теріске шығарған Сырым:

– Ендеше, халық – көл, хан – құс іспеттес – дейді.

Жібімеген қайсар мінезді шешенге ханның өзі келеді. Сырым:

– Көл құссыз да күн көреді,

– Халық – орда, сіз – қонақсыз.

– Халық қонақсыз да күн көреді, – дейді [123, 67].

Берілген мәтін түрінде сұрау беру, метафоралы тіркестер арқылы Сырым мен хан, уәзірлері арасында үлкен диалогтік сипатта дұрыс жауапты табу көрініс тапқан.

✓ *Ой тастау немесе ойға жұмылдыру арқылы:*

Төле би өз тұсындағы хандардың, баһадүрлердің, билердің ұстазы, ақылшысы. Бірде Шақшақұлы Жәнібек:

– Түзу мылтық, ұшқыр құс, жүйрік ат, мақтаншақ жігіт, ұрыншақ ат жидым. Бозбала болып ерлік құрайын ба? Үлгі алып билік құрайын ба? Еліңде кәрің болса, жазулы тұрған хатың, ерттеулі тұрған атың деуші еді, ақыл сұрай келдім, – депті.

Сонда Төле би:

– Өгізді өрге салма, қанатың талар, наданға көзіңді салма, сағың сынар. Досыңа өтірік айтпа сенімің кетер, дұшпанға сырыңды айтпа, түбіңе жетер.Жал-құйрығы қаба деп жабағыдан айғыр салма, жаугершілік туғанда жағдайлап мінер ат тумас. Жақыным деп жаманның малы үшін жақсының жағасынан алма, өрісің тарылар. Қару жисаң мылтық жи, жаяу жүрсең таяқ, қарның ашса тамақ. Ит жүгіртіп құс салсаң, әуейі боларсың. Әйел алсаң көркіне қызықпа, тектіні ал. Ұрыншақ ат жаз жарға жығар, қыс қарға жығар. Тұмау түбі – құрт болар, тұман түбі жұт болар. Ақылдың түбі құт болар. Елге бай құт емес, би құт. Қабырғадан қар жауса, атан менен нарға күш. Ел шетіне жау келсе, қабырғалы биге күш. Қарап отырғанша бір нәрсеге жарап отыр. Кәсіп болмай, нәсіп болмас. Менен ақыл сұрасаң айтарым осы, - депті [116, 49].

Астарлы да айшықты мәні бар осындай Төленің сөздерінде Жәнібектің ой тастау арқылы берілген терең мағыналы сұрауына Төле де сәтті көңілге қонымды жауап айта білген.

Шешендік диалогтердегі сұрау қою типін қарастыра келе, диалогте берілетін сұрақ та қайтарылатын жауап та үлкен танымдық, философиялық мәнге ие болады. Сөйлеушінің берген сұрауы жайдан-жай қойылмайды, сұрауға жауап беру арқылы шешен өзінің керемет тапқырлығын, ақылдылығын, білімділігін, басқа айналасындағы адамдардан ерекшеленетіндігін аңғаруға болады.

Біз жинаған материалдарымыз негізінде шешендік диалогтердің түрлерін анықтауға талпындық. Соның алғашқысы – *сәлемдесу диалогі.* Шешендік сөздер дискурсында сәлемдесу диалогінің мәні зор. Сөз құдіретінің күшін білетін шешен шеберлер ауызекі сөйлеп, сәлемдескенде, не болмаса жауаптасқанда шешендік сөздер мен өлең жырларды пайдаланып, сол арқылы аман-саулық сұрасқан. Аталған жайт шешендік диалог арқылы былайша өрбиді:

Борбас дейтін бай бүкіл үш жүзге сауын айтып той жасап, Алтай Байдалы биді шақырады. Сол кезде тойға мініп баратын аты болмай Байдалы би Борбас байға сәлем жолдапты:

– Дұғай сәлем Борбасқа
Көкірек бірге, жан басқа,

Сұлулығы өзіңдей,
Жүйріктігі өзімдей
Ат жіберсін торы қасқа.
Байдалы мінер әр топқа
Даңқы кетер жан-жаққа.

Шешендік диалогтегі сәлемдесудің тағы бір үлгісі мынадай боп келеді:

Ізбасты би жетпіс бес жасқа келгенде әйелі өліп, Шолтай бидің жиырма жасар Көбе деген қызын айттырады. Қыздың менсінбей жүргенін естіп, Ізбасты қалыңдығына сәлем жолдапты:

– Барсаң сәлем, Кебеге,
Көпті көрген немеге.
Ел ішінде тентек көп,
Көзін салып жүрмесін.
ЫржаңдаҒан немеге?
Сонда Көбе де Ізбастыға қайыра жауап сәлем жолдаған.
– Қиса қиуы келе ме,
Қарағайдың талменен.
Дәмі бірдей бола ма,
Қара судың балменен?
Биге лайық емес қой,
Алғаныңменен малменен,
Қайтып ойнап – күлерміз,
Жетпіс бестегі шалменен [123, 53].

Аталған диалогтік үзінділер арқылы қазақтың дәстүрлі сәлемдесуінің өзі көлемді және мазмұнды болғаны аңғаруға болады. Диалогке қатысушы бишешендердің амандасу үлгілерінде сұрақ-жауап формасының өлең түрінде жиі кездесетінін аңғаруға болады.

Шешендік диалогтің келесі түрі – *жұмбақтау (жұмбақтасу) диалогі*. Қазақтың сөзсаптамында әрқашан тұспалдап, оспақтай сөйлеу жиі көрініс табады. Мысалы: *Наурыз деген байдың бір жақсы келіні болыпты. Келіннің күйеуі арық, қызғаншақ, нашар адам екен. Сонда келіп отырған Адай Тоқан деген кісі келіншекпен тұспалдай, әзілдей жұмбақтасып:*

– Мәністің де мәнісі бар,
Мәніссіздің мәністіде не ісі бар?
Біреулер құландынға қу ілдіреді,
Соның қандай әдісі бар?

Оған Дәрі деген әлгі келіншек былай жауап қатыпты:

– *Я мәністің де мәнісі бар,*
Мәніссіздің мәністімен не ісі бар?
Құландынның бағуы табылып бабына келсе,
Қу түгіл құлан ілетін дәмесі бар.

Сонда Тоқан:

– *Құландың қу асық,*
Қу суға асық.
Ал, балалар, ат әкел,
Ауыз жыртар құр қасық, – деп аттанып кетіпті.

Шешендік *жұмбақтау диалогі* әркез ұйқасқа құрыла бермейді. Кей сәттерде қара сөз түрінде де ұшырасады:

Белгілі Сырым шешен бір қызы бар үйге отырып, қызды сынау үшін жұмбақтай:

– Мынау үйдің міні жоқ, бірақ шаңырағы шалқақ екен, – депті. Сонда қыз өзі туралы тұспалды түсініп:

– Шаңырағы шалқақ болғанымен, түтіні түзу шығады, – депті.

Сондай-ақ, «Асусыз тауға кез болдым» дейтін шешендік сөзде Байдалы шешен: *«Асусыз тауға кез болдым, өткелсіз суға кез болдым, жоқты жаяу қарай беретін болдым, аяусыз жаудың қолына кез болдым»*, – деп жұмбақтап астарлы сөйлейді. Оның бұл сөзінің астарын елге билік айтып жүрген Мерке деген бір адам: *«Мұның үшеуі асусыз тауға кез болғаны – тізесі сарыбуын болып, аяғы жүруге келмейді екен, өткелсіз суға кез болғаны – көзі жасаурап аттам жерді көре алмағаны, жоқты жаяу қарай беретін болдым дегені – тәрбиелеп қасында отырған бәйбішесі жоқ, шақшасын қалбалақтап көп іздеп, зорға тауып алып отырады екен. Аяусыз жаудың қолына кез болдым дегені – келін-баланың қолында отыр екен», – деп шешіпті* [125, 43].

Расында Мерке мен Байдалы бетпе-бет тілдесіп тұрған жоқ. Байдалы Меркеге сәлем айтады. Мерке көпшілікке Байдалы сөзінің астарын түсіндіреді. Бұндай структуралық айқын ерекшеліктері жоқ диалогтер қарасөз ішінде беріледі. Сондықтан Байдалы шешен сөзінің Мерке сөзі ішінде төл сөз ретінде айтылуына мән берер болсақ, аталған жұмбақ диалогтің әлқииса сипаты танылады. Ең бастысы жұмбақ диалог пен оның шешімі, диалогтік құрылымның шарттылығы. Шынында, бұндай шешендік диалогтердің көркемдік қуаты ерекше. Байдалы шешеннің сөзі – тұтастай табу. Болымсыз мағына беретін - *сыз* жұрнақты зат есімдердің зат есімдер мен «асусыз тау», «өткелсіз су», «аяусыз жау» түрінде тіркестер құруы, сондай-ақ «жаяу» мен «аяу» сөзінің үндестігі диалогке айрықша ырғақ бітіреді. Диалогтегі «кез болдым», «қарай беретін болдым» дейтін қайталаулар да жұмбақталған құбылыстың мәнін үстей түседі, оны концепт арқылы меңзейді.

Шешендік диалогтің келесі түрі – *жауаптасу диалогі*. Жауаптасу диалогінің ерекшелігі – табан астында қойылған сауалға сөзбе-сөз жауап қайтарылады. Бұл диалог түрі шешендік сөздер дискурсында жиі ұшырасады:

Сырым шешен бір жылы орта жүзге барғанда сол елдің жас биі бірнеше сұрақ қояды, оған былай деп жауап береді:

– Сіз ағайынды нешеусіз?

– Мен ағайынды екеумін.

– Сізді даттан ағайынды он бір деп естуші едік.

– Менің Даттан он бір екенім рас, бірақ олардың маған қажеті қанша? Менің ағайынды екеумін дейтінім, біреуі – өзім, екіншісі – халқым еді.

– Өтірік пен шынның арасы неше шақырым?

– Өтірік пен шынның арасы төрт елі.көзбен көрген шын, құлақпен естіген өтірік, – дейді Сырым.

– Ат не үшін шабады?

– Ер не үшін шабады?

– Ат шабысына қарай шабады?

Ер намысына қарай шабады? [125, 71].

Жауаптасу диалогі ілікпе сөздердің өзара ішкі ұйқасуы арқылы жасалады. Академик Р.Сыздық «Абайдың сөз өрнегі» атты еңбегінде «ішкі ұйқас» деген ұйқас түрін көрсетеді. Ғалым ішкі ұйқас деп – өлең жолындағы (бас жағындағы) бір кейде екі сөз сол жолдың соңындағы аяққы жолмен үндес келеді – деп түсіндіреді [129, 84]. Мысалы: «...Жиренше түзде жүргенде оның Қарашаш деген ақылды әйелі өліп, қазаны естіртуге ешкімнің ақылы жетпейді, сонда Әз-Жәнібек хан шақыртып алып:

– Ал, Жиренше әкесі өлген қандай екен? – депті.

– Асқар тауы құлады десеңші, – депті.

– Шешесі өлген қандай екен?

– Ағар бұлағы суалды десеңші

– Ағасы өлген қандай екен?

– Онда оң қанатының қайырылғаны.

– Інісі өлген қандай екен?

– Сол қанатының қайырылғаны.

– Баласы өлген қандай екен?

– Бауыр еті күйгені.

– Апа-қарындасы өлген қалай болады?

– Ұзын өрісі қысқарғанмен бірдей болады.

– Қатыны өлген қалай болады?

Сонда Жиренше:

– Онда қара орманы бүлінгені. О, дариға-ай, Қарашаш сұлу дүниеден өткен екен, – деп қамшысына сүйеніп отыра кеткен екен.

Аталған *жауаптасу диалогі* қазақ салтындағы естіртудің озық үлгісі. Қазақ салтында ата-анасы, баласы немесе жақын-жуығы қайтыс болған жағдайда оны айтып жеткізуді «естірту» дейді. Сөз мәдениетінде кісі дүниеден өткенде оның жақынына, туған-туыстарына естірту үлкен сын болған. Жоғарыдағы естірту үлгілерінде қазақы дүниетанымға тән сөйлеу этикеті жатыр. Астарлы мән айрықша орын алады. Сондай-ақ қарым-қатынас үстінде «жоқ», «қандай екен», «десеңші», қалай болады», «бірдей болады» тіркестерін қайталап қолдану да айшықтық мән, өзіне қарату, айтпақшы ойды дәл, нақты жеткізуге көмектеседі.

Жауаптасу диалогінің бір бөлігі тұтастай сұрақтан құралып, екінші диалогтік бірлігі аталған сауалдың жауабынан тұрады. Айталық, *бірде хан Сырым шешеннің баласы Қазыны тұтқынға алып: «Бес сұрақ беремін, соған жауап берсең босатамын», – дейді.*

– *Қатын деген не?*
Бала деген не?
Қыз деген не?
Мал деген не?
Инабат деген не?

Сонда Қазы іркілместен былай жауап беріпті:

– *Қатын тұрақ емес пе,*
Бала шырақ емес пе,
Қыз өріс емес пе,
Мал көріс емес пе,
Инабат ердің азығы емес пе,
Инабатты ер елдің азығы емес пе [124, 67].

Келтірілген аңыз үзінділеріндегі жауаптасу дәстүрі диалогтің ерекше бір түрін қалыптастырған. Бұл диалогтер екі адамның сұрақ-жауап алмасуы арқылы жүреді. Сұрақ пен жауаптың үйлесімі шешендік аңыз құрылымындағы диалогтің тек ақпарат алмасу ғана емес, халықтық тілдің байлығы мен оның бейнелілік мүмкіндігін көрсетеді. Диалогтегі әңгіме өмірлік тәжірибеден алынып, көркемдік бейнелеу арқылы жеткізіліп, шешендік өнердің негізгі қағидаларын сақтай отырып құрылады. Аталған *жауаптасу диалогі* арқылы сөйлеушінің (шешеннің) бейнесі танылады. Ол – шешеннің ой ұшқырлығы. Тыңдаушы тарапынан берілетін жауапты алдын ала біліп, соған қарымта ретінде айтатын сөзді алдыңғыға ұйқастыра шығару ерекше ой ұшқырлығын қажет етеді.

Шешендік диалогтерде қазақтың сөз этикетінің айрықша түрлері – көңілін сұрау, жоқтау, жұбату жиі көрініс табады. Аталған сөз этикеттері ұлттың линвомәдени бейнесін қалыптастыруда маңызы зор. Қазақ дәстүрінде ауырып жатқан адамның көңілін сұрау ертеден қалыптасқан дүние. Онда ауырып, көңілі жабырқау болып жатқан адамның көңілін аулап, демеу болып, бір мезет болсын сергіту мақсатымен қолданылады. Көңілін сұраудың өзіндік этикеті шешендік диалогте былайша ұшырасады: *Абай қатты науқастанып, ажал аузында жатқанда Бегеш досы көңілін сұрай келіп:*

– Ассалаумағалейкүм, Абайжан! Сөзіңе таңырқаған талай жан. Булығып сөйлей алмай жатырмысың? Алла қонағында бұл не хал? Әй, сабазым, Бегешіңе сөз қатпасаң, көңілден өле-өлгенше кетпес арман, – депті. Абай басын көтеріп:

– Аз ғана ауыл керейден асып туған сен бір ер,
Сен кеткен соң бұл керейге сен сықылды кім келер?
Жүгім ауыр болғаннан соң, көтере алмай жатыр ем,
Келдің ғой, Бегеш, көрдің ғой,

Сен кеткенше жеңілер, – деп бір сәттілік көңілі көтеріліп, жаны да жадырағандай күйге түсіпті [124, 67].

Тілімізде жоқтау сөздерге қарсы айтылатын тоқтау, жұбату сөздер де мол ұшырасады. Жақын адамы қайтыс болғанда оның жақын-жуығы мен таныстары қазалы үйге әдейі барып бата жасап, көңіл айтады. Көңіл айтудың мәні – мұңды адамды жұбату, сергіту, «өлгеннің артынан өлмек жоқ» деп уайымға берілмеу жөнінде жанашырлық ақыл-кеңестерін айтып, қайрат беру. Қайғыға берілген адамды кейбір өткір би-шешендер әрі мінеп, әрі сынап, әрі ұрсып тастаған.

Қазақ дәстүрінде жақын адамы қайтыс болғанда айтылатын тоқтау, жұбату сөздер маңызды орын алады. Бұл сөздер халықтың өмір сүру философиясы мен дүниетанымын көрсетеді. Жақынын жоғалтқан адамға арнаулы көңіл айту, жұбату сөздері айтылып, қайғының ауыртпалығын азайтуға тырысады.

Көңіл айту рәсімі кезінде қазалы үйге барған туыстар мен таныстар қайғыны жеңілдететін сөздер айтып, «арты қайырлы болсын», «сабырлық берсін», «иманы саламат болсын» деген сияқты жұбату фразаларын қолданады. Бұл сөздер қайғының ауырлығын бөлісіп, жанға медеу болу мақсатында айтылады. Жұбатушылар қайтыс болған адамның артында қалғандарға шыдамдылық пен сабыр тілеп, өмірдің жалғастығын еске салады.

Өткір тілді би-шешендер кей жағдайларда қайғыға қатты берілген адамды сынға алып, «уайымның шегі жоқ» екенін ескертіп, адамның төзімді болуы қажет екенін айтады. Мұның бәрі диалог арқылы іске асқан. Мысалы: Жаппас деген адамның ержетіп келе жатқан жалғыз баласы қайтып, ата-ана, туған-туыстары қатты қайғырыпты. Жаппас көп күндер басын көтермей жатып қалыпты. Сонда Жаппасқа көңіл айтып жұбатуға Тоқсан қарт келген екен. Тоқсанның Жаппасқа айтқан көңілі:

– Ей, мырза, көтер белiңдi, жылатпа елiңдi.
Қас нардың қабырғадан қолы сөгілсе де елемес,
Тағдырдың ісіне көнбейтін пасық адам сен емес
Өткен қайтып келмейді, өшкен қайтып жанбайды...

Сонда Жаппас басын көтеріп әңгіме арасында:

– Бұл қайғым қайтсе қалады? – дептi.

Сонда Тоқсан:

– Ей, мырзам, бұл қайғың
Келелі бидің кеңесінде қалады.
Биік таудың төбесінде қалады,
Өзен судың көбесінде қалады,
Қыран құстың қиығында қалады.
Жүйрік аттың тұяғында қалады,
Ұлы дүбір ойында қалады,
Сұлу жардың қойнында қалады,
Осы айтқанымды істемесең,

Өле-өлгенше өзіңнің мойныңда қалады, – депті [124, 92].

Ауызша сөйлеу құралына жататын шешендік дискурстағы этнотанымдық диалогтерде адресат қойылған сұраққа ешбір кітап оқымай, алдын-ала дайындалмай, коммуникативтік жағдаят үстінде поэтикалық тұрғыда бірден жауап табады. Бұл – шешендік диалогтің басқа диалогтерден негізгі айырмашылығы екенін баса айтқан жөн. Қойылған сұраққа тыңдаушысын еріксіз мойындататын жауап тауып, оның поэтикалық образбен жеткізілуі шешендік диалогтің танымдық әрі коммуникативтік мәнін айшықтай түседі.

Ел тұрмысында үлкен мәнге ие болып, салт-дәстүрге сіңіскен, өзіндік мазмұн желісімен, көркемдік кестесімен халық жүрегін баураған – жоқтау, естірту, жұбату, көңіл айту сынды халықтық үлгілер қоғамдық өмірде бүгінге дейін жалғасып келе жатқан, ұлттың лингвомәдени кеңістігіндегі өміршең формалар. Аталған үлгілер шешендік сөз өнеріндегі диалог арқылы танылып, сөйлеуші мен тыңдаушының коммуникативтік ниетін мен дітін орындауға қатысады.

Ойтүйін: Жалпы шешендік диалог шешендік сөздердің баяндау мен бейнелеу жүйесінде мол орын алатын іргелі құрылым. Шешендік диалогтің халықтық жұмбақ, жаңылтпаш, өлең, табу, мақал-мәтел сияқты сипаттарды иеленіп, жұбату, естірту, жоқтау, көңіл айту сияқты қызметтерді атқаруы – шешендік диалогтің лингвомәдени ерекшеліктерін танытатын бір қыры болып есептеледі. Сол себепті шешендік сөздер дискурсындағы диалог – қазақ танымындағы *диалогтің озық үлгісі* деп айтуға әбден болады.

2.4 Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері

1970 жылдардан бастап гендер ұғымы лингвистикалық мәнмәтіннен шығып, әлеуметтік философия, әлеуметтану, тарих, саясаттану секілді салаларда әйелдер мен ерлер арасындағы әлеуметтік рөлдерді, олардың қоғамдағы орнын, құқықтарын, мүмкіндіктерін және осы факторлардың мәдениет пен әлеуметтік құрылымға әсерін зерттеу объектісіне айналды.

Гендерлік зерттеулерде жыныстардың биологиялық айырмашылықтарына қарағанда, олардың қоғамдағы рөліне, әлеуметтік нормалар мен мәдени дәстүрлерге негізделген ерекшеліктеріне баса назар аударылды. Бұл зерттеулердің мақсаты – ерлер мен әйелдерге қоғамда қалыптасқан әлеуметтік стереотиптер мен нормаларды талдау және сол стереотиптердің жеке тұлғаның өміріне қалай әсер ететінін анықтау болды.

Гендерлік зерттеулерді жүргізу қазақ тіл білімінде жиналған деректерді дамытып, солардың негізінде өз мәдениетімізге сүйенген жаңа концепцияларды жасаумен байланысты қарастырылады. Бұл – жыныстық айырмашылықтарға негізделіп қалыптасқан ерекше тарихи тәжірибе формасы.

Бүгінде гендер мәселесі мәдени-әлеуметтік феномен ретінде және саяси-экономикалық салаларда жиі көрініс табатын құбылыс ретінде танылып, қазақ тіл

білімінде профессор Б. Хасановтың еңбектерінде айқын көрсетіледі. Тілдегі лингвомәдениеттанымдық, лингвогносиологиялық деректер ғалымдар Г.Смағұлованың «Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері» [130], А.Салқынбайдың «Тіл және мәдениет» [131], А.Ислам «Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті» [132], Г.Қосымованың «Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы» [133], «Ф.Оразбаеваның «Тілдік қатынас» [15] атты монографиясы, Б.Момыновaның «Қазақ тіліндегі қоғамдық саяси лексика (әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам)», [134] Г.Гиздатовтың «Сөйлеу қызметіндегі бүгінгі когнитивті модельдер» типология және динамика» [135], О.Жұбаеваның «Когнитивті грамматика» [136] атты еңбектерінде ұсынылады. Қ.Жаманбаеваның «Тілдік қолданыстың когнитивтік негіздері» [137], Ж.Манкееваның «Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері» [138] атты мақаласы тілді философия, логика, әлеуметтік мәселелермен бірлікте қарайды. Ұлттық ойлаудың мазмұнын ұлт мәдениетінің белгісі ретінде зерделейді. Лингвистикадағы антропологиялық әдіспен зерттелген бұл еңбектер тілді адам болмысымен бірлікте қарауды көздейді.

Қазақ тіл білімінде тікелей гендерлік лингвистикаға қатысты зерттеулер Г. Мамаеваның «Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктері», А. Смайловтың «Тұрақты тіркестердегі «әйел» концептісінің лингвомәдени сипаты», А. Байғұтованың «Қазақ әйелі» концептісінің этномәдени сипаты», Г. Шоқымның «Гендерлік лингвистика негіздері», Р. Тұрдалиеваның «Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау» атты еңбектерінен бастау алды.


Қазақ тілінің гендерлік аспектісін зерттеген Г. Шоқым қазақ халқының ұлттық болмысына тән тіл мен биліктің сабақтастығын гендерлік қырынан қарастырады: «Қазақ дәстүрлі қоғамында ел басқару, әкімшілік істердің тізгінін ер-азаматтар ұстаған. Тіліміздегі хан, сұлтан, би, бек, ел ағасы, ауыл ақсақалы, ру басы, қазы, төре, т.б. ер адамдарға қатысты қолданылатын сөздер әлеуметтік дәреже-лауазымды білдіретін гендерлік лексиканы құрайды. Бұл топқа патша өкіметінің қазақ даласын билек кезеңінде жиі қолданысқа түскен болыс, майыр, старшын, онбасы, елубасы, т.б. гендерлік атауларды да жатқызуға болады» , дей келе, билікті басқаратын қазақ ерлерінің гендерлік рөлін былай көрсетеді: би-көсем, би-заңгер, би-елші, бибатыр, би-саясаткер [139, 46]. Сондай-ақ халқымыздың арғы тарихында да билікке араласқан әйелдердің гендерлік қызметін Томирис, Айша бибі, Домалақ ана, Бегім ана, Қызай, Бопай ханшалардың ел басқарушылық, ұлтты тұтастырушылық идеяларымен сабақтастырады

Көркем мәтін – тіл мен жазудың сабақтастығынан туындайтын таным құралы, көркем құрал, эстетикалық және лингвистикалық категория. Көркем мәтін тіліндегі гендерлік фактор әйел мен еркек автордың стильдік, психологиялық, тақырыптық ерекшеліктерін және автор сөзі мен кейіпкерлер тілінің сөз қолданысындағы ерекшеліктерін анықтаумен де құнды. Себебі, гендерология әлеуметтік-мәдени ортада маңызды рөл атқарады. Көркем мәтін тілі өзімізге таныс фактілерді көрсете отырып, гендерлік дифференцацияны есепке алады.

Көркем мәтін тіліндегі гносеологиялық тұжырымдардың қолданылу аясын гендерлік тұрғыда зерттеудің бірнеше жолдары болады. Біріншіден, еркек авторлар мен әйел авторларының шығармалары тілін зерттеу арқылы көркем мәтін тілінің гендерлік сипаты танылады. «Шығарманы жазған адам қалай болғанмен де, негізінен, мәтін арқылы танылады. Тұлғаны (мәтін түзушіні) тілден (мәтіннен) іздеу қазіргі антропоөзекті бағытына деген замана бетбұрысымен қиысады. Ал мәтін тілі сол замманың тарихи-мәдени жағдайлармен тығыз байланыста алынуы шарт. Тіл тарихындағы мәтін түзушінің сөз саптау өрнегін зерттеу, оған когнитивтік – танымдық әрекеттердің әсерін ескеру ғылымда жаңа функционализм ағымын жеделдете түскендей. Шынында, бұл тіл қызметін зерттейтін социолингвистиканың негізгі пәні», - деген ғалым Б.Хасанұлының пікіріне сүйене отырып, мәтін тілі арқылы оның лингвистикалық білім қорындағы өзіндік ерекшеліктері арқылы, көтеріп отырған тақырыптары арқылы т.б. ерлер мен әйелдердің өзіндік ерекшеліктерін айқындауға болады [140, 233].

Екіншіден, көркем мәтіннің гендерлік сипаты шығармадағы ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлер тілінің сөз қолданысындағы ерекшеліктері арқылы танылады. Дәлірек айтқанда, ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктерді айқындауда көркем мәтін тілдік факт болып табылады.

Ер мен әйелдердің психологиялық ерекшеліктеріндегі ұлттық тәрбиенің орнын қаламгерлеріміз оқырмандарын баулу мақсатында көркем шығармада суреттейді. Ер мен әйел адамдардың арасындағы диалог арқылы олардың шынайы болмысы мен гендерлік ерекшеліктері анық байқалады. Гендерлік диалогтің коммуникативтік моделі төмендегідей анықталады:



Гендерлік диалогтің коммуникативтік моделі.

Орыс зерттеушісі Т.Б.Крючкова ерлер мен әйелдер сөз қолданыс ерекшеліктерін зерттеу үшін лингвистикалық эксперимент жүргізеді. Гендерлік-психологиялық ерекшеліктерге байланысты бір сөздің немесе бір мағынаның әртүрлі қолданылуына назар аударады. Осы тұрғыда ғалым екі түрлі эксперимент жүргізеді. 1) сөзбен эксперимент, 2) мәтінмен эксперимент [141, 76-79]. Біз «мәтінмен эксперимент» түрін таңдай отырып, қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшелікті айқындауға тырысамыз.

Ерлер өз міндеттерін атқарады: Отан қорғайды, отбасын асырайды. Әйелдер үй шаруасымен айналысады, бала өсіреді. Осыған байланысты ерлер мен әйелдер

еңбек саласына, қоғамдағы орны мен отбасындағы рөліне байланысты әртүрлі тақырыпта сөз қозғайды.

Ғылыми тұрғыдан зерттелмегенімен, күнделікті өмірде бұл ерешеліктер бүкіл адамзатқа белгілі процесс. Ерлер мен әйелдер әртүрлі тақырыптарда сөйлеседі, ерлердің әңгімелері әдетте әйелдер жоқ жерде жүреді, ер азаматтар әйелдер қауымының тақырыбын қаузағанды ұнатпайды. Керісінше, әйелдер ерлердің әңгімелеріне аса қызықпайды.

Жыныстардың әртүрлі тақырыптарды талқылауының бірнеше себептері бар. Оның бірінші себебі, ерлер мен әйелдердің қызмет саласы әртүрлі. Екінші себеп – олардың қызығушылығымен байланысты. Үшінші себеп – жыныстар арасындағы психофизиологиялық айырмашылықтардың болуы. Төртінші себеп – отбасындағы атқаратын рөліне байланысты. Бесінші себеп – ұлттық, ата-ана тәрбиесінің нәтижесі [142, 98].

Ерлердің әңгіме тақырыптарында спорт, саясат, коммерция және жеке жетістіктерді бөлісу жиі кездеседі. Спорт туралы әңгімелер ерлер арасында кең тараған. Ерлер спорттағы соңғы жаңалықтардан хабардар болып, олимпиада немесе басқа да спорттық жарыстардағы жеңімпаздарды алдын ала болжап, талқылайды.

Сонымен қатар, саясат та ерлердің жиі талқылайтын тақырыптарының бірі. Әлемде болып жатқан саяси жағдайлар, мемлекеттер арасындағы қатынастар, қақтығыстар мен шиеленістерді талқылау, оның салдары мен шешілу жолдары туралы әңгімелер ерлердің ой-өрісі мен ақпараттық қызығушылығын көрсетеді.

Ақша және коммерция тақырыптары да ерлердің басты назарында. Бұл тақырыптар жеке бизнесті дамыту, инвестициялар, табыс табу жолдары, қаржылық стратегиялар туралы талқылауларды қамтиды. Ерлер үшін бұл тақырыптар өздерін әлеуметтік және экономикалық тұрғыда орнықты сезінудің маңызды бөлігі болып табылады.

Аталған жайттар көркем шығарма мәтіндегі диалог арқылы анық көрінеді:

Бір мезгілде министр жүрісін сәл бәсеңдетті де:

- Білетін шығарсың, алдағы жаңа жылдан бастап ел астанасы Ақмолаға көшеді, - деді Бектұрғановқа бұрылып.

- Иә, сондай сөз бар еді, жеделдейтін болғаны ғой.

- Астана көшеді. Кейбір облыстар бір-біріне қосылады. Ал аудандардың қақ жарымы қысқарып кетуі мүмкін... Сіздің жасыңыз пенсияға толып па еді?

- Бірер жылы қалып еді. Бірақ мен соны күтпейтін шығармын, - деді Нұрсағат нық сеніммен [23, 169].

Әйелдер талқылайтын тақырыпқа келетін болсақ, ол өте алуан түрлі. Ең көп таралған тақырып – жақында сатып алынған қымбат киімдері немесе сәнді зергерлік бұйымдар, сақиналар, алқалар және т.б. түсін, түрі мен бағасын, қай дүкеннен сатып алғанын және қай жерде тігілгенін сипаттайды. Ол көркем диалог мәтінінде былайша өріледі:

- Мен дегенің, өзіңіз білесіз, осындайға тіпті мән бермеймін ғой,подругам алып қойған екен, саған жарасады деп болмай кигізіп жібергені, - келіншек жорта өкпелеп жүзін томсырайтып, көйлегінің өңірін түзеп қойды.

- Жақсы жарасады екен. – Басқа қыздар да жан-жақтан жамырай айтып жатыр [24, 145].

Ертеде аталарымыз «Үкісіз қыз болмас, тікенсіз гүл болмас» деп тегін айтпаған. Әйел заты әр уақытта сәнқұмар болады. Соңғы сәнменен басқалардан қалыспай киінуді ұнатады. Жалпы қазақтың ұғымында қыздың киімі де, жүрісі де сәнді болуы керек.

- Ауру шешеме ақша салайын деп, әкейдің қазасынан соң, ол кісі мүлде титықтап қалды ғой... – терең күрсініп алған Орманкүл Сындыбаланың мойнындағы алқасына қызықты:

- Әпкетай, осындай әдемі моншақтарды қайдан аласыз?!

- Қыздың көзі қызылда деп, бәлесін қара. Таптық та бір жерден. Пұлы да удай. мына кофтаммен түстес емес пе, ә? [24, 149].

Басқа адамдардың өміріндегі өзгерістер мен жаңалықтар әйелдерді қатты қызықтырады. Көп жағдайда әңгіменің негізгі мақсаты – басқа адамдардың өмірі туралы әңгімелеу. Ол жай ғана айтып қоймайды, оқиғадағы кейіпкерлерге өз бағасын береді. Бұл тақырып жарыспалы сипатта, салыстырмалы түрде бірінен соң бірі ілесіп кете береді. Сондықтан әйелдер отырған жерде әңгіме көп жүреді.

Жеңгелерінің шайына жиналған абысын-ажындарды оңашада ас үйде бас қоса қалған кезде:

- Ойпырмай, қайынағамның кіші қызы қасқыр ғой, сонша жерден күйеуінің мәшинесімен келіпті-ей! Дос бар, дұшпан бар, көрсін деп отыр, мықты емес пе біздің ол қыз, - десе, екінші біреуі тұрып, одан қалысқысы келмей:

- Менің әлгі ортаншы қайын сіңлім бар ғой, кілең бір жаңа волгамен келетін болып жүр, кімдікі деп сұрасақ «пәлен жерде істейтін бір мықты жолдасымыздікі еді» деп ыздияды әуелі [25, 87].

Аталған ерекшеліктерге мысалдар әйел қаламгерлердің шығармаларынан алынды. «Әйел жазушылардың көркем мәтінді берудегі табиғаты әйелдердің нәзіктілігі мен психологизм, эмоцияға толы көңіл-күйлерімен тікелей байланысты болатыны сөзсіз. Осы ретте әйел жазушылар мәтіндері тіліндегі бірнеше ерекшеліктерді атап өткен орынды. Онда:

– Кітаби тілді жиі пайдаланады;

– Клише мен эвфемизмдер көрініс береді;

– Эмоция мен сезім айрықша байқалады;

– Экспрессивтік-бағалауыштық сөздердің қолданысы басымдылық танытады [143, 92].

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктерінің бір қыры – ер мен әйелдің эмоционалды дискурсы арқылы көрінеді. Әйелдер психологиясында эмоцияның ең

бір айқын көрінетін түрі – қуану процесі. Әйелдердің қуануы, әсер алуы қарым-қатынаста эмоционалдылығымен белгілі болып отырады:

– *Қалқам, – деді қуанып кеткен Қалампыр. – Қайда болдың, сәулем? Келші бері! Зәрем кетті ғой, сені жоғалтып!...*

– *Білесің бе, саған қандай сыйлық алғанымды? – деп қорапқа салған алтын сағаттың бетін ашты. Терезеден түскен күн сәулесімен жарқ етті. Майраның көздері нұр шашты.* [26, 92].

– *Қандай тамаша, - деді тамсанып* [27, 121]

Әдетте, әйелдер қуаныш сәтінде «жаратушыға» ризашылығын білдіріп, барлық жақсылық одан рақыммен келгенін түсінеді. Сондықтан қуанышты сәттерінде әйелдер лексиконындағы «Құдай», «Жаратушы» деген сөздердің жиілігі артады. Қуанған сәтінде жылап та алады. Сол себепті әйелдердің қуанып жатқанын, я мұңайып тұрғанын ажырату кейде қиынға соғады. Бұл көркем шығарма тіліндегі диалогтік қатысымда былайша өрбиді.

– Құлыным менің! Я, құдай ақсарбас! Ризамын жасағаң! Көз жасымды көрдің бе? Аспанда тәңір бар екен! Жалғызым менің! Кел, келші – боздаған ана даусынан Нұрланның сай сүйегі сырқырады [28, 123].

– Құдай-ау, өзіміздің, Мұратжан ғой [26, 141].

Жалпы қуану – адамдардың жағымды эмоционалды сезімі. Қуану жеке адамның психологиясына, өмірге көзқарасына, өмірден алатын құндылықтарына орай түрлі болады. Ерлердің қуану сезімі маңызды себептермен ғана сыртқа шығады. Өмірдегі мақсаттарының арқасында олар жұмыс бабында лауазымы көтерілсе, діттеген мақсаттарына жетсе, т.б. ірі жағдайларда ғана олар өздерінің эмоцияларын еріксіз көрсетеді.

Рақмет, Сәбе! – деп орнынан атып тұрған латифтің де бетінде қуаныш сәулесі ойнады [29, 123].

Көркем мәтіндегі диалогтік қарым-қатынастарда қуану эмоционалды-экспрессивті лексика, орын алмастыру, сөздегі дыбыстардың созылыңқы айтылуы, одағай сөздер, қарапайым сөздер, сөз тіркестерінің лексика-семантикалық заңдылығынан уәжді ауытқулар арқылы көрінеді.

- Күсеке, мен аман-есен құтылдым, бұл соның тойы, - дейді Бисұлтан.

- Ой, бәрекелде, құтылғаның жақсы болған азаматтым, - деді Күсен қуанып.

- Сіздердің арқаларыңызда машинам да өзімде қалды. Бәлі, шіркін, бұл күнде ер қанаты осы ғой. Дұрыс болған екен [1, 142].

Келтірілген диалогтік үзіндіде мемлекетті, елді тонап, мойнына ақша киген жігіттің жылпос мінезі, мәселенің дұрыс шешіліп, көлігінің өзінде қалуы арқылы оның қуанышты сезімі аңғарылады. Кейіпкердің эмоцияға толы сөздері арқылы оның жылпос, тоғышарлық қасиетке ие адам екені байқалады. Бұған сіздердің арқаларыңызда көлігім өзімде қалды деген кейіпкер сөзі дәлел. Ал Күсеннің коммуникация барысында өзгеге адал, аңғалдығы елдің қуанышын бөлісіп, қуана білетіндігінен көрінеді.

Ерлердің қарым-қатынаста қолданатын сөздерінің нақты және қысқа болуы олардың психофизиологиялық ерекшеліктеріне байланысты болса керек. Зерттеуші Р.Тұрдалиева өз еңбегінде ерлер әр нәрсенің жай-жапсарына нақты тоқталып, соның қыр-сырын анық ұғынған соң ғана іске кірісетінін айтып, ерлер қауымының психофизиологиялық ерекшеліктерін атап өтеді [144, 48]. Ерлерге тән бұл қасиет көркем шығарма тіліндегі диалогте көрінеді:

Ойда жоқ бәлеге ұрындырған Қорғасбайға ызасы келді. Қамшысын қолына бүктеп, ұрып жібере жаздап, ызбарлана зірк етті.

– *Көтер, ей, басыңды» қатын құсап қашамысың енді, күрес!..*

– *Кешіріңіз, ата! Бір иттік жасадым.*

– *Жаңа мені де ит қылғансың, енді екі ит болдық. Жұрт қызығымызды көрсін, ке, екі ит төбелесейік* [30, 169]

Эмоционалдылық қорқыныш кезінде де байқалады. Қорқыныш адамның бойындағы ұстамдылық қасиеттерін айқындайтын сапалардан туындайды. Бұл сезім ерлер мен әйелдердің диалогтік қарым-қатынасын анықтауда ерекше рөл атқарады.

Әйелдер психологиясында қорқыныш сезімі басым болып келеді. Бұл туралы зерттеуші Г. Мамаева былай дейді: «Әйелдердің жалпы психологиясына байланысты қорқақ келеді. Қорқыныш эмоциясын ашық, түсінікті түрде көрсетеді. Олар кез келген жағдайда қорқу мен үрейге бейім. Әйелдер әр қадамын жасаған сайын қорқады; үйде жалғыз қалғанда, күйеуі жұмыстан кешіксе, бір затын жоғалтса немесе оны сындырып аламын деп қорқады. Сондықтан әйелдер психологиясында қорқыныштың түрлері өте алуан түрлі», - дейді [145, 49-50]. Мысалы, Б.Нұржекеевтің «Күтумен кешкен ғұмыр» романында ерлер мен әйелдердің қорқу сезіміне байланысты өзіндік айырмашылығы диалог арқылы былайша суреттеледі.

– *Алла-ай! – деп Қайнекеш атының басын тартты.*

– *Жайылып жүрген жылқы ғой, - деп Әтіке өзі ілгерілей түсті. Ат пысқырығы қарағай жақ тұстан шыққандықтан, қорқыныш оның да өңменіне суық қанжардай қадалған, бірақ соны сездірмеуге тырысты.*

– *Ойбай, әне! – деп қалды Қанекеш* [30, 123].

Маған бір шыны шай ұсына берген әжем, кенет шошып кетті.

– Ойбай, мына баланы бірдеңе шағып алыпты ғой, төменгі ерні күп болып ісіп кетіпті (Р.Әбілқадырова «Ақ қыз»).

Ер адамдарға қорқу сезімін ашық білдіруге болмайды. Ол намыссыздықты, ерлерге тән емес қасиеттерді білдіреді, яғни бұл қасиет ерлерге жат. Себебі, бұл қасиеттен аулақ жүруді ер адамдар бойына әке-шеше тәрбмесімен, өзіндік психологиялық ерекшелігімен дарытады. Егер, қорыққандай жағдай болса, ол сезімін ішінде жасырып, білдірмеуге тырысады немес сол қорқытып отырған обьектіге өздері қарсы шығады.

Физиологиялық, психологиялық, әлеуметтік ерекшеліктеріне орай ерлер мен әйелдер белгілі бір ситуациядан түрлі әсер алып, одан қорытынды шығарады. Ондай ерекшеліктердің бірі – дау-жанжал, ұрыс, кектесу, ренжісу, ашулану кездерінде жыныстар арасында байқалады.

Тікелей агрессияны көрсете алмаған жағдайда, ерлердің артериалды қысымы жоғарылап, бұл денсаулығына, психологиясына қатты әсер етеді, ашулану процесі тез қайта қоймай, көпке дейін сақталады.

Әйелдерде керісінше, ашуы тез қайтып, эмоционалды күші жылдам төмендейді. Ерлер мен әйелдердің арасындағы психофизиологиялық айырмашылықтарды былай түсіндіруге болады: «Ерлердің агрессивтілігі әрекеттің инструменталды формасына жатады, дау-жанжалды шешудегі күш көрсету – мақсатқа жетудің амалы, негізгі құралы болып есептеледі» [146, 131].

Ерлер мен әйелдердің ашу-ызаны білдіру және оны өңдеу тәсілдері гендерлік ерекшеліктерге байланысты әртүрлі болуы мүмкін. Зерттеулер көрсеткендей, ерлер эмоцияларын, әсіресе ашу-ызасын, әйелдер сияқты сөзбен жеткізе алмауы жиі кездесетін құбылыс. Ерлердің ашуланған сәттерінде эмоцияларын күш көрсету арқылы білдіруі немесе қарсыласына қол көтеруі жиі кездеседі. Дегенмен, барлық ер адамдар эмоцияларын күшпен білдіре бермейді. Кейбір ерлер ашу-ызасын ішке сақтап, үнсіз қалуы да мүмкін. Балағат сөздерді қолданбай, үнсіз қалу ерлердің өз эмоцияларын бақылауда ұстауға тырысатынын көрсетеді. Бұл жағдай мәдени және тәрбиелік факторлармен байланысты болуы мүмкін, себебі қоғамда ерлерге эмоцияларын сөзбен немесе көз жасымен білдіру «әлсіздік» деп қарастырылады. Сондықтан, кейбір ер адамдар осындай жағдайда өзін үнсіз ұстап, эмоциялық күйін іштей өңдейді.

Оның қимылын бағып отырған Ғанидың жүзі түтігіп, қолы калтырап кетті. Мына нәлетті ит терісін басына қаптап, қуып шыққысы-ақ келді, бірақ сөйлей алмай кемсеңдеді. Оның ашуға тұншығып, әрең отырғанын сезіп қалған Айдар көршіні тезірек кетіргісі келді.

– *Ит! – деді Ғани іштей.- Адам емес!* [31, 163].

Қып-қызыл галстук тағынған директордың бізді елең қылмағанына ашуым кеп:

– Жүр, кеттік, апа! – дедім, шешемнің жеңінен тартып, қаным басыма шауып тістене [32].

Ер адамдардың сөз таппай, сөйлемей, іштен тыну сәттері тек ашуланғанда ғана емес, қуанғанда да, таңғалғанда да, қапы қалғанда да болады. Олар ішінде қайнап жатқан сезім түрлерін (қайғы, қасірет, өкініш, т.б.) мұңмен, немесе көзіне жас ала отырып, сөзбен жеткізуді намыс көреді. Ішкі сезімдерін сыртқа шығара алмағандықтан олар кейде сөйлемей, үнсіз отырып алады.

Ерлердің мінез-құлқындағы ерекшеліктеріне орай сөйлеу тілінде де күш көрсетуге, өштесуге, ашулануға қатысты сөздер қатары бар. Ашуланғанда күш

көрсете отырып «быт-шытыңды шығарамын, қан жалатамын», т.б. деп айтады. Көркем мәтіндегі диалогте аталған жайт былайша көрініс береді:

– *Осы тұрған жерінде быт-шытыңды шығарайын ба? Адамның көңілін неге қалдырасың? Екі табаным күлдіреп түсіп қалыпты, – деп жалаң аяғына тас кебіс ілген Мұхит көзі қызарып қарсы ұмтылды* [33]

– *Байдалының жауабы сол. Екі иттің бауыр сыртынан дүрені соғып-соғып, Майбасарға қып-қызыл жоса қып қайтар, – деді. Ал!... Тұр бәлем! деп кеп, Қараман Қамысбайдың басына өзі мініп алып, құйрығы мен жонынан шықпырта берді. Жұмағұлды Үркімбай мен өзге жігіттер де сондай сабады.* [14]

Мұндай сөздерді тек өш алу мақсатында ғана емес, тікелей, бетпе-бет кездескенде қарсыласын қорқыту мақсатында да жұмсайды.

Жұматай мұны тыңдауды былай қойып, дауысын суытып қатайып алып:

– А, келдің бе, ұры. Көрің қазылған кулактың баласы. Көзіңді көгертермін! – деп, беті шімірікпестен қарсы алды. [14].

Жанәли состиып әлі тұр. «Лима, Лимаш-ау, рас па?» - деген сөздерді жиі қайталай беріпті. Бір сәт ашушақырғысы да келіп:

– Сен қыздың мойныңды бұрап алармын! - деп өзін өзі қайрап та көрді. [12, 181].

Күш көрсетуге, өшпенділікке байланысты сөздер тек қарсыласымен кездескен жағдайда ғана емес, ашу үстінде өзімен-өзі отырғанда, болған іске риза болмаған жағдайда да сөйлеудегі түрлі тіркестер ерлер мінезін білдерді:

– Бұл саған аз. Ескерту ғана, – деді қызынып алған Жәрдем екіленіп, – Жыныма тие берсең жұлыныңды үзіп жіберемін. [34, 136]

Кейбір жағдайда ерлер болған істі басқа адамға баяндау барысында эмоциясыз, өзінің күш жігерін, батылдығын баян ету үшін осы сөздерді қолданады.

– Мен ауылда жоқ едім, – деп гүр етті Жанәли. – Зато, келген соң, жағдайды естіп білген соң, папам мен мамамның төрт аяғын бір етікке тықтым! Ағаларымның да көкесін таныттым. [12]

Ерлер кей жағдайда қатты ашынғанда *«өлтіремін», «көрсетемін»* сөздерін қолданады.

– Мен қазір барып бәріне көрсетемін, – деп бұрышта жатқан балтаға жармастым. – Бұл қорлыққа шыдай алмаймын. Өлтіремін!

– Ыдырыс, айналайын, сен енді ақылға кел. Үстіңнен жала жауып, өзіңе қиянат қылып жүрер. Ашуыңды бас.

– Жоқ, мен оларға көрсетемін, – деп тістеніп балтаны сығымдай ұстап сыртқа тап-тап берген мені Нүсіп ақсақал кеудесімен есікті жауып әзер жібермей ұстап қалды [32]

Аталған диалогтік үзінді арқылы өзінің дұрыстығын қарсыласымен келісімге бармай-ақ, оған тікелей күш жұмсауға және өлтіруге дайын адамның кейпін көреміз. Мұндай сөздер ер адамның диалогтік дискурсында жиі ұшырасады.

Әрбір ұлттың психологиясын, салт-дәстүрін басқа ұлттардан ерекшелендіретін қасиеттерін тілі арқылы білуге болады. Яғни ұлттың сана-сезімі тілінен көрініс табады. Ұлттық мәдениетті ерекшелейтін тілдік қатарлардың бірі – инвективті лексика.

Қазақ тілінде инвектив (дөрекі, балағат сөздер) қолдану жыныстық ерекшеліктерге байланысты түрлі сипатта болады. Ерлердің сөйлеу әрекетінде балағат сөздердің кең қолданылуы әлеуметтік және мәдени факторларға байланысты қалыптасқан. Ерлер арасында дөрекі сөздер ашу-ызаны білдіру, қарсылық көрсету немесе жағымсыз эмоцияны сыртқа шығару құралы ретінде жиі қолданылады. Бұл әсіресе ер адамдардың күнделікті қарым-қатынасында, әсіресе бейресми ортада байқалады.

Ал әйелдердің тілінде қарғыс мәнді сөздер мен кейбір сын есімдерден құралған инвективтер басым қолданылады. Бұл жерде қазақтың ұлттық тәрбиесі мен салт-дәстүрлерінің үлкен рөлі бар. Қазақ қоғамында әйелдер, әсіресе болашақ аналар, бала тәрбиесімен айналысатындықтан, олардың сөйлеу мәдениетіне ерекше назар аударылған.

Әйелдердің қарғыс сөздерді қолдануы олардың ашу-ызасын білдірудің, эмоциясын шығарудың ерекше тәсілі ретінде көрініс табады. Дегенмен, мұндай сөздерде де көп жағдайда тікелей балағаттау емес, символикалық немесе астарлы мағына беріледі.

Қазақ тіліндегі инвективтердің жыныстық ерекшеліктері мәдени және әлеуметтік факторларға негізделіп, ұлттық тәрбиедегі рөлдерді көрсетеді. Ерлердің дөрекі сөздерді қолдануы әдеттегі жағдай саналса, әйелдердің мұндай сөздерді қолдануы қабылданбайды, бұл қоғамдағы гендерлік рөлдер мен міндеттерге де байланысты.

Қазақ ерлерінің тіліндегі анаға қатысты инвективтер (балағат сөздер) өте дөрекі естіледі және олардың қолданылуы қазақ қоғамында ерекше мәнге ие. Бұл инвективтер, әсіресе, анаға қатысты болғандықтан, қоғамда аса ауыр сөздер ретінде қабылданады. «Ана» сөзі түрлі баяндауыштармен жалғасып, адресатқа бағытталған ауыр балағат сөздер болып қолданылады. Мұндай сөздердің түпкі мәні адамның ең қасиетті, қадірлі тұлғасы саналатын анасына тіл тигізу арқылы психологиялық тұрғыдан жаралау және ауыр тілдік агрессия көрсету болып табылады. Көркем мәтіндегі диалогте былайша ұшырасады:

Қара шал ұзап бара жатқан машинаға көз қиығын қайта салып, жерге шырт түкірді де:

– Қап, <u>анаңды ұрайын-ай!</u> – көше жиегіне қалаған қызғыш мраморға отыра кетті (Қ.Сүйеніш «Мен де ғашық болғанмын»).

Әрбір этникалық топтардың инвективтерді айту дәстүрінде өзіндік ерекшеліктері бар. Мәселен, орыс тілінде тек анаға қатыстырыла айтылатын балағат сөздер өте көп. Ал қазақ мәдениетінде әке мен атаға қатыстырыла айтылатын инвективтердің балағат мәні жоғары. Бұл біздің менталитетімізде,

балаға тәрбие беруде ата мен әкенің орнының жоғары болуында. Қазақ тілінде әкеге, атаға қатысты инвективтердің түрі көп және қолданылуы жағынан анаға қатысты инвективтермен қатар жүреді. Осындай ерекшелік ерлер диалогінде жоғары мәнге ие бола отырып, қазақ диалогіндегі гендерлік сипатты аңғартады:

Тәкең ызадан буылығып кетті:

– Кет, әкеңнің аузын...Тракторды ана Тиль Коляға тапсыр да, мая үюге бар! Жоғалт көзіңді! [35, 52]

– Талпаққа Көлбай сөзі «шу» деп тебінгендей тиді білем.

– Әй, енеңді...Мен отырған үйге неге кіресің? – дей бергенде, анау іле жөнеліп:

– Е, атаңның...Әулиең бар ма еді мен кірмейтін? – деп ежірейіп қалады [14, 524]

Әйелдер диалогінде қарғыс мәнді сөздердің жиілігі көп. Қарғыс мәнді сөздердің айтылудағы мақсаты – қарсыласынан кегін қайтару, өшін алу. Қарғыс сөздерді көбінесе әйелдер ұрысу кезінде, әңгіме барысында белгілі бір адамға қарата бағыттап айтады.

Осы заманға дейін қарғыс сөздер, негізінен әйелдердің магиялық құбылыстарға сенімінен туындаған. Магиялық құбылысқа сену әйел затына бұрыннан тән және осы күнге дейін сақталған қасиет. Сондықтан, құдіретті күштің орындалатынына күмән келтірмей, оны вербалды түрде, қарғыс сөздермен жеткізіп отырған.

– Япырай, мына, көктей солғыр, мойның астыңнан келгір жетімекті-ай, ә! – деп әйел Жанболатты біраз қарғап-сілеп алды [1, 49]

– Құдай жүзін көрмегір, мынау кім өзі әкіреңдеген! – деп Қамқа қаны қайнап, қатты ашуланды [14, 456]

– Құдай сілегір, кеткі былай, құдай сілегір. Тыныштық бермедің ғой, сен ақ! – деп, жылатқан бойында итеріп тастады [14, 456]

– Мә, жеңдер! Талап түтіп жеңдерші бұл қуарғанды. Жабылыңдар, мә деймін! – деп, Абайға қатты төніп жетіп келді [14, 123]

– ЫрылдатпаЫрылдатпашы анау көзің ойылғыр жетімекті! – деп, зекіп тастап, долы бәйбіше есікке қарады [14, 231]

– Уай, қара бет! Көріңде өкір шетіңнен, қаралы көшке шапқан қара бет! – деді бәйбіше [14, 123]

Ерлер мен әйелдер диалогіндегі инвективті лексиканың семантикасына назар аударсақ, әйел тілінің өткір, ащы болып, көбінесе қарғыс мәнді жиі қолданатынын көреміз. Инвективті лексиканың қолданылуы адамның ішкі сезімін басқаруымен, мінезімен тікелей байланысты болады. Дәлірек айтқанда, инвективті лексиканың колданылу аясы кейіпкердің мінезін, ерлер мен әйелдердің ішкі сезімін, олардың өзіне тән сипатын анықтайды. Кейіпкерлердің жөнсіз батыппыкка жөнсіз балағатқа баруы – өзінің ішкі психологиялық жай-күйін меңгере алмағандығын көрсетеді.

Жинақтаған тілдік материалдарымыз негізінде ерлер мен әйелдер тіліндегі диалогтің түрлерін анықтауға талпындық. Көркем мәтіннің гендерлік сипатын анықтауда диалог өнімді қызмет атқарады. Әсіресе, ауызекі сөйлеу тілінің жыныстар арасындағы ерекшеліктерін айқындауда маңызы зор. Диалог ерлер мен әйелдердің келбетінде, дене бітімінде, жүріс-тұрысы мен қимылында, сондай-ақ дауыс ырғағындағы ерекшеліктерді талдай отырып, олардың мінез-құлқын айқындайды. Ерлердің мінезін сипаттауда диалогтің атқаратын қызметі – ерлерге тән өзімшілдік және өз дегенін іске асыру үшін ешнәрседен қайтпайтын қасиеттерді анықтау.

«Рауыз кіріп келгенде, бұл теріс қарап терезе алдында тұрған, көпке дейін бұрыла қоймады. Сес көрсетіп, пысын сынағаны. Рауыз тарапынан дыбыс шыға қоймаған соң, төмендеп, кішірейіп келгенін түсінді. Түсінді де оқыс бұрылып:

– Тапсырманы теріс түсініп,бұйрықты бұра орындаған офицер қандай жаза тартады? – деді нық сөйлеп.

– Ар соты дегеннің не екенін білесің ғой!

– Білемін, – дейді Рауыз даусы дірілдеп.

– Білгенде қандай жолдас начальник!

Соншалықты алып адамның, соншалықты мүсәпір болып, бүрісіп тұрғанын көріп, Абыралының мерейі тасып, мейірі қанды. «Ә-ә, қалай екен иттің ғана баласы!» ... Зілді бұйрықты бұл ешбір айқайсыз, сызданып, Рауыздың тап-таза үркек көздеріне, тап-таза нәресте көздеріне қадала қарап тұрып айтты. «Қайдан шықса, одан шыксын!»» [12, 241]

Диалог психологиялық ауыр ахуалға құрыла отырып, өз өліміне өзі үкім айтып, соның құрбаны болған Рауыздың әлсіздігі, сұмдықтың бәріне куәгер болған Рауызды құртпай және өзі емес, оны Рауыздың өз қолымен, өз талабымен жүзеге асыруды ойлаған Абыралының айлакерлігі, арсыздығы, қатыгездігі танылады.

Диалогте қаратпа сөздер мен сұраулы сөйлемдерді жиі қолданатындар негізінен әйелдер. Қаратпа сөздер мен сұраулы сөйлемдердің әуені мен реңкі олардың эмоционалдылығын дәлелдейді. Таза диалог көбіне сұраулардан құралатындықтан, бұл диалог түрін сұрау диалогі деп атаймыз. Мұндай диалог көбінесе белгілі бір ақпаратты жеткізу және қажетті ақпаратты анықтау мақсатында құрылады. Мұндай диалогтер ер кейіпкерлердің тілінде де жиі кездеседі:

Панфилов: Жә, батальонның қоршауда қалуына себеп болған взвод командирін шақыртшы, ол ротаның командирі кім еді?

Намысұлы: Жанбозов.

Панфилов: Жанбозов па еді? Оны да шақыр.

Намысұлы: Жолдас генерал, олардың екеуі де жоқ.

Панфилов: Олар қайда?

Намысұлы:Жанбозов тағы сол взвод командирінің кесірінен бомба түскен блиндаж астында қалып қойды.

Григорьев: Ал взвод командирі ше?

Намысұлы: Ол атылды.

Панфилов: Атылды?

Григорьев: Кім атты?

Намысұлы: Сол жазалары үшін біз аттық.

Панфилов: Аттық! Рұқсат еткен кім, атқан кім?

Намысұлы: Рұқсат еткен де, атқан да өзім [14, 653].

Біз анықтаған диалогтің келесі түрі – *сұхбаттасу диалогі*. Бұл диалог ер кейіпкерлер мен әйел кейіпкерлердің дүниетанымын, қызығушылығын, көзқарасын танытады. Мұнда белгілі бір ақпаратты білумен қатар, сөйлеушілердің жеке тұлғалық ерекшеліктері көрінеді. Сұхбаттасу диалогі кейіпкердің рухани қажеттілігін қанағаттандырады. Сондықтан ол белгілі бір ситуацияға тәуелді болмай, әңгіменің қатысушыларының өзара пікір алмасуынан пайда болады. Диалогтің өрбуі ер кейіпкерлердің тілінде бір сипатқа ие болса, әйел кейіпкерлердің тілінде өзгеше көрінеді. Ерлер сұхбаттасу диалогінде бата, тілек мәніндегі сөздерді жиі қолданады.

– Ал, сапар оң болсын! - деді Еламан.

– Әумин, айтқаның келсін.

– Жай жүрсіз бе?

– Ой, шырағым-ай! Жаман ағаңның жай жүрген кезі болған ба?! Басына бүлік тілеп алып жүреді ғой – деп, Кәлен қарқылдап, рақаттана күлді. (Қан мен тер 765)

Мөңке әңгімеге араласпай, сыртқары қалған Тәңірбергенге бұрылды:

– Қалақ бала, мен осы бір әңгіме естідім ғой… Сенің қойлы ағаң болыстың сайлауына түсті деген не? Сол рас па?

– Я, ол кісі сайлауға түсті.

– Қадамы қайырлы болсын! – деді Мөңке. [17, 320]

Әйелдер тілінде сұхбаттасу диалогі күнделікті тіршілікте, отбасы, ауыл ішіндегі әңгіме төңірегінде құрылады.

Жеңгелерінің шайына жиналған абысын-ажындарды оңашада ас үйде бас қоса қалған кезде:

- Ойпырмай, қайынағамның кіші қызы қасқыр ғой, сонша жерден күйеуінің мәшинесімен келіпті-ей! Дос бар, дұшпан бар, көрсін деп отыр, мықты емес пе біздің ол қыз, - десе, екінші біреуі тұрып, одан қалысқысы келмей:

- Менің әлгі ортаншы қайын сіңлім бар ғой, кілең бір жаңа волгамен келетін болып жүр, кімдікі деп сұрасақ «пәлен жерде істейтін бір мықты жолдасымыздікі еді» деп ыздияды әуелі [25, 149]

– Қандауыр деген не сөз? – деді Айна енесін қымтаңқырап қойып.

– Тек, о несі-ай, атасының атын атағаны несі...

– Кешіріңіз – деді қызара қалған келіні. – Байқамай қалдым, әншейін сөз төркінін білгім келіп еді [11, 74].

Гендерлік диалогтің келесі түрі – қалау диалогі. Бұл диалог біреуді іске жұмылдыру немесе тапсырма беру мақсатында сөйлеушінің айтқан пікірін білдіреді. Қалау диалог реплика-стимулдан бастау алады, яғни сөйлеуші тыңдаушыға бұйрық не өтініш түрінде сөйлейді. Осыған байланысты қалау диалогті бұйрық диалогі және өтініш диалогі деп екіге бөліп қарастыруға болады. Көркем мәтіндерде бұйрық диалогі негізінен ерлердің тілінде жиі кездеседі.

– Өзі азғантай балықтың жарым - жартысын қайтып әкетіп бара жатқандарың не?

– Тақсыр, асымдық балық.

– Бұл жаққа мен иман ізден кеп жатқаным жоқ.

Еламан үндемеді.

– Ендігі жерде менен үлықсатсыз бір қадақ балық алмайсындар.

– Тақсыр, ол қалай?…

– Айттым - бітті. Қашан көп балыққа кенелгенше, жеуге жалғыз шабақ та бермеймін.

Федоров жалт етіп, тұздай көздерімен Еламанға қадала қарады.

– Солай! Ана алып бара жатқан балықтарыңды қайтып тапсырыңдар!

– Жарайды, тақсыр, – деді де Еламан бұрылып жүре берді. [19, 423]

Өтініш диалогі әйел кейіпкерлердің тілінде жиі кездеседі.

Ақбала қасына кеп отырып жатқан Қарақатынға қарауға қорықты.

– Келіншек - ау, сен не білдің… күннің сыңайын байқадың ба? Жаңа отынға барғанда көрдім. Жағалаудың мұзы қабыршықтай-ау, қабыршықтай. Жас баланың еңбегі сияқтанып, аяғыңның асты былқ-былқ етіп ойыла жаздап жатыр.

Ақбала бір сәт көзін жұмып қиналып отырды да:

– Алла разы болсын… қойыңызшы! – деп сыбырлай тіл қатып еді,

Қарақатын:

– Сорлы-ай! Сорың қайнап қалмаса не қылсын – деді [19, 423].

Өтініш диалогі бұйрық райдың үшінші жақ формасында жұмсалады. Ол форма көбінесе тілек, өтініш мәнін білдіреді. Бұл жөнінде А.Ысқақов: «сын, сін формасы үшінші жақта бұйрық мәнінен айырылып, өтініш модальділігіне тән тілек, жалбарыну өтініш тәрізді реңктерді білдіреді» – дейді [147, 319].

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшелігін анықтауда эмоционалды диалогтің рөлі ерекше. Диалогтің бұл түрі ерлер мен әйелдердің тіліндегі сезім мен эмоцияны білдіру ерекшеліктерін айқындайды. К. Ахановтың айтуынша: «Эмоция түрлі сезімдерге, қуанышқа, таңдануға және жиренуге байланысты»[148, 40].

Эмоцияның тілдегі айқын көрінісі қуану, қайғыру және ұрысу кезінде терең байқалады. Мұның барлығы психикалық процестерге жатады және олар эмоциямен тығыз байланысты. Әйелдер көбінесе өз эмоциясын жасыра алмайтындықтан, эмоционалды диалогтер олардың тілінде жиі кездеседі.

– Мына сайқал, қайтеді, әй? – деп бәйбіше есін жинап, қайта ұмтылғанда, Ақбала оны *дәл кеудеден итеріп жіберді.*

– Балаларымнан аулақ!

– О, сорлы!...

– Өзің сорлы! Өлмей бермеймін балаларымды!..

– Бала ма саған? Әй, қатындар, неғып тұрсыңдар, баланы тартып алыңдар!

– Жақындамаңдар! – деді Ақбала айқайлап [17, 124].

Диалог ұрысқа негізделген. Мұндай диалог ерлердің тілінде де кездеседі. Алайда, әйелдердің өзіндік ерекшелігі мынада: ұрысты бастаған әйел өз сөзін алдын ала ойластырып, қарсыласына жауап беру кезінде қапы қалмайды. Ол әрбір сөздің интонациясын ерекше нақышпен айтып, қарсыласының ызасын келтіреді. Қарсыласып тұрған әйелдің эмоциясы көбіне өзін-өзі ұстай алмауынан көрінеді, сондықтан оның репликалары эмоционалды сипатта беріледі.

Қарақатынның Балкүміс деген бойжеткен қызы төр алдында тізесін құшақтап, сазарып отыр. Қарақатын қызының мекерлігін жаратпады:

– Өй, бетің тіліңгір! Ақбала құсап бедіреюін қарашы!

– Өзіңнің бетін оңып тұрған шығар!

– Е, менің бетімнің несі бар екен? Көп болса отын арқалап, жаным қиналғасын қарайып кеткен шығар!

– Ие, басқа кезде аппақ деген...

– Мөңкенің қатыны құсап, балпылда да отыр солай.

– Өзің балпылдамайтын шығарсың.

– Тұтақ! Сен мендей де болмайсың. Ана судыр Ахметтің қатыны құсап, соңыра байың күнде шашыңнан сүйрелеп, таяқ астында жүрерсің-ау, сен бейбақ. Соныңды көрсем екен соңыра.

Балкүміс жылап жіберді [17, 124].

Ер адамдар тілінде ұрысты бастаушы кісінің де, оның қарсыласының да репликасы еркін болады. Бұған шығарма авторының ер адам екендігі де себеп болады. «Ер автор шығармалары мәтінінің өзіндік белгілері төмендегідей болып келеді:

1. Эмоциялар мен сезімдерді білдірудің біркелкі тәсілдері қолданылады;

2. Нақтылық басым көрінеді;

3. Сөздік құрамы жағынан, стильдік жағынан бейтарап қолданыс байқалады;

4. Стильдік бояуы бар архаизмдер, сленгтер, окказионализмдер жиі орын алады» [143, 95].

Біз анықтаған диалогтің келесі түрі – *әңгіме диалогі.* Бұл диалог түрі кейіпкердің басқалармен қатынасын, кейіпкердің өз ісіне, еңбегіне қатысын, кейіпкердің өзіне қатынасын айқындауға құрылады.

– Саламатсыз ба? - дедім оған жақындай бере.

– Иә,- деді ол зор дауыспен. – Қайда барасың?

– Мені сізге жіберді…

– Сен сізіңді қоя тұр. Менімен бірге істейді екенсің, құрдас боласың. Өзің тым арықсың ғой, серейіп өсе бергенше жуандасаң қайтеді! – деді ол айырдай қолдарын қалтасынан шығарып.

– Трактор айдауға шамаң келе ме?

– Шама келгенде, сіз оны итеріп жүргізбейтін шығарсыз, – дедім оған ашуымның келгенін білдіріп.

– Ойбай, мынаны қара! – деді ол маған өткір көздерін қадай түсіп. – Сен сөйлей біледі екенсің ғой. Ал, мін трактерге, көрейін қалай екеніңді. Бір жерің ұнамаса бар ғой айтпады деме, қуып жіберемін! – деді де, ол күркілдеп тұрған трактерге келіп өшіріп тастады.

– Ал, оталдыр да жүргіз!

Мұнда кейіпкерлерге тән мынандай психофизиологиялық ерекшелікті байқауға болады: физиологиялық тұрғыда кейіпкердің бірінің күші мол, бірі нәзік; психологиялық тұрғыда еңбексүйгіш, жинақты адамдар. Сұлтанның сөз саптауынан кейіпкердің мінез сипаттары анық көрініс табады. Яғни өжет, бірбеткей сонымен қоса, кішіпейіл екені көрінеді. Алданыштың сөз саптауынан еңбекке шыңдалған, өзіне-өзі сенімді, шыншыл екені байқалады. Жинаған мысалдарымыз негізінде анықталған диалогтің түрлері төмендегідей:



13-сызба. Гендерлік диалог түрлері.

Диалогте адам мінезінің әлсіз тұстарын танытатын шыдамсыздық, ұстамсыздық қасиеттер көрінеді. Ауызекі сөйлеу тіліне жататын қарапайым сөздерді, дөрекі сөздерді қолданудан әйелдердің эмоциясы, мінезіндегі міндері байқалады. Бұл қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры. Диалогтің кейіпкер мінезін танытатын қызметін ғалым Б.Шалабай күрделі мәтіннің аясында, тұтас құрылым тұрғысынан алып қарайды. «Жазушының кейіпкерлерді тілдік мінездеу арқылы олардың сөз қолдану машықтарын, ішкі ой-өріс, дүниетанымдарын ашады» – дейді [85, 81].

Ал ғалым Х.Кәрімов: «Диалог адамдар арасында өмірде кездесетін сан-қилы қарым-қатынасты бейнелеп, кейіпкерлер репликалары арқылы бір-біріне әсер етіп, адам мінезінің нақты, нанымды түрде ашылуына көмектеседі. Соның тілдік амалына айналады», – деп тұжырымдайды [74, 35]. Ғалымның бұл ойы біздің айтар ойымыз астасып, қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры – ер мен әйел адамдардың мінез сипаттарына қатысты болатынын айғақтайды.

Ойтүйін. Қазақ диалогінің гендерлік ерекшелігі – ерлер мен әйелдер тіліндегі тақырыптық аяның әртүрлі болуымен байланысты. Ер адамдардың әңгімелері көбінесе нақты мәселелерді шешуге, ақпарат алмасуға немесе қандай да бір іс-әрекетке бағытталады. Олар әдетте әңгіме барысында тікелей, нәтижеге бағытталған тәсілді ұстанады, хабарлау, кеңесу немесе талқылау сияқты үдерістер басым болады.

Ал әйелдер, керісінше, қарым-қатынастың эмоционалдық жағына, қарым-қатынасты сақтауға және нығайтуға көбірек көңіл бөледі. Әйелдер арасындағы әңгімелерде жеке сезімдер мен эмоцияларды бөлісу, бір-біріне қолдау көрсету, жанашырлық білдіру маңызды рөл атқарады. Олар әңгіме барысында сырласып, мәселелерін ортаға салып, эмоциялық тұрғыдан жеңілдеуді көздейді. Бұл процестер қарым-қатынастың сапасын арттырып, адамдар арасындағы байланыстарды күшейтеді.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры – ер мен әйелдердің эмоционалды дискурсымен анықталды. Әйелдердің аналық рөлі мен сезімталдығына байланысты сөз қолданысында қуану, аяу, мүсіркеу және жаны ашу мәніндегі сөздер жиі айтылады. Әйелдер сөздің құдіретіне сеніп, суггестиялық амалдарға жиі барады. Жаратқанға жалбарынады және ырым-жоралғыларға қатты сенеді. Сол себепті диалогтерінің көлемі ұзақ, мазмұны сезімге толы болады.

Ерлердің психологиялық ерекшеліктеріне, агрессивтілігіне орай күш көрсету, сес көрсетуге байланысты қалыптасқан лексикалар қатары диалогтерінде жиі ұшырасады. Ерлер диалогі қысқа және нақты мақсатқа құрылады.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің келесі қыры – ерлер мен әйелдердің қолданысындағы инвективтермен байланысты. Жыныстар арасында айтылатын инвективтердің ұлттық тәрбиеде мәні бар. Ерлер диалогінде өрескел, тұрпайы инвективтер қолданылса, әйелдер қауымы қарғыс сөздерді жиі пайдаланды. Балағат сөздердің әйелдер диалогінде ұшыраспауы – ұлтты тәрбиелеуші маңызды субъект екендігімен байланысты.

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктерін талдай отырып, диалогтің түрлері анықталды. Сұхбаттасу диалогі, қалаулы диалог, сұрау диалогі, эмоционалды диалогтер арқылы ер мен әйелдердің мінез ерекшеліктері танылды. Жыныстар арасындағы мінез ерекшеліктері – қазақ диалогіндегі гендер ұғымын ашықтайтын негізгі тетік.

Екінші тарау бойынша түйін

Қазақ мәтіндерін құрамындағы тілдік компоненттердің құрылымына қарай ***метаментальді және этноментальді*** деп ажыратуға болады.

Метаментальді мәтіннің коммуникативтік мақсаты адресанттың (автордың) ниетімен анықталады. Автор бұл мақсатқа жету үшін адресаттың (оқырманның) дүниетанымына ықпал етуді көздейді. Осы мақсатта автор, біріншіден, сөйлеудің прессупозициялық түрін таңдайды, яғни «сөйлеу жағдайымен байланысты сөйлеушілердің білім қоры мен тәжірибесінің қажетті бөлігін іріктейді». Екіншіден, сөйлеу актісін қалыптастыратын тілдік бірліктерді қарым-қатынас құралына айналдырудың тиімді тәсілдерін жасайды.

Қазақ тіліндегі *этноментальді мәтіндер* этномедни ақпарат береді. Этномәдени ақпараттар әр түрлі формаларда жүзеге асады. Мәселен, батаның, беташардың, айтыстың, шешендік сөздің т.б. әрқайсысының өзіне тән этномәдени сипаты бар. Олар прецедентті мәтіндер қолданысына негізделген.

Біз осы тараушамызда көркем шығарма мәтініндегі (проза, поэзия, драмадағы) диалогтерді ***метатанымдық*** диалогтер, ал айтыс пен шешендік дискурс құрамындағы диалогтерді ***этнотанымдық диалогтер*** деп топтастырдық.

Метатанымдық диалогтер - автордың коммуникативтік интенциясына негізделген, көркем шығармадағы диалогтер.

Этнотанымдық диалог – әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын мәтіндердегі диалогтер.

Жинаған материалдарымыз негізінде прозалық шығармалардағы диалогтерді *диалог-әңгіме, диалог-қалжың, диалог-арыздасу* деп жіктедік.

Диалогтік табиғат иеленген Абай қарасөздері мен Мұқағали поэзиясындағы диалогтерді – *диалогтік ойтолғам* деп атауды жөн санадық.

Диалогтік ойтолғам – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы.

Диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылықтары бар. Айталық, монологте автордың сөзі біркелкі, сұраусыз сөйлемдер арқылы іске асса, *диалогтік ойтолғамда* қаламгердің ішкі толғанысы оқырманға сауал бере отырып жарыққа шығады, яғни оқырман мен автор арасында айрықша диалогтік қарым-қатынас орнайды. *Диалогтік ойтолғамда* автор өзі қойған сұрауына кейде жауап беріп, кейде ашық қалдырады.

Драмалық диалог – көркем әдебиет тілінің бір варинаты және сол тілдің эстетикалық құндылығы ретінде жұмсалып, күнделікті дағдылы тілмен қарама-қарсы салыстыруларда өзіндік табиғаты айқын аңғарылады.

Диалог негізінен қос тағаннан, сұрау мен жауаптан тұрады. Бұл – ауызекі сөйлеу тіліне тән. Ал диалогті екі адамның тіл қатысуы ретінде жалпы мағынасында алсақ, ондағы репликаның ұзақ период, монолог түрінде де болатынын байқаймыз.

Оның бір дәлелі – айтыс. Сондықтан диалог функционалдық стильдердің ішіндегі ауызекі сөйлеу стилімен шектелмейді. Мұның да дәлелі – айтыс.

Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат – *бәдік айтыстарда* жиі көрініс табады. Бәдік өлеңдері негізінен жауаптасу үлгісінде келеді.

Айтыс дискурсында ақындардың жауаптасуына құрылған айрықша түрі – қайым айтыс. Қыз бен жігіт қақтығы шапшаң жауаптасып, бір-бір шумақтан қайтарылып отыратын, диалог сипатындағы қайым, түре айтыс түрінде келеді.

Айтыс дискурсындағы диалогтік сипаттың анық аңғарылатын келесі түрі – *жұптыр айтыс.*

Жұптыр айтыс – екі жігіт, екі қыз қарама-қарсы жақ болып, қара өлең түрінде айтысатын айтыстың бір түрі. Салт-дәстүр бойынша қандастық туыстығы барларға айтысқа түсуге тыйым салынады. Дауыстарының үйлесіміне қарай екі жігіт, екі қыз немесе қос келіншектен – төртеуі екі жұп болып, бір-біріне қарсы қарап, бірі бастаушы, екіншісі қостаушы болып отырысады.

Айтыс – диалогтік сөйлесімнің халық поэзиясы тіліндегі айқын көрінісі. Тыңдаушы мен айтыскер арасындағы қарым-қатынас диалогтің өрбуіне себепкер бола алады. Айтыс дискурсындағы этнотанымдық диалог – оқиға өрбітушілік, оқиғаны дамытушылық, халықты иландыру, адамның мінез-бітімін, сөзсаптаманың даралау қызметтерін атқарады.

Шешендік диалогтерде сұрау қою арқылы диалогтің эстетикалық, көркемдеуіштік қызметі айрықша танылады. Шешен мен оның алдындағы тыңдаушы адам бетпе-бет отырып одан жауап күтеді. Қойылған сұрау келелі мәселе жайында айтылып, одан әрі пайымдау түрінде жүзеге асады. Шешеннің қойған әрбір сұрауы дұрыс және орынды деп танылады. Сондай-ақ шешен сұрау қою арқылы өзекті мәселеге жауап іздейді, тыңдауышының реакциясын тудырады. Шешеннің қойған сұраулары риторикалық сұрау түріне жатады. Себебі сұрау қою барысында сөйлеуші мен тыңдаушы арасында байланыс күшейе түседі.

Шешендік дискурстағы диалогтердің мынадай түрлері анықталды: *сәлемдесу диалогі, жұмбақтау диалогі, жауаптасу диалогі.*

Жалпы шешендік диалог шешендік сөздердің баяндау мен бейнелеу жүйесінде мол орын алатын іргелі құрылым. Шешендік диалогтің халықтық жұмбақ, жаңылтпаш, өлең, табу, мақал-мәтел сияқты сипаттарды иеленіп, жұбату, естірту, жоқтау, көңіл айту сияқты қызметтерді атқаруы – шешендік диалогтің лингвомәдени ерекшеліктерін танытатын бір қыры болып есептеледі. Сол себепті шешендік сөздер дискурсындағы диалог – қазақ танымындағы ***диалогтің озық үлгісі*** деп айтуға әбден болады.

Сонымен қатар, шешендік, айтыс дискурсындағы диалогтерде поэзияға тән құрылым бар. Аталған диалог үлгілеріндегі әр пунктуациялық таңбаның өзіне тән үні бар. Кейіпкерлердің ішкі толқынысы пауза арқылы көрініп, сөйлеу интонациясының түрленуімен ерекшеленеді. Шешендік және айтыс дискурсындағы диалогтерде үзік-үзік, мірдің оғындай сөйлемдердің берілуі диалог

табиғатының ерекшелігін айқындайды. Бұл ерекшелік мәтін энергиясын арттырады.

Дәстүрлі риторикадағы – фигуралар, диалог құрылымындағы эмоционалды-экспрессивті лексика, экспрессивті-синтаксистік құрылымдар көркем диалогтің энергиялылығын танытады. Сол себепті диалог құрылымдағы мұндай қолданыстарды *энергемалар* деп атаймыз.

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшелігі – ерлер мен әйелдер тіліндегі тақырыптық аяның әртүрлі болуымен байланысты. Әдетте, ерлер әңгіме барысында нақты мәселелер мен фактілерге, проблемаларды шешуге немесе іс-әрекеттерді талдауға көбірек көңіл бөледі.

Ал әйелдер қарым-қатынастың өзіне, оның барысы мен сапасына көбірек көңіл бөледі. Олар үшін әңгіме барысында эмоционалдық байланыс орнату, қолдау көрсету, бір-бірімен сезімдерді бөлісу маңыздырақ. Әйелдер диалогте жиі өзара түсіністік пен эмпатияға басымдық береді, әңгіменің өзі қарым-қатынасты нығайтудың құралы ретінде қызмет етеді.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің бір қыры – ер мен әйелдердің эмоционалды дискурсымен анықталды. Әйелдердің аналық рөлі мен сезімталдығына байланысты сөз қолданысында қуану, аяу, мүсіркеу және жаны ашу мәніндегі сөздер жиі айтылады. Ерлердің психологиялық ерекшеліктеріне, агрессивтілігіне орай күш көрсету, сес көрсетуге байланысты қалыптасқан лексикалар қатары диалогтерінде жиі ұшырасады. Ерлер диалогі қысқа және нақты мақсатқа құрылады.

Қазақ диалогіндегі гендерлік ерекшеліктің келесі қыры – ерлер мен әйелдердің қолданысындағы инвективтермен байланысты. Жыныстар арасында айтылатын инвективтердің ұлттық тәрбиеде мәні бар. Ерлер диалогінде өрескел, тұрпайы инвективтер қолданылса, әйелдер қауымы қарғыс сөздерді жиі пайдаланды. Балағат сөздердің әйелдер диалогінде ұшыраспауы – ұлтты тәрбиелеуші маңызды субъект екендігімен байланысты.

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктерін талдай отырып, диалогтің түрлері анықталды. Сұхбаттасу диалогі, қалаулы диалог, сұрау диалогі, эмоционалды диалогтер арқылы ер мен әйелдердің мінез ерекшеліктері танылды.

3. КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ДИАЛОГТЕГІ ТІЛДІК ТҰЛҒАНЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІГІ

3.1 Диалогтегі сұрақ-жауап репликаларының ерекшелігі

Қазіргі тіл білімінде диалогтік сөз «сөйлеу формасы» ретінде қарастырылады, мұнда репликаларды қолдану арқылы тілдік құрамды тікелей қабылдау адресанттың рөлін күшейтеді. Осылайша, диалогтің ең басты ерекшелігі – екі немесе бірнеше адам арасындағы сөйлеудің азды-көпті жылдам алмасуы және сөйлеудің белгілі бір құрылымын монологтік сөз құрылымынан ажырату болып табылады.

Диалогте сөйлеушінің пікірін реплика деп атайды. Ол көбіне диалогтік сөздің негізгі құрылымдық және мазмұндық бөлігі ретінде қарастырылады.

Диалогтік сөзде репликаларды қолдану олардың құрылымдық-семантикалық бөліктерінің аз түрдегі бірліктері ретінде мағынасы және нысаны жағынан бір-бірімен тығыз байланысты болуына негізделеді. Бұл диалогтік сөздің компоненттерінің бөлшектенген мазмұнынан емес, репликалардың өзара ұйымдасуынан байқалады.

Монологтік сөздің ең ірі құрылымдық-семантикалық бірліктері күрделі синтаксистік тұтастық саналады және соңғы жылдары оларға ерекше назар аударылып келеді. Диалогтік сөздегі осындай құрылымдар диалогтік бірліктер ретінде қарастырылады.

Орыс ғалымдары С. Е. Крючков және Л. Ю. Максимов «Современный русский язык. Синтаксис сложного предложения» атты еңбектерінде диалогтік сөзді құрылымдық-семантикалық тұрғыдан сипаттап, оның кейбір нақты қасиеттерін атап көрсетеді: «Диалог екі, кейде үш-төрт репликалық сөйлемнен тұрады, құрылымы мен мәні жағынан өзара тығыз байланысты; алғашқы репликаның нысаны мен мазмұны екінші репликаның мазмұны мен нысанын анықтайды. Сондықтан диалогті толық түсіну үшін репликалардың өзара байланысын ескеру қажет», – деп қорытындылайды [67, 45].

Диалогтік бірліктің құрылымдық және мағыналық ерекшеліктері диалогтік сөздің негізін құрайды. С. Е. Крючков және Л. Ю. Максимов ең көп таралған диалогтік бірліктердің төмендегідей түрлерін көрсетеді:

1. *Сұрақ-жауаптылық:*

– Едеке, алло, Едеке, разъездің кезекшісі Шаймерденнің даусы қырылдап естілді. – Естимісің мені, Едеке? Қалайсыз? – Естіп тұрмын, тыңдап тұрмын.

– Естимісің мені?

– Естимін, естимін!

– Қалай естисің?

– О дүниедегідей.

– Неге о дүниедегідей?

– Жә, әншейін!

– А-а... Сонымен, Қазанғап шал нетіпті ғой!

– Нетіпті?!.

– Өлгенін айтам...– Шаймерден қолайлы сөз табуға тырысқан болды.– Не деуші еді? Әлгі нетіп, әлгі ақырғы сапарға нетіп... аттанып дегендей...

2. Екінші репликада біріншісінің жалғастырылуы:

– Жоқ, біздің әкей ***аман шығар****... – дей берді.*

– ***Аман болса, аман шығар****, – деп Жылтыр тағы оқыды:*

3. Репликада көтерілген мәселеге байланысты ой айтылып, оның жалғасын табуы:

Бірінші репликада белгіленгенді екінші репликалар арқылы қостайтынын немесе құптамайтындығын білдіру:

– Сен немене?.. Қандай қызметке тұрғың келеді? – деді Балташ, не сұрарын білмей, көзін жұмыңқырап:

– Қандай қызмет болады? Жұрт істеп жатқан бір қызмет болады да, – деді.

– Елдегі қызметті қалайсың ба? Қалада болғың келе ме?

– Қала қызметіне менің оқуым жоқ қой. Елде болғаным дұрыс қой.

– Елде қандай қызмет қалайсың?

– Осы күні кім болса сол болыс боп жатыр ғой. Біз де соның біріндей қызмет қылармыз.

– Ә, болыс болғың келе ме?

– Қолдан келсе, не болмайық дейміз? Бұрын байлар да болды...

Якубинскидің алғаш диалогке берген анықтамасында, мыналар: 1) оның «өздік, кездейсоқтық, үзіктік» сияқты психолингвистикалық маңызды сипаттамасы; 2) құрамдас компоненттерін белгілеу (ал алмасудың әрбір компоненті реплика екендігі); 3) деңгейдегі бір репликаның екіншісімен сәйкестігі көрсетілген болатын [65, 94].

Диалогті зерттеушілердің көбі оны стимул (ынталандыру) мен реакциядан (жауап қату) тұратын диалогтік тұтастық ретінде қарастырады. Ал диалогтік тұтастық – мазмұндық дербестік пен құрылымды-грамматикалық негіздегі диалогтің коммуникативті бірлігі. Ол белгілі бір тақырып пен әңгіме желісіндегі мәліметті өрбітеді.

Диалогтің тұтастығы мен құрылымы көбінесе сөйлеушінің интенциясына байланысты қалыптасады. Бұл интенция – белгілі бір ақпаратты жеткізу, сұрақ қою, тыңдаушының реакциясын тудыру немесе оны белгілі бір әрекетке итермелеу ниеті ретінде көрінеді. Сөйлеушінің интенциясы экстралингвистикалық факторлармен (контекст, жағдай, тыңдаушының рөлі) қатар, сөйлеу актісінің табысты жүзеге асуына негіз болатын маңызды элемент болып табылады.

Диалогте қатысым әрқашан екі жақты, яғни стимул-реакция (ынталандыру-жауап қату) түрінде жүзеге асады. Бір тараптың сөзі (стимул) екінші тараптың жауабын (реакция) тудырады, бұл диалогтегі сөйлеу актілерінің дәйекті дамуына негіз болады. Сондықтан диалогтік тұтастықты құрайтын әрбір репликаның

орындалуы мен атқаратын қызметі сөйлеуші мен тыңдаушының интенциялары мен мақсатты шарттарын ескеру арқылы айқындалады.

Бұл тұтастық әр репликаның мағыналық және прагматикалық мәнін айқындап, сөйлеу актісінің толыққанды жүзеге асуына, сонымен қатар қатысушылардың қарым-қатынас мақсатына қол жеткізуіне мүмкіндік береді.

Біз өз жұмысымызда репликаларды құрылымы жағынан дара және күрделі, мазмұны жағынан ынталандырушы реплика және жауап қату репликасы деп жіктеп, олардың диалогтегі атқаратын қызметіне тоқталамыз.

Кейіпкерлердің ***дара*** репликалары авторлық баяндаудың ішінде цитата тәрізді енгізіледі. Кейде ремаркамен қоршалып, белгілі бір дәрежеде дербестігі сақталып, өз алдына тұйықталып келеді. Бұл проза тілі үшін дағдылы жағдай. Мысалы:

...Қарагөз көрпесін сілкіп тастап, қатты күрсініп дауыстап:

- *Аллай, тұншықтым ғой!.. Құдай-ау, мұнша неге сорлы еттің?! – деп қайнап қызған қанмен қайда барарын білмесе де, үйден атқып шықты* (М.Әуезов «Қаралы сұлу»).

Құрылымы жағынан дара репликалар – көбіне қысқа, эллипс түріндегі сөйлемдер. Олар үзік-үзік, бөлінген болып келеді. Дара репликалар аяқталмаған ой түрінде де келуі мүмкін. Сөйлеуші лебізінің әңгімелесуші тарапынан бөлінуі немесе қандай да бір себептердің ықпалы есебінен оларды үзік-үзік сөйлемдер ретінде қарастырған жөн.

... – Бабаңыз?
– Есаха.
– Атыңыз?
– Бурахан!
– Әкеңіздің аты?
– Боранбай. Сонымен: Есахаев Бурахан Боранбайұлы.
– Ол түсінікті ғой. Туған жылыңыз?
– Ұлы Октябрьдің жүз жылдығын тойлап жатқан кезде мен
сексен екіде боламын.
– Қалжыңыңыз тасып бара жатса да, қылжақтамай жөніңізді айтыңыз.
– Жөні сол.
– Сонда қалай?
– Есептеңіз.
– Ә-ә... Түсінікті... Енді, қызмет орныңыз?
– Қызмет орным ба, қызмет орным – Арқа мен Алатау.
– Жоқ. Айлық алатын жеріңізді айтам.
– Мен ешқандай айлық алмаймын.
– Сонда қалай?
– Солай...

– Қалай күн көресіз?

– Мен балық сияқтымын, кезі келген кезде қауып қаламын.

– Бұғалтырсыз ба?

– Жоқ.

– Завхоз?

– Жоқ.

– Ой, ағай, қылжақтамай, жөніңізді айтыңызшы. Жұмыссыз жүрген жансыз ба?

– Жоқ, қызметсізбін.(Тарази Ә.Тырна, тырна, тырналар)

Дара репликалардың көпшілігі мазмұн және сыртқы түрі жағынан екі адам арасындағы әңгімені – диалогті еске түсіреді. Автор шығармасының құрылысына, идеясына, өзінің мақсатына сай соның қажетті де маңызды, кейіпкерге тән жағын ғана келтіреді. Мысалы, Б.Майлиннің «Көшпелі махаббат» әңгімесінде бірде-бір диалог жоқ. Кейіпкерлердің өзіндік сөздері авторлық баяндау ішіне де енгізілмеген. Әр реплика ремаркамен айтылып, диалог құрамындағы дербестігін сақтаған. *Қайтыс болған Ыбырайдың шешесі: - Қарағымның құрдасы екен ғой, - деп қарсы алып, «Келіп тұр, қарағым», - деп қоштасады.*

Шағын ғана суреттеу, авторлық түсініктеме, әр кейіпкерге тән дара репликалар оқырманды тәнті етеді.

Екі не одан да көп сөйлемнен тұратын реплика ***күрделі репликаға*** жатады. Күрделі реплика түрлі сезімдер, ойлар, көңіл-күй, эмоциялық күй жайлы толық ақпаратты қамтиды және сипаттау немесе пайымдау түрінде келеді. Күрделі реплика мәтін өрбуінің заңдылығына қарай құрылады. Репликаның бұл түрін монологтік деуге болады. Мәселен:

- *Ойпыр-ау, әлгі баяндамашы қандай қызық жайды айтты мен туралы. Сана, Гүлжан түсіндіңдер ме? Қандай ғажайып! Мен Бедел Бегенович Бегенов тарих ғылымының профессоры... Ал бір жағынан қарасам, өзі шынға да ұқсайды. Түсіңдің бе, Сана, сен? Сенің басыңа сондай келгені бар ма сірә?*

- *Басыма келді. Иә, менің де басыма бір ой кеп тұр.* (М.Әуезов. Дос-бедел дос)

Сөйлеу актісінде адресанттың (сөйлеушінің) коммуникативтік қызметі адресатқа (тыңдаушыға) әсер ету және оны жауап беруге итермелеуге бағытталған. Адресант өзінің коммуникациядағы мақсаттарына жету үшін алдын ала күтілетін жауапқа қол жеткізуді көздейді және адресатты өзіне қажет бағытқа бағыттай отырып, оның сөйлеу әдебіне әсер етеді. Бұл жерде сөйлеушінің стратегиясы – адресаттың ойына, эмоциясына немесе мінез-құлқына әсер етіп, коммуникацияның мақсатты түрде өрбуіне ықпал ету.

Дегенмен, адресаттың жауабы сөйлеушінің күткеніндей бола бермейді. Адресат өз реакциясын қалыптастырғанда адресанттың интенциясына толық бағынбай, өз позициясы, өз түсінігі немесе көзқарасы тұрғысынан жауап береді.

Сондықтан, коммуникация процесінде адресаттың белсенді реакциясы ынталандырушы репликаның интенциясына сәйкес келмеуі жиі кездеседі.

Бұл диалогтік қарым-қатынастың табиғатына тән құбылыс, себебі әрбір қатысушының ойлау жүйесі, эмоциялық күйі, тілдік дағдысы, контексті түсінуі және жауап беру стилі әртүрлі болады. Аталған ерекшеліктер диалогтің дамуына, репликалардың бағытына және коммуникацияның динамикасына ықпал етеді. Осылайша, сөйлеушінің (адресанттың) өз мақсатына жету үшін қолданған тактикасы әрқашан нәтижелі болмайды, өйткені тыңдаушының (адресаттың) реакциясы оның жеке интенциясы мен коммуникативтік стратегиясына сүйеніп жүзеге асады.

Диалогте репликалар арасындағы кері тәуелділік маңызды рөл атқарады. Бұл кері тәуелділік адресаттың (тыңдаушының) да адресант (сөйлеуші) секілді өз мақсатына жетуге ұмтылатынын білдіреді. Осы диалогтік әрекеттегі қайталанатын сөйлеу әрекеті немесе жауап қату репликасы екіжақты прагматикалық сипатқа ие болады.

Бір жағынан, адресаттың жауабы – ынталандырушы репликаның прагматикалық нәтижесінің көрінісі. Бұл дегеніміз, бастапқы реплика тыңдаушыға әсер етеді, оның реакциясын тудырады, осылайша адресанттың коммуникативтік мақсатының қаншалықты жүзеге асқаны байқалады.

Екінші жағынан, адресаттың жауабы – оның өз коммуникативтік мақсатын білдіретін әрекет. Жауап репликасы тыңдаушының жеке интенциясына сүйеніп қалыптасады және бұл әрекет түрлі формаларда көрініс табуы мүмкін: вербалды (ауызша жауап, келісім/келіспеушілік білдіру) немесе бейвербалды (ым, интонация) тәсілдер арқылы.

Сондықтан әр жауап репликасы екіжақты сипатқа ие:

- Ол бастапқы репликаның ықпалын көрсетеді және сөйлеушінің қойған мақсатының орындалуын (немесе орындалмауын) айқындайды.
- Сонымен қатар, ол адресаттың өз мақсатына қол жеткізуге бағытталған жеке әрекетін көрсетеді және өз алдына жаңа прагматикалық қатысымды тудырады.

Мұндай кері тәуелділік пен екіжақты прагматикалық қасиет диалогтің құрылымын байытып, қарым-қатынастың динамикасын анықтайды. Бұл процесте әрбір қатысушы тек тыңдаушы немесе сөйлеуші рөлінде қалмай, екіжақты коммуникативтік әрекетке қатысып, бір-бірінің репликаларына жауап беру арқылы диалогтің мәнін тереңдетіп отырады.

Ынталандыру мен жауап қату өрісінің айырмашылығының негізін М.Бахтин өзінің «Проблемы поэтики Достоевского» еңбегінде салған болатын. Ол сөздің түрін бөліп көрсетті: 1) тура, сөйлеушінің өз объектісіне бағытталған сөзі; 2) объектті сөзі (сөйлеушінің сөзі); 3) басқаның сөзіне бағытталған сөз, демек, тыңдауышының жауабы. Бахтиннің түсінігінде жауаптың референтті негізін мәтін референциясының қосарлануы құрайды, өйткені заттық ұғым мазмұнымен қатар

екінші мазмұны - басқаның сөзіне бағытталу анықталады. Сондықтан сөздің тек тура мағынасын ғана есепке алуға болмайды», - деп жазады автор [46].

Диалог репликаларының кешенді сипатын анықтауда олардың тек формальды-құрылымдық жағын ғана емес, сонымен қатар коммуникативті-прагматикалық қырын да қарастыру маңызды.

Коммуникативтік тәсіл қарым-қатынас кезінде, яғни қарым-қатынас кезіндегі әңгімелесушілердің коммуникативтік өзара әрекеттесуіндегі олардың өз мақсаттары мен міндеттерін шешу үшін әртүрлі ақпарат алмасу процесінде көрінетін тілдік бірліктердің қасиеттерін ашуға мүмкіндік береді.

Прагматикалық тәсіл тілді қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын және жалпы жағдайда адресаттың әлеуметтік ерекшеліктеріне сәйкес тұлғаның өз таңдауын жасауымен байланысты тілдік бірліктердің маңызды құрамдас бөлігін ескеруді қамтиды. Тілді зерттеу барысында осы функционалдық, коммуникативтік және прагматикалық тәсілдер өзара бірін-бірі толықтырады.

Лингвистикалық прагматиканың нақты белгіленген шегі жоқ, оның құрамына сөйлеуші, адресат, олардың өзара коммуникацияға түсуіне, сөйлеу жағдаятына қатысты мәселелердің барлығы енеді.

Репликалардың түрін ажыратуда прагматикалық аспектілер, сөйлеу жағдаяты, коммуниканттардың қарым-қатынасы және т.б. ескеріледі. Зерттеуші М.К. Кармысова прагматикалық байланыстардың түріне қарай лебіздің келесідей түрлерін бөліп көрсетеді:

1) *сұрақтан кейінгі жауап түріндегі лебіз:*

– Асуға да шыққан шығарсың?

– Шықтым.

– Көгілдір таулар көріне ме екен?.. Әлде бұлт басып тұр ма?

– Бүгін өте жақсы көрінді. Жарықтық, өркеш-өркеш болып көз ұшында көсіліп жатыр, – деді Есберген еңсе көтере түсіп (Д.Әшімханұлы «Тасқала, 25).

Аталған диалогтегі репликалар сөйлеу актісінің жағдайына бағытталған.

2) Лебіз тудырған сұрақ және одан әрі нақтылау түріндегі лебіз (қайталау репликасы);

– Мойындадың ба?! – деді.

– Осы сенің айтып отырғаның қай Шойын?!

– Кәдімгі Шойын. Жазушы Шойын!

– Қара бұйра ма?

– Қара бұйра! – Солай деді де, қыз ішек-сілесі қатып күлді. [12, 32].

3) Әңгімелесушінің қандай да бір жауабын білдіретін одағай – қысқа реплика түріндегі лебіз;

– Ойбұй!

– Қап, мына ит қатырды-ау, ә!

– Енді қайттік (Б.Соқпақбаев. «Өлгендер қайтіп келмейді»)

Диалогтің характері көбінесе ынталандыру репликасына байланысты болады. Жауап қату репликасының типтері де осы ынталандыруға тікелей байланысты.

Біз жинаған мысалдарымыз негізінде қазақ диалогіндегі репликалардың коммуникативті-прагматикалық сипатына байланысты ынталандырушы реплика (реплика-стимул) мен жауап қату (реплика-реакция) репликасының түрлерін анықтадық.

І. Ақпаратты талап ететін ынталандырушы-сұрақ репликасы. Коммуникант репликаның бұл түрін өзіне қажетті жаңа ақпаратты алу үшін қолданады.

Репликаның бұл түріне келесі белгілер тән:

1. Сұрау есімдіктері мен үстеулерінің болуы: не, неге, кім, кімдер, қалай, несі, неден, кімнен, қандай, қашан және т.б.

Реплика құрамында сұрау есімдіктері сөйлемнің басында, ортасында және соңында да келеді. Бұл сұрау есуімдігінің қай сөйлем мүшесінің орнына жұмсалып тұрғанына және актуальды мүшеленуге байланысты болады.

– Әже деймін, *қайда* жүр әлгі ақ құстар. Ұстап берші біреуін.

– Беу, сәбилік, – әжем төбемнен иіскеп күледі, – құлыным, олар құс емес, құданың періштелері ғой. Бізге көрінбейді.

– *Неге?* – Кәрі әженің жауабын қанағат тұтпай,

сұрақ үстіне сұрақ жаудырамын.

– Ендеше Жәнияға *неге* көрінеді?

– Жәния әлі нәресте. Құдай алдында күнәсі жоқ (Ә.Сәрсенбаев, «Кімнің ұлысының, Болатхан?»)

- *Мама, не боп жатыр? Келген кімдер? Неге келген?*

- Атама, қызым. Тінтумен келген (М.Әуезов «Дос – бедел дос»)

Кейде сұраулы сөйлем интонация арқылы жасалған кезде сұрау есімдіктерінің орнына «шығар, болар, қайтеді» сынды модаль сөздер жұмсалады.

Ертесі таңғы шәй үстінде күйеуі:

– Әй, Хадиша, сонда сен қай кезде туасың? – деді.

– Күзгі салым *шығар,* – деп күмілжіді әйел.

– Е, онда дұрыс, менікі екен, әйтпесе, жақында туғалы отырған *шығар десем*, – деп ырқ-ырқ етіп күлген болды арсыз күлкімен (Досжан С. «Үлкен үйдегі үрей»).

2. Ынталандыру репликасының құрылымы әдетте талап етілетін ақпараттың сипатын алдын ала анықтайды.

3. Ынталандыру репликасының лексика-семантикалық байланыстылығы мен жауап қату репликасына қатыстылығы ынталандыру репликасындағы сұрау мәніндегі сөздің және жауап қату репликасындағы негізгі ақпаратты білдіретін сөздің бір ұғымдық-тақырыптық қатарға жатуынан, сонымен қатар лексикалық және семинатикалық қайталаулардың жиілігінен көрінеді.

- *Құда! Сіз маған **өкпелеп** жүрсіз білем.*

- *Неге өкпелейін.*

- Жоқ, жасырмаңыз, өкпелеп жүрсіз. Көк тайыншаларыңызды мен ұрлаған едім, оны өзіңіз де сегенсіз (Оралхан Б. «Көк тайынша»)

*– Бұ, қайсың тағы балаша есік қағып **ойнап жүрген**, – деді.*

*– Бұл біз, **ойнап жүрген**, – деді Мәдина* (Мұратбеков С. «Қайсар мінез»)

4. Әдетте ақпараттық типтегі реплика эллипс формасындағы сұраулы сөйлемдер арқылы беріледі.

– Бұл әйел кімің? (болады) – деп сұрадым әлден соң Жанболаттан.

– Жеңгем [1,56].

– Жайшылық па?

– Бақша жабылады дейді. Енді бала алмаймыз дейді... – Зүбәйданың үні үздігіп, жыланып шықты.

– Неге?

– Баласаздың болашағы жоқ. Балабақшасы да, мектебі де жабылады депті ғой!.

– Кім? [12.69]

5. Ынталандыру репликасының осы типіне сонымен қатар ынталандыру репликасын жағдаятпен, диалог алды жағдаймен байланыстыратын дейктикалық, яғни сілтеу есімдіктері де тән: ол, бұл, мына, осы және т.б.

*– Ауыл **ана жақта**, канал **мына тұста**, – деп кесім айтады* [38, 123]

– Сартай, не болды мынаған?

– Мен емес, анау өз бөлең... Судағы балықты қызғанады...

– Не дейді... Тоғайәлі, сен жынданған шығарсың! [37, 145]

*– Бірақ **бұл** – нағыз сауна емес, – деп мәлімдеді.*

*– Сауна болмаса, сонда **бұл** не? – деді буалдырлау бу арасынан Тастыбай мырза.*

*– **Мынау** бу болмауы керек шығар, сірә, – деді көзі ашықтау, логикасы мықтылау Шубай мырза* [38, 79]

6) Ынталандыру репликасы диалогтің басында екі түрлі: фатикалық, байланыс орнатушылық және ақпаратты талап ететін сауал қызметін атқаратындықтан, оның құрамында вокативтер кездеседі. Олардың қызметін жалқы есімдер, туыстық атаулар мен еркелету мәніндегі сөздер атқарады.

*– **Бауыр-е-ем!** Тумаса дағы, туғаннан бетер болған **бауыр-е-е-ем! Андре-ей-е-ем!** – деп дауыс сала жылап жеткен* [38, 101]

*– Қой, **жеңеше,** көшедегі бұл жүрісің дұрыс емес. Ашуыңды бас... мен үйлеріңе барып, Асанәлі үшеуміз жайласып отырып сөйлесейік, – деп көріп едім, көнбеді. Осы кезде далаға председатель де шықты.*

*– Нұрила **шешей,** жаңағы келген сіздің балаңыз ба еді? – деп ол сөзге бірден араласты, – тік мінез ғып тым ерке өсірген екенсіз. Мына Сәрсеннің алдында мені жерге қаратып кетті ғой.*

– ***Қарағым-ай,*** *өзі жасып жүрген баланы несін ренжіттің.* ***Ағалық*** *ақылыңды айтсаң, ол сөзге түсінбейтін бейбастақ емес қой. Сенің айтқаныңнан шығып қайда баратын еді, – деп Нұрила председательге жармасты.*

II. **Нақтылауды немесе терістеуді қажет ететін ынталандыру мәніндегі сұрақ репликасы.** Бұл сұрақтар күмәндану, таңғалу, түсінбестік және т.б. сынды түрлі модальдық реңктермен үстемеленуі мүмкін.

1. Ынталандыру репликасының бұл түрінде ақпарат гипотетикалық, болжанатын болғанмен, қойылатын сұрақтың құрамында бар болғандықтан, нақтылау немесе жоққа шығару түріндегі жауапты талап етеді. Коммуникат нақтылау немесе терістеу түріндегі жауаптың бір сөзбен (иә, жоқ, т.б) немесе бірнеше сөзбен (дәлелді) берілуін қалайды.

– Әлгі алған бөлмең осы ма?

– Иә. [1, 53]

– Жаман екен, жаман екен... апама айтайын ба? – деді зәресі ұшқан келіншек.

– ***Жоқ, әзірше айтпай-ақ қой, қорқып жүрер.*** *Мен бір айналып соғармын, – деп шығып кетті* (С.Досжан «Үлкен үйдегі үрей»)

2. Әдетте ынталандыру репликасының құрамында сұраулық шылаулары бар тіркестер жиі кездеседі, олардың бірі мүмкін болған жауапты білдіреді: дұрыс па/жоқ па, келе ме/келмей ме және т.б.

– Қазір сенің тойыңа қонақ ***келмей ме?***

– Ойбай-ау, орындық жетпейтін боп жатқан ***жоқ па?***

– Не дейді? Қандай, қайдағы орындық? (М. Әуезов «Дос – бедел дос»)

3. Репликаның бұл түрінде ма, ме, ба, бе, па, пе сұраулық шылаулары арқылы жасалған сөйлемдер кездеседі.

– Ауруханаңың киімімен ***бе?***

– Ауруханаңың киімімен!

– Айтып кетпейміз ***бе?***

– Қайтып келіп, мен айтамын! [12, 59]

– Сен өлімнен қорқасың ***ба?*** *– деді.*

– Қалай? – деді түсінбеген Рабиға.

– Мысалы, кәртейіп өлетініңді, онан еш уақытта тірілмейтініңді ойлайсың ба? [1, 23]

III. Ынталандыру-бұйыру репликасы.

Репликаның бұл түрі арқылы коммуникант қандай да бір физикалық әрекетке, сөйлеу әрекетіне себеп болады. Репликаның осы түрі ерік білдірудің түрлі реңктерін: бұйрық беру, талап ету, кеңес беру, өтініш айту, үндеу, тілек білдіру және т.б. білдіреді және айқын прагматикалық бағыттылығымен сипатталады. Бұйыру мәніндегі реплика интонация арқылы беріледі және графикалық түрде басқа тәсілдермен қатар леп белгісімен ажыратылады.

– Ей! Күресін басынан аттап шықпаған «кейбіреуің» біле ме, әлде бүкіл Ресейді шығысынан батысына дейін өз аяғымен, мынау аяқтармен «өлшеп» шыққан мен білем бе?!

– Сіз білесіз, әрине!

– Ендеше, жұрт оттамасын, сен де оттама! [12, 68]

1. Қандай да бір әрекетке түрткі болуды білдірудің негізгі формасы бұйрық (бұйрық райдың 2-жақ формасындағы етістіктер) және қалау райдағы етістіктер болып табылады.

– Сіз науқастанып қалыпты деп естіп, көңіліңізді сұрай келдім! – деді.

– Мүләйімсімей, шыныңды айт!

– Сізге өтірік айтып өле алмай жүр дейсіз бе, Сейтақа-ау? [12, 86]

2. Бұйрық мәндегі сөйлемдердің интонациясы сөйлем мазмұнына қарай түрлі сипатқа ие болады.

– Ләббәй, Сейт-ақа?

– Мына қонаққа қазан көтеріңдер! Төре тұқымы ғой, жамбас салыңдар, түсіндің бе?

«Түсіндің бе?» дегенді Қамардинге қадала қарап айтты.

– Түсіндім! – деді анау басын шұлғып.

– Түсінсең, бар! [12, 85]

3. Бұйрықты репликалар негізінен вокативтерден жасалады. Вокатив бұйрыққа, үндеуге назар аударту үшін іс-әрекеттің бағытталған тұлғасын көрсетеді. Бұйрық репликасының құрылымдық ерекшелігі – олардың ықшам болып келуінде. Олар көбінесе бір немесе 2-3 сөзден тұрады. Осылайша сөйлемнің экспрессивтілігіне, тиянақтылығына және интонациялық әсеріне қол жеткізуге болады. Егер бұйрықты сөйлем құрамындағы бұйыру мәні көпшілікке бағытталса, онда ол өзінің тиянақтылығынан айырылған болады.

– Сескенбе, ата! Мен қасыңда болайын. Байқаңыз, ашпаңыз!

– Түстері жат мына кәпірлердің. Япыр-ай, сорыма жалғыз да болмадым... (М.Әуезов «Алуа»)

IV. Ынталандыру-хабарлау репликасы.

Репликаның бұл түрінде коммуникант әңгімелесушіге өз пікірі бойынша қажетті және пайдалы болып табылатын ақпаратты ұсынады. Әдетте ондай ақпарат шынайы өмірден алынған фактілер туралы хабарды қамтиды. Ынталандыру репликасының бұл типіне келесі белгілер тән.

1. Сөйлеуші өзінің сұрағына немесе пікіріне үнемі тікелей жауап алу мақсатын көздемейді.

2. Синтаксистік құрылымдардың молдығымен ерекшеленеді.

– Балам, сен жалғызсың ғой.

– Жоқ, апа мен жалғыз емеспін. Сіз барсыз ғой, апа (О.Бөкеев «Көк тайынша»)

Ынталандыру-хабарлау және ынталандыру-бұйыру репликаларының арасы өте жақын. Мұнда беріліп отырған ақпарат әңгімелесушіні қандай да бір іс-әрекетке өзі итермелейді.

– Құрдас жандардың ойыны ғой, – деп түсіндіре бастағанда құтырынып, қанталаған көздерімен әркімге жәутең-жәутең қарап тұрған Сұлтан күтпеген жерден ызаға булығып жылап жіберіп:

– Жалғыздығым ғой, жалғыздығым! – деп екі қолымен бетін басқан күйі далаға шығып кетті. Қабағын тарс түйген қалпы Сәнжан орнынан тұрды да, баяу басып ол да шықты үйден.

– Апыр-ау, қызық болды-ау, – деді Әбекең біраздан кейін. – Қалжың деп осыны айт.

– Сұлтандікі түсінікті. Ал мына жігіттікі не? Қызық екен өзі! – Ауылдың сауда бастығы отырғандарға кезек-кезек қарады. Еркебұлан жауап берудің орнына інісіне бұрылды.

– Неғып отырсың? Құйсаңшы. [12, 59]

V. Ынталандыру-нақтылау репликасы.

Мұнда коммуникант өзі дұрыс деп тапқан ақпаратты ұсынады немесе дәлелді ақпарат береді. Репликалардың бұл түріне келесі белгілер тән:

1. Лепті сөйлем арқылы берілетін нақты ақпаратты білдіреді.

2. Олар коммуникативті, лепті сипатқа ие.

3. Сөйлемдері әрі күрделі, әрі ықшам түрде беріледі. Нақтылау мағынасын күшейту үшін қайталаулар қолданылады.

– Сіз мені білуіңіз керек! – деді.

– Қалайша?

– Сізбен біз алыс адам емеспіз. Жақында тіпті жақындай түсерсіз!

– Қалайша?

– Иә, қойыңызшы, білмегенсіп... Әшейін, құлықпен аңқаусып отырсыз...

– Қалайша?

– Солайша! – деп тілін шығарды да, Алтынай палатадан жүгіріп шығып кетті. [12, 59]

– Тым қатты кеткен жоқсың ба?

– Тым сыпайы айтып отырмын! [12, 59]

4. Әсірелеулер кездеседі.

5. Әдетте коммуниканттар арасында қарқынды эмоционалдық қарым-қатынастар жасалады.

VI. Этикеттік сипаттағы ынталандыру репликасы. Бұларға сәлемдесу, құттықтаулар, қаратпалар жатады.

1. Олардың мақсаты – этикетті, сыпайылықты сақтау.

2. Негізінен көбі ықшам, эллипс түріндегі сөйлемдер.

3. Құрмет көрсету және еркелету мәніндегі локативтер жиі қолданылады.

– Құс құтты болсын, апа!

– Шеше, келін құтты болсын.

– Жастар бақытты болсын, – дейді. Үлкен, кіші бәріне бірдей қалбалақтап, апамның жаны қалмайды:

– Айтқандарың келсін!

– Үйге кіріңдер! Төрлетіңдер! – дейді. Өзі есік ашып, қызмет етіп, аяғының ұшымен жорғалайды. [36, 163]

7. Жоғарыда аталғандардан басқа риторикалық сұрақ формасындағы ынталандыру репликалары да кездеседі. Олар сұраққа тікелей жауап алуды көздемейді. Белгілі бір ақпаратты, хабарды нақтылау мәнінде жұмсалады. Репликаның мұндай түрі сөйлеушінің көзқарасын, эмоциялық күйін білдіреді. Риторикалық сөйлемдер күрделі сөйлемдердің құрамында жиі кездеседі.

– Атаңа нәлет-ай, қай жерден жібердім қателікті?

– Қандай қателік? (О.Бөкей «Бес тиын»)

– Мойынға шынжыр тағу модыдан қалған жоқ па? – дегендері жадында жаңғырды.

– Мұстақыл мемлекетімізде дінаралық татулық мықты ғой, жүре берсе де болады да? – деген және бір араласпай кетіп, енді елжіресе табысқандай күй кешіп отырған туыстарының бірі.

– Бісмілләнің өзі білет те? – десіп, тағы бір тост көтеріскен бәрі [40, 89]

Алайда ынталандыру репликаларының барлығы таза күйінде кездесе бермейді. Кейде ақпаратты талап ететін сұрақ та, нақтылауды немесе жоққа шығаруды және т.б. талап ететін сұрақ та біріккен түрде кездеседі.

– Неден қорқасың, кімнен қорқасың?

*– **Жөніңді айтшы, сені айттырған кісі бар ма еді?***

*– **Жоқ.*** (М.Әуезов «Алуа»)

Көркем мәтіндегі диалогтік тұтастықты құрайтын бірлік – **жауап қату** (реплика-реакция) **репликасы. Жауап қату репликасы** үнемі постпозитивті болып келеді. Ол ынталандыру репликасына белгілі бір семантикалық-синтаксистік тұрғыдан тәуелді болып табылады.

Жауап қату репликасының ынталандыру репликасына қатысты семантикалық жағынан тәуелділігінің анық көрінісі – сөйлемнің актуалданған мүшесінің лексикалық қайталануы.

– Қамар, сен енді ақылың болса, үн қатпа!

– Неге үн қатпаймын? Мен адамзатпын ба, малмын ба?

– Шығарма үніңдің! Айттым, шештім.

– Олай болса, мені де шеш! (М.Әуезов «Алуа»)

Жауап қату репликаларында сонымен қатар парцеллизацияланған құрылымдар да (толық және жартылай) кездеседі. Парцелляция дегеніміз – фразаны (ойды, сөйлемді) бөлшектеп, соған қатысты бір сөзді, не текстің жеке өз алдына аулақтатып орналастыру.

Модальды диалогте репликалар қайталама сұрақтар мен жауаптардың жасалуына қатысатын модаль сөздермен, сұраулық шылаулармен сипатталады.

– Қазір сенің тойыңа қонақ келмей ме?

– Ойбай-ау, орындық жетпейтін боп жатқан жоқ па?

– Не дейді? Қандай, қайдағы орындық? (М.Әуезов «Алуа»)

Жауап қату репликасы құптауды, лебіздің жалғасуын, іс-әрекетке түрткі болуды, ақпаратты нақтылауды да білдіреді. Осыған байланысты репликаның келесін түрлерін бөліп көрсетуге болады.

1. Нақтылау репликалары.

– Сабыр ет, Абай. Елің соқыр да емес, саңырау да емес, мына қанды көр. Осы Нарымбеттің қаны. Сені қорғаймын деп төкті.

– Абай аға, өз айтқаның дұрыс. Кеьейік біз бұл жылandар ордасынан. Тізгініңді өзіме бер. Абай аға, жоқтатпайын Айдарыңды. Сенің жолың – менің жолым.

2. Жауап қату репликасының ынталандыру репликасына семантикалық жағынан тәуелділігін анық көрсететін қайталау репликалары.

*– Бұл **бір қызық жай**. Біздің қаламыздай қала Совет Ода ғында отыздан аспайды. Менің, мысалы, бірінші орынбаса рым екеу, біреуі – қала шаруашылығы бойынша, біреуі – ауыл шаруашылығы бойынша.*

*– **Қызық екен.***

– Қызық. Кезінде қаланы ет, сүт, көкөніс, жеміспен қам тамасыз ететін тоғыз подхоз құрылған. Солар өсіп кетті. Қазір совхозға бергісіз. Совхоз деп атасақ, облыс алып қоятын болғасын подхоз деп ұстап отырмыз, зато тоғыз подхоз қаланы асырайды, қала олардың бар мұқтажын өтейді.

– Қызық екен.

***– Қызық.** Зато біздің қалада ет, сүт, көкөніс, жеміс басқа қаламен салыстырғанда көп арзан.*

– Қызық екен.

*– **Қызық.** Жә, жарайды, қаладағы негізгі өндіріс – түсті ме талл комбинаты. Одақ көлемінде өндірілетін түс ті металдың біразын біз береміз. Ар жағын өздеріңіз есептеп, көкейлеріңізге тоқи беріңіздер!*

3. *Қарама-қайшылық репликасы.* Мұнда коммуникант берілген сұраққа жауап беруден бас тартады. Бас тарту мәніндегі жауап астарлы мәнмен тікелей емес түрде немесе тікелей түрде берілуі мүмкін.

– Кетсең... бар! Машинаның есігін тарс жауып, Әли сыртқа атып шықты.

– Отыр, қалаға жеткізіп тастаймын!

– Кет, кете бер. Сенсіз де жетем!

– Өзің біл. (Ә.Тарази «Тасжарған»)

4. *Келісім репликасы.* Мұнда коммуникант бірінші коммуниканттың ынталандыру репликасында берілген ақпаратпен немесе әрекетке ынталандырумен келіседі. Ол эксплицидті немесе имплицидті формада кездеседі.

– Алматыдан келген қонақтардан ұят қой, үй көр се тейік, бірге болдық, бір дастарқаннан дәм таттық. Әдейі іздесең тап тырмайтын кісілер, – деген.

– Өз еркің білсін, – деді Досым, – дайындыққа қинал масаң шақыр.

– Не дайындық керек? Көкем бір қойын бордақылап отырған. Соны аламыз да соямыз. Сен маған түске таман Олегті жібер. Көкеме қойды біржола сойғызып, Тор шолаққа бассирағын үйткізіп, ішекқарнын тазалатып әкелейін.

– Өзің біл, Уля, – деді Досым кетіп бара жатып.(Ә.Тарази «Тасжарған»)

5. <u>*Қарсы сұрақ репликасы.*</u> Қарсы сұрақты сөйлемдердің ерекшелігі – әдеттегідей сұраққа нақтылы сұраққа жауап ала алмайды, керісінше, тыңдаушы да сөйлеушіге сұрақ қояды, сөйтіп қарсы сұрақ пайда болады. Бұл репликаның әртүрлі пропозицияда келуі оның коммуникативті функциясына, семантикалық қызметіне байланысты. Қарсы сұрақты репликада алғашқы сұрақты тыңдаушыдан жаңа ақпарат, анықтама т.б. алу үшін береді, соған жауап күтеді. Ал, енді ол сұраққа жауап алуы да, алмауы да тыңдауышының реакциясы – қарсы сұраққа байланысты. Кейде тыңдаушы сөйлеушінің сұрағына жауап берудің орнына сол сұраққа қарсы сұрақ қойып, алғашқы жауап беруді айтушының өзіне жүктейді.

– Жәке! Құданың әлгі бір сөзіне түсінбедім, не демекші болды сол?

– Сүйіп болған құдаң ғой, ыммен ұғынысуың керек емес пе? [10, 59]

– Келін, шырағым, осыны үйренумен білдің бе? – деді.

– Іштен туа білген кімді көріп едіңіз? [10, 152]

<u>*6. Тақырыпқа байланысты репликалар.*</u>

– Енді қай шақ, қай дәуірді көреміз?

– Бұл тұста біз сіздің өміріңіздің басынан қайта түсеміз. (О.Бөкей «Жасын»)

7. Коммуниканттың берілген тақырып бойынша келесі коммуникантпен коммуникацияға түсуді қаламай, әңгіме барысынан жалтарып, <u>*тақырыпты басқа арнаға бұруымен сипатталатын репликалар.*</u>

– Алуаш, жылайсың-ау, жазған сорлы, жылатты-ау мыналар!

– Анау кім? Сексен бе, сыбызғы тартып жатқан?! (М.Әуезов «Алуа»)

<u>*8. Жағдаяттық реплика.*</u> Бұл – әдетте күрделі құрылымды болып келетін жауап қату репликасы.

– Осының артында времянкада біз тұрамыз. Үйіміз тар болғанмен пейліміз кең, үйге кіріңіз, шай ішіңіз, түн ортасы болып қалды, жалғыз жүру қанша дегенмен қауіпті, қонып кетіңіз, құдайға шүкір, кісі жемейміз, – деген. Сол сол екен, Әли шоршып түсті:

– Ол қалай сонда? – деп жай бастап өршіп кетті. – Өзіңіз айттыңыз, жалғыз баспын деп, үйде бала бар деп. Сонда мен қалайша сіздің үйге кірмекпін, қалайша үйіңізге еркек шақырасыз? Жоқ, ағайын, ол болмайды, ол жараспайды сізге. Мынауыңыз қазақ әйеліне жараспайтын қылық.(Ә.Тарази «Тасжарған»)

9. *Бұйрықты реплика.* Қазақ ауызекі сөйлеу тілінде әдетте репликаның бұл түрі коммуниканттардың әлеуметтік статусына, тілдік құзыреттілігіне байланысты жұмсартылған түрде айтылады.

– Ореке! Мен сізді тыңдап тұрамын, – деді.

– Қазір әкеңмен сөйлесесің.

– Кіммен?

– Әкеңмен, Мұсекеңмен... Оразхан телефон құлағын Мұсаға ұстатты:

– Айтатыныңызды айтыңыз. Көп ұстамаңыз, – деді.

– Көп ұстамаймын, – деді Мұса, трубканы біраз сал мақтап қарап отырды.

– Әй, Жексен! – деді.

– Не, әке?

– Тап сенің әкеңнің аузын, білдің бе, иттің баласы! (Ә.Тарази «Тасжарған»)

Сонымен диалогтік тұтастықтың репликаларының арасындағы семантикалық байланыс ынталандырушы реплика (стимул) мен жауап қату репликасынының бір ұғымдық-тақырыптық арнаға бағытталауынан көрінеді.

Диалогтік мәтін репликаларының арасында семантикалық байланыстан басқа прагматикалық байланыстың болатыны белгілі.

Прагматикалық байланыстың біріншісі – репликалардың иллокутивті қызметі бойынша байланысуы, яғни адресанттың коммуникативтік ниетін білдіруі. Мұнда сұрақтан кейін жауап тұруы керек. Байланыстың бұл түрлерін *иллокутивті қызметі бойынша репликалардың үйлесімі* деп атауға болады. Лебіздің иллокутивті қызметі дегеніміз сөйлеушінің өтініш айту, бұйрық беру, кеңес беру, хабар беру, нақтылау, алғыс айту, сұрақ қою және т.б. сынды қандай да бір коммуникативтік мақсатын білдіруі.

– Иә, түнделетіп неғып жүрсіз?

– Әлгі қызымыз жоқ.

– Келіп қалар... жас қой, табиғатты тамашалап жүрген болар.

– Сіз солай ойлайсыз ба?

– Солай ойлаймын.

– Ендеше тағы күтейін. Айқайлап іздесем балалар оянып кетеді-ау.(Ә.Тарази «Тасжарған»)

Жоғарыдағы диалогте сұраққа жауап қайтарылды да прагматикалық байланыс жүзеге асты. Диалогте осы байланыстың көбіне «сұрақ-констатив (жауап)», «директив-экспрессив» сияқты түрлері жиі кездеседі. Әрине, бұл аталған иллокутивті қызмет сөйлеу әрекетінің жалпы класына жатады. Әрбір белгілі сөйлеу актісінде осы жалпыланған иллокуцияның түрі нақтыланады, мәселен, констатив (нақтылау) – констатив (қарсы келу) немесе констатив (болжау) – констатив (келісу).

Диалогтік мәтіндегі прагматикалық байланыстың екінші түрі – *жауап реакцияның сөйлеу актісінің сәтті өту жағдайларына бағытталуы.* Мұндай жағдайларда жауап репликасы тікелей мазмұнға емес, бастапқы репликаны

қамтитын сөйлеу әрекетінің жүзеге асу шарттарына бағытталады. Бұл – диалог барысында тыңдаушының сөйлеуші айтқан ақпаратты қабылдау, түсіну немесе оған сенімсіздік білдіру сияқты реакцияларына байланысты қалыптасатын байланыс.

Мұнда тыңдаушының жауабы репликаның мағыналық мәніне емес, сөйлеу актісінің шынайылығына немесе оның сәтті жүзеге асу шарттарына күмән келтіруі мүмкін. Бұл жағдайларда жауап репликасы келесі формаларда көрінуі ықтимал:

Шартты жоққа шығару: Тыңдаушы сөйлеушінің айтқанын қабылдамайды немесе оның ақиқаттылығына сенбейді.

Күмәндану: Тыңдаушы айтылған ақпаратқа немесе пікірге күмән келтіріп, қосымша дәлелдер, түсінік немесе растау сұрауы мүмкін.

Растау немесе нақтылау талап ету: Тыңдаушы бастапқы репликаның сенімділігін тексеру үшін сөйлеушіден қосымша ақпарат немесе растау күтеді.

Осылайша, мұндай прагматикалық байланыстар диалогтік коммуникацияның тереңдігі мен мағыналық құрылымын анықтайды, сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара әрекеттесуді тиімді ұйымдастырып, диалогтің сәттілігін қамтамасыз етеді.

– *Сен нешеде келесің?*

– *Мен отыздамын, әпке!*

– *Мен тек қана сенің нешеде келетініңді білгім келіп тұр.* [40, 159]

Бұл мысалда тыңдаушының репликасы сөйлеу актісінің иллокуциясына *Сен нешеде келесің?* Бағытталмаған, керісінше оның мазмұнына көңіл аударып тұр. Адресат адресанттың *тек қана нешеде келетінін білгісі келетінін білмейді*, сондықтан ол бұл сұрақты тек мәлімет алушы сөйлеу актісі деп емес, оның құқығына қол сұғушылық деп түсінді де, өзінің жасын айтты.

Диалогтік мәтіндегі прагматикалық байланыстың үшінші түрі - *алдыңғы лебіздің анық-қанықтығымен байланысты.* Яғни мұнда тыңдаушы сөйлеушінің жорамалымен келіспейді. Диалогтік мәтінде де тыңдаушы сөйлеушінің жорамалдарымен (презумпциясы) өзінің келіспеушілігін білдіруі мүмкін. Бұл диалогтік мәтіннің байланыстылығын бұзбайтын заңды жауап түрі, бірақ мұндағы байланыс прагматикалық байланыс екенін ескеру қажет. Диалогтік байланыста тыңдаушы үш негізгі қадамды жүзеге асырады:

✓ *Лебіздің ішінен семантикалық компонентті бөліп алу:* Тыңдаушы сөйлеушінің айтқан сөздерінің арасынан негізгі немесе маңызды мағыналық элементті бөліп шығарады. Бұл – тыңдаушының назарын аудартқан немесе оның ойымен қайшылыққа түсетін бөліктер.

✓ *Сөйлеушінің жорамалы ретінде бағалау:* Тыңдаушы сөйлеушінің семантикалық компонентін жорамал немесе презумпция ретінде қабылдайды. Бұл жорамал – сөйлеушінің қандай да бір ақпаратты, пікірді немесе жағдайды солай деп санауы.

✓ *Жорамалмен келіспеу:* Тыңдаушы осы бөлінген жорамалмен өз келіспеушілігін білдіреді. Бұл келіспеушілік диалогте пікірталас, дауласу немесе

қарсы пікір білдіру арқылы орын алуы мүмкін. Тыңдаушының сөйлеушінің жорамалын қайта қарауға итермелейтін бұл әрекеті диалогтің дамуына түрткі болады.

Бұл үрдіс диалогтің байланысын бұзбайды, керісінше, оның ішкі динамикасын дамытады. Тыңдаушының сөйлеушінің жорамалын бөліп алып, онымен келіспеуі – диалогтегі прагматикалық байланыстың мәні болып табылады. Бұл тыңдаушының сөйлеушіге тек пассив қабылдаушы ретінде емес, белсенді қатысушы ретінде ықпал етуінің көрсеткіші. Мұндай прагматикалық байланыстар арқылы диалогтегі пікір алмасу дамып, сөйлеуші мен тыңдаушының арасындағы коммуникативтік әрекет толығып отырады [149, 58-64].

– *Жұтшылық жылы ит пен молда семіреді деген сол. Осы ауылға қара қағаз келген сайын қақшиып төрде отырады, қақбас.*

– *Оның жазығы жаназа шығарғаны ма, - дедім мен.*

– *Тыныштық кезінде бірсәрі, соғыста шейіт болғандарға бағыштаған құранды тегін оқуға да болады ғой.*

– *Тегіннің атасын теңге теуіп өлтірген* (О.Бөкей «Бәрі де майдан»)

Бұл диалогте сөйлеуші презумпцияны қолдана отырып, белгілі бір уақыт кезеңіндегі (соғыс) нақты бір объектінің (молда) іс-әрекетін сынға алады. Бұл ойды жеткізу үшін қазақ сөйлеу тілінде жиі кездесетін тактиканы, яғни нақты жағдаятқа сай мақал қолданады – «жұтшылық жылы ит пен молда семіреді». Осы арқылы ол молданың іс-әрекетін жек көріп, оны теріс бағалап, «қақбас» сөзімен пікірін күшейтеді. Бұл сөйлеушінің негативті көзқарасын ашық әрі экспрессивті түрде білдіреді.

Тыңдаушы бұл презумпцияны (сөйлеушінің жасырын ойын) дұрыс түсініп, оны қабылдайды, бірақ келісім білдірмейді. Ол өз келіспеушілігін «жазығы» сөзі арқылы жеткізіп, сөйлеушінің сын пікіріне қарсылық білдіреді. Бұл диалогте коммуниканттар бір-бірімен келіспей жатса да, олардың презумпцияны (сөйлеуші жорамалы мен ниетін) түсінуі арқылы диалог дұрыс жалғасын табады.

Бұл жерде сөйлеуші мен тыңдаушының бір-бірімен келіспеуі диалогті сәтсіз етпейді, керісінше, олардың өзара түсіністікпен, бірақ әртүрлі көзқараспен қатысуына мүмкіндік береді. Осылайша, диалогтің байланысы сақталып, ой өрбіп, пікірталас құрылады. Диалог сәтсіздікке ұшырамағаны – әр коммуниканттың презумпцияны дұрыс қабылдап, оған сәйкес әрекет еткенінің нәтижесі.

Бірақ әртүрлі сөйлеу жағдаятына құрылған диалогтерде тыңдаушы үшін объект тек біреу болмағандықтан, ол презумпцияны дұрыс түсінбеуі мүмкін. Мәселен, төмендегі диалогтегі саулық сұрау тек денсаулыққа ғана қатысты тіл бірлігі емес, әрине. Бұл сөз тіркесінің мазмұны адамның күнделікті өмірі, халі, оның көңіл-күйі, хал-жағдайы, өзін қоршаған ортасы, амандығы, саулығы.

– *Қадиша, тіл кестіргендей тымырая қалыпсыз...Саулық сұрауды да көпсіндіңіз бе?*

– *Сау көрінесіз ғой.*

– *Бәлкім ауру шығармын.*

– *Ауру болсаңыз балгерге көрініңіз.*

– *Онда да жазылмаса?*

– *Өлесіз.* [10, 213]

Тыңдаушы ынталандырудың презумпциясына сүйеніп тұрған жоқ. Ол сөйлесімнің семантикалық компонентін айқындамағандықтан, оның келіспеушілігі сөйлеуші презумпозициясына (саулық сұрау) бағытталған жоқ. Сөйтіп прагматикалық байланыс бұзылды да, қатысым коммуникативті сәтсіздікке ұшырады.

Диалогтік мәтіндегі прагматикалық байланыстың соңғы түрі – *дискурс импликатурасын дұрыс айқындауға негізделген прагматикалық үйлесімділік.*

– *Сен кімсің! – деген Бәкен бір күн керісіп.*

– *Мен – менмін! Мен сегізіншінің ауылнайымын. Мен кеңестің бастығымын деген! – деген Раушан.*

– *Сен менің қатыным емессің бе?*

– *Болса ше? Қатының екенмін деп мен кеңесті саған қалай билетемін?.. Кеңес жұмысы саған емес, маған тапсырылып отыр!... – деп Раушан жүз жазбастан айтып салған (Б.Майлин «Раушан-коммунист»)*

Бұл диалогте тыңдаушы сөйлеуші санасындағы ынталандыру бойындағы астарлама мәнді *(Сен менің қатыным емессің бе)* бірден айқындаған болатын, тек онысын өзінің бірінші сөйлеу актісінде ашық көрсетпеді. Ынталандырудың реактивті тапсырмасын түсініп тұрса да, орындамауға ұмтылды. Ол бұл сөйлеу әдебімен сөйлеушіні коммуникативті мақсатын ауыстыруға *(Мен сегізіншінің ауылнайымын! Мен кеңестің бастығымын!)* итермелегісі келген тактикасы деп қабылдауға болады.

Диалогтің басты бірлігі болып саналатын диалогтік тұтастық – тілдік қатынастың табиғи түрі және өзара үйлесіп кезектесетін екі түрлі сөйлеу бірлігі – репликалардың бірізділігінен тұрады. Диалогтік тұтастық диалогтегі сөйлеу актілерінің бірізді дамуын қамтамасыз етеді, мұнда сөйлеуші мен тыңдаушының әрбір репликасы логикалық және мағыналық байланыста болып, қарым-қатынастың жалпы динамикасын құрайды.

Диалогтік тұтастықтың негізгі қасиеті – оның құрамдас бөліктерінде байқалатын коммуникативтік бағытталу. Әр реплика бірін-бірі толықтырып, белгілі бір мақсатты көздейді, сөйлеушінің ойы тыңдаушының жауап репликасында жалғасып, біртұтас диалогтік құрылым қалыптасады. Репликалардың бірізділігі сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы өзара байланысты сақтай отырып, диалогтің дамуын, тақырыптың өрбуін және қарым-қатынастың табыстылығын қамтамасыз етеді.

Бұл үйлесімділік пен бірізділік диалогтік тұтастықты құрап, сөйлеу бірліктерінің кезектесіп, бір-біріне мағыналық және прагматикалық тұрғыда сәйкестігін көрсетеді. Репликалардағы коммуникативтік бағытталу сөйлеуші мен

тыңдаушының мақсаттарын, интенцияларын және өзара әрекеттесуін көрсетеді, және осы бағытталу арқылы диалогтің мазмұны, мән-мағынасы тереңірек ашылады.

Ойтүйін: Диалогтің тұтастығы оның мән-мағынасы, тақырыбы және мазмұнында көрінеді. Диалогтің бірлігі репликалардың арасындағы тілдік жүйенің қалыптасқан байланыстары мен келісімдеріне негізделеді, бұл байланыстар лингвистикалық заңдылықтарды ескеріп жасалады. Көркем мәтіндегі диалогтерде кейіпкерлердің қарым-қатынасы мен олардың өзара байланысы тілдік және лингвистикалық тәсілдер арқылы көрініс табады. Бұл тәсілдер диалогтің құрылымына, мағыналық құрылымына, сонымен бірге сөйлемдердің құрылысына айтарлықтай әсер етеді.

Кейіпкерлер арасындағы қарым-қатынас диалогтік репликаларды байланыстыратын түрлі лексикалық, грамматикалық және синтаксистік амалдар арқылы көрінеді.

Сонымен, көркем мәтіндегі диалог тек кейіпкерлер арасындағы пікір алмасу емес, олардың қарым-қатынасының, эмоцияларының, әлеуметтік мәртебелерінің және тілдік ерекшеліктерінің көрінісі болып табылады.

Диалогтік тұтастықтың кезектесетін репликаларының арасында міндетті түрде лексикалық, семантикалық және прагматикалық өзара байланыс болады. Осы негізде біз, көркем мәтіндегі диалог репликаларын құрылымына қарай *дара* және *күрделі* деп жіктеп, олардың көркем шығарма мәтініндегі қолданысы мысалдар арқылы дәйектелді. Ал коммуникативті-прагматикалық сипатына қарай *ынталандырушы реплика* мен *жауап қату репликасы* деп жіктеп, прагматикалық ерекшеліктеріне қарай өз ішінде бірнеше түрге ажыраттық.

Сондай-ақ, көркем диалогтік мәтіннің прагматикалық қырларын анықтауға тырыстық. Оларды: 1) *иллокутивті қызметтері бойынша репликалардың үйлесімділігі;* 2) *жауап реакцияның сөйлеу актісінің сәтті өту жағдайларына бағытталуы;* 3) *алдыңғы лебіздің анық-қанықтығымен байланысы;* 4) *дискурс импликатурасын дұрыс айқындауға негізделген прагматикалық үйлесімділік* түрінде бөліп алып қарастырдық. Десе де, көркем диалогтік мәтіндегі прагматикалық байланыстар мұнымен шектелмейтіні анық.

3.2 Диалогтегі бейвербалды амалдар

Тілсіз қарым-қатынасқа деген қызығушылықтың тамыры тереңде жатыр. Ұлы грек философы Платон дене қимылдарын қолдануға ерекше мән берген. Екі мың жыл бұрын өмір сүрген Цицерон да шешендерге жан қимылдарын ишарамен толықтыруды ұсынған. Ғалымдардың теориялық тұжырымдары бойынша, санасыз адамнан саналы адамның қалыптасуына дейін миллиондаған жылдар өткен, ал сол саналы адамдар алғашында ым-ишара тілі арқылы байланыс құрғаны дәлелденген. Дыбыстық тіл пайда болғанға дейінгі кезеңдерде адамдардың негізгі қарым-қатынас құралы ым тілі болған.

Адамдар арасындағы қарым-қатынастың бір түрі – бейвербалды амалдар ғасырлар өтсе де, әрбір этностың болмысы мен қарым-қатынасында қазіргі күнге дейін сақталып келеді. Ым тілі дәуірінде ым-ишара элементтері басты рөл атқарып, дыбыстық тіл оған көмекші қызметте болса, кейіннен негізгі мағына біртіндеп тіл дыбысына ауысты, ал ым-ишара бүгінгі қарым-қатынаста қосымша қызмет атқаратын болды.

Қарым-қатынас тек тілдік қатынас қана емес, сондай-ақ хабарға немесе сөйлесімге көмекші қызмет атқаратын бейвербалды амалдарды да қажет етеді. Өйткені қарым-қатынас немесе көркем мәтін тілдік қарым-қатынас шеңберінен шығып, дауыстың әртүрлі реңктері, тембрі, қарқындылығы, қимыл-әрекеттер, дене қозғалыстары және бет-әлпеттегі өзгерістер арқылы құралады. Олардың әрқайсысы баяншы мен қабылдаушы арасындағы қарым-қатынастың мақсатын ашып, оны түсінуге мүмкіндік береді.

Тіл білімінде бейвербалды амалдарды паралингвистика саласы қарастырады. Паралингвистика: 1) сөйлеу хабарламасына ене отырып, вербалды амалдармен бірге мазмұнды ақпарат беретін бейвербалды амалдарды зерттейтін тіл білімінің жеке саласы; 2) сөйлеу коммуникациясына қатысатын бейвербалды амалдардың бірлігі.

Паралингвистика – бұл паратілдік жүйенің ерекше функционалды компоненті, яғни вербалды коммуникативтік жүйенің қызметін толықтыратын коммуникативтік астарлы жүйе.

Паратілдік амалдар ойды жеткізуге байланысты өзіндік паралингвистикалық (ойдың, сөйлеудің өзінен шығатын), бүркеншікті паратілдік (ой білдіруге байланысты тұрақты) және аралық (эмоциялық қалыпты сипаттайтын) болып үшке бөлінеді.

Паратілдік амалдар вербалды ақпараттардың мазмұнын тлықтырып қана қоймайды, сонымен бірге сөйлеушінің (жазушының) әлеуметтік, жас ерекшеліктері, мінез-қасиеттері туралы да хабар береді.

Сөйлеудің вербалдығына байланысты паратілдік амалдар үш түрлі қызмет атқарады:

1) Қосымша ақпарат жеткізеді. Мысалы, позитивті вербалды мәтін қайшылықты қатынастағы негативті семантикалы қимылдың фонациялық сипатынан көрініс береді табады;

2) Түсіп қалған вербалды құрамдас бөліктің орнына жұмсалады. Мысалы, «Бізбен бірге барғың келе ме?» деген сұрағына келіспеушілік қимылы көрсетіледі;

3) Вербалды амалдармен сол мағынаны нақтылай түсу үшін қолданылады. Мысалы, «Маған ана жасыл кітап керек» фразасы сілтеу қимылы арқылы іске асады. Осылайша тілдік және паратілдік амалдардың ара-қатынасы сөзсіз тілдік формалардың қызметін, стилистикалық реңктерін барынша аша түседі.

Паратілдік амалдардың (вербалды емес коммуникацияның) сөйлеудегі үш негізгі қызметті сипаттайды және олардың вербалды (сөздік) қатынаспен тығыз байланысын көрсетеді:

- *Қосымша ақпарат жеткізу:* Паратілдік амалдар вербалды сөздің семантикасынан өзгеше мән-мағына қосады. Мысалы, позитивті мәтін жағымсыз қимыл немесе дауыс ырғағы арқылы керісінше әсер береді. Бұл жағдайда вербалды және вербалды емес элементтер бір-бірімен қайшылықта, сол арқылы сөйлеушінің көңіл-күйі мен қарым-қатынасын көрсетеді.
- *Түсіп қалған вербалды құрамдас бөліктің орнына жұмсалу:* Кейбір жағдайларда паратілдік амалдар вербалды сөзді толықтырады немесе оның орнына қолданылады. Мысалы, «Онымен бірге кеткің келе ме?» деген сұраққа жауап ретінде ауызекі сөзді айтпай-ақ келіспеушілік қимылы (бас шайқау, қол сермеу) арқылы жауап беруге болады. Мұнда паратілдік амал негізгі мағынаны жеткізеді және сөйлеушінің ойы мен эмоциясын анық көрсетеді.
- *Вербалды амалдардың мағынасын нақтылау:* Паратілдік амалдар арқылы сөйлеудегі мағынаның нақтылануын қамтамасыз етуге болады. Мысалы, «Маған ана сары доп керек» деген сөз сілтеу қимылымен немесе дене қозғалысымен нақтыланады, бұл тыңдаушыға қандай кітап туралы айтып тұрғанын анық түсінуге мүмкіндік береді.

Осылайша, тілдік және паратілдік амалдардың үйлесімді қолданылуы сөйлеу барысындағы мағынаны тереңдетіп, стилистикалық реңктерді ашып, қарым-қатынасты тиімдірек етеді. Вербалды және паратілдік амалдардың арасындағы бұл байланыс коммуникацияны толықтырып, қатысушылар арасындағы ақпарат алмасудың айқын әрі әсерлі болуына ықпал етеді.

Бейвербалды (паратілдік) қатынас құралдарын зерттейтін паралингвистика үш саладан тұрады: фонация, кинесика және графемика.

Бейвербалды амалдар туралы қазақ тілтанымындағы алғашқы көзқарастар ғалым Қ.Жұбанов еңбектерінен бастау алады. Ғалым ым тілінің ерекшелігі туралы былай дейді: «Ауызекі сөйлеуде кейбір қисынсыздықтарды елемейтін басқа да жағдайлар бар. Дауыстап айтылған сөздегі олқылық көбінесе ым арқылы толықтырылады. Тіпті, екі адамның тілі бір-біріне түсініксіз немесе біреуінің сөйлеу мүмкіндігі мүлде болмаса да, ым арқылы қалай да болса түсінісуге болады» [150, 148].

Қ. Жұбановтың пікірінен бейвербалды амалдардың ауызекі тілдің ажырамас бөлігі және қарым-қатынасқа қосымша компонент ретінде қызмет атқаратыны көрінеді. Ғалым бейвербалды амалдардың коммуникативтік қызметін ғана емес, олардың ұлттық-мәдени ерекшеліктерін де талдайды. Бейвербалды амалдардың әртүрлі халықтарда өзіндік ерекшеліктері мен жүйесі бар екенін ескере отырып, ол осы амалдар арқылы әр халықтың этникалық және психологиялық табиғатын талдауға мүмкіндік бар екенін атап өтеді.

Ғалым М. Балақаевтың зерттеулерінде де бейвербалды амалдарға қатысты мәселелер қарастырылады. Ғалым бейвербалды амалдарды сөйлеудің қосымша амал-әрекеті ретінде қарастырып, былай дейді: «...Сөйлеу әрдайым сөйлеу жағдайында жүреді: дауыс ырғағы, екпін, қимыл, ым, нұсқау, қол көтеру, көз қысу, бас изеу, күліп немесе ызалана сөйлеу — мұның барлығы ойды дәл жеткізуге көмектесетін, бірақ қағаз бетінде көрініс таба бермейтін қосымша амал-әрекеттер», – деп қорытынды жасайды [151, 86].

Отандық тілтанымда бейвербалды амалдар мәселесі соңғы жылдары зерттеудің негізгі бағытына айналды. Бұл ретте М.Мұқанов, Қ.Қажығалиева, Ж.Өмірәлиева, Б.Момынова, Э.Оразалиева, М.Ешимов, С.Бейсембаева, Ж.Нұрсұлтанова, С.Татубаев еңбектері қазақ тілтанымындағы бейвербалды амалдардың сан қырын қамтыған маңызы жоғары еңбектер деп бағамдауға болады.

Психолог-ғалым М.Мұқановтың зерттеуі қазақ халқының салт-дәстүрі мен тұрмысында кездесетін ұлттық-мәдени сипатқа ие бейвербалды амалдарды алғаш психология ғылымымен байланыстыра талдауымен бағалы. Ғалым қазақ халқының тұрмысында кездесетін бейвербалды амалдардың 28 түрін жинақтай келе, бірнеше топқа жіктейді:

- Сәлемдесу амалдары (көрісу, сәлем ету);
- Алғыс айту амалдары (ас қайыру, сарқыт беру, бата беру);
- Үлкендерді немесе сыйлы адамдарды қошеметтеу амалдары (бас беру, жездеге төс беру, ауыз тию, жолаушының түсуі, ақ байлау)
- Тілек амалдары (бата беру);
- Кемсіту және қорлау амалдары (теріс бата беру, келген кісіні табалдырықта қабылдау);
- Қайғы амалдары;
- Тұрмыс амалдары;
- Салт-дәстүр амалдары;
- Таңғалу амалдары;
- Өтініш амалдары;
- Өзгешелік амалдары [152, 110-115].

Академик Ә.Қайдар қазақ қауымында өзіндік мағына-мәні бар тізе бүгу, қол шапалақтау, жұдырық түю, сақал сипау т.б. амалдарды иммитациялық әрекеттер деп қарастырады.

С.Бейсембаеваның ғылыми еңбегінде коммуникацияның бейвербалды компоненттерінің ұлттық-мәдени ерекшеліктері сараланды және олардың аудармасы, фразеологизмдермен сәйкестік дәрежесі анықталды. Зерттеуші еңбегінде қазақ тіліндегі қарым-қатынастың бейвербалды компоненттерінің классификациясы ұсынылды [153]

М.Ешимовтің диссертациясы әртүрлі халықтар қарым-қатынасындағы бейвербалды амалдардың ұқсастықтары мен айырмашылығын, әлеуметтілігін анықтауға арналған [154].

Вербалды тіл – дыбыстық құбылыс, ал бейвербалды мінез-құлық түрлі қимылдардан (кинесика) және проксемикадан құралады. Осыған байланысты вербалды тіл тек есту қабілетіне әсер етеді, ал бейвербалды қатынас оптикалық, тактикалық-кинесикалық, альфакторлық және акустикалық жүйелерде көрініс табады.

Түсіністік пен қарым-қатынас әрдайым бейвербалды амалдармен бірге жүреді. Коммуниканттар тіл арқылы (вербалды) да, тілдік емес факторлар арқылы (бейвербалды) да қарым-қатынас жасай алады. Ғалым Ф. Оразбаева өз еңбегінде тілдік және тілсіз қатынастардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын былайша жіктеген:

- Екеуі де адамдар арасындағы байланысты қамтамасыз етіп, қарым-қатынасқа қызмет етеді;
- Тілдік және тілсіз қатынаста да белгілі бір ақпарат беріледі, алайда тілсіз қатынастағы хабар шартты түрде болуы мүмкін;
- Тілдік және тілсіз қатынаста адамдардың өзара түсінісуіне жол ашады. [15].

Зерттеушілердің бейвербалды амалдарға қатысты пікірлерін қорытындылай келе, бейвербалды амалдар – вербалды амалдарды толықтырып, оларға қосымша мағына беретін, коммуникативтік актіні жалғастыруға қызмет ететін және адамдардың өзара түсінісуін қамтамасыз етуге көмектесетін қарым-қатынас түрі деп тұжырымдаймыз.

Көркем шығарма құрылымындағы диалогте бейвербалды амалдар жиі ұшырасады. Диалог құрылымында бейвербалды амалдар мынадай қызмет атқарады:

1) Қарым-қатынас кезінде бейвербалды амалдар вербалды компоненттерді қайталай қолданылады: Мысалы:

– Анау алдыңда жатқан жылқының бәрі сенікі, – деді Омар үркердей үйіріліп, азайып қалған жылқыны қамшысымен сілтей көрсетіп.

Осекең тырқылдап күліп, басын қақшаңдата көтерді де:

– Бикеш отырыңыз, ұялмаңыз, – деп қызға орын нұсқады.

Келтірілген диалогтік мәтін арқылы анау есімдігі мен меңзеу кинемасы берілсе, екіншіде вербалды амал мен нұсқау кинемасының қолданысын аңғаруға болады.

2) Бейвербалды амалдар кейбір вербалды компоненттерді жартылай алмастырады. Мысалы: *Матвей маған шапшыған қанды көрсетіп:*

– Ұртта, балам, Сарқынды атаң секілді жүз жасайсың, – деді. Мен басымды шайқадым, сонсоң, өзі сорғалаған қаннан ұрттап-ұрттап алды да, тісін ақшита күліп бізге қарады.

Келтірілген мысалдан бас шайқау кинемасының «жоқ» репликасының орнына қолданылғанын көруге болады.

3) Бейвербалды амалдар вербалды амалдарды толығымен ауыстыра алады. Мысалы:

Мұса есік жақтағы бадырақ көз жыпылық қара бұжыр жігітке иек қақты. Бұл үйдің әр ым-жымын, қас қақтырмай сезу қадетіне қалыптасып кеткен жігіт сыртқа тұра атылды. Бәтима ымдап шамды өшір дегендей ишара жасады. Келіні: «О, несі, қараңғы үйде отырамыз ба? Дегендей, дер-сал қалып аңғартқан.

Аталған үзіндіде коммуниканттардың диалогі тек бейвербалды амалдар арқылы жүзеге асқанын аңғаруға болады.

Бейвербалды қарым-қатынастың ерекше құрылымы – кинесика. Кинесика арқылы әңгімелесуші адамдардың бір-біріне көзқарасын, екеуі үшін де ақпарат беретін, көзге көрінетін қимылдардың шеңберін түсінуге болады. Кинесика негізінен, қол, бет, көзқарас қимылын қарастырады. Кинесиканың құрамына дене қимылдары ғана емес, сонымен бірге адам өзі жасап отырған іс-әрекетін аяқтауға немесе қарым-қатынасын айқындауда қолданылатын қимылдары да жатады.

Көркем шығарма құрылымындағы диалогтер арқылы *бас изеу, бас шайқау, иек қағу, қолын сермеу* кинемалары жиі ұшарасады. Бас изеу кинемасы диалогте әңгімелеушінің пікірімен келіскен кезде, оның айтқандары көңіліне ұнап отырған кезде қолданылады. Мысалы:

– Ал, кімнің баласысың шырағым? *– деді манағы мосқал әйел, мен тойынып ап, қолымдағы аяқты қайтарған соң:*

– Мұқанның баласымын, – дедім мен.

– Кәдімгі Шүкейдің Мұқаны ма, Нұртазаның ауылындағы?

–Мен <u>басымды изедім</u> («Өмір мектебі)

<u>Иек қағу:</u>

– Онда қарақойын Қашырлыға күні бұрын шабарман жіберіп хабарласқан жөн болар, – деді Кенесары.

Қасым <u>иек қақты.</u>

– Бұл да табылған ақыл (І.Есенберлин, «Көшпенділер»).

Қазақ қарым-қатынасында қол кинемасына байланысты ым-шаралар көптеп саналады. Солардың бірі – қол сілтеу. «Қол сілтеу», Қолын бір-ақ сілтеу» фразеологизмдері – «қойшы соны» деген ренішті көңіл-күйден хабар берумен бірге «мейлі», «бопты» сияқты сөздердің қимылмен берілуін сипаттайды. Мысалы:

Кеңгесе баруға қауіптенсең, шошқа фермасы да алыс емес қой.

– Машина жолай тоқтап қалды. Жаңа ғана жеттім.

– Онда, жарайды, - Качан қолын сермей салды (І.Есенберлин, Көлеңкеңмен қорғай жүр).

<u>Бас шайқау</u> қимылы вербалды «жоқ» сөзінің бейвербалды түрі болуымен бірге, бұл кинема адамның бір жаңалыққа немес қандай да бір іске таңданғандығын білдіру барысында да қолданылады. Бұның мағынасы «жоқ» сөзінің мағынасына мүлдем ұқсамайды. Оны біліп, түсіну үшін әңгіме барысындағы қимылдарды есепке алып отыру керек, сонымен қатар диалогке қатынасушылардың вербалды сөздеріне де ден қойған жөн. Мысалы:

– Қызық үстінде қызық өссін деуші едім, Әбішім! Менің сенің Мағыш туралы жауабыңа қана алмадым ғой!

– Әбдірахмен (басын шайқап): Тағы айттыңыз ба?

– Айтамын, қарағым. Не ойлағаның бар? (М.Әуезов, 10-том)

Абай шығармаларында бейвербалды амалдар бейнелілікті шынайы етіп бере алған. Бейвербалды амалдарға нақты міндет жүктеледі, өйткені олардың тілде белгілі бір стильдік қызмет атқара алу әлеуеті жоғары. Әрине, негізгі, вербалды тілдік таңбалармен тығыз уәжділікте болса ғана стильдік мақсатқа жету мүмкіндігі зор. Бұдан шығатын қорытынды: бейвербалды кинетикалық таңбалар *вербалды ақпараттың мағынасын* толықтырып, талдау нысанының мазмұнын жан-жақты ашуға ықпал етеді және тілдік тұлғаның мәтіндегі рөлін айқындайды.

Абай шығармаларында ым-ишараның семантикалық екі типін кездестіруге болады. Олар: *коммуникативті* және *симптомды* белгілерге бөлінеді. Бұның алғашқысына қимыл иесінің адресатқа арнайы жеткізетін ақпаратын алуға болады. Бұндай әрекетті типті ***диалогтік табиғат иеленген*** деуге болады. Мысалы, қимыл иесі, немесе субъект екінші адамға иегін қағу, жұдырығын түю т.б. арқылы белгілі бір мәлімет беріп «келісу, сес көрсету) ым тілімен сөйлесу арқылы диалогке түсіп тұрғанын байқауға болады.

Ақынның тілдік тұлғасында «арқаға қағу», «бас изеу» әрекеттері арқылы бір субъектінің екіншісін қолдап, қолпаштап тұрғаны немесе мойын ұсынып, келісім бергені, сөйтіп қимыл-қозғалым арқылы өзара тілдескенін ұғамыз. Мысалы:

Мәз болады болысың,

Арқаға ұлық қаққанға, - деген өлең тармақтарындағы *«ұлықтың арқаға қағуы»* болысқа деген ризашылығын танытса, *болыстың мәз болуы* – өзіне ұлық тарапынан көрсетілген құрметке ол да риза болып, қуанғанын жасыра алмай, «күлмең қаққанын білдіреді». Екеуінің арасындағы **«түсіністік диалогі»** осылай жалғасқан. *«Арқаға қағу»* - прагматикалық мән иеленген бейвербалды таңба.

Күштілерім сөз айтса,

Бас изеймін шыбындап, - деген өлең жолдарында диалогтік табиғат иеленген бейвербалды таңба – *бас изеу.* Кейіпкер бас шұлғу арқылы «күштінің» пікірімен келісетінін, оны түсінгенін жеткізіп тұр. Мәтін прагматикасы – «ықпал ету», әрі «мойындату» семантикасымен астасып тұр. Коммуникацияға түсіп отырған екі субъектінің көңіл-күйін дәл білдіру үшін бейвербалды амалдар өте оңтайлы болып табылады. Бұлар – қарым-қатынас үстіндегі ақпарат жеткізетін ерекше қатысым құралы [155].

Ұлттық мәдени негіздегі бейвербалды амалдарға диалогтік сипат тән. Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Бейвербалды амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың бейвербалды амалдар жүйесі әр түрлі, бірдей емес. Бұл айырмашылық сол елдің тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің, осыған орай халықтың таным-түсінігінің әр түрлілігімен сипатталады. Зерттеуші А.Сейсенова: Кинемалар –

қарым-қатынастың ежелгі формаларының рудименті болғандықтан, кез келген этностың ұлттық мәдени ерекшеліктерінің белгісі болады, сол себептен қазіргі таңда кинесика ұғымы және оған жататын құбылыстарды лингвистикалық мәдениетттану пәнінің объектісі ретінде зерттеу қажеттілігі туып отыр, - деп тұжырымдайды [156, 120].

Ғалым Ш. Мажитаева: «Қарым-қатынас әр адамның өмірінде маңызды рөл атқаратындықтан, қарым-қатынассыз әлемді елестету қиын. Өйткені, вербалды да, бейвербалды да қарымқатынас адам баласы пайда болғаннан бері адамдар арасында пайда болып, дамып келеді. Сонымен бірге коммуникативті өзара әрекеттесу кезінде вербалды байланыс вербалды емес ақпаратпен толықтырылып, толыққанды қарым-қатынастың негізін қалады» , - деген ой айтады. [157].

Бейвервалды амалдардағы ұлттық диалогтік сипат – қазақтың әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрі арқылы көрініс табады. Бейвербалды амалдар тілдік тәсілдер сияқты ұлттық феномен. Себебі әр халықтың бейвербалды амалдары сол халықтың мәдениетімен тығыз байланысты.

Коммуникативтік актілерде қазақ халқының салт-дәстүрі мен әдет-ғұрпына байланысты бейвербалды амалдар өзіндік көркемдік танымен ерекшеленеді. Мысалы, ата-бабамыздан келе жатқан салттың бірі – *біз шаншу.* Бұл – «құда болайық» деген өтінішті немесе елшілік хабарды білдіретін бейвербалды амалдардың бірі. Қазақ халқы жолаушылап жүрген жандарды қонақжайлылықпен қарсы алып, оларды құрметтеп аттандыратын. Біз шаншуға келген адамдар ешкіммен сөйлеспей, шаруаларын ашып айтпайды. Қонақасы ішкеннен кейін үнсіз аттанып кетеді. Қонақтар кеткен соң, үй иелері сырмақты қағады. Егер сырмаққа қадалған бізді көрсе: «Ұл ержетті, қыз бойжетті, қасқұлақ бала бізде бар, қаса сұлу сізде бар, құда болайық» деген ұсынысты бірден түсінген. Бұл салттың астарында диалогтік сипаттың бар екені байқалады.

Келесі диалогтік сипат аңғарылатын ұлттық бейвербалды амалдың бірі – *сырға салу.* «Сырға салу» амалы ерте кезден келе жатқаны белгілі. Бұл дәстүр қазақ мәдениетінде үлкен мәнге ие болған. Сырға ілу салты қыздың әлі де басы бос екенін көрсетудің өзіндік белгісі ретінде қолданылған. Бұл дәстүр ата-ананың қызын атастыруға немесе құда түсетін адамға ишара жасап, қыздың әлі ұзатылмағанын білдірген. Сол арқылы үйге келген қонақ немесе жолаушы үйдің жағдайын біліп, қызға құда түсуге ниеттенген жағдайда сол сырғаның ілініп тұрғанын көріп, өз жоспарын құра алған. Зерттеуші Р.Шойбеков: «Бұл дәстүр қоғамдағы қарым-қатынастардың, құда-жекжаттық байланыстардың символы ретінде ерекше орын алған. Дәстүрдің осылайша ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы мәдениеттің бір бөлшегі болып саналған. Мұның аяғы кейде құдалыққа ұласып жататын», - дейді [158, 20-21].

Осы бейвербалды амалға қатысты қазақ ертегілерінің ең көнесі «Ер Төстік» ертегісінде мынадай этнографиялық мәні бар дерек кездеседі: *«...тоғыз ұлым бар, соған тоғыз келіншек ізден жүрген адаммын. Керегенің басындағы көп сырғаны*

көргенде тілегіме жеттім ғой деп қуанып қалып едім, санасам, біреуі кем екен, соған жылап отырмын, – дейді Ерназар.

*– Ендеше жылама, тағы біреуі бар, әне тұр, – деп бәйбіше тұс бақаннан тағы бір сырғаны алып келеді. ...*Сөйтіп Ерназар тоғыз қызға құда түсіп қайтады.

Құда түсудің тағы бір жолы – *қамшы іліп кету.* Жігіттің әкесі қызды көруге келгенде, қыздың шешесі «Қызым ұнаса, белгі қалдыр» деген. Жігіттің әкесі «құдалықтың басы осы болсын» деп үйдің төріне қамшысын іліп кеткен. Осындай жоралғыдан кейін сол үйдің қызы «үкі таққан қыз» деп аталған. Яғни бұл дәстүрде қамшы құдалықтың белгісі болып табылады, және осы арқылы диалогтік сипат анықталады.

Бейвербалды амалдардағы диалогтік сипаттың келесі көрінісі – *қамшы тастау* ғұрпы. Бұл ұлттық салт-дәстүр, әдет заңдарына сәйкес шешендер, билер және талапкерлер дау-шар кезінде сөз сұрау белгісін осылай көрсеткен. Дауласу немесе ақылдасу барысында ер адам бір тізерлеп отырып, қамшысын бүктеп, жерге қадаса, бұл бітімге келудің белгісі ретінде қабылданған. Қамшы – ежелгі заманнан бері қолданылып келе жатқан құрал, сондықтан оның айналасында түрлі әдет-ғұрыптар мен салттық ерекшеліктер жиі кездеседі. Сонымен қатар, ертеректе «үйге қамшыны бүктеп кіру» әдептіліктің белгісі деп саналған.

Қамшыға байланысты тағы бір бейвербалды амал – *қамшы тастар.* Үй иесі үйінде болмаған кезде жолаушы қамшысын тастап, басқа үйге кетеді. Бұл бейвербалды амал қайта соғамын деген мағынаны білдірген. Қазақ халқы еш уақытта «қанша балаң бар? деп сұрамаған. Жөн-жосық білетін адам керегеде ілулі тұрған қамшының санына қарап, ол үйдің қанша баласы бар екенін, оның нешеуі ұл, нешеуі қыз екенін айтқызбай-ақ болжап білген.

Сондай-ақ бейвербалды амалдардағы диалогтік сипат – қазақтың *беташар дәстүрінде* ұшырасады. Беташар дискурсында тыңдаушы мен орындаушы арасында тығыз байланыс орнайды. Біріншіден, сөйлеуші мен тыңдаушы-қабылдаушының моделі құрылады; екіншіден, сөйлеу актісі тек адресантқа ғана тән; үшіншіден, тыңдаушы-қабылдаушы жас келін болып табылады, ол сөйлеу актісіне мүлдем араласпайды. Төртіншіден, тыңдаушының тағы бір моделі – мәтінді тыңдаушы көпшілік қауым. Олар сөйлеу актісіне алғыс айту немесе бата беру мақсатында қатысуы мүмкін.

Беташарға диалогтік сипат тән. Алайда келін мен бет ашушының, келін мен көпшіліктің арасында сөзбен емес, ишаралық, яғни бейвербалды қарым-қатынас орнайды:

«Ақтылы қойды ақтаған,
Алалы жалқы байлаған,
Осы жанның үлкені!
Атасына бір сәлем! – деп басталатын беташардағы диалогке келіннің ишара, бас изеп, сәлем салу түрімен жауап беруін – ұлттық бейвербалды қатынастың үлгісі деп атауға болады [159, 88-97].

Ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік сипаттың танылатын тұсы – ***қонаққа ұсынылатын бастың тісін қақпай әкелу.*** Бұл турасында ертедегі аңыздарда былайша ұшырасады:

Ертеде Сараман мен Қараман деген екі дос өмір сүріпті. Бірде Сараман досына ренжіп қалады. Бірақ онысын тамырына айтпайды.

Бір күні Қараман атқосшысын ертіп, оған қонаққа келеді. Сараман досын құшақ жая қарсы алады. Іштегі назын бетіне шығармайды. Досы да құшағын тосады. Сараман досына арнап үлкен қошқарын сойып, батасын алады. Ет пісірім уақыт болды дегенде алдына бас тартады. Қараса, қойдың тістері қағылмаған екен. Досы оны байқамайды. Етін жеп, қымыз ішіп, арқа-жарқа болып, үйіне қайтады. Жолай атқосшысы:

– Мырза, досыңыз бас тартқанда қойдың тісін қақпай әкелді. Сізге бір реніші бар екен, – дейді. Бай шошып кетіп:

– Қалайша? Реніші болса, бас тартып сыйламас еді, – деп жауап береді. Атқосшы:

– Марқұм әкем айтушы еді. Қазақ біреуге ренжісе, бетінен алмаған. Өзгенің көңіліне қаяу, жүрегіне қылау салармын деп сақтық еткен. Назын тұспалмен, ыммен білдіреді. Мұсылмандықта біреудің көңілін қалдырған, мың Қағбаны бұзғанмен бірдей екен. Сондықтан, дәуде болса, досыңыз сізге реніш білдірді. Қонақ есті болса, бұл сырды өзі-ақ түсінер деген, – дейді.

Бай аттың басын кері бұрып, ат-шапанын атап, досынан кешірім сұраған екен. Осыдан бастап қой басын пісіргенде оның тісін қағып әкелу адал достық пен таза көңілдің белгісі боп саналыпты.

Ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік сипат – *қонақ күту әдебінен* аңғарылады. Қазақта қонақты қарсы алуға, тиісті орынға отырғызуға, дастархан басында қонақ күтуге, қонақты аттандыруға байланысты бейвербалды амалдар жиі ұшырасады. Атын байлап, айылын босатқан соң, үй иесі есікті ашып алдымен қонақты кіргізеді. Төрге сырмақ жайып, «төрлетіңіз, төрлетіңіз» деп жылы шырай көрсетеді.

Төр – қазақ салтында аса құрметті проксемикалық лакуна. Бұл ең сыйлы орын. Демек, төрдің әлеуметтік, ұлттық, саяси мәні бар. Халық салтында қақ төрге бас қонақ отырады. Дәрежесі мен атағына, жасына қарай қалған қонақтар бас қонақтың оңы мен солынан орын алады. Қонақ үстіне қонақ келсе жасы кіші қонақ жасы үлкеніне ығысып орын береді. «бұрынғы қонақтың соңғы қонаққа орын беруі» сонан қалған дәстүр. Отағасы қонақтан төмен отырады. Қазақ халқында «төр» ұғымымен қатар «босаға» ұғымы да бар. Босаға – есіктің кіре беріс жері. Төрдің төрінен оң жақ қол жақты – оң босаға десе, сол жақты – сол босаға деп атаған. Төрге жасы үлкен, құрметті адам отыратын болса, босағаға жасы, жолы кіші немесе сол үйдің балалары мен келіндері отырады.

Қазақ халқында сусын мен шайға тойған кезде кесенің бетін алақанмен жабуы немесе *кесені төңкеріп қоюы* да жиі ұшырасады. Осы амалмен синонимдес

кинеманың бірі – *дастарханның шетін қайырып қою*. Бұл кинема да шайың мен сусыныңа тойдым деген мағынаны бере отырып, жергілікті ерекшеліктерге байланысты қолданылып отырады.

Бейвербалды амалдардың бірі – *киім-кешек* арқылы да диалогтік сипат танылады. Адамның үстіндегі киіміне қарап, әлеуметтік жағдайын, жыныстық ерекшелігін, жас мөлшерін, этникалық ортасын аңғаруға болады. Осыған байланысты ер адамның және әйелдердің киімі, бойжеткен және күйеуге шыққан әйелдің киімі, күнделікті және мерекелік т.б. деп жіктелген. Киім сонымен бірге этникалық (рулық, жүздік, аймақтық) және жалпы ұлттық ерекшеліктерді бейнелейді. Киім адамның жас ерекешлігі, әлеуметтік ортасы туралы хабар бере келіп, коммуникативтік қызмет атқарады. Мысалы, ертеректе қазақ халқы тымағына қарап қай жүздің, қай рудың адамы екенін тани білген. Яғни Арғын тымағы, Жалайыр мен Найман тымағы деген үлгілері болған. Бұл турасында ғалым Е.Жанпейісов өз еңбегінде тымақтың этнолингвистикалық табиғатын аша келіп, бірнеше түрін көрсетеді: «Төрт сай қарқаралы тымағы; алты сай сырма найман тымағы; жіңішке, ұзын төбелі керек тымағы; сегіз сай уақ тымағы; төрт сай аласа төбелі тобықты тымағы; алты сай тобықты тымағы т.б.» [160, 89].

Бөрік. Қазақ халқы *бөрікті* тек киім ретінде емес, этникалық құндылық ретінде жоғары бағалаған. Қарым-қатынас жағдаяттарында біреудің аяғына жығылып, кешірім өтінгенде, бөрікті шешіп оның аяғына тастап, кешірімін алған. Яғни бейвербалды амал кешірім сұрау ретінде қолданылып отырған.

Сәукеле. Сәукеле – ұзатылған қыз киетін аса қымбат бағалы, кәделі әрі әсем бас киім болған. Сәукеленің өн бойы қымбат маталармен қапталып, оның сыртына алтын, күміс, інжу, маржан сияқты асыл тастардан жасалған моншақтар түрлі-түсті қымбат жіптермен тігіледі. Ұзатылған қыздың дәрежесі, шыққан тегі осы сәукелесіне қарап бағаланады. Әрине, мұндай бас киімді байлар мен өте ауқатты адамдардың қыздары ғана киген.

Бұл туралы мынадай этнографиялық дерек бар:

Қуандықта Алтай-Қарпықтың үш баласы болған: Тінәлі, Мәмбет, Көзи, Көзиден – Тоқа туған. Тоқадан шыққан бай – Сапақ. Сапақ үш жүзден құда болуға бай кісі таңдайды. Кіші жүзде Байсақал деген бай бар деп, байлығын өзіне тең көріп, сол Байсақалға Кенесары-Наурызбайдың ағасы Саржан төрені алып, елу кісімен құда түсе барады. Сонда Байсақал құдаларының ортасына бір сәукеле жібереді, «Қызымның қарақан басы, мінген аты, артқан түйесі, тігілген отау, қылған жасауы – бәрі сатусыз, тегін. Бір сәукеленің құнын,пұлын берсе болады», - депті. Басы Саржан төре отырған құдалар сәукелені малға шамалап, өздері пішіп, өздері кесіп, «бес жүз байталға тұрады екен» десіп, «мұның қызының қалың малы бес жүз жылқы болсын», - десіпті [161]. Сәукеленің жоқтығы өз кезінде жоқшылықтың, кедейліктің белгісі ретінде танылған.

Жалпы қарым-қатынасқа түсушілердің кинесикалық актіні орындау кезіндегі дене қимылдары: *жеке адам іске асыратын, ортақ болып* бөлінеді. Жеке адам іске

асыратын дене қимылдары қарым-қатынас кезінде бір ғана адамның қимылы арқылы жүзеге асады. Мұндай дене қимылдары шешендік диалогтерде жиі кездеседі:

Орта жүздің адамдары, Үш жүзге билік айтқан ағаның баласы ғой, – *деп Төле биге жүгінуге келеді. Даугерлердің арасынан жоғары отырған біреуі дауының жөнін айтады. Тыңдап болып, Төле би оң қолын созады.*

– Бұл қалай, – деп екінші талапкер сөйлейді. Төле сол қолын созады.

– Апырмай, мына кісі сөзін жеткізіп айта алмады ма? – деп үшінші кісі сөйлейді. Мұны тыңдап болып Төле би үстіңгі ернін шығарады. «Бұған да жауап бермеді» деп төртінші біреуі сөйлейді. Мұны да тыңдап болған соң, Төле астыңғы ернін шығарады. Даугерлердің бар сөз білемін деген төртеуі жауап алмаған соң, елге қайтады.

Билер келгеннен кейін жұрт жиылып, Төленің жауабын сұрайды. Билер: – «Паң адам екен, басын да көтермеді», – дейді. Жиналған жұрт:

– Апырмай, бұл қалай, үш жүзге билік айтқан адам еді ғой, бірауыз жауап бермегені ме? Өздерің не айтып едіңдер? – деп сұрайды.билер әңгіменің қалай өткенін түгел баяндап айтып береді. Сол кезде көптің арасынан ұзын бойлы, қара торы, қыр мұрынды, зор кеуделі бір жігіт кербез сөйлейді:

– Жоқ, Төле би жауап бермеймін демепті. Бұдан басқа менімен сөйлесуге жарарлық адамың бар болса сөйлеп көр деген екен. Ана ишарасы – бұрынғы сөйлеушілерге берген сыры.ілгері екі би сөйлегенде, екі қолын созғаны – сендер ұзын сойыл, ұр да жық, қара барымтаның, сөз сөйлеп құн аларлық адам емессіңдер, мұнан басқаларың сөйлеп көріңдер, – дегені екен. Кейінгі екі адам сөйлегенде екі ернін шығарғаны сендер ағайынды шағыстырып, өсек айтып, ат мініп, ас ішерлік қана адамсыңдар. Мұнан басқа жөн білетінің болса, сөйле дегені екен. Бұлардан басқа жібі түзу сөйлеуші болмаған соң, бітімді балаға берсін бе? – бұл сөйлеген кәдімгі Едіге батыр екен. [124, 124].

Берілген шешендік диалогте дене қимылы арқылы қарым-қатынасқа түсіп отырған жеке бір адам ол – Төле би.

Ал кинесикалық амалдарды ортақ қолдану кезінде қарым-қатынасқа түсушілер бірнешеу болады. Мысалы:

– Жиренше түскен үй іңір болған соң от жақты, келін сиыр сауды. Кемпір от басында, қыз үйдің іргесінде отыр.

– Жиренше төрде отырып қызға қарап басын сипады. Бұл сенің қалың малың шашымнан көп-ау, - дегені еді. Қыз оған түсініп астындағы тақыр тұлақты сипады. Ол теңімді тапса тақыр кедей болса да береді дегені еді [124, 124].

Ертегі дискурсында бейвербалды амалдар арқылы диалогтік сипат анық танылады. Сөзімізге «Аяз би» ертегісіндегі мына мысал дәлел бола алады:

Уәлі байдың Меңді деген қызы жиырма жылдай отырады. Жасы - отыз бесте. Соған үйленеміз деген талай мырзалар жиналып, келп-кетіп жатады. Мұны естіген Жаман: «Мен де барып көрсем қайтеді», – деп ойлап, кешке жұрт

орынға отырған соң, жайлап қыздың үйіне барады. Есікті қағып еді, бір әсем келіншек шығып:

– Не жұмысыңыз бар? – деп сұрады.

– Менің жұмысым сенде емес, қызда. Бар, қызға айт! – деді. Келіншек күліп қызға барып:

– Бикеш-ау, күйеу таңдаймын деп, сен де жұртты басындырып болдың-ау! Адам көргісіз бір жаман кісі сенде жұмысым бар дейді. Сенен ол дәме етіп келген білем! – деп қалжыңдады. Қыз жымиып күліп:

– Ол қарауға жаман болғанмен, қандай кісі екенін қайдан білесің? Мынаны алып барып бер, – деп жеңгесінен ғауһар тас, пышақ, табақ және қайрақ беріп жібереді. Жеңгесі ол заттарды апарып берген соң, Жаман қолына алып қарап тұрды да:

– Бар, мұның құралын әкел, – деді.

– Ойбай, әлгі жаманың мұның құралын әкел дейді, – деп жеңгесі қызға қайтып барады.

Қыз:

– Жарайды, – деп жеңгесіне балға мен төс берді. Жаман балға мен төсті алған соң қайрақты төске қойып, балғамен ортасынан бөлді, табақты уатты, пышақты жетесінен сындырды, ғауһар тасты қақ жарды да:

– Мә, бикешке алып бар! – деп келіншектің қолына берді. Сынған заттарды көрген соң, қыз ұшып тұрып:

– Сол адам, шайтан болмай адам болса, менің тап баратын кісім. Шақыр мұнда! – деді. Жеңгесі не дерін білмей, Жаманды шақырып келді. Қыз оны құрметтеп қарсы алды.

Мұнан соң ертегіде Жаманды Уәлі жігіттері ұстап алады, оны ханға апарады, ақыры хан оны шындығын айтпағаны үшін дарға асуға бұйрық береді. Ақыры Жаман дар ағашына асылғанда белгісіз бір жан ақбоз атпен, ақ киіммен, бетіне перде жауып келеді, арқанды қияды да, құлап түскен Жаманның көкірек тұсына қылышын көлдеңнен тастап жүре береді. Есін жиған Жаман өзін ханға апаруын өтінеді. Жендеттер хан алдына әкелген соң ханға мынадай сырды жайып салады:


– Мен барып Уәлі байдың қызына сырттай хабарласқанымда, ол маған бір табақ, бір қайрақ, бір пышақ, бір ғауһар тас беріп жіберді. Онысы: «Қайрақтай боп үгітілгенше, табақтай болып уатылғанша, пышақтай болып басы кесілгенше, сыр айтпайтын кісі мына ғауһар тастан жарып мені алады», – дегені еді. Сол сырды «пышақтай боп басым кесілгенше» деп, пышақты жетісінен сындырып, «қайрақтай болып үгітілгенше» деп, қайрақты уатып, «табақтай уатылғанша» деп, табақты сындырып, «сыр шашпаймын, ғауһар тасты жарып сені алам» деп, ғауһар тасты қақ бөліп, уәде беріп едім. Сол себепті мана шынымды айтпап едім. Қыздың мені аяп, ақ боз атқа мініп, бетіне перде жауып, дардың жібін қиып, көкірегіме көлденең қылыш тастап кеткені: «Мен үшін күнәсіз өлме, ерлігіңді көрдім. Қылыш үстінде серт жүрмейді деуші еді, антыңды қайтып ал», – дегені

еді. Өзі рұқсат берген соң, шынымды айтып отырмын, – деп Жаман сөзін аяқтайды.

Міне бұл ұлттық бейвербалды амалдардағы диалогтік сипаттың озық үлгісі. Аталған бейвербалды амалды ***заттық-ымдау диалогі*** деп атар едік.

Ойтүйін: Біз метатанымдық диалогтерде, яғни автордың интенциясына негізделген диалогтік мәтіндерде бейвербалды амалдардың жиі ұшырасатынын анықтадық. Оның ішінде кинемалар мен проксемикалардың қолданыс жиілігін сараладық. Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайтынын аңғардық. Аталған диалогтік сипат *әлеуметтік мән иеленген кинемалар* арқылы іске асатынына көз жеткіздік. Ұлттық бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді.

Кинесикалық амалдарды қолдануды *жеке* және *ортақ* деп бөліп, мысалдар арқылы дәйектедік. Ертегі және беташар дискурсындағы, шешендік сөздер дискурсындағы бейвербалды қарым-қатынасты анықтай отырып, аталған дискурс үлгілеріне де диалогтік сипат тән екенін анықтадық. ***Ұлттық бейвербалды амалдар*** арқылы берілетін *диалогтік сипат моделін* кесте арқылы былайша көрсетуге болады:



14-сызба. Бейвербалды амалдардағы диалогтік сипат моделі

3.3 Тілдік тұлғадағы ғаламның тілдік бейнесі

Қазіргі тіл білімінде тілдік тұлға ұғымы кеңінен зерттеліп, әр түрлі аспектілер бойынша жіктелуде. Зерттеушілер тілдік тұлғаны қарастырғанда оның күрделі құрылымын, көпқырлы сипатын және қоғамдағы рөлін ескереді. Әр түрлі ғылыми бағыттарда тілдік тұлғаның әр типі белгілі бір мәнмәтінде қарастырылады. Мысалы:

В.Карасик тілдік тұлғаны *мәдени кеңістік* тұрғысынан зерттеп, адамның тілдік әрекеттерін оның мәдениетке қатысы арқылы сипаттайды. Тілдік тұлға мәдениеттің бөлшегі ретінде қарастырылады, яғни ол белгілі бір мәдени кодтардың, нормалардың және құндылықтардың тасымалдаушысы.

С.Сухих тілдік тұлғаның *психологиялық типтерін* зерттейді. Бұл тұрғыда тілдік тұлға оның психологиялық ерекшеліктері мен коммуникативті қабілеттері арқылы сипатталады, яғни адамның тілдік мінез-құлқы оның психологиялық жағдайына байланысты болады.

И.Сусов сөйлеуші тұлға ұғымын қарастырып, адамның сөйлеу әрекеттері мен тілдік қолданысын зерттейді. Бұл зерттеуде тұлғаның тіл арқылы өзін-өзі қалай көрсететіні, оның сөйлеу стилі және ерекшеліктері басты назарда болады.

В.Д.Лютикова диалектілік тілдік тұлғаны зерттейді. Бұл тип адамның белгілі бір аймаққа немесе жергілікті диалектіге тиесілігін көрсетеді. Диалектілер тілдік тұлғаның аймақтық ерекшеліктерін бейнелейді.

В.Шаховский эмоционалдық тілдік тұлғаны зерттейді. Тілдік тұлғаның бұл типі адамның эмоционалдық күйі мен оны тіл арқылы жеткізу қабілетіне қатысты.

Ю.Н.Караулов орыс тілдік тұлғасын қарастырады. Оның зерттеулерінде тілдік тұлғаның үш деңгейі (вербалды-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық) қарастырылады, бұл орыс тілдік тұлғасының құрылымын анықтауға бағытталған.

Т.Снитко батыс және шығыс мәдениеттеріндегі тілдік тұлғаларды салыстырып зерттейді. Бұл зерттеу мәдениаралық қатынастардағы тілдік ерекшеліктерді, мәдениеттер арасындағы айырмашылықтарды бейнелеуге бағытталған.

Сонымен қатар, зерттеушілердің назарында *тарихи, мәтіндік және элитарлық тілдік тұлға* типтері де бар. Бұл бағыттар тілдік тұлғаны әр түрлі тарихи мәнмәтіндерде немесе белгілі бір әлеуметтік топтардың тілдік ерекшеліктері негізінде қарастырады.

Тілдік тұлғаны зерттеу қазіргі тіл білімінде маңызды тақырыптардың бірі саналады, себебі ол тіл мен адамның өзара байланысын, қоғамдағы тілдің рөлін, және жеке адамның тілдік мінез-құлқын түсінуге көмектеседі.

Зерттеулерде қолданылып жүрген «тілдік тұлға» терминінің бірнеше мағынасы бар: 1) мәтіндерінде нақты тілдің жүйелік құралдарын қоршаған болмысты өзіндік тануын бейнелеу үшін белгілі бір мақсатта пайдаланған, жарыққа шығарған мәтіндері негізінде сипатталатын қандай да бір тілді тұтынушы; 2) тілдің

жүйелік көрінісін функционалдық талдаумен біріктіре алатын жеке адамның тілдік қабілетін сипаттаудың кешенді тәсілі атауы [162].

Тілдік тұлғаның даралық сипатын оның шығармаларының ерекшелігін саралау арқылы тануға болады. Соңғы кездері тілдік тұлғаны ол қалдырған мәтіндер негізінде зерттеуге арналған еңбектер қатары көбейе түсті. Осы тұрғыда тілдік тұлға мәселесі қазіргі орыс тіл білімі мен қазақ тіл білімінде төмендегідей бағыттарда қарастырылып келеді деп шартты түрде белгілейміз:

1) *нақты тұлғаның тілін оның когнитивтік және прагматикалық интенцияларын назарға ала отырып талдау* – Т.Пшенина [163], Н.Бурмакина [164], А.Жуминова [165], Ш.Ниятова [166] және т.б.

Катулланың тілдік тұлғасын зерттеген Т.Пшенина: «Тілдік процесс кезіндегі жасаушы және қабылдаушы тұлға туралы сөз болған кезде тілдік тұлға (нақты т.т., ұлттық тілдік тұлға) ашық жүйе болып табылады, біз белгілі бір автордың шығармасы сияқты аяқталған дискурсқа кездескен кезде ол жабық жүйе саналады» [163, 9], - деп тілдік тұлғаға қатысты жүйе түрлерін ұсынады;

2) көптеген ғылым еңбектерде *тарихи тұлғалар тілін диахрониялық тұрғыдан сараптау* орын алған. Жыраулар тілдік тұлғасын олардың поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесін таныту арқылы зерттеген Б.Нұрдәулетова: «Біздің зерттеуіміздің нысанына айналып отырған жыраулар феномені ерекше тұлғалық нышанда танылады. Жыраулық тілдік тұлғаны талдау арқылы көз жеткізген тілдік тұлға туралы өз пайымдауымыз бар. біздің ойымызша, тұлға – *интеллектуалды ерекше жаратылыс иесі*» [167, 175], - дейді.

І Петрдің тілдік тұлғасына диахрониялық тұрғыдан сипаттама берген Н.Гайнуллина автор образы мен кейіпкер бейнесі проблемасының тіл білімінде кең көлемде зерттелуіне байланысты *нақты тілдік тұлғаны* бөлек, өз шығаршылығында *көркем тілдік тұлғаны* жүзеге асыратын көркемсөз шеберлерінің, яғни ақын жазушылардың тілдік тұлғасын бөлек қарастыруды ұсынады [168, 12].

3) *бөлек-бөлек мәтіндер негізінде тілдік тұлғаны модельдеуге арналған зерттеулер* де пайда бола бастады: сот материалдары арқылы А.Конидің тілдік тұлғасын З.Баишева [169] қарастырған; Б.Каримова [170] қазіргі кездегі саясаткердің тілдік тұлғасын публицистика материалдары негізінде зерттеп, «бірегей тілдік тұлға», «элитарлық тілдік мәдениентті ұстанушының тілдік тұлғасы» терминдерін қатар қолданады. Қазақ ғалымы Қ.Жұбановтың ғылыми еңбектері негізінде тілдік тұлғасын зерттегенн Ф.Терекова оны кәсіби қызметіне байланысты әлеуметтік тұрғыдан түсіндіріп, оны «қазақи тілдік тұлға» ретінде таниды [171, 26]; О.Кучеренко Л.Толстойдың тілдік тұлғасын оның хаттарының негізінде зерттеп, «күшті тілдік тұлға» терминін «қарапайым» тілдік тұлғаларды тілде, ғылымда, тарихта, өнерде із қалдырған өзіндік орны бар тұлғалардан ажырату үшін қолдануға болатындығын айтады [172]; Зерттеуші Г.Ерсултанова публицистикалық

дискурстағы тілдік тұлғалардың концептосферасын анықтап, когнитивтік модельдерін танымдық тұрғыда сипаттайды [173].

4) *шығармадағы кейіпкердің тілдік тұлғасын ашу арқылы шығарма авторының тілдік тұлғасына шығуды мақсат тұтқан зерттеулер* де кездеседі. Э.Хемингуэидің әдеби көркем шығармаларындағы кейіпкерлерінің тілдік тұлғасын З.Кузневич [174], Б.Соқпақбаевтың шығармаларындағы кейіпкерлері арқылы жазушының тілдік тұлғасын Ж.Саткенова [175], балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасын З.Абдуллина [176] осы бағытта қарастырған.

5) *Тілдік тұлға бойындағы қасиеттерді оның ұлттық болмысына сай қарастырған еңбектер* ғалым Ю.Н. Караулов зерттеуінен бастау алатыны сөзсіз. Осы тұрғыда, әсіресе, орыс тіл білімінде біркелкі зерттелген бұл мәселеге қазақ тіл білімінде қазіргі таңда шындап ден қойылып, зер салынып, өзіндік сала ретінде дамыды. Өз зерттеулерінде ұлттық тұлға терминін қолданған И.Айбарша [132] ұлттық мәдениеттің тілде орныққан бейнелеріне талдау жасайды. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттарын зерттеген Ш.Елемесова [177] дара тіл өзгешелігін лингвостилистикалық және психолингвистикалық сабақтастықта талдайды. Т.Ізтілеуовтың тілдік тұлғасын дискурстық сипатын зерттеген Ф.Қожахметова «тілдік тұлға» дегеніміз ұлт тілі мен ұлт мәдениетінің ақпаратын сатылы деңгейде толық меңгерген тілдік-мәдени құзірет иесі» [178] ретінде анықтауға болатындығын айтады. Г.Имашева М.Дулатұлы тіліндегі қазақ ұлтының рухани дүниетанымы оның тіліндегі «ғаламның бейнесі» ретінде байқалатындығын айта келіп, сонымен бірге тілдік тұлға туралы «тілдік тұлға» есімі, оның айтқан сөздері, шығарған өлең-жырлары, жазған мақалалары ел есінде мәңгі қалуы тиіс» [179, 7], - деген пікір білдіреді.

Абайдың тілдік тұлғасын зерттеген Г.Мұратова қазақ тіл біліміндегі тілдік тұлғаның классикалық үлгісін ұлы Абайдың қазақ әдеби тіліндегі орнын саралау арқылы айқын көруге болатындығын атай келіп, тілдік тұлға мәселесін анықтауда «өзі меңгерген ұлт тілі мен мәдениетін өзгеге таныта отырып, тілді тұтынушы ретінде әрі тілді жасаушы ретінде, тұтастай алғанда тіл тарихына (синхронды, диахронды күйіне), тілдің дамуына қандай үлес қоқанын айқындау мәселесі – тілдік тұлға мәртебесін одан әрі бекіте түсетін немесе оның тағы бір қырын, яғни толыққанды тілдік тұлға болмысын ашатын басты ұстаным болуға тиіс» [155] – деп біледі.

Зерттеуші А.Кушкимбаева М.Әуезовтің драмалық дискурсын талдай отырып, автор дүниетанымындағы ұлттық рухани құндылықтар мен көркемдік-эстетикалық талғамының тілдік тұлғаның деңгейілеріне сай ерекшеліктерін көрсетеді. Зерттеуші тілдік тұлға қалыптасуы үшін

1. ұлттық тәрбие (отбасылық тәрбие);
2. ұлттық тілдегі өлшемдер (қабылданған, қабылданбаған құндылықтар);
3. мәдени ақпарат (салт-дәстүр, әдет-ғұрып);
4. рухани сана (дін қағидалары);

5. үлгі тұтатын тұлғалар (Абай, Шоқан т.б.);

6. озық білім жүйесі;

7. тектілік интеллектісі сияқты алғышарттар болуы қажет екенін айта келіп: «...Міне, осы қасиеттерді бойына жинаған индивид, саналы адам дәрежесінен тұлға, одан әрі тілдік тұлға дәрежесіне көтеріле алады. Тілдік тұлғаның өзінің болмысына сәйкес қалыптастырған, енгізген сөз саптауы, көзқарасы эталондық сипат дәрежесіне көшеді де оның тілі зерттеу арқауы бола бастайды. Бұл көбіне тілдік тұлғаның дәстүрлі вербалды семантикалық деңгейінде байқалатыны даусыз», – дейді [180, 11].

Ғаламның тілдік бейнесі ұғымы қазіргі тіл біліміндегі маңызды категориялардың бірі болып табылады және ол тілдің адам санасындағы және мәдениеттегі рөлін түсінуге бағытталған. Бұл ұғым тілдің тек қарым-қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар әлемді қабылдау және оны түсіндіру құралы екендігін көрсетеді. Ғаламның тілдік бейнесі арқылы әрбір ұлттың өзіндік дүниетанымы, құндылықтары және мәдени ерекшеліктері көрінеді.

Белгілі ғалым В.Маслова атап өткендей, «ғаламның тілдік бейнесі – ұлттың мәдени игілігінің ажырамас бөлігі, және ол көпдеңгейлі құрылымға ие. Бұл көпдеңгейлі құрылым адамның ішкі және сыртқы әлемін түсіну үшін маңызды рөл атқарады. Тіл арқылы біз рухани және мәдени құндылықтарды, ұлттық ерекшеліктерді сақтаймыз және сол арқылы ұрпақтан ұрпаққа жеткіземіз» [181, 71].

Ғаламның ұлттық бейнесі туралы зерттеушілер пікірлері мынадай қорытындыға алып келеді: ғаламның ұлттық бейнесі – халықтың ойлау, таным қызметінде, оның физикалық және вербалдық мінез-құлқында көрініс табатын танымдық-психологиялық шындық. Өз ділі арқылы белгілі бір қауым және оны құрайтын жеке адамдар шындық болмысты бағалап танып, нәтижесінде өзінің ғалам бейнесін жасайды. Ұлттық ділі, тарихы, дәстүрі, ұрпақтар сабақтастығы арқылы жалғасқан ғалам бейнесі адам санасында өмір сүреді. Себебі, «сана – бүкіл этностың, әлеуметтің ғасырлар бойы жасаған ой еңбегінің нәтижесі» [182, 19]. Демек, сол санада сақталған ғалам бейнесі кейін белгілі бір таңбалар жүйесі арқылы, алдымен ұлттық тіл мен көркем шығармашылық арқылы заттанады. Сондықтан да ұлттық діл қызметінің өзіндік нәтижесі, яғни ғаламның ұлттық бейнесін бейнелейтін көркем шығармаларды талдау сол ұлтты түсінуге айтарлықтай ықпал етері сөзсіз.

Сонымен, тілдік тұлға дегеніміз — бұл тек тілдік құралдарды қолдана білетін адам ғана емес, сонымен қатар сол құралдарды шығармашылықпен пайдалана отырып, жаңа мағыналар, құндылықтар мен тілдік құбылыстар тудыра алатын тұлға. Мұндай тұлға тілдік дәстүрлерді жалғастырады, оларды меңгереді, сол дәстүрлерді өзіндік ерекшеліктерімен байытады, дамытады. Ол адресатқа өз ойын жеткізу барысында тілдің байлығын толыққанды пайдалана алады және тыңдаушының (немесе оқырманның) санасына, эмоциясына әсер етеді. Сондықтан

тілдік тұлға ұлттың мәдени, тарихи және әлеуметтік болмысының айнасы деуімізге болады.

Осы орайда біз XVIII ғасырдағы аласапыран оқиғаларды, қазақ елінің басынан өткен ұлы бетбұрыстарды тарихи шындығымен бейнелеуге тырысқан М.Мағауиннің «Аласапыран» романы мен Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романдағы диалогтік дискурс үлгілері арқылы автордың тілдік тұлғасын анықтауға ұмтыламыз.

Жалпы әр жазушының өзіндік сөз саптамы, ой-толғау әдістері болады, әр қаламгер көркем сөз айшықтарын өмір шындығын терең бейнелеу үшін және идеялық-эстетикалық нысанына орай таңдап, талғап алады. Жазушыға тән ерекшелікті айқындау арқылы ғаламның тілдік бейнесін танимыз.

Қаламгер туындыларында халықтың ұлттық ерекшеліктері, яғни әдет-ғұрып, салт-дәстүрлері дәріптеліп, халықтың кәсібі мен мекен еткен жеріне байланысты тілдік ерекшеліктері, кейіпкерлердің жас ерекшелігі, мінез құлқы мен әдеті т.б. даралығын суреттеу арқылы сол қоғамдағы өмір сүріп отырған халықтың тыныс-тіршілігі бейнеленеді. Осы орайда халқымыздың ұлттық тыныс-тіршілігі жазушы М.Мағауин шығармаларынан көрініс тапқан, әрі ол еңбектерден халқымыздың тіл байлығы танылады.

«Аласапыранның» тілі туралы академик Р.Сыздық былай дейді:

«Жазушы М.Мағауиннің «Аласапыран» романын қазақ ккркем әдебиетіндегі тарихи шығармалардың ең сәтті үлгілерінің бірі деп санауға тек оның көркемдік-шығармашылық сипаты ғана емес, тілдік-стильдік белгілері де мүмкіндік береді. Бұл көркем туындыны «тарихи стиль» дегеннің тезіне салып жазудың да бірден бір көрнеу үлгісі. Ал «тарихи стиль тезі» жалғыз ғылыми таным үшін емес, қазақ халқының бұдан бірнеше ғасыр бұрынғы, тіпті күні кешегі XIX ғасырдағы өмір шындығын дұрыс тануымыз үшін де қажет» [72, 102].

«Аласапыран» романындағы оқиғалардың басты кейіпкер Ораз Мұхамедтің төңірегінде өрбуі романның композициялық құрылымын және баяндау тәсілін анықтайды. III-жақтан баяндалатын объективті баяндаушының көп жағдайда көрінбеуі және оқиғаларды тікелей суреттемей, Ораз Мұхамедтің көзімен беруі – романның кейіпкерге жақындығын, оның ішкі дүниесін тереңірек ашуға арналған. Бұл тәсіл оқырманды Ораз Мұхамедтің ішкі әлеміне еніп, оның оқиғаларға деген сезімі мен қабылдауын, эмоциясын және ой-толғамдарын тікелей сезінуге жетелейді.

Дегенмен, кейбір тұстарда III-жақтағы баяндаушының араласуы және авторлық шегіністердің болуы оқиғаларды сыртқы көзқараспен толықтыруға және философиялық, этикалық ойларды жеткізуге мүмкіндік береді. Бұл автордың көзқарасын білдіріп қана қоймай, оқырманға оқиғаға жаңа қырынан қарауға жол ашады. Осындай баяндау тәсілі оқырманға оқиғаларды тереңірек түсінуге, олардың мәнін бағалауға және басты кейіпкердің тұлғасын барынша кеңінен тануға мүмкіндік береді.

Қиылып шыққан ай ағарып толады. Қызарып шыққан күн жарқырап жанады. Ай жемірілiп тозады, күн шеңбері бітіп батады. Тағы да ай туады, тағы да күн шығады. Сол ай ма, сол күн бе? Қалың елге бәрібір. Жас – өседі, кәрі – өледі, адам *орнын* ***адам, ұрпақ*** *орнын* ***ұрпақ*** *басады.* ***Жұрт жаңаланады, ел өзгереді. Сол орта ма, сол халық па? Қара жерге бәрібір.*** *Жан иесі жағаласып күн кешеді.* ***Бұғыны бөрі жейді. Бөріні аю жалмайды. Аюды айдаһар жұтады.*** *Адам ұлы тайталаспен қан кешеді.* ***Тайпа мен тайпа шабысады. Жұрт пен жұрт алысады.*** *Ақыры әлдісі алып жейді. Ошағына от жағып, отауына түтін түтетеді. Барын иеленіп барақатқа жетеді. Бірақ ақыр соңы ол емес – оған да құрылған тез бар. кесімді күні кезеулі оққа жолығады.* ***Бір адамның тағдыры – бар ғаламның тағдыры. Хақ тағалаға бәрібір.***

Келтірілген үзінді арқылы М.Мағауиннің – ұлттық тілдік тұлға екенін аңғарамыз. Тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болатыны белгілі.

Авторлық шегініс арқылы берілген осы тәрізді үзінділер шығарманың көркемдігіне әсер ететін синтаксистік қайталаулар мен ұйқасқа, ырғаққа құрылған параллель түзілімдерден тұрады. Бұл тәсілдерді шеберлікпен қолдану арқылы автор өз ойын философиялық тұжырымдарын оқырман түсінігіне жеңіл әрі әсерлі етіп береді.

Ю.Караулов көркем мәтінді тірек ретінде ала отырып, тілдік тұлғаның үш деңгейін, атап айтқанда:

1) вербальды-семантикалық деңгей;

2) лингвокогнитивтік деңгей;

3) прагматикалық (мотивациялық) деңгейді көрсетеді [100, 74]

Вербальды-семантикалық деңгей тілдік тұлғаның сөздік қоры мен тілдік құралдарды қолдану ерекшеліктерін зерттейді. Бұл деңгейде адамның күнделікті дәстүрлі тілдік нормаларды меңгеруі мен оларды қолдану қабілеті анықталады.

Сонымен қатар, осы деңгейде автордың жеке сөз қолданысы, яғни идиостиль, ерекше орын алады. Автордың өзіндік стилі оның қолданатын тілдік құралдары арқылы көрінеді: түрлі бейнелер мен образдарды қолдану, сөздерге жаңа мағына беру, көркемдік әдістер мен риторикалық тәсілдерді пайдалану. Тілдік тұлғаның вербальды-семантикалық деңгейде өзіндік ерекшелігі ретінде семалардың өзгешелігі мен сонылығы маңызды рөл атқарады. Яғни, бұл деңгей тілдік тұлғаның шығармашылық әлеуеті мен тілдік құзыретін ашып көрсетеді. Бұл деңгейде әсіресе, жекелік метафора мен мақалдар, қанатты сөздер, фразеологизмдердің қолданылу ерекшеліктерін қарастырғанды жөн көрдік.

Жазушының қолданған баяндау формаларының бірі – диалог. Диалог бейнесі автор тұлғасының көрінуіне ерекше әсер етеді. Кейіпкерлердің өзара сөйлесулерін бере отырып автор өзінің оларға көзқарасын, болып жатқан оқиғаға қатысты пікірін, ұнату, ұнатпау сияқты қатынасын сездіре алады.

Диалог авторлық баяндаумен тығыз байланыста болады. Бұл байланыс тек мағыналық жағынан емес, сонымен бірге, құрылымы мен стилистикалық жағынан да келеді. Құрылымы жағынан авторлық баяндау мен диалог арасындағы жақындық комментариден (түсініктемеден), кейіпкерлердің сөзінен, реплика (сілтеме сөз) түрлерінен, қайталаулардан, ремарка мен репликаның ішкі құрылымдық ерекшеліктерінен көрінеді [75, 24].

- *Көрген кісілердің айтуынша, «пешілі – түтік темір көрінеді. Балқыған қорғасын ба, қызған болат па, әйтеуір жай оғындай жасын көз көрім жерден ұрады. Ең берік сауыттың өзін тесіп өтеді.*

- *Біздің көбебұзар құрыш жебеден бірде кем болмайды ғой, - деді Манақ басын шайқап.*

- *Артық, - деді Ораз-Мұхамед күрсініп. – Ал, «тобы» қазандай тасты қақпақылдай атса керек. Ең биік қорғанның қабырғасын талқан етеді.*

- *Алла! – деді Манақ батыр жағасын ұстап. – Сонда адамнан не қалмақ!*

- *Міне, көршіңнің құдіретін осыдан-ақ байқа! – деді Ораз-Мұхамед шамданып.*

- *Шәріне келіп, мейман болып отырып, табағына неге түкіресің.*

- *Жаңылдым, тақсыр, - деді Манақ бас иіп. Бірақ абыржыған ықҡан сыңайы байқалмайды. – Естіген құлақта жазық жоқ. Ақылы кемел шығар, бірақ батырлық... әй, көрінбейді-ау. Кім біледі, ебі асып, айласы артып, өлтірсе, өлтірген шығар... Сонда деймін-ау, от шашпақ түгілі жалын шалқытсын, тас атпақ түгілі, тау құлатсын ет пен сүйектен жаралған адам болса, біз де анадан тудық, өздері аз екен, біріне онымыз жабылсақ та...*(Аласапыран, 129)

Берілген диалогтегі кейіпкер сөздері, онда жазушы таңдап қолданған тілдік құралдар шығарма тілінің көркемдігіне, кейіпкер бейнесінің ашылуына, сонымен қатар автордың көзқарас-пікірлерін білдіруге қызмет етіп тұр.

М.Мағауин шығармасында байырғы сөздердің кеңінен жұмсалуы тіліміздің шұрайлы, құнарлы болғандығынан деп білеміз. Байырғы сөздерге көнерген сөздер жататыны белгілі. Көнерген сөздердің көнеру дәрежесі үш түрлі болады:

1) әбден ұмытылып қолданыстан шығып қалған сөздер;

2) түбір қалпында жеке айтылмағанмен, туынды түбір сөздің құрамында сақталып қалған сөздер;

3) жеке сөз ретінде қолданыстан шығып қалғанымен, әлі де мақала-мәтелдердің, фразеологиялық тіркестердің құрамында қолданылып жүрген көнерген сөздер [183].

Романдағы кейіпкер тілінде ұшырасатын көне сөздер осы үш топқа да сәйкес келеді. Біріншіден, тілдің негізгі сөздік қорына жататын көнерген сөздер ұлт тілінің негізгі өзегі саналады. Бұндай оралымдарды жазушының кеңінен қолдануы тілдің мәні мен ұлттық ерекшелігін айқындауға жол ашады.

Екіншіден, автор шығармасында қазіргі кезде сирек қолданылатын көне сөздерді де енгізіп, оларды заманауи баламаларымен қатар береді. Бұл тәсіл арқылы

жазушы оқырманға сол сөздердің мағынасы мен тарихын таныстырып, тілдің тереңдігін ашуға мүмкіндік жасайды. Бұл авторлық ерекшелік кейіпкерлердің тілін байытып, өткен мен бүгінгі дәуірді байланыстыратын көпір қызметін атқарады. Мысалы:

– ***Жәзит*** *бер, бас тақсыр, – деді Томан би, сұлтан тобы қайтадан атқа қонған соң.*

- Рұқсат, – деді Ораз-Мұхамед.

– Ләббай. Істің сәтін жігіттің бағына тапсырдық. Бастаңдар! – деді Томан. (Аласапыран, 128 б)

– Оның өзінің жартысы қала сыртында тұрады. Жер кепеде. О, тәңірім, тірі адам көртышқанша жер қазып...

– Тағы не бар?

– ***Бауыршы*** *ертемен екі өгіз әкеп берді. Жігіттер сиырдың сасық етін жемейміз деп, соймай отыр.*

Кейіпкер тіліндегі «жәзит» сөзіне түсіндірме сөздікте «рұқсат, ұлықсат» деген түсінік берілсе, «бауыршы» сөзіне «хан сарайындағы ас суды, дастарқан жайын басқаратын адам, бас аспаз» деген түсіндірме берілген [184].

Жазушы М.Мағауиннің тілдік тұлғасының танылауына – диалог құрылымында кейіпкер сөзімен айтылатын мақал-мәтелдер мен фразеологизмдердің алуан түрін кездестіруге болады. Жазушы Ораз-Мұхамедтің қаһарынан Сейтекті құтқару үшін Қадырғалидің бидің аузына мына мәтелді салады:

Тығырықтан Қадырғали би шығарды.

– ***Күріген – күйеу рәсімін жақсы біледі****, – деген, зорлана жымиып.*

– Біздің қазақта балдыздың қалжыңы қатты.

Немесе:

– Жоқ, – деді Томан. – ***Елінде өшім, биінде кегім жоқ.***

– Әлде жалайырдың қазақтан бөтеншылығы бар ма?

– ***Бәріміз де қарға тамырлы қазақпыз****, – деді Томан. – Бірақ, сұлтан ием, «****У жесең – руыңмен****!» деген қайда?*(Аласапыран, 210).

Мақал-мәтелдер микромәтін ретінде прагматикалық сипатқа ие. Дәстүрлі танымдағы мақал-мәтелдерді бағалауыштық, құндылық көзқарастарын бейнелеу үшін контекске сай қолдану жазушы тұлғасының даралық қырын ашады. Жазушы халыққа белгілі бір мақал-мәтелдерді өз дүниетанымын және өз идеяларын жеткізу құралына айналдырады. Мақалдағы ойды тура сол қалпында дәл сол сәттегі хал-ахуалды бейнелеу үшін қолданған. Жазушы Ораз-Мұхамед пен оның анасы Әз-ханым арасындағы диалогте мақал-мәтелдерді жиі пайдаланады. Әз-ханымның аузына қазақы мақал-мәтелдерді салу арқылы *қамқоршы, ақыл айтушы ана* бейнесін жасайды:

– Сен би мен батырға сүйенсең, бек атаулы қара бұқарадан күш алады. Бірінсіз бірі жоқ. Алдымен бұқараға жақ. Содан соң бектің қолайын тап. Бірінің көңілін ал, екіншісін епке келтір. Түптеп келгенде, солардың айтқанын істе.

– *Сонда не болып шықпақ?*

– *Сонда ойлағаның орнына келеді.* ***Ұсақтан ұтпа – ұзағын күт. Халық – бала, өзін кім жақсы көрсе, соған құлап түседі. Барын бағалай біл, кемісін қазбалама****; қайткенде де жұрт өзіңдікі, жақсы көруге тырыс, жақсы көрініп үйрен.* ***Қарашы бегің – қыран құс, жем үшін ұшады, қызылдан қақпасаң, қызыл шолақтың өзін алып береді.***

Мұндай қолданыстар адресатына бағыт, жөн сілтеп, нақты жағдайды бейнелеу арқылы мақалдағы ойды актуаландыра түседі.

Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романындағы диалогтік дискурстың құрылымында дәстүрлі танымдағы мақал-мәтелдер жиі ұшырасады. Бұндай қолданыстарды автор Әбілхайыр ханның *көрегенді, аузы дуалы* шешен бейнесін ашу қолданған.

Әбілқайыр мырс етіп күліп жіберді:

– *Ғафу етіңіз, елші мырза. Сіз әлі біздің жұртымызбен* ***сыралғы бола қойған жоқсыз. Атының сыры иесіне мәлім дейді ғой.*** *Егер сіз боп, біз боп бірігіп қайрат қылатын болсақ, әлгі айтқаным тым онша үміт үзе қоярлық қиын шауар емес.*

– *Сонда қалай?*

– *Елші мырза,* ***біздің жұртымыздың арда екенін естуіңіз бар шығар.***

Тевкелев тамағын кенеді.

– *Ендеше,* ***арда малдың асау келетінін білесіз ғой. Асауды күшпен емес, айламен алады.*** *Күш көрсетсеңіз, күшігенді де иліктіре алмайсыз, ал айламен арысты да ноқталауға болады емес пе? Біздің халқымыз қазір арыстан сияқты.* (Үркер, 22)

Осы орайда жазушы Тевкелев пен Әбілқайыр ханның диалогі арқылы қазақ халқының ұлттық ерекшелігін, мінезін, табиғатын аңғартып тұр. Әбілқайыр ханның сөз саптауындағы мақал мен фразеологиялық қолданыстар арқылы диалог мақсатына жеткенін сезінуге болады.

Жазушы Ә.Кекілбаев романында *нақтылау* формасында қолданылған дәстүрлі мақала-мәтелдер, яғни сол цитатадағы ойды контексте одан әрі қарай тереңдетіп, маеғынасын кеңейтіп қолданған.

Тевкелев үндеген жоқ. Хан сөзін қайта жалғастырды:

– *Біздің жұртымыздың «****Жылы-жылы сөйлесең, жылан інінен шығады»*** *деген мақалы бар. ол оының ықылас-ілтипатты бәрінен жоғары қоятынын көрсетеді. Сізде оларға бірден «ант беріңіз» демеңіз.*

«Ханда қырық кісінің ақылы бар» деген тәмсілде ескере отырып жазушы Әбілқайыр ханның диалогіне қазақтың танымына, болмыс-бітіміне қатысты кесек-кесек ойларды сыйғызады. Тәтеш мырза мен ханның арасындағы мына диалог сөзімізді нақтылай түседі.

Тәтеш мырза асығыс сөзге араласты.

– *Сіздің атыңыз тек біздің елімізде ғана емес, бүкіл Европаға белгілі болады. Өйткені бізде мұндай нәрселерді қағазға басытырып, жер-жерге таратады.*

Кідіріп қалған хан сөзін қайта жалғады:

– Жақсы лебізіңізге көптен-көп рахмет, тақсыр. Ендеше, сол жалпақ жұртқа мені ***құлақ кесті құл*** *деп жар шашпай-ақ қойсаңыз қайтер екен? Бодан дегеннің өзі жеткілікті емес пе?*

Тәтеш мырза ауызын ашып аңтарылып қалды.

– Россия мемлекетінің қол астындағы бодан елдердің бәрі де солай деп қол қоятын әдеті еді.

– Әр елдің заңы әр басқа. Біздің жұртымыз үшін ***құлдықтан асқан қорлық жоқ.***

– Мұндай қағаздардағы «құл» деген сөз тек бағыныштылықты ғана білдіреді.

– Оны білдіретін басқа да сөздер, құдайға шүкір, табылады ғой. «Құл» деп құлдыратпай-ақ қойсаңыз қайтеді?

– Бұның бәрі императрица ағзамға көрсетілер кішілік ізетті білдіретін де мағынасы бар еді.

– Онда ***«құл»*** *деген сөзді* ***«үмбет»*** *деген сөзбен алмастырғаныңыз дұрыс шығар.*

– Ол нені білдіреді?

– Ол да ізет пен бағыныштылықты білдіреді. Бізде әр бір жұмыр басты пендені ***құдайдың құлы, пайғамбардың үмбеті, шәдиярдың досы*** *деп ұғады.* ***Тірі пенденің бәрі де тек бір құдайдың алдында ғана құл болса ләзім.*** (Үркер, 148)

Жазушы Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиннің тілдік тұлғасының вербальды-семантикалық деңгейін халықтың таным-түсінігіндегі ұлттық ерекшелікті танытатын мақал-мәтелдер мен астарлы ой құрайды. Екеуі де – ұлттық тілдік тұлға. Өйткені, олардың қаламынан туған тарихи романы арқылы тарихи кезеңнің айшықталған бейнесін, халықтың мінез-құлқының біркелкілігін беретін стереотиптер мен халықтың шындық болмыс туралы жалпы түсініктерін, мақал-мәтелдер мен оралымды фразеологизмдерді жиі кездестіруге болады.

Біз нысанаға алған жазушылардың лексиконындағы ассоциацияларды түзу, ерекшел лексикасын қарастыру оның вербалды-семантикалық деңгейін ғана бөліп көрсетеді десек қателесеміз, өйткені сол таңдауды жасауға жетелеген уәжі қалтарыста қалып қояды. Сол себепті тілдік тұлға құрылымының деңгейлерін бірлестікте қарастырған кезде ғана түпкілікті нәтижеге жетеміз.

Тарихи романдағы диалогтер арқылы танылатын тілдік тұлғаның екінші деңгейі – лингвокогнитивтік деңгей. Тілдік тұлға – мәдениетті, тілді, құндылықтарды, білімді және дәстүрді тұтынушының жинақталған бейнесі. Осы орайда тарихи шығармалардағы диалогтік дискурс үлгілері арқылы тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болады.

Ғалым Н.Уәли дүниенің концептуалды бейнесі негіздерін атап көрсетеді: «тілдік бейне түріндегі концептуалды жүйе этностың заттық, мәдени тәжірибесіне

тәуелді. Дүниенің концептуалды бейнесі логикалық-прагматикалық, позитивтік танымға, әлеуметтік тәжірибеге негізделеді. Концептуалды бейне дүниенің тілдік бейнесінің бір бөлігі болып табылады. Дүниенің тілдік бейнесінде мифологиялық, діни, логикалық-позитивті танымның бәрі де болады» [98, 18].

Ұлттық діл қызметінің өзіндік нәтижесі, яғни әлемнің ұлттық бейнесін бейнелейтін көркем шығармаларды талдау сол ұлтты түсінуге айтарлықтай ықпал етері сөзсіз.

Осы орайда, жазушылардың диалог арқылы берілетін тілдік тұлғасын айқындауда – сентенция құбылысының рөлі ерекше. Өйткені тарихи шығармада автор кейіпкерінің аузына қанатты сөздер мен афоризмдерді салу арқылы кейіпкер бейнесін ғана танытып қоймай, өзінің аялық білімі мен дәрежесін, кемеңгерлігін аңғартады.

Сентенция – латынша ой, пікір дегенді білдіреді. Сонымен қатар, адамдардың есінде сақталатын терең мағыналы сөздерді сентенция деп қабылдайды. Сентенцияның да өзіне тән көркемдік табиғаты, стильдік қызметі бар тілдік құбылыс. Көркем әдебиет тілін талдау барысында байқалатыны: сентенция шығарманың оқушыға эстетикалық әсерін қоюлата түседі және танымдық ой дүниесін биіктететін және түйсікке қозғау салатын сөздер.

Ақын-жазушылар авторлық афоризмнің бір түрі ретінде сентенцияны жиі қолданады. Сентенция стильдік мақсатта жұмсалады. Әдетте сентенция контексте де, контекстенден сырт қолданыла береді. Контексте айтылатын ой нақты түйінделіп, ой қорытындысы ретінде жинақталып ұсынылады. Шығармадағы баяндалатын фактілер мазмұнына қосымша мағыналық реңк үстейді. Оқушы өзіне ерекше әсер еткен мазмұндық өресі биік сөйлемдердің әрі қарай жиі қайталап, сөйленіс дәрежесін кеңейтіп, кең қолданысқа түсіреді.

Сентенцияның жасалуы тілдік факторларға байланысты. Сентенция компоненттерінде тұлғалық бірлік, дыбыстық сәйкестік және мағыналық үйлесім болу керек. Сентенциялар көбінесе екі бөлімнен тұрады. Құрылымдық ерекшелігі олардың қарама-қарсылық пен параллельге негізделуінде.

Сыртық белгілері мен құрылымы, мазмұны жағынан сентенциялар мақалдарға, ал қанатты сөздер мәтелдерге барабар. «Сентенция» аталатын авторлық афоризмдерге А.Әділова мынадай анықтама береді: «сентенция дегеніміз – белгілі бір авторы бар, адам, қоғам өмірінің сан алуан қырын қамтитын, терең мазмұнды, көркем, әсерлі, кітаби-жазба әдебиеттерде ұшырасатын, мәні контексте ашылатын ықшам сөйлем (синтаксистік бірлік). Мұндай сөйлемдер жай сөлем түрінде де, құрмалас сөйлем түрінде де келе береді» [185, 17].

Ғаламның ұлттық бейнесі айшықталған сентенциялар қос жазушының шығармаларында молынан ұшырасады. Шығармадағы Томан бидің сөздерінен шешендіктің үлгілерін яғни, тілдік көрсеткіштерін іздесек, жазушы билер мен шешендердің тек топ алдында емес, өзгелермен жеке әңгіме үстінде де бейнелі әсем түрде тіл қатысатынын көрсетеді. Мысалы, Ораз-Мұхамед, Қоянақ, Көкбөрі

баһадүрмен әңгіме үстінде Томан би нағыз диалогке тән қысқа-қысқа ой тастап отырады. Мұнда мақал – нақыл түрінде ұсынған қысқа қайырылған сентенцияларда мол кездеседі. Аталған диалогтің көлемі ұзақ болғандықтан, ұлт тілін айшықтайтын сентенцияларды ғана диалог құрылымынан теріп алуды жөн санадық. Мысалы: *хан билігінен ар билігі зор, ханның құты – қарашаның күші, сұлтан ыдғары – үңірейген көрдің өзі, тірі жүрген күннің бәрі тірлік пе, бірге жүрген күннің бәрі бірлік пе.* (Аласапыран, 136)

Бұлар – нағыз дидактикалық ақыл сөздер, бұлардағы образдар теңеу, балауға құрылған.

Ал мына сентенцияда осындай балама образдармен қатар шешен сөз белгілерінің өзгелері де бар: *хан ашуы – қара қылыш, қайтпай шапқанымен, қара орманды отап түгесе ала ма, халық ашуы – қаптаған өрт, жалыны жапандағы орданы шалса, оған адам жұғыса ала ма?* Бұл жерде аллегория да бар: халық – *қара орман*, халық ашуы – *өрт, қара орманды отап түгесе алмау* – халықты тегіс қырып құрта алмау, *орданы өрт шалу* – халықтың ханға қарсылық көрсетуі, ордасын шауып алуы. Аллегория – айтпақ идеяны тұспалдап жеткізуде аса әсерлі көріктеу тәсілдерінің бірі. Ол қазақтың шешендік сөз үлгісінің бір ұтымды белгілерінің бірі. Мұндай аллегориялардың айшықты үлгілерін романда шешен тілмен ұсынылған диалогтерден табуға болады. Солардың бірі Ораз-Мұхамедке ақыл айтқан Томан бидің арасындағы мына диалог ұлттық нақыштағы сентенцияларға құрылған.

– *Сұлтан арқа сүйер елің кім? – деген аздан соң ғана.*

– *Қалың қазақ, – деген Ораз-Мұхамед.*

– *Жоқ, сұлтан ием.* ***Қазақтың да қазағы бар. Басыңа қыстау күн туса, қайырылып қарауға жарамас жаманның бәрі бауыр емес. Қарыстан сүйем жуық. Әуелі – бірі, содан соң – бәрі...***

– *Айт, – деген Ораз-Мұхамед.*

– *Айтсам, ақыл емес, кеңес деп ұқ.* ***Әуелі арқа сүйер айбынды руың болсын.*** *Сен үшін* ***аранға түсер биің, ажалға аттанар батырың болсын. Биіңнің бағы асып, батырыңның айбары артсын*** *десең, артындағы руын көтер. Сол румен бірге өзіңде көтерілесің, өзіңнің де алапаң артады.* ***Төл руың абыройлы болса, бөгде рудың басындағы сұлтандар де сенен ығады.*** *Ақыр аяғында* ***аруақты аталарыңның атын аласың, алтын тағын аласың.***

– *Менің атам-абыройым асқаннан Томан биге түсер пайда бар ма? – деді Ораз-Мұхамед те ашық кетіп*

Томан зорлана жымиды.

– *Өз пайдамды ғана ойласам,* ***басыма жетер малым бар, ауыл арасына жетер сыйым бар.***

– *Турасына көшейік, – деді Ораз-Мұхамед.* (Аласапыран, 251)

Аталған сентенциялар философиялық тұжырымдарды жеткізде, таным-түсінікке сай ерекшеліктерді көрсетдуге тиімді амалдың бірі саналады. Томан бидің бейнесін айшықтаған сентенциялар жазушының шешендік қырын танытады.

Ә.Кекілбаев кейіпкерлерінің тілінде сентенция құбылысы мол ұшырасады. Бөкенбай батыр мен қарапайым халықтың диалогіне бере отырып, жазушы батырдың тіліне поэтикалық үн береді.

– Ау, сонда не қыл демексің? – деп айқайлады бір-екі шыдамсыз қызыл көз.

Алая қарап тоқтап қалған Бөкенбай әңгімесін қайта жалғады:

– Еркек кісі екі жерде «не қыл дейсің» деп сұрамас болар. Біреуі – ата дұшпаның қамшысын үйіріп алдыңда тұрғанда, екіншісі – ажарлы қатын төсегін салып, шамын сөндіріп, қасында жатқанда (Тығырық, 129 б).

Кейіпкер бейнесін жасау немесе белгілі бір оқиғаны, құбылысты, іс-әрекетті баса көрсету мақсатымен жеке сөздер мен тіркестерді стильдік обьект ету де жазушы Ә.Кекілбаевтың шеберлігі. «Үркердің» бас кейіпкері Әбілқайыр ханның ішкі-сыртқы портретін жасауда автор диалог құрамына *сұр, ақ сұр, сұп-сұр* сөздерін іске қосады. Шығарма басталысымен Әбілқайыр «сыз қабақ, ақ сұр кісі» деп суреттеледі. Әбілқайырдың ұрыс үстіндегі не Тевкелев келгеннен кейінгі арпалыс үстіндегі күй-қалпын білдіруде жиі кездеседі.

Жазушы ханды ханша, биді бише, Итжеместі де өзінің болмысына қарай сөйлетеді. Бірақ қазіргі ешбір қаламгер бұдан екі-үш ғасыр бұрыңғы қазақтардың күнделікті тұрмыстағы сөйлеу тілін бұлжытпай дәлме-дәл бере алмайтыны анық. Өтйкені оны бере алмайтыны анық. Кейіпкерлердің өзара сөйлесуі арқылы да жазушының тілдік тұлғасы аңғарылады. Осы орайда жазушы Ә.Кекілбаев билер мен хан-ханымдарды сөйлеткенде аса бір шешендік танытады.

Жазушы билерді шешен тілде сөйлеткенде, шешендіктің тілдік-көркемдік белгілерін жақсы келтіреді: ең алдымен, олардың сөзінде үлкен логика, қисын, дәлел болуы керек, екіншіден, мұнда экпрессиялы сөздер, әсерлі эпитеттер, қонымды теңеулер, ұйқасты-ырғақты құрылымдар орын алуы керек. Жазушы осы талаптардың үдесінен шығып, әр бидің бейнесін, болмысын, шешендігін диалог арқылы шебер суреттейді:

– Сонда үш биден не сұрайсыздар? – деген-ді хан Тәуке.

– Үш би бізге ең әуелі заман құлқынан үш ауыз сөз айтсын! – дескен жұрт. Сонда төбенің басына қамшысын ұстап Төле би шыққан-ды.

– О, әлеумет, қалай осы, ***жылқы біткен көп кісінетіп кеткен жоқ па, әйел біткен көп кісімсініп кеткен жоқ па****? – деп қайта түсіп кеткен-ді.*

Одан кейін төбеге Қазыбек көтеріліп, сонау мұнарытқан көкжиекке қарап тұрып:

– ***Жылқы біткен өкп кісінесе, ел шетіне бір дүбір жетейін деп жүргені болмасын, әйелдер көп кісімсінсе, қадірлерінің өтейін деп жүргені болмасын****! – деп топқа қайта қосылған-ды.*

Әйтеке қамшысын көкке көтеріп:

– ***Ел шетіне дүбір жетсе, атыңның жалы пана болар, көк сауытың – қатын, көк найзаң балаң болар****! – деген-ді*

Қарақұрым халық үн-түнсіз бастарын шұлғыған-ды (Тығырық, 88).

Бұл орайда жазушы шешендіктің, яғни билер сөзінің нағыз үлгісін көрсеткен.

Бір кезде қазақ десе, арланатын жұрт едік, енді, міне, қазақ десе мақтанатын күнге жетіп отырмыз, – *деп бастаған Төле бидің сөзінде көрсетілгендей ұйқасты сөздермен келген параллель құрылымдар да билердің диалогінде жиі ұшырасады:* қазақтың *төбе шашы дудырап жерден шыққан, екі аяғы салбырап көктен түскен* ештеңесі жоқ; *құдайдың аузынан, пайғамбардың белінен* түспегеніміз белгілі, *сөйлесек тіліміз бар, ұстансақ дәбіміз бір, шыққан тектерің мен кешкен кептерің....*

Осы сияқты Қазыбек би мен Әйтеке бидің аузынан шыққан кесек үзінділерде жазушының халық тіліндегі дәстүрлі фразеологимздер мен бейнелі тіркестерді өте көп білетінін аңғаруға болады.

Ә.Кекілбаев барлық кейіпкерлерді бұлайша шешеншісітіп қоймайды, тіпті шешендердің өзі топ алдында емес, оңашада сөйлескенде, бұлайша образдатып, мақалдатып-мәтелдетіп, ұйқастырып, үндестіріп отырмайды, жазушы бұны да диалог арқылы шебер өреді. Мысалы, Әйтеке би Әбілқайырға оңашада ақыл айтқанда:

– Тегің сұлтан. Басың жас. Көрерің алда. Жігіттің есі кіретін тұсқа енді жеттің. Алаштың алмағайып заманы таусылмас. Төренің бағы – қарашаның қайраты. Қарымдыдан құрдас жиғаның жөн екен, – дейді. Әрине, бұл қысқа сөздің өзі қарабайыр емес, бидің аузынан шыққан келте-келте қайырылған алғашқы сөйлемдерде, одан кейінгі тұжырым іспеттес ақыл сөз де жай өзара ауызекі сөйлесу үрдісінен бөлекше. Осы жерде жазушының бір қыры танылады, ол – шығарма тілінің әр сәтіннің шамасын, сәйкестігін жақсы әрі терең сезініп отыруы.

Билердің заман құлқы жайында, жастық хақында, жомарттық пен сараңдық, ұл мен қыз жөнінде кезектесіп айтқан сөздері арқылы – жазушының кітапхана қорларындағы материалдармен, шешендік сөз үлгілерімен таныс екендігі, аялық білімінің мол екендігі танылады. Билерді сөйлетуі арқылы танылған тұлғасы – *автор-шешен, автор-кемеңгер,* екенінде айта кеткен жөн.

Жазушы *елшінің диалогі* арқылы «қазақ» деген халықты оқырманға таныстырады, тарихын түгендейді. Халықтың болмыс-бітімі мен өзгеге ұқсамайтын табанды мінезін елші аузымен айтқызу арқылы оқырманды тәнті етеді, әрі білімді, қабілетті елші бейнесін жасайды.

– Бұл қай қылықтарың? Сендердің қай сөздеріңе сенуге болады? – десін ұлық, шатырдың есігін серпіп ашып кіріп келсін де.

Мына сөздері манадан бері артқы екі аяғынан қақпанға түскен қасқырдай боп, құйымшақтарын тақылдаған тақтай тесіп, тыпыршып отыра алмай отырған екі елшінің төбелерінен жай түсіргендей болды.

Тас төбелерінен шаншыла төнген шөлмектей суық көк көздерге қапелімде тура қарай алмай бүгежектеп қалысты.

– Тақсыр, ***қазақ деген Жайық пен Ертістің арасын алып жатқан іргелі халық. Малының саны түгілі жанының санын әлі ешкім жөндеп білмейді.***

Ондай ызғындай жұрттың ішінде аласы мен құласы болмаушы ма еді. *Бізді мұнда ондай-ондай сойылы мен шоқпарына ие бола алмай жүрген содырлар емес, ел тізгінін ұстап отырған игі жақсылар, олардың ішінде де,* ***исі алашқа бас ұрғызған алтын тақтың иесі әз Тәуке ханның*** *өзі жіберді. Ақ патшаның қайдағы бір құрық сүйреткен қиық құлақтардың парықсыз қылығына күйіп-піспей, өзі тектес ел ұстар жақсылар жіберген біздің сөзімізге көбірек құлақ асар деп сенеміз. Біздің халқымыз* ***елдестірмек елшіден, жауластырмақ жаушыдан*** *дейді.* ***Ханымыз сізге жаушы емес елші жіберіп отыр.*** *Үй ішінде елші отырғанда сырттағы тентек-телінің ырду-дырдуына назар аудармас болар. Біздің еліміздің ата-бабадан келе жатқан жөн-жоралғысы осылай, – деді күйзеліп отырған Келдей күйіне тіл қатып.*

Келдейдің таусыла сөйлегенін көріп ұлықтың күреңітіп алған жүзіне жылт етіп күлкі жүгірді.

Автордың дүниетанымы, әлемді қабылдау ерекшелігі мен идиостилі оның шығармашылық болмысын ашады. Шығармадағы сентенциялар арқылы қалыптасатын ғаламның көркем бейнесі – бұл бейнені қабылдаушының санасында туындайтын ғаламның тілдік бейнесінің қайталама нұсқасы.

Қос жазушының тілдік тұлғасында қолданылған сентенциялар кейіпкердің мінезін ашу мақсатында ерекше рөл атқарады. Олар философиялық ойларға негізделіп, ықшам әрі терең мазмұнды тұжырымдар арқылы жеткізіледі. Осы шеберлік арқылы автор кейіпкердің ішкі әлемін, өмірлік көзқарасын және адамгершілік қағидаларын айқын көрсетеді. Сонымен қатар, бұл сентенциялар тек кейіпкер бейнесін ғана емес, автордың дүниетанымы мен көзқарасын оқырманға таныту қызметін де атқарады.

Жазушы шығармаларындағы сентенциялар ғалам бейнесін бейнелейтін стильдік тәсіл ретінде көрінеді, алайда бұл сентенциялар дербес микротекст ретінде де сипатталады, яғни сентенцияға мәтіннің белгілері: тұтастық пен байланыс тән. Сондықтан сентенцияның автор контексіндегі стильдік қызметі – ойға серпін беру, ойды қортыу немесе байланыстыру, басын қосу болса, микротекст ретінде адресаттың есінде сақталып, басқа контексте, басқа жағдайға – ситуацияға бейімделуінде, яғни сентенция да мақал сияқты тура мағынада да, ауыспалы мағынада да қолданыла алады [172]. Сентенцияда ойға, санаға әсер ете алар әрі көркем, әрі нақты ақпарат бар. Тарихи шығармадағы диалог арқылы берілген сентенцияларда ғаламның көркем бейнесі жекелік сипатқа ие болғанымен, ондағы ғалам бейнесінің негізгі сипаттамалары ұлттық сананың қасиеттерін бейнелейді.

Тілдік тұлғадағы ғаламның тілдік бейнесі – *ұлт танымындағы лингвомәдени бірліктер* арқылы да танылады. Осы орайда тарихи шығармалардағы диалог құрылымында тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын тілдік бірліктер жиі ұшырасады. Айталық, «Үркер» романында елші Тевкелев пен Бөкенбай батырдың диалогі қазақтың туысқандық, ағайыншылық дәстүріне арналған. Тевкелевтің бір

ғана сұрауына батыр жауапты толығымен беріп, қазақтың туысқандық қарым-қатынасын жіліктейді.

Елші батырдың ауызынан шыққан әр сөзді көңіліне тоқи отыра, оның бет-әлпетін де көз жазбай бақты да отырды. Барақ пен Күшік туралы айтқанда шықшыт сүйегі бүлк ете қалды. Әбілқайырға жаны ашитыны, жақсы көретіні байқалып тұр.

– Батыр, хан екеуіңіздің араңызда қандай туысқандық бар?

– Хан нағашым, анам Құттыбикенің туған ағасының баласы.

– Сонда қалай болғаны?

Батыр табадағы шоқты бір көсеп қойып әңгімеге кірісті.

– Қазақтар аталастықтан өрбитін туысқандықты ағайын дейді, ***құдандалдықтан өрбитін туысқандықты жекжат*** *дейді. Ағайындықтан өрбіген ұрпақты* ***әулет*** *дейді, жекжаттықтан өрбіген ұрпақты* ***жұрағат*** *дейді. Өзіңнен туған бала –* ***бел бала****, одан туған бала –* ***немере****, немереден –* ***шөбере****, шөбереден –* ***шөпшек****, шөпшектен –* ***жүрежат****, жүрежаттан –* ***туажат*** *туады. Туажаттан әріден табысатын ағайын әншейін аталас саналады. Ал жұрағатқа қосылатын мыналар: қыз алысып, қыз беріскен жерің - құдаларың, құданың әйелі -* ***құдағиың****, құданың ұлы –* ***құда балаң,*** *қызы –* ***құдашаң. Қазақ құда мың жылдық, күйеу жүз жылдық дейді.*** *Онысы құдандалдықты ел ұйытқысын ұстар мықты тірек санағаны. Ұзатылған қызыңнан туған бала -* ***жиенің****, жиеннен туған бала –* ***жиеншарың****, шешеңнің тумалары –* ***нағашы жұртың****, әйеліңнің тумалары –* ***қайын жұртың*** *болып есептеледі. Әйеліңнің әкесін –* ***қайын ата****, шешесін –* ***қайын ене****, апасын –* ***қайын бике****, ағасын –* ***қайын аға****, інісі мен сіңлісін –* ***балдыз санайсың****. Ал нағашы жұртыңның үлкенін де, кішісін де, әйелін де, еркегін де –* ***нағашы ата, нағашы шеше, нағашы апа, нағашы аға*** *дей бересің. Бір кісінің ұлдарынан өрбіген ұрпақ бір-бірін ағайын атаса, қыздарынан өрбіген ұрпақ бір-бірін* ***бөле*** *тұтады. Сонда Әбілқайыр екеуміз ата жағынан біріміз –* ***төре****, біріміз -* ***қара*** *боп, қырық қайнаса, сорпамыз қосылмаса да, шеше жағынан бір кісінің ұлы мен қызынан тараған* ***туған нағашы, жиен*** *боп шығамыз*. (Үркер, 112).

Міне, аталған диалог үзіндісі арқылы ғаламның тілдік бейнесінен өшіп бара жатқан туысқандық атауларды көрсету арқылы автор олардың ұлттық мазмұнын аша түседі. Бұл жерде автор диалог арқылы адресатқа логикалық-танымдық ақпарат беріп тұр.

Сонымен бірге диалогтегі ұлттық мазмұндағы сөздер қатары көркем мәтіннің синергиясын арттырып тұр. Яғни, дүниенің инвариантты бейнесін танытатын қазақ сөзінің синергиясы көркем мәтіндегі диалогтер арқылы оқырманға жетіп тұр.

М.Мағауиннің тілдік тұлғасында нақты бір ақпаратты сақтап жеткізуші таңбалар қатарында қазақтың қару-жарақ, сауат-сайман т.б. атаулар жиі кездеседі. Көшек пен Ораз-Мұхамед диалогінде бір оққа қатысты атаудың бірнеше түрі кездеседі. Жазушы оны көркем диалогте былайша өрбітеді:

– Қалай екен?

– Керемет атады екен Ай-Шешек жеңешем. Қауырсынсыз қисық оқтың өзімен қағып түсірді.

– Ой, тентек! – деді Ораз-Мұхамед рахаттана күліп. – Бұл оқ осылай, әдейі қисық жасалған. Көрдің бе. Әрі бармақтай жуан, ауыр. Емен ғой. Масағы тұқыл, шаншып атпайды. Межелі жерге жеткенде көлденең ұшады да, құсты таяқпен ұрғандай қағып түсіреді. Көрдің ғой жаңа. ***Тіз оқ*** *деп аталады.*

– Ал шаншып ататын ***аламан оқ*** *–* ***кез оқ*** *деп аталады, – деді Көшек көп білетінін танытуға тырысқан мақтанышпен.*

– Кез оқтың өзі неше түрлі: ***көкебұзар, әндіген, қозыжауырын, қасалы, ысқырма****... әрқайсысы әр түрлі жағдайда, әр қашықтықта қолданылады. Содан соң, бұлғын, тиін ататын* ***томар оқ, доғал оқ*** *деген бар. Ал* ***аймаңдай оқ...***

– Білем, білем! – деді Көшек. – Әнеукүнгі ғой...

– Иә. Сондай үлкен тойларда жамбы, не басқадай нысана атады. Сен неге... – деді кенет Ай-Шешекке көзі түсіп кетіп.(Аласпыран, 43).

Осы диалогтік қатысымда кездесетін оқ атаулары бүгінгі қолданысты кездесе бермейтін, көбінесе батырлар жыры мен тарихи шығармалар кездесетін көнерген бірліктер.

«Аласапыран» романында лингвомәдени бірліктің бірі – «қымыз» атауы Ораз-Мұхмедтің диалогінде жиі ұшырасады.

– Ал не құяйын. Шай ма?

– Жұрттың осы көк жапырақты сонау шын-машыннан керуен тартқызып алып, неге сонша қастерлейтінін ұқпадым.

– Бұл – әрі сусын, әрі тағам. Барлық дертке дауа. Сергітеді, көңіл көтереді. Хан сусыны.

– Қазақ шай ішпеген кезде де өмір сүрген. ***Хан сусыны – қымыз.*** (Аласапыран, 32).

Ай-Шешек пен Ораз-Мұхамед арасындағы диалогте «қымыз – хан сусыны ретінде суреттеледі. Ал, Бесоба мен Ораз-Мұхамедтің және Төбет қатысқан диалог үлгілерінде «шалап» басқаша мән алады.

Сусын да өзгеше болып шықты. Не шұбат емес, не қымыз емес. Ашқылтым. Сүйкімсіз әрі сұйық.

– Бұл сусынның аты не? – деді ұрттап барып тоқтаған Ораз-Мұхамед.

– Шалап, – деді Төбет.

– Шалап? Сонда бұл...

– ***Кедейдің қымызы****, – деді Бесоба, бөгелместен басына төңкеріп алған тостағанды қайырып беріп жатып.*

Екі жазушы да кейіпкерлер сөзін беруге мұқият қараған, әркімді әлеуметтік орнына, дәрежесіне, жасына, ұлтына, тәрбиесіне т.т. қарай өзіне лайық «кешегі тілде» сөйлетеді. Билер мен хан-сұлтандарды өздеріне лайық мәнерінде сөйлетіп қана қоймай диалог құру ісіне талғампаздықпен қараған. Тарихи шығарма

құрылымында күнделікті тұрмыстық сөйлеу үрдісі де, бұйрық, өтініш үлгілері де, тіпті әр ұлттың сөйлеу машығы да ерекше көрсетілген.

Сонымен, Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиннің тарихи шығармаларында тіліміздегасырлар бойы ұрпақтан ұрпаққа беріліп келе жатқан ұлтымыздың мұрасы, тәжірибесі, салт-дәстүрі мен мәдениеті көрініс тапқан. Халқымыздың дүниетанымынан, тұрмыс-тіршілігінен мол ақпарат беретін, тағылымдық-танымдық мәні зор, парасатты ойлар мен өнегеге толы, ұлттық болмысты айрықша көрсететін жоғарыда келтірілген мысалдар – ***жазушылар тілдік тұлғасының лингвокогнитивтік деңгейін*** *танытуға негіз болады.*

Тарихи романдағы диалогтер арқылы танылатын тілдік тұлғаның үшінші деңгейі – прагматикалық деңгей.

Диалог арқылы танылатын тілдік тұлғаның прагматикалық деңгейін саралау үшін алдымен «прагматика» ұғымы мазмұнына тоқталу қажет.прагматика таңбалар мен оны қолданушылар арасындағы қатынасты зерттейді. Т.А. ван Дейк «Прагматизм – контекстегі тілдік зерттеу», – дей келіп, оның компоненттерінің қасиетін былайша жіктейді.

1) прагматика – лингвистикалық теорияның ажырамас компоненті, оның статусы синтаксис пен семантика мәртебесімен тепе-тең;

2) прагмтиканың міндеті – сөйлесімнің жүйелік қасиеттерін тілдік және иллокутивтік актілер ретінде айқындау;

3) прагматикалық интерпретация синтаксистік тұрғыдан дұрыс, семантикалық қолданысқа ие белгілі бір шарттылыққа негізделген сөйлесімдерде ғана қолданылады;

4) прагмтикалық интерпретациялар прагматикалық контекстерде айқындалады, яғни белгілі бір ой когнитивтік және әлеуметтік факторлар жиынтығы ретінде анықталады [186, 142].

Прагматика тілдік коммуникацияның маңызды аспектісі болып табылады және ол сөйлеуші мен тыңдаушы арасындағы қарым-қатынасты реттеп отырады. Ғалым Қ.Есеновaның зерттеулерінде коммуникативті-прагматикалық жүйенің құрылымына үлкен назар аударылып, сөйлесімнің мақсаты, сөйлеушінің ниеті және оның сөйлеу барысында қолданатын тактикаларына ерекше көңіл бөлінеді. Прагматика тек қана сөздердің мағынасын емес, сондай-ақ сол сөздерді қолдану арқылы берілетін жасырын мағыналарды, мақсаттарды және қатысымдық стратегияларды да қарастырады. Мұндай зерттеулер тілдік коммуникацияның терең заңдылықтарын түсінуге мүмкіндік береді және тілдің функционалдығын, соның ішінде сөйлеуші мен тыңдаушының өзара әрекеттесуін талдауға негізделеді.

Екінші аспект: сөйлеу интерпретациясы сөйлесімнің адресатқа әсері (перлокутивті әсер), тілдің реакциялар типі.

Үшінші аспект: коммуникацияға қатысушылармен қарым-қатынас барысындағы жағдаяттар: сөйлесім қатынасының формасы (ақпараттық диалог, достық сұхбат т.б.); қарым-қатынас жасаушылардың өзара тіл табысуы; тілдің

эстетикалық қыры; дейктикалық таңбалар интерпретациясы, сөз мағынасындағы индексальды компоненттер, сөйлесім жағдаятының коммуникация формасы мен тақырыбына ықпалы [187, 63].

Түйіндей айтсақ, прагматиканың негізгі зерттеу нысаны — сөйлеу процесінің қатысушылары, олардың қарым-қатынас динамикасы және сол қатынастардағы тілдік бірліктердің қолданылуы. Бұл бағытта сөйлеуші субъект пен адресаттың тілдік қарым-қатынасы маңызды рөл атқарады. Прагматика сөйлеушінің мақсатын, оның ниеті мен интенциясын, сондай-ақ адресаттың сол мақсатты қалай қабылдайтынын қарастырады. Сондықтан прагматика тек қана тілдік бірліктердің мағынасын емес, олардың қарым-қатынастық контексте қалай қолданылатынын, сөйлеуші мен тыңдаушының бір-бірін түсіну мүмкіндіктерін де зерттейді. Бұл бағытта автордың білімі, әлеуметтік және мәдени тәжірибесі де ескеріледі, себебі бұл факторлар қарым-қатынастың нәтижелі болуына әсер етеді.

Тілде анықталған сөйлеу актілерінің құрылымы 3 деңгейден тұрады. Яғни, иллокутивті, локутивті және перлокутивті.

Иллокутивті акті сөйлеушінің бір тілегін, мақсатын тыңдаушы жаққа жеткізуі яғни ол ықпал етуші күшке ие және оның сипаты сөйлеуші мақсатымен тығыз байланысты. Тарихи шығармалардағы иллокутивті акті тартысқа құрылып, автордың ұстанымын айқындайды.

– Кімсің сен, Ораз-Мұхамед Онданович? – дейді сығырая қарап отырып.

– Кіммін? – дейді Ораз-Мұхамед әрі сақтықпен, әрі жауапты петрдің өзіне қалдырып.

– Ты – холоп! – деді Петр саусағын шошайтып. Саусақ емес, найза сияқты. Ораз-Мұхамедтің жүрегі тыз ете түседі.

– Государев холоп! – дейді содан соң шарапқа қайта төніп.

– Білесің бе, бұл не деген сөз?

– Қызметші... – дейді Ораз-Мұхамед. – Патша ағзамның нөкері...

– Жоқ! Құл! Сен – құлсың!

– Кімнің? – дейді Ораз-Мұхамед шытынап.

– Кімнің? Әрине, патша ағзамның, – дейді Петр күнәсіз қалыпта жымиып (Аласапыран, 63).

М.Мағауиннің иллокутивті ұстанымы арқылы арқылы қазақтарға жағымсыз көзқараспен қарайтын Петрдің ішкі терең қақтығысын бейнелеген. Ал Ораз-Мұхамедті құл деу арқылы сол кезеңдегі қазақтың ауыр тұрмысы мен әлеуметтік дәрежесін оқырманға аңғартады.

Қаламгер Тәуеккел хан мен Ораз-Мұхамед іс-әрекеттері арқылы Ресей мен қазақ елінің арасындағы қарым-қатынастың алғашқы баспалдағын сипаттауды мақсат еткен. Сондықтан жазушы Ораз-Мұхамед бейнесін ұлттық қаһарман, орыс-қазақ халықтарының достық символы, екі ел көлеміндегі дипломатиялық алыс-берістің тұңғыш қарлығашы ретінде сомдайды.

Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркерінде» Есет батыр мен Бөкенбайдың диалогіне Әбілқайыр ханды араластыру арқылы даилогтық тартысты күшейте түседі. Ханның халықты бірлікке шақыруы – жазушының иллокутивті ұстанымын айқындайды:

Елші сөзін бітіргенде хан қасындағыларға қарады. Қасындағылар жапа-тармағай ханға бұрылды. Жоңғар десе аузы қышып кететін Есет батыр бұл жолы Бөкенбайдың алдын орай сөйледі.

– Аюке бейбітшілікте болайық дейді екен ғой. Оған да бейбітшілік керек екен-ау.

– Иә, - деді қалмақ елшісі жүзін жылытып, батырға мәймөңкелей қарап.

– Ендеше, бізге елші салғанша, неге қонтайшыға елші салмайды? Сөзі өтсе, соған айтсын! Қазақ қалмақтан бұрын қол салып отыр ма?!

– Талайдан бері ауылымыз аралас, қойымыз қоралас сіздер түсінбегенде, жер түбіндегі қонтайшы... – деп елші сөзді созбақтай жөнеліп еді, Әбілқайыр қолын көтерді.

– Жә, жетер. Қонтайшыға сөзі өтердей Аюке кімнің шікірәсі болыпты. Қонтайшыға салсаң, ол ертең Аюкенің ақ патшаның қолтығындағы басын айбалтамен бір қырқып, Еділдің ойығына лақтырады. Біздің арамызда Аюкемен бітім жайында сөз болмайды. Біз бітім жайында сөйлессек, тек қонтайшының өзімен ғана сөйлесе алармыз. Ол бірақ, бүгін болмағанмен күндердің күнінде болмай қоймасы хақ. Биыл қазақты жоңғар емес екі жыл қатарынан тап болып отырған жұт пен қуаңшылық жеңіп кетіп отыр. Құдай қазаққа қашанға қырын қарай берер дейсің. Ол да еңсесін тіктеп, есесін қайтаратын күн туар.(Үркер, 87)

Елші мен қонтайшының арасын бітімгершілікке шақыру арқылы автордың адресатқа айтпағы – Әбілқайырдың мықты стратег, халықты бастайтын хан екендігін ұғындыру.

Біз нысанаға алған тарихи шығармалардағы локутивті акті көркем шығармадағы сюжет желісі арқылы көрініп отырып отырады. Ал тарихи шығармадағы сюжет – міндеті түрде диалогке құрылады.

Үркер романында Әбілқайырдың мергендегін Бөкебай мен Есеттің диалогі арқылы жазушы былайша өрбітеді:

Бөкенбай мен Есет Әбілқайырды ортаға алып:

– Апырай, көрер көзге ажалдың ауызына қалай бардың? – деп сұраған-ды.

Әбілқайыр:

– Күлің күреңдей жануарға қыл жалаулы жоңғар мен қазақтың қызықпай қалуы мүмкін емес қой. Қарсы алдында ойқастай басып келе жатқан сәйгүлікке ауызының суы құрып тұрған сұқты көз мергеннің мылтығы суынғанша алдарқата тұрайын, суынғасын қорам мылтықтың пілтесі қапелімде қайтадан от ала қоймайтыны белгілі, ол екі ортада мен де бір амалын табармын деп ойладым, – деген.

Қалың қол мынаны естіп бастарын шайқасқан.

*– **Нағыз жүрек жұтқан екенсің**! – деген Бөкенбай.*

*– Сабазың қалың ел түгел таңғалып жатқанда кірпігін де қаққан жоқ. Сазарып тұрып алды. **Сұмдығына найза байламас қу болмаса қайтсін**! – деген Есет.*

*– **Аруағыңнан айналайын, қазақтан да Қалдаман туған екен ғой! – дескен былайғы тобыр.*** (Үркер, 93)

Бұл орайдағы жазушының локутивті ұстанымы – өз оқырманына кейіпкері туралы көзқарас қалыптастыру. Осы орайда қарапайым халықтың аузына «*Аруағыңнан айналайын, қазақтан да Қалдаман туған екен ғой!*» деген ойды салу арқылы оқырманға Әбілқайырдың мергендігін әйгілеп тұр.

Романның оқиға желісі Ресеймен одақтас болу төңірегінде өрбиді. Бұдан кейінгі оқиғаларда Әбілқайыр жаңа қырынан жан-жақты ашылып, толыға түседі. Әбілқайыр хан орыспен одақтас болуды – қазақ басындағы қиын жағдайдан шығар жалғыз жол деп біледі. Ресеймен бел буған хан ісінде асқан ерлік, көрегендік, алды-артын пайымдай білетін даналық, шешімталдық, саяси сауаттылық сияқты қасиеттер бар.

Көркем шығармадағы ***локутивті акт*** – бас кейіпкердің эмоциясы, ойы тілегі, оқиғаға көзқарасы арқылы да танылады. Жазушы қарапайым елші мен хан арасындағы диалогте ханның эмоциясын адресатқа шебер жеткізеді.

Елші мүләйімсігені де, кекеткені де белгісіз, езуіне күлкі жиып:

– Аюкеге әлімжеттік жасағанмен, ар жағында ақ патша тұр ғой, – дей беріп еді, хан тағы да киіп кетті:

– Қалмақшаға түсінген патшаң қазақшаға түсінбес деп пе едің. Тіпті болмай бара жатса, көк темірдің сартылымен сөйлесерміз, – деді де, орынынан шапшаң көтерілді.

Онысы «сөз осымен бітті» дегені секілді. Қасындағы қалың жиын да дүр түрегелді. Елшіге орынынан тұрудан басқа амал қалмады. (Үркер, 145)

Жазушы оқырманға ақ патшаның әрекеті мен пиғылын, болмысын шығармадағы сюжеттік желі арқылы танытады:

Көбі хан ауылынан құлақтары шалған азғантай естіміштерін көпіртіп айтып, патшаның елшісін Стамбулда оқу тауысқан ғұлама, Меккедегі байтоллаға барып, пайғамбарымның қара тасын сүйген қажы қып дабырлапты.

*– Ау, сонда **ақ патшаңның өзі кім болғаны**?*

*– **Кәпірдің патшасы кәпір болмай кім болушы еді?***

– Ендеше, қасында ұстап жүрген қажысы не? Дағдарып қалған жұртқа аз-мұз кітап ақтаратындар:

*– Ақ патшаның **қол астында кәпірлер де, мұсылмандар да** бар дейді. Сондықтан, ақ патшаны кәпір деу күпірлік. «Патшаңды ұлағат тұт деп Құранда жазылған», – деп көңілдерін бірлеп қояды.* (Үркер, 163)

Әбілқайырдың көп қырлы, күрделі кейпін суреттейтін сюжеттер жүйесінде ханның ел басшысы бола тұрса да, батырлығымен, ерлігімен танылған жауынгерлік

бейнесін көрсетер эпизодтар мол. Соның бірі мәмбет мырза қазақ қазақ еліне келгенде қоқан-лоқы көрсетіп, тыным бермеген торғауыттардан өш алуы, Доржы мен Лобжыдан Жам мен Темір бойын азат етіп, оған Есет пен Бөкенбай ауылдарын орналастыруы болса, кейін қо жиып барып қалмақ, түркімен ауылдарын шабуы да соны дәлелдейді. Сонымен, жазушы мінез-қылық пен әрекетті бағаласа, оқырман оны шындық деп қабылдап, иллюзияға беріледі. Иллюзия неғұрлым көп болса, соғұрлым оқырман да эмоцияға беріліп, локуцияға деген құнды көзқарастары айқынырақ қалыптаса түседі. Локуция дегеніміз – автордың адресатқа кейіпкері туралы көзқарас қалыптастыруы.

Көркем шығармадағы қатысымдық жүйенің бір түрі – перлокутивті акті. Көркем шығармадағы сөйлеу актісінің бұл түрі алдымен авторлық ремаркаларда көрініс табады. Перлокутивті акті сөйлеу актісінің нәтижеге бағытталуымен байланысты. Перлокуция адамдардың коммукацияға түсуінің қозғаушы күші, коммуниканттар өзара бір-біріне әсер етіп, перлокутивті нәтижеге қол жеткізеді.

– Ураз, ылғи жалғыз жүресің – деді Петр амандықтан бұрын. – Қалай болғанда да сен Қазақ Ордасының царевичі емессің бе? Кім сыйлайды. Болмайды бұлай жүруге.

– ***Құдай жалғыз, мен жалғыз****, – деді Ораз-Мұхамед түнеріп.*

– Құдай – екеу, – деді Петр ашы жымиып. – сенің құдайың және менің құдайым. Қайсысы күшті – әңгіме сонда.

– ***Күнә арқалама****, – деді Ораз-Мұхамед мына сөзден тітіркеніп.*

– Екеуін жекпе-жекке шығарса, біз қарап тұрсақ. Сосын қай жеңгені...

– Есіңді жый, ***құдайдың күнәкар пендесі****! – деді Ораз-Мұхамед.* (Аласапыран, 156)

Ораз-Мұхамед пен орыс елшісі Петрдің арасындағы тартысты диалог мақсатына жеткен. Бұл орайда жазушының перлокутивті ұстанымы - Ораз-Мұхамедтің аллаға сеніп, оған мойынсұнатын әрекетін адресатқа жеткізу. Сол арқылы оқырманды Ораз-Мұхамедтің танымын, ұлттық ерекшелігін таныуға жетелеу. Ал, Петрдің әрекеті, яғни құдайды мойындамау, оны – екеу деп тануы арқылы диалогтің тартыстық мәні арта түсті. Кейіпкердің өзге ұлттың уәкілі екендігін де жазушы кейіпкерлер аузына «құдай» сөзін салу адресатқа жеткізді. Аталған перлокутивті актіге негізделген диалог – бас кейіпкердің ұлттық танымын аңғартып тұр.

Аласапыран романындағы қақтығыстар *«Ораз-Мұхамед – елші», Ораз-Мұхамед – билер», Ораз-Мұхамед-Петр»* арасында өрбіп, оқиға көздеген мақсатына жетеді. Әр кейіпкердің қақтығысындағы диалог әртүрлі сипат алады. Әбілқайыр мен Манақ батырдың арасындағы мына диалогте батырдың өз міндетін білмеуі диалогті шиелендірсе, ханның өктемдігі диалогті мақсатына жеткізеді, яғни перлокутивті акт жүзеге асады.

Манақ Чулковтың қолын қағып тастады.

– Тақсыр, – деген. Ораз-Мұхамедтің алдына тізерлей отыра қалып, аяғын құшты. – қаруды тастатпа! Жарлық бер! Жарып шығамыз! Жартымыз өлсек, жартымыз өтеміз. Сұлтан ием!...

Ораз-Мұхамедтің іші алай-түлей болып кетті. Әйтсе де сыр бермеген.

– Түрегел! – деді зекіп. – осында жартымыз өлу үшін келіппіз бе! Не түгел өлеміз, не түгел қайтамыз!

Манақ салбырап орнынан тұрды. Көзі жас екен.

– Өлімнен қорқамысың? – деді Ораз-Мұхамед.

– Жоқ! – деді Манақ. – Қағысып қалмақты да көрдім, сайысып мағұлды да көрдім. Ноғаймен найзаластым, бұқармен белдестім. Ұрыстан бой тартқан, тая шапқан жерім бар ма? Мен ақ ажалдан, тура ұшқан оқтан қорықпаймын!... – даусы дірілсіз шыққан.

*– **Өлімнен қорқынышты құлдық бар**! – деді Ораз-Мұхамед. – **Әлде ұлы-қызың, ұрпағың тегіс құлдықта шіруін қалаймысың?***

Ештеңе ұға алмаған Манақ басын шайқады.

*– **Онда бар! Тәңірі арқалатқан міндетті ақырына дейін атқар!*** (Аласапыран, 178)

Келтірілген үзіндіде жазушы Әбілқайыр ханның аузына сол кезеңнің тарихын шындығын аңғартатын тілдік бірліктерді салады. Ханның аузымен айтылған бұл оралымдар Манақ батырдан өзге батырларға да әсер етеді. Диалог сол батырлардың ханның сөзіне иланып, басын төмен салып, артқа шегінуімен аяқталады. Диалог құрылымында біз айрықша белгілеген оралымдар диалогтің нәтижеге жеткенін аңғартады. Ал диалогтегі нәтиже – перлокутивті актінің негізгі бірлігі.

Ойтүйін: Тарихи романдар құрылымында диалог аса маңызды рөл атқарады. Себебі тарихи кейіпкерді адресатқа таныстырудың төте жолы – диалог. Ал осы диалогті құруда – жазушының шеберлігі байқалады. Ол шеберлік ханды-ханша, биді-бише, батырды-батырша сөйлетіп, сол тарихи кезеңнің сөз саптамын оқырман санасына жеткізумен өлшенеді.

Тарихи романдардағы диалог арқылы – жазушының тілдік тұлғасы танылады. Әр жазушының өзіндік сөз саптамы, ой-толғау әдістері болады, әр қаламгер көркем сөз айшықтарын өмір шындығын терең бейнелеу үшін және идеялық-эстетикалық нысанына орай таңдап, талғап алады. Жазушыға тән ерекшелікті айқындау арқылы ғаламның тілдік бейнесін танимыз.

3.4 Диалогтегі тілдік тұлғаның бейнесін ашу үшін қолданылатын стратегия мен тактика

Антропоөзекті ғылыми бағыттың бірі қатысу тактикасын зерттеумен байланысты. Сонымен бірге ғалымдар тілдің қарым-қатынас құралы жүйесі ретінде ғана емес, адамның сөйлеу құралы ретіндегі қызметіне де назар аударады. Бұл коммуникативті лингвистика, прагмалингвистика, гендерлік лингвистика, әлеуметтік және психолингвистиканың зерттеу салаларына жатады. Мұндай зерттеулердің аясына тұлғаның қатысымдық мақсатын практикалық сипаттау, жас ерекшеліктері, әлеуметтік, кәсіптік және гендерлік топтар, аймақтық ерекшеліктері, яғни адамдар арасындағы қарым-қатынастарды сипаттайтын тілдік процестердің байланысын анықтау мәселелері кіреді. Демек, қатысым мақсаты «белгілі бір топтардағы адамдар қарым-қатынасындағы дәстүр мен салттың жиынтығы» болып табылады [172].

Қатысымдық мақсатты жүзеге асырудың бірден бір жолы сөйлеу стратегиялары мен тактикалары болып табылады. Сондықтан диалогтегі тілдік тұлғаның бейнесін ашу үшін қолданылатын тактика мен стратегия арнайы тоқталмақпыз.

Қазіргі кезде ғылымда сөйлеу стратегияларын анықтайтын бірнеше пайымдау бар. Атап айтқанда, О.Гойхман мен Т.Надеинаның еңбегінде «Сөйлеу коммуникациясы – қарым-қатынас жасау мақсатындағы жағдайды тұтас түйсіну, оның даму бағытын анықтау және өзара әрекетті ұйымдастыру» дейді [188, 208]. А.Сковородников «О необходимости разграничения понятий «риторический прием», «стилистическая фигура», «речевая тактика», «речевой жанр» в практике терминологической лексикографии» деген мақаласында сөйлеу стратегиясына мынадай анықтама береді: «Сөйлеу стратегиясы – жалпы жоспар немесе «вектор», сөйлеу тәртібінде айтушы немесе жазушы ойластырған жүйелі сөйлеу әрекеті. Бұл әрекет қатысымдық жағдайда сөйлеу үдерісі кезінде тұтас және коммуникативтік мақсатқа жетуге бағыттайды» [189, 5]. Сөйлеу стратегиясын лингвистикалық тұрғыдан қарастырған О.Иссерс оны «маңызды мақсат» бақылауында жүзеге асатын сөйлеу тәртібінің арнайы тәсілі» деп анықтайды [190, 104]. Ғалым лингвистикалық және интеракционалдық мінездемелерді, сөйлеу индикаторларын сипаттай келе қарым-қатынас мақсатын қалай, қандай құралдар арқылы анықтауға болатынын көрсетеді.

Е.В. Клюев коммуникативті стратегия деп сөйлеуші алдын-ала жоспарлаған және коммуникативті мақсатқа жетуге бағыт талған коммуникативті акт барысында жүзеге асырылатын тәсілдер жиынтығы деп түсіндіреді. Коммуникативті мақсат – коммуникативті актіге бағытталған стратегиялық нәтиже. Бұл мақсат адресаттың хабардың мәні мен сөйлеушінің мақсатын түсіну болып табылады [191, 18]. Е.В. Клюев коммуникативті тактиканы шынайы тілдік өзара әрекет ету үдерісіндегі практикалық жолдарының жиынтығы ре тінде қарастырады, коммуникативті ниет

жиынтығы мен сәйкестендіреді. Сонымен, мақсат тілдік стратегиямен, ал ниет – тактика мен анықталады.

Сөйлеу стратегиялары әңгімелесу кезіндегі өзара диалогтік әрекетті талдау негізінде туындайды. Зерттеудің ең кіші бірлігі – әңгімелесу «қадамы», толық ойды сипаттайтын диалог үзіндісі. Қатысушылардың тақырыпқа деген көзқарасына және барлық прагматикалық факторларға байланысты диалогтегі мұндай «қадамдардың» саны әртүрлі болуы мүмкін. Стратегия диалогке бір немесе бірнеше қатысушылардың макро ниетімен анықталады. Стратегия ортақ тіл табу және диалогтік ынтымақтастықты құру үшін негіз болып табылады. Оған қатысу үндестігі мен мәселенің шынайылығын білдірудің лингвистикалық тәсілдерін таңдау кіреді.

Диалогке қатысушылардың сөйлеу стратегиялары қарым-қатынастың ұйымдастырылу принципіне қарай **ынтымақты** және **қақтығысты** деп екіге бөлінеді. Ынтымақты стратегияларға ниеттестіктен туындайтын хабарлау және түсіндіру диалогтерінің түрлі типтері (ымыраға келу, келісу, көну, мақтау, мадақтау және т.б.) жатса, қақтығысты стратегияларға сөйлеу қатынасының ережелерін бұзу негізінде жасалған ымырасыз диалогтер, (ескерту, қорқыту, қоқан-лоққы көрсету, жанжалдасу, ұрыс-керіс тудыру, дау-дамай жасау, кінәлау, балағаттау, тіл тигізу т.б.) кіреді. Мысалы:

«Жақпағаныңды көремін!» дегендей Ұрқия қасына таянып, қолын созып:

- Мына қолымда не бар? Тапшы, - деді.

- Қолыңда ма? Құрт.

- Жоқ.

- Қант.

- Жоқ.

- Күміс.

- Жоқ.

- Енді не? Түрі қандай?

- Ақ. - Ақ... Ақ .... жұмсақ па, қатты ма?

- Онысын айтпаймын... Әйтеуір өзі тәтті нәрсе.

- Өзі ақ, өзі тәтті. Қант-тағы.

- Қант емес, бірақ не керек нәрсе.

- О немене, жеңеше?

- Бұл сондай қымбат нәрсе. Өмірдің бір қызығы осында.

- Ойпырым-ай! Бұ немене екен?! Мүдуар қылмай, айтшы, жеңеше!

- Әуелі сенің бағың осында .... - Ой, алақай-ай! Хат екен ғой! [41, 102]

Сонымен қатар осы екі түріне де қатысты екі жақты *(жарамсақтану, мәймөңкілеу, сатылу, сатып кету, өтірік айту, ескерту жасау, мысқылдау, өтініш білдіру, ашу – ыза, жақтырмау)* түрлері де бар [61, 9]. Мысалы,

- Сен қыр басына шықтың ба, Қуантай? Тіпті бар ғой... ғажап.

- Несі ғажап?

- Қызғалдақтар ... Жусан...

- Өзің не айтып тұрсың, Ләззәт? Мен қызғалдақ пен жусан көрмеппін бе? [42, 69].

Келтірілген мысалдарда автордың ұстанымы айқын танылып, диалогтің коммуникативтік-прагматикалық мағынасы айқындалған. Қолданылған стратегия мен тактикалар түрлері адресатқа диалогтегі «құпия мағынаны» жеткізуге атсалысып тұр. Мысалы, ***ескерту стратегиясы*** арқылы кейіпкер бейнесі былайша беріледі:

– Жаппасбай, сен мынауыңды қой, - деді Қоспан тікесінен келіп.

– Болмаса оңбайсың.

– Нені қоямын? – деді Жаппасбай ежірейіп.

– Кемпір-шалды алдауыңды қой. Ұрлығыңды қой. Білдің бе. Жаппасбай алғашқыда шошып қалды. Мойнын иығына тығып, ала көзі жыпылықтап, қақпанға түскен аңдай Қоспанға үрке қарады. Бірақ аздан кейін есін жиып, тосыннан ақыл тапқандай батылданып, тіпті кесірлене сөйледі.

– Ал, қоймасам не істейсің.

– Не істейтінімді өзім білемін. Бірақ не де болса оңдырмаймын. [42, 142]

Кей жағдайларда диалогте бір ғана коммуникативтік жағдаят барысында бірнеше рет тактика өзгеруі мүмкін. Мысалы: *– Мен сізді күнде көремін. Кімсіз? Қайда барасыз? – Айырылып қалардай сұрақтарын асығыс төпеледі-ай. Қатарында келе жатқан жігіттің жүзіне енді ғана бажайлап қараған қыз, аңтарыла сәл тұрып қалды:*

– Мен сізді қайдан көрдім!– деп таңырқай сұрады.

– Қонақүйден болар.

– Жоқ, одан көре алмаймын, өте биік. Түсімде шығар, – деді де ілгері тартты. Жетегінде жаудыр көз ботақан үкісі желбіреп, Тасжаннан үріккендей.

– Айналайын, атыңды айтшы.

– Сіз маған ермеңіз, – деп кесіп айтты қыз. – Әне, үйдің балконынан ағайым қарап тұр, ұят болар.

– Қайдан табамын!

– Осы бағытпен жүре берсеңіз, ал қазір қалыңыз. Ботасын жетелей, бозамық кеңістікке сіңіп бара жатқан жұмбақ қыз су тұшытқыш алып қондырғының ар жағына түсіп, көрінбей кеткенше бір орнында сілейіп тұрған Тас, қазіргі Тасжан «осының барлығы түсім емес пе өзі» – деп шошына қауіптенді. Шыдай алмады білем, жүре шешініп Атыраудың жағасына жетті де, көк толқынды айдынға секірді... Бөлмесіне кіргені сол еді, телефон шырылдады. Трубканы көтеріп «Алло» дегенде ар жағынан:

– Әй, жігітім, – деп гүр еткен еркектің даусы естілді.

– Бұдан былай боталы қызға жолаушы болма. Әйтпесе сүйегіңді алабұғаға жегіземін. «Бұл кім» деп сұрағанша, құлағына дыңылдаған бір қалыпты телефон үні ғана естілді. «Қыздың ағасы!» Терезеден жасырына сығалады. Ала шапанды

адам мықшыңдап гантель көтеріп, дене шынықтыруға кіріскен екен... Ұлы шайқасқа дайындалған болар... [11, 87].

Келтірілген диалогте адресанттың өз сұрақтарына жауап күтпей, үстемелеп сұрақ қоюы, бір жағынан, таңырқау, екінші жағынан қызығушылық тактикасы арқылы беріліп тұр. Диалогке қыз тарапынан болған бүркемесіз тура жауаптар өтініш тактикасына, ал қыз ағасының бейнесі қоқан-лоққы көрсету арқылы қақтығысты немесе өктемдік жасау тактикасы тактикалары арқылы берілген.

Қарым-қатынасты ынтымақты (кооперативті) ұйымдастыруда қолданылатын сөйлеу тактикалары

Көркем шығармадағы диалогтің кейіпкер бейнесін беруде қолданылатын ынтымақтастық стратегиясын *қолдау, тілектестік, мақтау, кеңес беру, өтіну, келісім беру, қызығушылық тактикасы* деп жіктедік. Аталған тактикалар диалогке қатысушы тілдік тұлғалардың ынтымақты типін беру үшін қолданылады.

Көркем диалогтегі **қолдау тактикасы** диалогке қатысушы тілдік тұлғалардың өзара түсінушілігін, психологиялық қабылдау мен келісімді тудырады.

– Бұл даланы бізге бере қоярын қайдан білдіңіз? – деді әбден аузы күйіп, зәтте боп қалған Барақ.

– Береді. Бермей көрсін! Әкімдер қаладан орын бермесе де, құдайдың бос жатқан даласын қиятын шығар. Жиырма сотық жер монументке молынан жетпей ме?

– Жеткенде қандай! – деді Барақ та көңілденіп. – Әйтеуір далада қалмайды екенбіз ғой.

– Көр де тұр, бұл жер әлі керемет болады – деді өзқиялына шындап берілген Айжарық. [23, 142]

Диалогтегі **ниеттестік тактикасы** адресант пен адресаттың бір-біріне деген ниеттес, тілектес екендігін аңғартады. Мысалы:

– Тәңірім-ай, осыншалық жазалайтын қандай жазығым бар еді...

– Төсектің басындағы темір саусақтарды қабыстыра қысып, майыстырып тастады. Арғымақ болып жаратылған соң тасбақа секілді тарбаңдау жарасар ма еді, айтыңыздаршы. Жарасқанды қойып, мүмкін емес қой. Егер жылқының төрт тұяғын демелік, алдыңғы екі аяғын шашалықтан кесіп тастаңызшы, не болар екен... Не болар екен...

– Қара да тұр, қас қылғандай көп жасап, қор боламын. Құдайға енді менің керегім жоқ! Жоқ! – деп ақыра айғайлап жіберіп еді, сестра қыз жүгіріп келді. Сізге не болды, аға?

– Сондай да сұрақ болады ма екен. Бәрі болды!

– Азамат емессіз бе? Шыдаңыз. Нағыз ерлік – өзін-өзі жеңген ерлік.

– Мен азамат емеспін, жарымжанмын, қарғам. Бәр-бәріне көнейін, тек ақыл айтпаңдаршы.

– Кешіріңіз.

– Жалт бұрылып шыға беріп еді, оны Аспан тоқтатты.

– Айналайын, аялдай тұр. Немене, жаман ағаңа ашуланып қалдың ба?

– Жоқ... Мені түсінбегеніңізге сәл ренжідім, – деп маржандай тістерін жарқырата күлді. Аққудай қалықтап келді де, Аспанның аяғы жатуға тиіс төсектің бос жеріне келіп отырды.

– Сізді аяғанмен, жоғалтқан асылыңызды тауып бере аламыз ба, ондай ерлік ешкімнің де қолынан келмейді. Сондықтан да жасымауға, ел қатарлы өмір сүруге қайраймыз [11, 124].

Аға мен қыз арасындағы диалогтен ауруханада жатқан ағасына тілектес болған, ниеттес болған қыздың бейнесін автор шебер суреттейді. Науқасты қайран мақсатымен жазушы сестра қыздың аузына «нағыз ерлік – өзін-өзі жеңген ерлік» деген тіркесті салу арқылы адресантқа жанашырлығын танытады.

Ынтымақты стратегия арқылы берілетін тактиканың келесі түрі – ***мақтау тактикасы.*** Бұл тактика арқылы жазушы диалогке қатысушы тілдік тұлғалардың жағымды қасиеттерін басшылыққа ала отырып, кейіпкер мен оқырман арасында коммуникативті байланыс орнатады. Мақтау тактикасы әңгімелесушіні ынталандырып, оң әсер беруді көздейді. Мысалы, Федя ағай мен Бахтияр арасындағы мына диалог мақтау тактикасына құрылған.

– Сенің әйелің қазақ емес! – дейді Бахтиярға.

– Неге?

– Сұлу!

– Сұлу болса қазақ болмай ма екен?

– Кинода, телевизорда көрсететін қазақтарға ұқсамайды.

– Олар – экрандағы қазақтар, біз – өмірдегі қазақтармыз.

– Кешір кейде қазақтар туралы киноны көргенде, балаларымыз мульфильмнің геройлары деп өшіріп тастайды. А твоя жена просто прелесть!

– Ренжімеймін. Залқым туралы ойыңызды бүкпесіз айтқаныңызға рақмет. Ал әйелімді мақтағаныңызға тіпті мерейім өсіп қалды!

Федя ағай кетісімен бұл шыдай алмай күйеуіне шүйілгеді.

– Қазақты мазақ қып кеткен жоқ па! Шамданудың орнына рахметің не?»

– Жаманыңды жаман деп айтқан ол кісі кінәлі емес қой. Неге жаманмын деп, өзің намыста. Біздің айдай әлемге қстіп маймыл сияқты ғып көрсетіп жүрген өнердің айналасындағы ана топас алаяқтарға өкпеле. Ана Үнді киноларына қарашы, қыз-жігіттер бірінен-бірі өтеді, көзің қызығады. Бірақ үнділердің бәрі ондай емес қой.

Аталған үзінді жазушы Т.Сәукетаевтың «Өмірдегі қазақтар» атты әңгімесінен алынған. Автор өзге ұлттың өкілі Федя арқылы қазақтың қазіргі киносы мен мультфильміне көзақарасын білдіреді. Ал Бахтияр мен келіншегінің диалогі арқылы қазіргі қазақтың шындығын әшкерелейді. Яғни, қазіргі қазақ киносының берер тағылымы мен салар ойын әйелің қарсылық репликасы арқылы береді. Ері

мен әйелі арасындағы диалогтен автордың қазақ киносына деген жанашырлығы, ұлттық танымы көрінеді.

Автордың шеберлігіне сәйкес диалогте мақтау тактикасы арқылы адресаттың жағымсыз қасиеттері де көрінеді. Жазушы диалогке қатысушы кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін бір тактика арқылы шебер береді. Мысалы:

– Мектепте мен де оқыдым, менің де шешем бар. ендеше мен неге сен білгенді білмеймін? Бірақ мен ешқашанда бастаған кітабымның аяғына шыққан емеспін. Неге екенін білмеймін, кітапты қолыма алсам-ақ ұйқым келеді.

– Сен де жақсы қызсың, – деп мен З-ның мойнынан құшақтадым. – Сен ақ көңілсің, ойыңдағыны жасырмай тура айтасың. Бұл – жақсы адамнң қасиеті. Бірақ сен сәл ұшқалақсың, көргенің мен естігеніңді байыптай бермейсің. Аздаған көрсеқызар, модышылдығың бар. бірақ мұның бәрі кейін өзінен-өзі қалады.

– Рас айтасың ба? Мен шынында жақсымын ба? – деп З. қуанып қалды. Қуанғаны сондай ол маған ақылдасамын деп келген әңгімесін де аяқтатпастан ұмытып кетті.

Меңтай мен Зайкүл арасындағы диалогтен ***мақтау тактикасы*** арқылы берілген Зайкүлдің жағымсыз қасиеттерін көруге болады. Автор диалогке қатысушы тілдік тұлға – Меңтайды ақылды, адами қасиеттерге ие кейіпкер ретінде суреттейді.

Кеңес беру тактикасы көбіне үлкендер тарапынан ашық (эксплицитті) немесе жасырын (имплицитті) түрде жасы кішілерге ұсыныс, ақыл, кеңес ретінде айтылады. Төмендегі диалогте кеңес беру тактикасы арқылы жазушы қазақтың аузы дуалы, көреген ақсақал бейнесін жасайды. Диалогке қатысушы тілдік тұлға – ақсақалдың «тамшы жерге керек, талқы ерге» керек деген мақалы кейіпкер бейсін айшықтай түседі.

– Шырағым, сені сайламай тастаған ба? – деді шыдамай.

– Айттым ғой, әке, конференция әлі біткен жалғасы ертең болады деп...

– Е, бәсе, жоқ ырымды бастамай отыршы, – деді шешесі шалына қарап.

– Қайдан білейін өңі суық болғанға айтамын, – деді қарт.

– Онда мықтап талқыға салған болар. Талқыға түскенің жақсы, ұлым. «Тамшы жерге керек, талқы ерге керек» деген. Талқы көрмей өспейсің. Талқы сені ширатып, буыныңды бекітеді, бұғанаңды қатырады. [43, 124].

Сонымен бірге дәрежесі тең кейіпкерлер арасында да кеңес айту тактикасы қолданылады. Мысалы:

– Әй, әй қуаттарым, айтсаңдаршы, – деп өңі құп-қу болып Зайкүл ортаға шықты. *– Осы сұрақ келіп қалса менің не деп жауап беруім керек.*

– Алдымен, деді Меңтай, – сен Бұқар жырау өлеңдерінің аттарын біліп.

– Иә, айтшы сол түскірлерді, – дейді Зайкүл елпілдеп.

– Бұхар жырау Абылай ханның тұсында өмір сүрген, – дейді Меңтай ол жайында мәліметтерді Зайкүлге қысқаша айтып түсіндіруге асығып. – Өлеңнің аттары мынадай: «Айналасын жер тұтқан».

– Мұнысы не пәле «жер тұтқан ба», «жер жұтқан ба», қайсысы? – дейді Зайкүл екі көзі бақырайып.

– Өлеңнің аты, «Айналасына жер тұтқан», – дейді Меңтай оған ыждағатпен түсіндіріп.

– Ойбай-ай, Меңтай, менің миымда тұрады дейсің бе бұл пәлең. Одан басқаларын айтшы.

Меңтай шұбырта жөнелді.

– Ай, Абылай, Абылай», «Керей, қайда барасың?», «Бірінші тілек тілеңіз», «Жал құйрығы қаба деп», «Қалданменен ұрысып...»

– Ойбай-ай, Меңтай, қуатым-ау, мынаның қайсысы есте тұрады? Әне біреу, «Әй, қайда барасың?» дегені болмаса [43, 210].

Осы үзінді арқылы автор диалогке қатысушы тілдік тұлға – Меңтайдың білімді, зерек екенін аңғарта, керісінше Зайкүлдің өткен тақырыптарға онша қанық еместігін, таяздығын оның сөздері арқылы адресатқа сездіреді.

Өтіну тактикасы көбіне диалогте бүркемесіз тура мағынада көрінеді.

Біраз жүргеннен кейін тағы да үн қаттым.

– Меңтай, бір өтінішім бар еді айтайын, *– дедім.*

– Айтыңыз.

– Рұқсат етсең, жаңағы оқығандарыңды көшіріп алар едім. Меңтай үнсіз екі-үш аттады. Содан соң барып жауап берді.

– Дәптерде басқа да шимайларым бар еді, – деп баяу айтты да, тез шешімге келді. – Жарайды, алыңыз. Бірақ басқа ешкімге көрсетпессіз.

– Көрсетпеймін, – дедім мен ант ендей елпілдеп. [43,151]

Диалогтегі кейіпкерлер арасындағы өтіну тактикасы өтініш пен қоса шарт қою арқылы да жүзеге асады. Диалогке қатысушы тілдік тұлғалар Ербол мен Меңтай арасындағы диалогте Ерболдың өтінішін орындай отырып, Меңтайдың шарт қойғанын да аңғаруға болады. Яғни, көркем шығармадағы диалогте өтіну тактикасы шарт қою тактикасымен де қатар қолданылады.

– Мына жарым түнде мен енді қайда барам? Алматыға апарып тастаңызшы! Қанша алсаңыз да тқлейін. Таңертең емтиханым бар еді. Анау-мынау емес, мемлекеттік емтихан. Оқу бітіретін ем.

– Мынадай жүк мәшинені астанаға кіргізбейді, жолдамам жоқ. Мен әбден шаршадым, кешірерсіз! Үйде болмағаныма бүгін бақандай он күн.

– Қаланың шетіне ғана апарып тастаңызшы!

– Бір-екі сағат автостансада отыра тұрыңыз, таң да ұзамай атып қалады. Керек болса, мәңіз, сіз үшін төлеген ақшаны қайтарып берейін.

– Жо-жоқ, ол менің ақшам емес.

Жазушы өтіну тактикасы арқылы кейіпкер бейнесін ашады. Яғни, Алматыға жете алмай тұрған студент қыз бен жүк көлігінің жүргізушісі арасындағы диалог сөзімізге дәлел. Автор әр кейіпкерге өзінің дәрежесін сипаттайтын, оқырманға кейіпкерін толық тануға мүмкіндік беретін сөз орамдарын салады.

Өтіну тактикасы прагматикалық тұрғыдан сыпайы түрдегі сұраулы репликамен де беріледі (имплицитті) кейде тікелей өтіну арқылы да (эксплицитті) көрініс табады:

Келісім тактикасына адресанттың пікіріне немесе мәлімдеуіне адресаттың жағымды реакциясын жатқызуға болады. Диалогте келісім тактикасын іске асыру тәсіліне репликаны қайталау немесе бекіту жатады. Мысалы.

– Қалай, Бөкен, қойға мінуге жарай ма? – деді жымиып.

*– **Жарайды**, – деп бұл да жымиды.*

– Жараса, мінбейсің бе?

*– **Мінем**, – деді бұл бірден. – **Мінем**!*

Жорға Жұмабек:

– Ойбай-ау, Төке... – дей бергені сол:

*– Жә, саған жорға не керек, өзің де **жорға** емессің бе? – деп, Тоқан ағай кеңк-кеңк күліп алды да.*

*– Жасың қырықтан асқанда **жорғаны қайтесің**, Жұмаш? Мінсін де мына жастар...* [44, 69]

Қызығушылық тактикасы тактикасы диалогте адресант пен адресаттың арасындағы қызығушылықты, ынтаны арттыру мақсатында жұмсалады:

- Сүйтіп, бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмес бұрын сондай ат жоқ па екен?

- Бар атты өзі қойса, Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?

Диалогтегі тілдік тұлғаны ашу үшін қолданылатын – қақтығысты сөйлеу тактикалары.

Кекесін, мысқыл тактикасы жанжалды жағдайда сөйлесушінің адресатқа жағымсыз және сыни қарым-қатынасын білдіріп, агрессиялық вербалды түрде бағаланады. Бұл – кекесін, жағымсыз бағалауды көрсетудің тікелей тәсілі емес. Көбіне адресаттың шамына тию үшін және жағымсыз эмоция шақыру үшін жанама қолданылады. Мәселен, қазақ ұғымында тосындау ұғынылатын сауна сөзі мен оған қатысты адамдардың түрлі психологиясын танытатын Т.Сәукетайдың «Сауна» әңгімесінде ащы мысқыл, кекесінмен қатар қарапайым қазақ бойындағы адалдық пен ізгілік қасиеттердің қалай былғанғандығын, өзгергендігін нанымды аша білген. Ол бұл тұрғыда екі түрлі танымдағы кейіпкерлерін сөйлетуде диалогті шебер қолданады.

Жұма күні түстен кейін қасыма келіп:

– Тоқсандық отчетті тапсырып, нәнкүр-мәңкүрден бір құтылдық–ау, әйтеуір! – деп, ышқырын бір көтере, саба қарынымен қосыла іркілдей күлді. – Арқамыздан бір қара тас түскендей болды. Сізге рахмет, ағасы!

– Рахметті шығындап қайтесің, ол менің жұмысым емес пе?

– Жұмысты істей алатын да, істей алмайтын да адам бар ғой. Бүгін бір арқа-басымыз кеңіп демалайықшы. Саунаға барайық.

– Ой, саунаны қайтем? – дедім, артық шығынды жек көретін әдетіммен атонымды ала қашып.

– Үйде ванна бар ғой. Бастығым басын шайқап мырс етті:

– Ой, аға, өмірден сәбсем артта қапсыз! Сауна деген керемет қой!» [9, 25].

Осы диалог арқылы ашылған екі түрлі өмірлік көзқарас сауна ішіндегі түрлі лас тірліктер мен қазақтың өрімдей қыз-жігіттерінің арсыз, ойсыз әрекеттерін көзімен көрген сәтіндегі кейіпкерінің ой-санасынан өтіп жатқан ой менен сезім арқылы соңына дейін адалдық пен арамдық, обал мен сауап, ар мен арсыздық т.б. кереғар өмір құбылыстарының қос ағысының қатар арбасуынан құралады

Кекесін, мысқалы тактикасы арқылы диалогке қатысушы нағашы мен жиеннің арасындағы сөз қақтығысы айқын көрінеді.

Мына үй өзіңдікі ме, әлде майлап тұрсыңдар ма? – деген.

– Е, көке-ау, мұндай үйім болса, арманым бар ма? – деді Бахтияр мұңайып.

– Сендей азаматтар үйсіз-күйсіз жүргенде, сонда мына Алматыдағы қаптаған үйде кімдер тұрады?

– Онда тұратындардың көкесі сен сияқты қой бақпайды!

– Ой, жаман жиен-ай, айналып келіп бізді кінәлайсың, құлағыңды ұрайын, сол шуылдықты қайбір жетіскеннен бақты ғой дейсің. – қария күрсінді [45,136].

Қақтығысты сөйлеу тактикаларында – **егес тактикасы** маңызды орын алады. Себебі кейіпкерлер арасындағы тартысты, қарама-қарсылықты беру арқылы автор диалогке қатысушы тілдік тұлғаның образын жасайды. Мысалы: Кәдірбек Сегізбаевтың «Біз қалада тұрамыз» әңгімесіндегі ана мен бала баласындағы тартысты диалогте қазақ кемпірінің бейнесі айқын танылады. Еш дүниенің қадірін білуден қалып бара жатқан, бір кезде жалғыз үзім нанға зар болып өскен ұл үйлену тойында кемпірдің өмір бойы тірнектеп жинаған дүниесін жоқ қылмақшы.

– Мені өлітіріп барып алмасаң, бар жиған-тергенімді қолыңа ұстата қоймаспын, – деді кемпір.

– Өлгенде өзіңмен бірге көрге ала кетесің бе, менен аяған байлығың өтрке кетсін! – деді тайсалмаған ұл.

– Обалы жібермегірлер-ау, маған бұл қорлықты көрсеткенше бас салып буындырып, өлтіре салсаңдаршы, – деп шелекке түскен нан қоқымын тере бастаған.

– Мама, араласпа дедім саған. Осыншама дүниеқоңыздығыңды қазір осы көше тұрғындары түгел біліп болды. Бір кезде ашаршылық көрдім деп, жарты жапырақ нан үшін жанұшыратының не?! – Ұл шіренді. Үй иесі болып, көшелі сөйлейтін болып қалыпты.

– Шешеңмен тұра беремін десең, осында қаларсың, менімен тұрғың келсе, бұл үйден менімен бірге біржола шығарсың. [45, 145].

Бітім айту тактикасы көркем диалогке тарихи тұлғалар мен қарапайым халық арасында, хандар мен нөкерлері арасында орын алады. Бітім айту тактикасы арқылы аузы диалог шешеннің, әмірші ханның тілдік тұлғасы танылады.

– О, төбе би, төбеңе қара! Төбеңде Алла тұр. Адамның сөзіне тоқтамасаң, алланың ақ жолын ұмытпа! – деп қалды күйіп еткен Қожамбеттің арық биі. – Әрі кетсе Қаратай баласы тіліңді тауып, көмекейіңді бітеп қойған шығар. Қазақ елі аман болса, алдына барып жығылар әділ қазысы түгесілмеген болар, түге!

– Алла саған ақ жолын нұсқап қойып па еді? Сөзді бөлген тентекті көріп едім, тексіз биді көргенім осы! – деп Қамбар түйіліп отырып қалды.

– Тағы бір айтарым бар, – деп ол екі жаққа сынай қараған. Төре сөзін сабақтады:

– Иә, Қожамбет алар мал, өздерің айтқандай, «бір жұттық жылқы», азаматтың құнын он күннің ішінде мәулетінде бірің санап беріп, бірің санап аларсы. Билік – осы, әлеумет!

– Әділ сөз, әділ билік! – деп Қожамбет жағы қауқылдаса жымыңдасса, Қаратай жағының «мал ашуы» - жан ашуы» десіп, жан дауыстары шыққан:

– Ашық күнде тігерге тұяқ қалдырмай тонау мынау! Уа, одан да Қаратай баласын түгелдей қоңыз тергізіп, қаңғыртып жіберсеңші! Бұдан артық сұмдықты кім көрген?

– Бірақ бидің сөзі «айттым – бітті, кестім – үзілді» болғандықтан, бұл кесімді бұл маңда өзгерте алатын ешкім жоқ еді [46, 236].

Ашу-ызаға берілу тактикасына диалогтегі кейіпкерлер арасындағы эмоцияның айқын көрінуі тән. Мысалы:

– Құлыным-ау, әкең бір ай болды, ауруханада жатыр! – деді шағынып. Ришат «әй қойшы» дегендей қолын бір сілтеді. Мүкәрама апай жас кілкіген көкшіл көздері әйнектей қатып, бақырая қарады.

– Әй, әкең әл үстінде жатыр! адам болуы неғайбыл! – деді жетесіне жетіп, сеот етер деген үмітпен.

– Мен – Құдай емеспін. Мен де өлгелі отырмын!

– Тіфу, Құдайдан безген! Саған ауыз ауыртып сөйлеп тұрған мен ақымақ! Әке де, шеше де керек болмаса, неменеге келдің бұл үйге сүйретіліп? Жоғал!

– Маманя, басты қатырмашы. Қууға хақың жоқ, бұл үйде мен де прописқадамын... [45, 151]

Көркем диалогтегі ашу-ызаға берілу тактикасынан қорлау тактикасы да туады. Ашуға булыққан кейіпкердің сөздері қорлау тактикасына негізделеді. **Қорлау тактикасы** тілдік деңгейде объектіге жағымсыз эмоционалды қатынасты білдіреді, оның әрекеті немесе шешіміне қарай тұлғаға эксплицитті кері мінездеме беріледі. Бұл тактикада дәстүрлі құрал ретінде экспрессивті және негативті бағалау лексикасы қолданылады, теріске шығаратын прагматикалық әсердің көмегімен мақсатты бағытта ықпал етеді.

– Шақ, сындыр! – деді бояусыз селсоқ үнмен, қасындағы орындыққа сылқ етіп отыра кетіп. – қирамаған бұл үйде не қалды?

– Жарайды, ақша жоқ болса, алтындарың көп қой, содан бер!

– Сандалмашы! Қайдағы алтын? Ештеңе де жоқ.

– *Өтірік айтасың! Мынау не? – деді саусағыңдағы неке сақинасын нұсқап.*

– *Мүкәрама апай ышқынып орнынан ұшып тұрды.*

– *Кет, имансыз! Жоғал!* [47, 152]

– **Бұйрық беру тактикасы** сөйлесуші адресатты қандай да бір әрекетті жасауға мәжбүрлейді, ал адресат ол бұйрықты орындай ма, орындамай ма, оны өзі шешеді. Тартысты жағдайда бұл тактика көбінесе адресаттың агрессиясын тудырады. Мысалы:

– *Үйіңде арақ бар ма ей? – деді.*

– *Қайдағы арақ? Арақ тұрмақ айран да жоқ.*

– *Шешеңе айт, шешеңді... кешке келем. Так, май, жұмытрқа, жүн, салық, жан салық, подоходный салық. Бәрін дайындап қойсын.*

– *Ай, шырағым, бұл үйде Мұртаза барда да арақ болған емес. Не деп тұрсың өзің?*

– *Сенің үйіңде болмаса, Жетпісбайдың үйінде бар, содан ал. Қазір төлей алмасаң, қарызға ал.*

– *Қарызын қайтіп төлеймін? Жетпісбай шал қарызға арағын көрінген адамға бере бермейді. Менің төлей алмайтынымды біледі.*

– *Онда салықты төле! Өкіметпен ойнама. Соғыс. Жеңіс жақын. Жеңіске тезірек жету үшін, өкіметке жәрдем керек. Салықты табанда төлеу керек.* [6, 514]

Бұл диалогтік үзінді 1944 жылғы халықтың ауыр жағдайын суреттеуге бағытталған. Соғыс кезеңіндегі тұрмыстың қиыншылығы, халықтың психологиялық күйі мен күнделікті тұрмысының ауыртпалығы диалогке қатысушылардың әрекеттері мен репликалары арқылы көрініс табады. Салық төлетуге келген адресанттың бұйрық беру, талап ету мәнеріндегі сөзі адресаттың (тыңдаушының) агрессиясын, қарсылық сезімін тудырады.

Коммуникативтік жағдаяттың белгілі бір адресатқа мақсатты түрде бағытталуы – диалогтің прагматикалық аспектісін анықтайтын негізгі факторлардың бірі. Сөйлеуші өзінің репликасында адресаттың аялық біліміне, танымына, эмоциялық күйіне және мінез-құлқына әсер етуге тырысады. Адресаттың бұл факторлардан қалыптасатын реакциясы диалогтің әрі қарай дамуына ықпал етеді және сөйлеушінің ниетіне жауап қайтаруы арқылы қарым-қатынас процесін жалғастырады.

Диалогтің прагматикалық аспектісі сөйлеушінің қандай мақсатпен сөйлеуі, оның тілдік құралдарды қалай таңдап, қолдануы және осының барлығы адресатқа қандай әсер етуі арқылы анықталады. Мақсатты түрде бағытталған сөйлеу актісі адресаттың эмоциялық реакциясын тудыруы, оның когнитивтік процестеріне ықпал етуі немесе белгілі бір әрекетке итермелеуі мүмкін.

Сөйлеушінің сөзі қозғаушы күш ретінде қызмет етеді, яғни оның сөзі адресаттың ойына, көңіл-күйіне немесе әрекетіне ықпал етеді, және бұл әсер өз

кезегінде тыңдаушының кері реакциясын тудырады. Осылайша, диалогтің екіжақты сипаты пайда болады, сөйлеушінің сөзі тыңдаушының реакциясын күтіп, соған бағытталады. Бұны диалогтегі **әсер ету тактикасы** деп атауға болады. Мысалы: *Тоғжан кеп отырғаннан кейін, Сүйіндікке қарап:*

– Сүйіндік аға, осы мына сіздің жердің алдындағы Қарауыл дейтін жалғыз биік, не себепті Қарауыл атанды екен? - деді.

Сүйіндік:

– Кім білсін, шырағым, - дей түсіп, аз отырып: - Е, Тобықты мен Матайдың шабуылы, жаулығы қалған ба? Сондағы қуғыншы мен жортуылшының бірі қойған аты-дағы. Өзі өзге таудан бөлініп, айдалаға оқшау барып тұр ғой. Содан қарауылдамай, қайдан қарауылдасын! - деді.

– Сүйтіп, бұл атты Тобықты қойған дейсіз бе? Тобықты келмес бұрын сондай ат жоқ па екен?

– Қайдан болсын! Бұл өңірдегі барлық атты Тобықтының өзі қойған.

– Әй, білмеймін-ау! Бар атты өзі қойса, Шыңғыс дегені несі екен? Шыңғыс деген Тобықты бар ма?

– А, жоқ! Мынауың жаны бар сөз. Бәсе, бұ Шыңғыс деген осы үлкен алып таудың аты неге Шыңғыс атанды екен бұл? - деп, Сүйіндік өзі де ойланып қалды.

Әділбек әкесінің мүдіргенін намыс көріп:

– Шыңғыс деген сөз «шын қыс» дегеннен, қысының қаттылығынан болыпты-мыс деседі ғой! - деп еді.

Абай бұған күлді де:

– Олай болмас. Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой, - деді.

– Бәсе, осы сөз менің де құлағыма бір тиген еді. Жадымда қалмапты. Кәне, білсең өзің айтшы, шырағым, - деп Сүйіндік Абайды тыңдағысы келді [14, 561].

Аталған диалогтік үзінді Абайдың сұрағынан (*Сүйіндік аға, осы мына сіздің жердің алдындағы Қарауыл дейтін жалғыз биік, не себепті Қарауыл атанды екен?)* басталып, Шыңғысхан мәселесіне ойысқан репликаларынан аяқталады. Тыңдаушыға бағытталған сұрақтар арқылы Абай сөзі оның өзіне сұрақ түрінде қайта оралған қоздырғыш күн екендігін Сүйіндіктің (*Бәсе, бұ Шыңғыс деген осы үлкен алып таудың аты неге Шыңғыс атанды екен бұл?)* репликаларынан аңғарылады. Абайдың (*Шыңғыс деген белгілі хан аты ғой)* деген жауап репликасы өзінің тыңдаушысына бағытталған қоздырғыш күштің әсерінен туған жауап-реакция деп атауға болады.

Диалогтің екінші бөлігі былай жалғасады: *Жас қонақ Шыңғыс хан жайында өзі білген, есіткен әңгімелерін айтып кеп, ақырында өз көңіліндегі біраз долбарды қосып:*

– Тауының «Шыңғыс», биігінің «хан» аталғаны содан. Және сонау бір бөлек тауы «Орда» аталғаны да сол Шыңғыс ханның мекен еткен қонысы екенін паш етеді. Қарауыл демек те сол кезден қалған ат емес пе екен? - деп тоқтады.

Сүйіндік Абайдың шынысын өзі әперіп:

– Жеп іш, Абай! - деп, енді қонағының алдына жент пен майды да, бауырсақты да молырақ ысырып қойды. Әкесінің жас қонаққа жасаған осындай бейілін де Тоғжан сезіп отыр.

*– **Көп жасаған білмейді, көп тоқыған біледі. Осылайша ұққаның, тоқығаның жақсы, балам! - деп, Сүйіндік бір тоқтады**.*

Диалогтің қорытынды бөлігі нақыл сөздер мен ақыл-кеңестерден тұрады. Сүйіндік өз репликасында айтқан бұл сөздер тікелей болмаса да, жанама түрде Абайға қатысты болып, диалогке қатысушы басқа да адресаттарға (Әділбек, Асылбек, Қарабастар) бағытталғаны сезіледі. Сонымен бірге Сүйіндіктің қорытынды репликасы, біріншіден, Абайдың білімін жоғары бағалайды, екіншіден, өткірлігі мен эмоционалды-экспрессивтік бояуы басым ақыл-кеңестер басқа да қатысушылардың санасына қозғау салып, олардың білімге деген ынтасын оятып, нақыл сөздің әсерін күшейту мақсатында қолданылғаны анық.

Диалогтегі **әсер ету тактикасы** прагматикалық тұстан құбылып, эмоционалдық бояуымен ерекшеленеді. Мысалы, жоғарыдағы диалогте Абай тарапынан берілген *Сүйіндік аға,* Сүйіндік тарапынан берілген *балам, шырағым сөздерінің қайталануы үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету, яғни* ұлттық менталитет мәселесімен астасып жатқанын аңғарамыз. Аталған диалогтің тілдік тұлғасы – шығарма автор М.Әуезов пен диалогке қатысушы тілдік тұлға – шығарма кейіпкері жас Абай танылады. Шығарма тақырыбының «Абай жолы» аталуы, бір жағынан, Абай бейнесіне тілдік тұлға ретінде жан бітірген М.Әуезовтің шығармашылығы десек, екінші қырынан, әрбір адамның Абай арқылы білімге деген қызығушылығын ояту сияқты автордың қолданған прагматикалық тактикасы деуге болады. Бұл ретте өз кейіпкерлері арқылы коммуникативтік жағдаят барысында белгілі бір әлеуметтік мақсатқа жету мақсатында стратегия мен тактикаларды орынды қолдана білуі автордың прагматикалық шеберлігін көрсетіп отыр.

Тілдік қатысымның теориясы мен тәжірибесі жайында еңбек жазған психолингвист Е.Н.Зарецкая сұраулы сөйлемдердің түрлеріне тоқтала келіп, пікірталас, әңгімелесу, ой бөлісу жағдайларында кездесетін сұрақ түрлерін атап көрсетеді. Оларға «қақпан-сұрақ», «тосқауыл сұрақ», «қауіпті сұрақ», «риторикалық сұрақ», «жедел сұрақ», «нақтылау сұрағы» деген атау береді [192, 221]. Шынымен де автор көбінесе оқырмандардың өзі айтқалы отырған ойымен келісетіндігін көрсету кезінде риторикалық сұрақты қолдануға тырысады. Мысалы, «Абай жолы» романындағы Сүйіндік қолданған *дәстүрлі риторикалық сұрақ қою стратегиясын* қарастырайық. Бұл сұрақтар әдетте біржақты «иә» немесе «жоқ» деп жауап беруге ыңғайлы етіп қойылады:

- Кім білсін, шырағым! – дей түсіп, аз отырып:

- Е, Тобықты мен Матайдың шабуылы, жаулығы қалған ба? Сондағы қуғыншы мен жортуылшының бірі қойған аты - дағы. Өзі өзге таудан бөлініп, айдалаға оқшау барып тұр ғой. Содан қарауылдамай, қайдан қарауылдасын! – деді.

Қазақ тіліндегі бұл риторикалық сұрақ сөйлеушінің тыңдаушы эмоциясына әсер етуі арқылы оны белгілі бір әрекетке бағыттау ниетіне (интенциясына) де байланысты. Автордың **риторикалық сұрақ стратегиясы** белгілі бір маңызды сөздерге екпін қойып, акценттеу арқылы адресаттың қызығушылығын тудырғаны байқалады.

Коммуникативті стратегия мен тактиканың дұрыс қолданылуы диалогтің тиімділігі мен нәтижелілігіне тікелей әсер етеді. Әр сөйлеу тактикасының өзіне тән қолданылу орны мен аясы болады, және оларды орынды пайдаланбау сөйлеушінің коммуникативтік-прагматикалық мақсатын жүзеге асыруға кедергі келтіреді. Сондықтан сөйлеу барысында қолданылатын коммуниативті стратегия анықтап, оны нақты мәнмәтінге сәйкес қолдану үлкен маңызға ие болады. Диалогтегі коммуникативтік мақсат сөйлеу актісінің мазмұнына және сөйлеу актісіне қатысушылардың арасындағы қарым-қатынастың жүйелілігіне тікелей қатысты. Белгілі бір жағдайға сәйкес тілдік құрылымдарды таңдау коммуникативтік актінің сәтті жүзеге асуына мүмкіндік жасайды.

Диалогке қатысушылардың білім деңгейі, тәжірибесі, және әлем туралы көзқарастарының ұқсастығы коммуникативтік актінің тиімділігіне әсер етеді. Егер коммуникацияға қатысушылардың әлеуметтік мәртебесі, кәсібилігі мен тілдік дайындықтары сәйкес келмесе, бұл коммуникацияның дұрыс жүзеге асуына кедергі келтіруі мүмкін.

Ойтүйін: Диалогтегі қатысымдық мақсаттың мәнмәтінге немесе жағдаятқа тікелей тәуелді болуы қатысымның тиімділігін айқындайтын маңызды фактор. Қатысымдық мақсаттың сәтті іске асуы көбінесе сөйлеушінің стратегиясы мен тактикасын тиімді қолдануына байланысты. Қатысымдық стратегия – бұл сөйлесушінің өз көзқарасына, коммуникативтік ниетіне сәйкес қалыптастырылған ұзақ мерзімді жоспар. Ол сөйлеу барысында тілдік және тілдік емес (бейвербалды) амалдарды қолдану арқылы көздеген мақсатына жетуді көздейді.

Қатысымдық тактика болса, сөйлесуші мен тыңдаушы арасындағы байланыс пен олардың өзара түсіністігіне негізделген, сөйлеу барысында туындайтын жағдайларға икемделе отырып қалыптасатын тілдік әрекет процесі болып табылады. Бұл тактикалық амалдар эксплицитті (айқын) және имплицитті (жасырын) мәндерді жеткізуді, сөйлесушінің белгілі және белгісіз ақпарат арасындағы тепе-теңдігін сақтауды, сондай-ақ тың және жалпы қолданыстағы сөздердің өзара үйлесімділігін қамтамасыз етеді.

Стратегия мен тактика бірге қолданылғанда, олар диалогтің мағыналық құрылымын, сөйлеушінің мақсаттарын, тыңдаушының реакциясын және мәнмәтінге сай ақпараттың жеткізілуін анықтайды. Сөйлеуші тілдік әрекеттің жоғары нәтижесіне жету үшін, яғни өз ойын толық әрі тиімді жеткізу үшін, стратегиялық және тактикалық амалдарды үйлестіре отырып пайдаланады. Сол арқылы коммуникация процесінің тиімділігі артып, диалогтің мақсатына қол жеткізіледі.

Үшінші тарау бойынша түйін

Біз аталған тарауымызда репликаларды құрылымы жағынан *дара* және *күрделі,* мазмұны жағынан *ынталандырушы реплика* және *жауап қату репликасы* деп жіктеп, олардың диалогтегі атқаратын қызметіне тоқталдық.

Метатанымдық диалогтерде, яғни автордың интенциясына негізделген диалогтік мәтіндерде бейвербалды амалдардың жиі ұшырасатынын анықтадық. Оның ішінде кинемалар мен проксемикалардың қолданыс жиілігін сараладық. Сонымен қатар, ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайтынын аңғардық. Аталған диалогтік сипат *әлеуметтік мән иеленген кинемалар* арқылы іске асатынына көз жеткіздік. Ұлттық бейвербалды амалдар коммуникативтік акт кезінде қосымша мәлімет берумен ғана шектелмейді, сонымен бірге коммуниканттардың дүниетанымы мен аялық білімінен де хабар береді.

Кинесикалық амалдарды қолдануды *жеке* және *ортақ* деп бөліп, мысалдар арқылы дәйектедік. Ертегі және беташар дискурсындағы, шешендік сөздер дискурсындағы бейвербалды қарым-қатынасты анықтай отырып, аталған дискурс үлгілеріне де диалогтік сипат тән екенін анықтадық. ***Ұлттық бейвербалды амалдар*** арқылы берілетін *диалогтік сипаттың моделі жасалды.*

Тілдік тұлға туралы ғалымдар пікірін сараптай келе, тілдік тұлға – тілдік дәстүрдің қалыптасуына үлес қоса алатын, өзіндік көзқарасы бар, өз ойын адресатқа жеткізе алатын, өзіне дейінгі тұлғалар қалдырып кеткен байлықты меңгерген, соны иеленіп, өзінше жеке тілдік құбылыстар тудыра білетін тұлға деп түйіндейміз.

Жалпы әр жазушының өзіндік сөз саптамы, ой-толғау әдістері болады, әр қаламгер көркем сөз айшықтарын өмір шындығын терең бейнелеу үшін және идеялық-эстетикалық нысанына орай таңдап, талғап алады. Жазушыға тән ерекшелікті айқындау арқылы ғаламның тілдік бейнесін танимыз.

Осы орайда біз XVIII ғасырдағы аласапыран оқиғаларды, қазақ елінің басынан өткен ұлы бетбұрыстарды тарихи шындығымен бейнелеуге тырысқан М.Мағауиннің «Аласапыран» романы мен Ә.Кекілбаевтың «Үркер» романдағы диалогтік дискурс үлгілері арқылы автордың тілдік тұлғасын анықталды.

Жазушы Ә.Кекілбаев пен М.Мағауиннің тілдік тұлғасының *вербальды-семантикалық деңгейін* халықтың таным-түсінігіндегі ұлттық ерекшелікті танытатын мақал-мәтелдер мен астарлы ой құрайды. Екеуі де – ұлттық тілдік тұлға. Өйткені, олардың қаламынан туған тарихи романы арқылы тарихи кезеңнің айшықталған бейнесін, халықтың мінез-құлқының біркелкілігін беретін стереотиптер мен халықтың шындық болмыс туралы жалпы түсініктерін, мақал-мәтелдер мен оралымды фразеологизмдерді жиі кездестіруге болады.

Біз нысанаға алған жазушылардың лексиконындағы ассоциацияларды түзу оның вербалды-семантикалық деңгейін ғана бөліп көрсетеді десек қателесеміз, өйткені сол таңдауды жасауға жетелеген уәжі қалтарыста қалып қояды. Сол себепті

тілдік тұлға құрылымының деңгейлерін бірлестікте қарастырған кезде ғана түпкілікті нәтижеге жетеміз.

Тарихи романдағы диалогтер арқылы танылатын тілдік тұлғаның екінші деңгейі – лингвокогнитивтік деңгей. Тілдік тұлға – мәдениетті, тілді, құндылықтарды, білімді және дәстүрді тұтынушының жинақталған бейнесі. Осы орайда тарихи шығармалардағы диалогтік дискурс үлгілері арқылы тұлға тіліндегі ұлттық ерекшелікті танытатын жеке ғаламдық тілдік бейнесінде берілу көрінісін саралау арқылы оның тілдік тұлғасының ұлттық болмысын тануға болады.

Осы орайда, жазушылардың диалог арқылы берілетін тілдік тұлғасын айқындауда – сентенция құбылысының рөлі ерекше. Өйткені тарихи шығармада автор кейіпкерінің аузына қанатты сөздер мен афоризмдерді салу арқылы кейіпкер бейнесін ғана танытып қоймай, өзінің аялық білімі мен дәрежесін, кемеңгерлігін аңғартады.

Кейіпкер бейнесін жасау немесе белгілі бір оқиғаны, құбылысты, іс-әрекетті баса көрсету мақсатымен жеке сөздер мен тіркестерді стильдік обьект ету де жазушы Ә.Кекілбаевтың шеберлігі. «Үркердің» бас кейіпкері Әбілқайыр ханның ішкі-сыртқы портретін жасауда автор диалог құрамына *сұр, ақ сұр, сұп-сұр* сөздерін іске қосады. Шығарма басталысымен Әбілқайыр «сыз қабақ, ақ сұр кісі» деп суреттеледі. Әбілқайырдың ұрыс үстіндегі не Тевкелев келгеннен кейінгі арпалыс үстіндегі күй-қалпын білдіруде жиі кездеседі.

Жазушы билерді шешен тілде сөйлеткенде, шешендіктің тілдік-көркемдік белгілерін жақсы келтіреді: ең алдымен, олардың сөзінде үлкен логика, қисын, дәлел болуы керек, екіншіден, мұнда экпрессиялы сөздер, әсерлі эпитеттер, қонымды теңеулер, ұйқасты-ырғақты құрылымдар орын алуы керек. Жазушы осы талаптардың үдесінен шығып, әр бидің бейнесін, болмысын, шешендігін диалог арқылы шебер суреттейді:

Тарихи романдағы диалогтер арқылы танылатын тілдік тұлғаның үшінші деңгейі – прагматикалық деңгей.

М.Мағауиннің иллокутивті ұстанымы арқылы арқылы қазақтарға жағымсыз көзқараспен қарайтын Петрдің ішкі терең қақтығысын бейнелеген. Ал Ораз-Мұхамедті құл деу арқылы сол кезеңдегі қазақтың ауыр тұрмысы мен әлеуметтік дәрежесін оқырманға аңғартады.

Жазушы Ә.Кекілбаевтың «Үркерінде» Есет батыр мен Бөкенбайдың диалогіне Әбілқайыр ханды араластыру арқылы даилогтық тартысты күшейте түседі. Ханның халықты бірлікке шақыруы – жазушының иллокутивті ұстанымын айқындайды.

Тарихи романдар құрылымында диалог аса маңызды рөл атқарады. Себебі тарихи кейіпкерді адресатқа таныстырудың төте жолы – диалог. Ал осы диалогті құруда – жазушының шеберлігі байқалады. Ол шеберлік ханды-ханша, биді-бише, батырды-батырша сөйлетіп, сол тарихи кезеңнің сөз саптамын оқырман санасына жеткізумен өлшенеді.

Тарихи романдардағы диалог арқылы – жазушының тілдік тұлғасы танылады. Әр жазушының өзіндік сөз саптамы, ой-толғау әдістері болады, әр қаламгер көркем сөз айшықтарын өмір шындығын терең бейнелеу үшін және идеялық-эстетикалық нысанына орай таңдап, талғап алады. Жазушыға тән ерекшелікті айқындау арқылы ғаламның тілдік бейнесін танимыз.

Сөйлеу стратегиялары диалогтегі қатысушылардың макро деңгейдегі ниеттерін, яғни жалпы әңгімелесу мақсатын айқындайды. Стратегиялар – диалогтегі келісімге келуді, ынтымақтастықты орнатуды және пікір алмасуды тиімді ұйымдастырудың негізі болып табылады. Әңгімелесушілер ортақ тіл табу үшін түрлі стратегияларды қолданады, мысалы, сұрақ қою, келісу немесе келіспеу, ақпарат беру немесе растау, белгілі бір пікірге сендіру және т.б.

Стратегияның құрамына диалогтің мазмұнын тиімді жеткізу үшін қолданылатын лингвистикалық тәсілдерді таңдау кіреді. Бұл тәсілдер арқылы әңгімелесушілер диалогке үндестік енгізіп, әңгіме тақырыбын ашық, анық және мақсатты түрде талқылайды. Әрбір қадам қатысушылардың қарым-қатынас процесінде бір-бірімен ынтымақтасуына, өз пікірін ашық айтуға және жалпы әңгімелесудің прагматикалық мақсатына қол жеткізуіне көмектеседі.

Диалогке қатысушылардың сөйлеу стратегиялары қарым-қатынастың ұйымдастырылу принципіне байланысты екіге бөлінеді:

1. Ынтымақты стратегиялар – бұл қатысушылардың өзара келісімге келуін, диалогтегі үйлесімдікті, қарым-қатынастың сәтті құрылуын және ынтымақтастықты көздейтін стратегиялар. Мұндай стратегиялар тыңдаушының пікіріне құрмет көрсету, келісімге келу, сұрақтар арқылы әңгімені өрбіту, келіссөздерді позитивті бағытта жүргізу сияқты амалдарды қамтиды. Ынтымақты стратегиялар қатысушылардың бір-бірін қолдауы, түсінуі және диалогті тиімді жүргізуі үшін маңызды рөл атқарады.

2. Қақтығысты стратегиялар – бұл қатысушылар арасындағы келіспеушілік, пікір қайшылығы немесе дау-дамай туындауына байланысты қолданылатын стратегиялар. Мұндай стратегиялар әңгімелесушінің пікіріне қарсылық білдіру, қарсы аргумент келтіру, пікірталасқа белсене араласу және өз көзқарасын қорғау сияқты амалдарды қамтиды. Қақтығысты стратегиялар көбіне қатысушылардың мүдделерінің қайшылығын, әртүрлі көзқарастарды немесе шешім табуға бағытталған сындарлы пікірталастарды білдіреді.

Екі стратегияның да қарым-қатынаста өз орны бар. Ынтымақты стратегиялар диалогтегі келісімділікті, өзара түсіністікті арттырады, ал қақтығысты стратегиялар пікір алмасу, шындықты анықтау немесе шешім қабылдау барысында сындарлы диалогтің тууына ықпал етеді. Осылайша, сөйлеу стратегиялары диалогтің тиімділігі мен мазмұндық тереңдігін қалыптастырады.

Көркем шығармадағы диалогтің кейіпкер бейнесін беруде қолданылатын **ынтымақтастық стратегиясын** *қолдау, тілектестік, мақтау, кеңес беру, өтіну,*

келісім беру, қызығушылық тактикасы деп жіктедік. Аталған тактикалар диалогке қатысушы тілдік тұлғалардың ынтымақты типін беру үшін қолданылады.

Диалогтегі тілдік тұлғаны ашу үшін қолданылатын – **қақтығысты сөйлеу тактикаларын** – *қорлау, бітім айту, егес, кекесін, мысқыл, әсер ету, ашу-ызаға берілу, бұйрық беру, риторикалық сұрақ тактикалары* деп жіктедік. Әр тактиканың диалогке қатысушы тілдік тұлғаны берудегі қолданысы анықталды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Зерттеу жұмысымыз *көркем мәтіндегі диалогтің лингвомәдени ерекшеліктерін айқындауға* бағытталды.

❖ Зерттеу жұмысымыздың бірінші тарауында *диалогтің көркем мәтіндегі сипаты анықталды.* Ол үшін:

Жалпы тіл біліміндегі мәтін, дискурс, диалог ұғымдарының тілдік табиғаты талданды. Аталған ұғымдарға берілген ғалымдар анықтамасы сараланып, мәтін мен дискурстың, диалогтің арақатынасындағы айырым белгілері мен ұқсастықтары қарастырылды.

Диалогтің жалпы тіл біліміндегі зерттелуіне шолу жасалды. Диалог – адамның сөйлеу әрекетіне негізделген қарым-қатынасының негізгі түрлерінің бірі. Қазіргі жалпы тіл білімінде диалог лингвистиканың бірнеше саласы: коммуникация теориясы, мәтін лингвистикасы, синтаксис, стилистика, әлеуметтік және психолингвистика салаларының зерттеу пәні болып табылады. Аталған салалардағы зерттеулерге шолып жасалып, шетелдік және отандық ғалымдардың ұстанымдары анықталды.

Көркем мәтіндегі диалогтің құрылымдық-семантикалық сипаты анықталды. Диалог құрылымы – диалогтік кіріспе, авторлық кірікпе сынды бөліктерге бөлінді. *Диалогтік кіріспе, авторлық кірікпе* бойында мағыналық тұтастық сақталып отыратындықтан осы үш бөлікте де ортақ жай баяндалады. *Біз анықтаған диалогтік кіріспе, авторлық кірікпе* – мағыналық, құрылымдық және интонациялық жағынан өзара тығыз байланысты. Мұндай құрылымды күрделі синтаксистік тұтастық деп атауға болады.

Көркем мәтіндегі диалогтің функционалды-коммуникативтік сипаты талданды. Көркем мәтіндегі диалогтің коммуникативтік сипаты - сөйлеу актілері мен коммуникативтік ниетпен, коммуниканттардың интенциямен тығыз байланысты екендігі анықталды. Коммуникативтік ниеттің түрлері мысалдармен дәйектелді. Диалогтік қатысым барысындағы коммуниканттардың сөйлеу *қадамы* мен *адымы* диалогтің коммуникативтік сипатын айшықтай түседі.

Көркем шығармада диалог - ***көркемдік қызмет атқарады***, яғни адам образын жасайды. ***Диалогтің графикалық ерекшеліктері*** де белгілі бір қызмет атқарып, шығарманың көркемдік бедерін нақтылайды. ***Диалогтің сюжетті дамыту қызметі*** - әңгіме сюжетін бейнелі түрде дамыту, оқиғаны баяндауды түрлендіру, жандандыру мақсатын көздейді. ***Диалогтің мінездеу қызметі*** - кейіпкерлердің сөз саптауын, диалогтік қатысымға түсуін, дәрежесі мен қызметін танытады.

❖ Жұмыстың екінші тарауында **диалог – этномәдени ерекшелікті танытатын бірлік** ретінде қарастырылды: *Қазақ мәтіндеріндегі диалогтер – метатанымдық және этнотанымдық* деп жіктелді. *Метатанымдық диалогке*

автордың коммуникативтік интенциясына негізделген, көркем шығармадағы диалог. Проза және драмадағы диалогтік дискурс үлгілері осы типке жатады.

✓ Абай қарасөздері мен поэзиядағы диалогтерді – диалогтік ойтолғам деп атадық. **Диалогтік ойтолғам – автордың ішкі жан толғанысы оқырманмен диалог арқылы өрбіп, жарыққа шығуы.**

Диалогтік ойтолғамның монологтен өзіндік айырмашылықтары бар. Монологте автордың сөзі біркелкі, сұраусыз сөйлемдер арқылы іске асса, *диалогтік ойтолғамда* қаламгердің ішкі толғанысы оқырманға сауал бере отырып жарыққа шығады, яғни оқырман мен автор арасында айрықша диалогтік қарым-қатынас орнайды. *Диалогтік ойтолғамда* автор өзі қойған сұрауына кейде жауап беріп, кейде ашық қалдырады.

Этнотанымдық диалог – әр халықтың өзіндік қайталанбас ерекшеліктерін, ұлттық этникалық өзгешеліктерін сипаттайтын мәтіндердегі диалог. Диалогтің бұл түріне айтыс, шешендік сөздер дискурсындағы диалогтер енеді.

✓ ***Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат анықталды.*** Диалог негізінен қос тағаннан, сұрау мен жауаптан тұрады. Бұл – ауызекі сөйлеу тіліне тән. Ал диалогті екі адамның тіл қатысуы ретінде жалпы мағынасында алсақ, ондағы репликаның ұзақ период, монолог түрінде де болатынын байқаймыз. Оның бір дәлелі – айтыс. Сондықтан диалог функционалдық стильдердің ішіндегі ауызекі сөйлеу стилімен шектелмейді. Мұның да дәлелі – айтыс.

Айтыс дискурсындағы диалогтік сипат – бәдік, әу-жар, қайым жұптыр айтыстарда байқалатыны мысалдар арқылы дәлелденді.

✓ ***Шешендік сөздер дискурсындағы диалогтік қатысым анықталды.*** Шешендік диалог құрылымындағы сұраулардың түрлері: *ақпарат беретін сұраулар, қызығушылық тудыратын сұраулар, жұмбақ сұраулар, тағылымдық мәні бар сұраулар, ой тастау немесе ойға жұмылдыру, дұрыс жауаптың шешімін іздеу* деп жіктелді. Шешендік диалогтердің түрлерін анықтадық. Олар: *сәлемдесу, жұмбақтасу, жауаптасу.*

Ауызша сөйлеу құралына жататын шешендік дискурстағы этнотанымдық диалогтерде адресат қойылған сұраққа ешбір кітап оқымай, алдын-ала дайындалмай, коммуникативтік жағдаят үстінде поэтикалық тұрғыда бірден жауап табады. *Бұл – шешендік диалогтің басқа диалогтерден негізгі айырмашылығы екенін баса айтқан жөн.* Қойылған сұраққа тыңдаушысын еріксіз мойындататын жауап тауып, оның поэтикалық образбен жеткізілуі шешендік диалогтің танымдық әрі коммуникативтік мәнін айшықтай түседі. Сол себепті шешендік сөздер дискурсындағы диалог – қазақ танымындағы *диалогтің озық үлгісі* деп айтуға әбден болады.

✓ ***Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері анықталды:***

Қазақ диалогінің гендерлік ерекшелігі – тақырыптық аяның әртүрлі болуы, дискурстың эмоционалдығы, инвективті лексиканың қолданылуы.

❖ *Зерттеу жұмысымыздың үшінші тарауы – көркем мәтіндегі диалогтегі тілдік тұлғаның лингвомәдени ерекшелігін айқындаумен құнды:*

✓ ***Диалогтегі сұрақ-жауап репликаларының ерекшелігі талданды.*** Диалогтік тұтастықтың кезектесетін репликаларының арасында міндетті түрде лексикалық, семантикалық және прагматикалық өзара байланыс болады. Диалог репликалары құрылымына қарай *дара* және *күрделі* деп жіктелді, коммуникативті-прагматикалық сипатына қарай *ынталандырушы реплика* мен *жауап қату репликасы*ның прагматикалық қырлары: 1) *иллокутивті қызметтері бойынша репликалардың үйлесімділігі;* 2) *жауап реакцияның сөйлеу актісінің сәтті өту жағдайларына бағытталуы;* 3) *алдыңғы лебіздің анық-қанықтығымен байланысы;* 4) *дискурс импликатурасын дұрыс айқындауға негізделген прагматикалық үйлесімділік* деп анықталды.

✓ *Диалогтегі бейвербалды амалдардың қолданысына талдау жасалды.* Метатанымдық диалогтерде бейвербалды амалдардың жиі ұшырасатыны анықталды. Ұлттық салт-дәстүріміз бен материалдық мәдениет үлгілері арқылы да бейвербалды амалдар жасалып, диалогтік сипат орнайтыны анықталды. Диалогтік сипат *әлеуметтік мән иеленген кинемалар* арқылы іске асады.

Кинесикалық амалдарды қолдануды *жеке* және *ортақ* деп бөліп, мысалдар арқылы дәйектелді. Ертегі және беташар дискурсындағы, шешендік сөздер дискурсындағы бейвербалды қарым-қатынасты анықтай отырып, аталған дискурс үлгілеріне де диалогтік сипат тән екенін анықтадық. *Ұлттық бейвербалды амалдар* арқылы берілетін *диалогтік сипат моделін* жасадық.

✓ ***Көркем шығармадағы диалог арқылы – жазушының тілдік тұлғасы танылады.***

Диалог арқылы танылған тілдік тұлғаның *вербальды-семантикалық* деңгейін халықтың таным-түсінігіндегі ұлттық ерекшелікті танытатын мақал-мәтелдер мен астарлы ой құрайды. Өйткені, жазушылардың қаламынан туған романдар арқылы тарихи кезеңнің айшықталған бейнесін, халықтың мінез-құлқының біркелкілігін беретін стереотиптер мен халықтың шындық болмыс туралы жалпы түсініктерін, мақал-мәтелдер мен оралымды фразеологизмдерді жиі кездестіруге болады.

Диалог арқылы берілетін *тілдік тұлғаның лингвокогнитивтік деңгейін* айқындауда – сентенция құбылысының рөлі ерекше. Тарихи шығармада автор кейіпкерінің аузына қанатты сөздер мен афоризмдерді салу арқылы кейіпкер бейнесін ғана танытып қоймай, өзінің аялық білімі мен дәрежесін, кемеңгерлігін аңғартады.

Көркем шығармадағы диалог арқылы танылатын тілдік тұлғаның үшінші деңгейі – *прагматикалық деңгей.* Бұл деңгей жазушылардың иллокутивті, локутивті және перлокутивті ұстанымдары арқылы айқындалды.

✓ ***Диалогтегі тілдік тұлғаның бейнесін ашу үшін қолданылатын стратегия мен тактика анықталды.*** Диалогке қатысушылардың сөйлеу

стратегиялары қарым-қатынастың ұйымдастырылу принципіне қарай *ынтымақты* және *қақтығысты* деп екіге бөлінеді.

Көркем шығармадағы диалогтің кейіпкер бейнесін беруде қолданылатын ***ынтымақтастық стратегиясын*** *қолдау, тілектестік, мақтау, кеңес беру, өтіну, келісім беру, қызығушылық тактикасы* деп жіктедік. Аталған тактикалар диалогке қатысушы тілдік тұлғалардың ынтымақты типін беру үшін қолданылады.

Диалогтегі тілдік тұлғаны ашу үшін қолданылатын – ***қақтығысты сөйлеу тактикаларын*** *– қорлау, бітім айту, егес, кекесін, мысқыл, әсер ету, ашу-ызаға берілу, бұйрық беру, риторикалық сұрақ тактикалары* деп жіктедік.

Шешендік, айтыс дискурсындағы диалогтерде поэзияға тән құрылым бар. Аталған диалог үлгілеріндегі әр пунктуациялық таңбаның өзіне тән үні бар. Кейіпкерлердің ішкі толқынысы пауза арқылы көрініп, сөйлеу интонациясының түрленуімен ерекшеленеді. Шешендік және айтыс дискурсындағы диалогтерде үзік-үзік, мірдің оғындай сөйлемдердің берілуі диалог табиғатының ерекшелігін айқындайды. Бұл ерекшелік мәтін энергиясын арттырады.

Дәстүрлі риторикадағы – фигуралар, диалог құрылымындағы эмоционалды-экспрессивті лексика, экспрессивті-синтаксистік құрылымдар көркем диалогтің энергиялылығын танытады. Сол себепті диалог құрылымдағы мұндай қолданыстарды *энергемалар* деп атаймыз.

Сонымен бірге диалогтегі ұлттық мазмұндағы бірліктер қатары көркем мәтіннің синергиясын арттырады. Яғни, дүниенің инвариантты бейнесін танытатын қазақ сөзінің синергиясы көркем мәтіндегі диалогтер арқылы оқырманға жетеді.

ПАЙДАЛАНҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1 Гумбольдт В.фон. Избранные труды по языкознанию: пер.с.нем. / Общ. Ред. Г.В. Рамишвили: посл. А.В. Гулыги. -2-е изд. – М.: Прогресс, 2000. – 400 с.

2 Байтұрсынов А. Таңдамалы шығармалары. 2-том. – Алматы: Қазақ университеті, 2022. – 766 б.

3 Бахтин М.М. Филология и коммуникативные науки. Учебное пособие: Флинта, 2023. – 496 с.

4 Гальперин Р.И. Текст как объект лингвистического исследования. – М.: Наука, 2005. – 254 с.

5 Тураева З.Я. Лингвистика текста. – М.: Просвещение, 2016. – 107 с.

6 Новиков А.И. Текст и его смысловые доминанты. М.: Институт языкознания РАН, 2007. – 224 с.

7 Колшанский Г.В. Объективная картина мира в познании и языке. – М.: Стереотип, 2018. – 382 с.

8 Сусов И.П. История языкознания. – М.: АСТ, Восток-Запад, 2006. – 447 с.

9 Алефиренко А.Ф. Спорные проблемы семантики. Монография. Акад. социал. наук РФ. Волгогр. гос. пед. ун-т. – Волгоград : Перемена, 2009. – 273 с.

10 Москольская О.И. Грамматика текста. – М.: Высшая школа, 1981. – 183 с.

11 Уәли Н. «Тұрмыстық дискурстың формалды коммуникативтік ерекшеліктері» // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қазақ тілі, 2011. – 297 б.

12 М.Балақаев, Е.Жанпейісов, М.Манасбаева, М.Томанов Қазақ тілінің стилистикасы. Монография. – Алматы: Мектеп, 2005. – 128 б.

13 Смағұлова Г. Көркем мәтін лингвистикасы. – Алматы: Елтаным, 2010. – 148 б.

14 Ерназарова З. Қазақ сөйлеу тілі синтаксистік бірліктерінің прагматикалық негіздері: филол.ғыл. док. дисс. автореф. – Алматы, 2002. – 30 б.

15 Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: РБК, 2000. – 208 б.

16 Жапбаров А. Оқушылардың жазбаша тілін дамыта оқытудың ғылыми-әдістемелік негіздері // ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы, 2004. № 7. - 179-180 б.

17 Аракин А.Д. Типология языков и проблема методического прогнозирования. – М.: Высшая школа, 2007. – 157 с.

18 Әбдікәрімова Т.М. Мәтін және «Ана тілі» оқулығы мәтіндемесін құраудың теориясы. – Павлодар: Сытин Н.И, 2007. – 309 б.

19 Лосева Л.М. Как строится текст. – М.: Просвещение, 2009. – 94 с.

20 Türkçe Sözlük. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2011. – 615 s.

21 Karaağaç G. Dil Bilimleri Terimleri Sözlüğü. Ankara: Türk Dil Kurumu Yayınları, 2013. – 585 s.

22 Günay V. D. Söylem Çözümlemesi. İstanbul: Papatya Yayınevi, 2017. - 213 s.

23 Toklu M. O. Dilbilime Giriş. Ankara: Akçağ Yayınları, 2011. – 145 s.

24 Yılmaz H. Metin ve iletişim. Konya: Çizgi Kitapevi Yayınları, 2011. – 71 s.

25 Güneş F. Türkçe Öğretimi (Yaklaşımlar ve Modeller). Ankara: Pegem Akademi, 2014. – 180 s.

26 Карасик В.В. Языковой круг: личность, концепты, дискурс. – Волгоград: Перемена, 2002. – 477 с.

27 Николаева Т. М. Лингвистика текста: Современное состояние и перспективы // Новое в зарубежной лингвистике. Серия: Лингвистика текста. –М., 2013. Вып. 8. – С. 467-472.

28 Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Сов.энциклопедия, 2003. – 626 с.

29 Сусов И.П. К предмету прагмалингвистики // Содержательные аспекты предложение и текста. – Калинин, 2000. – С. 3-9.

30 Бахтин М.М. Эстетика словесного творчества. –М.: Искусство, 2003. – 310 с.

31 Арутюнова Н. Д. Дискурс // Лингвистический энциклопедический словарь. – М.: Советская энциклопедия, 2002. – С. 136-137.

32 Әлкебаева Д. Қазақ тілінің прагмастилистикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 247 б.

33 Кеншінбаева Ж. Қазақ мәтінінің семантика-интонациялық мүшеленуі (эксперименттi-фонетикалық зерттеу): филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 27 б.

34 Смағұлова Г.Н., Күркебаев К., Жұмағұлова Ә. Шешендік сөздердің дискурсы (Оқу құралы). – Алматы: Арыс, 2008. – 184 б.

35 Садирова К.Қ. Дискурс теориясы мәселелерінің қазақстандық лингвистикада зерттелуі // «Дискурс теориясының өзекті мәселелері» Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қазақ тілі, 2011. - 40-49 б.

36 Ревзина О.Г. Язык и дискурс // Вестник Моск. Гос. Университета. Сер. «Филология», 1999. №1. – С. 25-33.

37 Жалалова А.М. Интонацияның дискурстық сипаты (қазақ және ағылшын тілдеріндегі материалдар негізінде) филос. докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы: Абай ат.ҚазҰПУ, 2016. – 187 б.

38 Кунанбаева С.С. Темпоральные отношения в художественном тексте. – Алматы: Гылым, 1991. – 133 с.

39 Әділова А. Қазіргі қазақ көркем шығармаларындағы интертекстуалдық репрезентациясы, семантикасы, құрылымы: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2009. – 235 б.

40 Қалиұлы Б. «Дискурс және оның тілдік белгілері» // «Дискурс теориясының өзекті Халықаралық электронды ғылыми конференция материалдары. – Ақтөбе: Қазақ тілі, 2011. -10-13 б.

41 Бүркітбаева Г.Г. Текст и дискурс. Типы дискурса. Учебное пособие. – Алматы: Дайк –Пресс, 2006. – 379 с.

42 Плеханова Т.Ф. Текст как диалог: Монография. Мн.: МГЛУ, 2002. – 69 с.

43 Жумагулова А.М. Шешендік сөздердің дискурсы. филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 116 б.

44 Григорьева В.С. Дискурс как элемент коммуникативного процесса: прагмалингвистический и когнитивный аспекты: монография, Тамбов: Изд-во Тамбовского гос.тех.ун-та, 2007. – 288 с.

45 Колокольцева Т.Н. Специфические коммуникативные единицы диалогической речи. – Волгоград: Изд-во Волгоградского университета, 2001. – 260 с.

46 Бахтин М.М. Проблемы поэтики Достоевского. – М.: Эксмо, 2017. – 650 б.

47 Қаңлыбаева Ж.С. Коммуникативті акт шеңберіндегі жауап репликаның қызметі: фил.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 2006. – 135 б.

48 Белецкий А.И. Избранные труды по теории литературы. – М.: Просвещение, 2001. – 345 с.

49 Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: 2005. – 412 с.

50 Гинзбург Л.Я. О литературном герое. – Л.: Советский писатель, 2003. – 224 с.

51 Сұлтанғалиева Р.Б. Сәбит Мұқанов романдарындағы диалог қолданысы. Монография: Ғылым, 2009. – 215 б.

52 Çetin Y. Metin Metodu Olarak Diyalog Üzerine. Antakiyat, 6(1). 2023. 1-14.

53 Kareçetin G. Monologun içindeki Diyalog. idil, 93 (2022 Mayıs): s. -713-720.

54 Жұмалиев Қ. Әдебиет теориясы. Монография. – Алматы: Дәуір, 2000. 3-толықт. – 312 б.

55 Әбішева Ш.С. Жүсіпбек Аймауытов прозасында диалогті қолдану шеберлігі: фил.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 2005. – 134 б.

56 Сәрсеке Г. Р.Сейсенбаев шығармаларындағы кеіпкерді мінездеуші тілдік-стильдік қызметі: фил.ғыл.канд. дисс. автореф. – Алматы, 1998. – 166 б.

57 Винокур Т.Г. Характеристика структуры диалога в оценке драматургического произведения // Язык и стиль писателя в литературно-критическом анализе художественного произведения. – Кишинев, 2009. – С. 64-72.

58 Щерба Л.В. Избранные работы по русскому языку // под. редакцией М.И. Матусевич. – Москва: Юрайт, 2024. – 192 с.

59 Будагов Р.А. Лингвистическая сущность диалогической речи, ее роль и место национального литературного языка // Актуальные вопросы переводоведения и практики перевода. Юрайт, 2012. – С.145-152.

60 Хайдеггер М. Культура русской речи и эффективность общения. – М., 2001. – 369 с.

61 Macagno F. Analyzing the pragmatic structure of dialogues. 2017. Vol 19, №2. pp. 148-168.

62 Kecskes I. Intercultural Pragmatics. Oxford: Oxford University Press. 2020. pp. 98-150.

63 Van Eemeren F. In context: Giving contextualization its rightful place in the study of argumentation. Argumentation. 2021. Vol 25, №2. pp.141-161.

64 Levinson S. Activity types and language. In: Drew P and Heritage J (eds) Talk at Work: Interaction in Institutional Set-tings. Cambridge: Cambridge University Press. 2019. pp. 66-100.

65 Якубинский Л.П. О диалогической речи: Язык и его функцирование. –М., 2000. – 105 с.

66 Брыдина Г.А. Динамическая структура русской диалогической речи. – Тверь, 2015. Том 41. №4. – С. 314-326.

67 Крючков С.Е., Максимов Л.Ю. Современный русский язык. Синтаксис сложного предложения. М.: Высшая школа, 1977. – 191 с.

68 Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. Оқулық. – Алматы: Санат, 1994. – 320 б.

69 Балақаев М. Қазақ тіл білімінң мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2008. – 524 б.

70 Кеңесбаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. Оқу құралы. – Алматы: Арыс, 2008. – 804 б.

71 Өмірәлиев Қ. Қазақ тіл білімінің мәселелері. құраст. Ғ.Әнес. Ж.Ибраева. – Алматы: Абзал-ай, 2014. – 640 б.

72 Сыздық Р. Сөз құдіреті. Толықт. 2-басылымы. – Алматы: Атамұра, 2005. – 272 б.

73 Жанпейісов Е. Қазақ прозасының тілі. – Алматы: Ғылым, 1968. – 265 б.

74 Кәрімов Х. Қанатты тіл. – Алматы: Санат, 1995. – 144 б.

75 Серғалиев М. Көркем әдебиет тілі. – Алматы: Мектеп, 1995. – 172 б.

76 Шалабай Б. Көркем әдебиет стилистикасы. – Алматы: Республикалық баспа кабинеті, 1999. – 196 б.

77 Серғалиев М. Мұхтар Әуезов және көркем шығарма тілі. – Алматы. –231 б.

78 Айтбенбетова А. Ауызекі және көркем шығарма мәтініндегі диалог: лексикалық синтаксистік, стилистикалық қызметі: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2007. – 130 б.

79 Иманғалиева Г. Типология диалога (на материале казахского и русского языка): дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 1999. – 215 б.

80 Тымболова А. Драмалық шығармалардың лингвистикалық поэтикасы (М. Әуезов пен Ғ. Мүсірепов пьесаларының негізінде). – Алматы: Елтаным, 2013. – 321 б.

81 Шоқым Г. Қазақ проза тілінің стильдік ерекшеліктері. – Алматы: Сервис и К, 2001. – 146 б.

82 Жұманазарова М.Т. М.Әуезов әңгімелерінің тілі: филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 1998. – 151 б.

83 Саденова А.Е. Диалогтік дискурс: қазақ тілін меңгерудің деңгейлік динамикасы. – Алматы: Қазақ университеті, 2016. - 150 б.

84 Ревзина О.Г. Методы анализа художественного текста // Структура и семантика художественного текста: Доклады VII Международной конференции. – М., 2011. – 365 с.

85 Шалабай Б. Көркем проза тілі (Оқу құралы). – Алматы: Білім, 1994. – 128 б.

86 Томанов М., Исаев С., Ибатов Ә. Орта түркі дәуіріндегі жазба мұралар тілі. – Алматы: Ғылым, 1996. – 300 б.

87 Жұбанов Е. Эпос тілінің өрнектері. – Алматы: Ғылым, 1978. – 185 б.

88 Сыздық Р. Абайдың сөз өрнегі. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: Ел-шежіре, 2014. – 580 б.

89 Белбаева М. Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы. – Алматы: Мектеп, 1976.

90 Шалабай Б. Көркем проза тілін зерттеудің ғылыми-теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 1997. – 310 б.

91 Қордабаев Т. Қазақ тіліндегі құрмалас сөйлемдер синтаксисі. – Алматы: Санат, 1995. – 176 б.

92 Михайлов М.М. Принципы коммуникативно-прагматического конституривания диалогической речи // Диалог глазами лингвиста. – Краснодар, 2001. – С. 29-34.

93 Арутюнова Н.Д. Диалогическая цитация // Вопросы языкознания. 2003. №1. – С. 50-67.

94 Сусов И.П. О двух путях исследования содержания текста // Значение и смысл речевых образований. – Калинин, 2003. – С. 87-100.

95 Зернецкий П.В. Единицы речевой деятельности в диалогическом дискурсе // Языковое общение: единицы и регулятивы. – Калинин, 2002. – С. 89-95.

96 Ескермесов Г. Қазіргі пунктуация: функциясы мен коммуникативтік-прагматикалық әлеуеті: философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 2022. – 155 б.

97 Момынова Б. Көркем мәтін поэтикасы: лингвистикалық аспект (тілдік бірліктердің стилистикалық, эстетикалық қызметтері (1960-90) жж. көркем шығармалар бойынша). Монография. – Алматы: «Қазақ тілі» баспасы, 2023. – 192 б.)

98 Уәли Н. Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері: филол. ғыл. докт. дисс. – Алматы, 2007. – 328 б.

99 Ахмет шығармаларының академиялық толық жинағы. 1-кітап. – Алматы: Brand Book, 2022. – 772 б.

100 Караулов Ю. Русский язык и языковая личность. 7-е изд. -М.: ЛКИ. – 264 с.

101 Соловьева А. Уистоков английского романтизма. – М.: Мос. ун-та. 2004. – 232 с.

102 Виноградов В.В. О языке художественной прозы. Избранные труды. М., 2007. – 375 с.

103 Абай шығармаларының толық академиялық жинағы. Өлеңдер мен аудармалар. 1-кітап. / М.О. Әуезов атын. Әдебиет және өнер институты. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.

104 Әмірбекова А. М.Мақатаевтың бейнелі сөздер сөздігі / жауапты ред. Н.Уәли. – Қарағанды: «Экожан» ӨК, 2013. – 150 б.

105 Егеубаев А. Сөз жүйесі. – Алматы: Жазушы, 1985. – 272 б.

106 Әуезов М. Әдебиет тарихы. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 328 б.

107 Байтұрсынов А. Ақ жол. / Құраст. Р.Нұрғали/. – Алматы: Жалын, 1991. -460 б.

108 Турсунов Е. Возникновение баксы, акнов, сэри и жырау. – Астана: Фолиант, 1999. – 320 б.

109 Сыздық Р. Ауызша дамыған қазақ әдеби тілі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2014. – 242 б.

110 История античной диалектики. – Москва: Мысль, 2009. – С. 178-201.

111 Аль-Фараби. Диалектика // Аль-Фараби. – историко-философские трактаты. – Алма-Ата: Наука, 2008. – 405 с.

112 Айталы А. Біздегі билік халықпен санаспайтын болып жүр // Ақжол. Қазақстан. – 2003. -16-20 б.

113 Янушкевич А. Күнделіктер мен хаттар. – Алматы, 2001. – 82 б.

114 Мұқанов С. Айтыстар туралы // Қазақ халық әдебиеті: көп томдық. – 1-том. Айтыстар. – Алматы: Жазушы, 1988. -8-10 б.

115 Рамазанов Т. Лингвокультурный характер диалога в художественном тексте // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ № 3/2023. -38-56 б. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-3.03

116 Айтыс. 1-том. – Алматы: Ғылым, 1988. – 157 б.

117 Ахмет шығармаларының академиялық толық жинағы. 2-кітап. – Алматы: Brand Book, 2022. – 772 б.

118 Ильясова Н. Тілдің бірліктердің коммуникативтік-танымдық мәні. Ғылыми монография. – Алматы, 2017. – 328 б.

119 Серғалиев М. Шешендік өнердің шарттары // Астана ақшамы. – 2001. – 9 ақпан. - 4 б.

120 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері. – Алматы: Білім, 2003. – 260 б.

121 Жұмағұлова А. Шешендік сөздердің дискурсы. филол. ғыл. канд. дисс. автореф. – Алматы, 2008. – 116 б.

122 Сағындықұлы Б. Таңдамалы туындылар. – Алматы: Үш қиян, 2009. Т.3. – 368 б.

123 Шешендік шиырлары. – Алматы: Мектеп, 1976. – 117 б.

124 Адамбаев Б. Халық даналығы. – Алматы: Мектеп, 1976. – 156 б.

125 Шешендік сөздер // Құраст.: Адамбаев Б. – Алматы, 1990. – 166 б.

126 Рамазанов Т. Шешендік диалог: құрылымы мен түрлері // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. Том 74 № 3 (2024), -199-222. https://doi.org/10.48371/PHILS.2024.3.74.012

127 Әлкебаева Д. Қазақ тілі стилистикасының прагматикасы: Монография. – Алматы: Принт, 2005. – 266 б.

128 Әміров Р. Жай сөйлем синтаксисі. – Алматы: Санат, 1998. – 192 б.

129 Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. – Алматы: Санат, 1995. – 208 б.

130 Смағұлова Г. Мағыналас фразеологизмдердің ұлттық мәдени аспектілері. Монография. –Алматы: Ғылым, 2005. – 194 б.

131 Салқынбай А. Тіл және мәдениет. Оқу құралы. – Алматы: Қазақ ун-ті, 2007. – 136 б.

132 Ислам А. Ұлттық мәдениет контексіндегі дүниенің тілдік суреті. Алматы, 2004. – 335 б.

133 Қосымова Г. Қазақ шешендік өнерінің негіздері және тілдік танымы. Алматы: Ғылым, 2005. – 435 б.

134 Момынова Б. Қазақ тіліндегі қоғамдық-саяси лексика: әлеуметтік-бағалауыштық сөзжасам. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 140 б.

135 Гиздатов Г. Сөйлеу қызметіндегі бүгінгі когнитивті модельдер: типология және динамика. – Алматы: Ғылым, 2007. – 231 б.

136 Жұбаева О. Қазақ тіліндегі когнитвтік грамматика. Монография. – Алматы: Қазығұрт, 2014. – 392 б.

137 Жаманбаева Қ. Тіл қолданысының когнитивтік негіздері. – Алматы: Ғылым, 1998. – 137 б.

138 Манкеева Ж. Қазақ тілін зерттеудің когнитивтік негіздері // Тілтаным, 2001. №4. -39-43 б.

139 Шоқым Г. Гендерлік лингвистика негіздері. Оқулық. Алматы: Экономика, 2012. – 190 бет.

140 Хасанұлы Б. Махамбеттің тілдік тұлғасы: Әлеуметтік лингвистикалық және психолингвистикалық сыр-сипаты: Халықаралық конференция материалдары. – Алматы: Жазушы, 2003. – 230-235 б.

141 Крючкова Т.Б. К вопросу о дифференциаций языка по полу говорящего // Восточное языкознание. – Москва, 2009. – С.35-59.

142 Рамазанов Т. Қазақ диалогінің гендерлік ерекшеліктері // Тілтаным. №1. 2024. -91-102 б.

143 Каримова Б., Қуантайұлы Н., Төлепберген Б. Көркем мәтіннің гендерлік ерекшеліктері // Ясауи университетінің хабаршысы. 2023. №4 (130). -89-10 б. https://doi.org/10.47526/2023-4/26640686.08

144 Тұрдалиева Р. Көркем мәтіндегі гендерлік сипат: психолингвистикалық талдау. филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2009. – 125 б.

145 Мамаева Г. Ерлер мен әйелдердің сөз қолданысындағы ерекшеліктер: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 153 б.

146 Ильин Е. Дифференциальная психофизиология мужчины. -М.: Изд. -Питер, 2015. – 544 с.

147 Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Морфология. – Алматы: Ана тілі, 1991. – 384 б.

148 Аханов К. Тіл білімі негіздері. – Алматы: Мектеп, 1978. – 496 б.

149 Рамазанов Т. Көркем мәтіндегі диалог: құрылымы мен қызметі // TILTANYM №2 (90) 2023. https://doi.org/10.55491/2411-6076-2023-2-200-210

150 Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.

151 Балақаев М. Қазақ тілі мәдениетінің мәселелері. – Алматы: Қазақстан, 2004. – 187 б.

152 Муканов М. Этнопсихологическая специфика невербальных коммуникативных знаков // Психология. Интелект и речи. Выпуск 2. – Алматы: Каз.пед.ин-т им.Абая, 2001. – С.109-117.

153 Бейсембаева С. Невербальные компоненты коммуникации в казахском языке: дисс. канд. филол. наук. – Алматы: КазНУ им.Аль-Фараби, 2003. – 119 с.

154 Ешимов М. Ым семантикасы: универсалды және ұлттық табиғаты: филол.ғыл. канд. дисс. – Алматы: әл-Фараби ат.ҚазҰУ, 2004. – 140 б.

155 Мұратова Г.Ә. Абайдың тілдік тұлғасы: дискурстық талдау мен концептуалды жүйесі: филол. ғыл. докт. дисс. автореф. – Алматы, 2009. – 56 б.

156 Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау: филол. ғыл. канд. дисс. авторефер. – Алматы: 1998. – 183 б.

157 Kelmaganbetova A., Mazhitayeva S., Ayazbayeva B., Rahymberlina S., Kadyrov Z. The Role of Gestures in Communication // Theory and Practice in Language Studies. 2023. 13 (10). pp. 2506-2513.

158 Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 2007. – 129 б.

159 Ramazanov T. Dialogic character inthenational nonverbal means // Еуразия гуманитарлық институтының ХАБАРШЫСЫ. №3/2024. -88-97. https://doi.org/10.55808/1999-4214.2024-3.08

160 Жанпейісов Е. М.Әуезовтің «Абай жолы» эпопеясының тілі. – Алматы: Ғылым, 2001. – 167 б.

161 Көпеев М. Бұрынғы құдалық // Қазақ әдебиеті, 1996, №2. – 12 б.

162 Караулов Ю.Н. Языковая личность // Русский язык. Энцклопедия. – М.: Дрофа, 2007. – С. 671-672.

163 Пшенина Г.Е. Дискурсное описание языковой личности Катулла: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 2000. – 31 с.

164 Бурмакина Н.А. Лингвокогнитивный и прагматический уровни языковой личности А.П. Степанова: автореф. канд. филол. наук. – Тюмень, 2007. – 22 с.

165 Жуминова А.Б. Тезаурус языковой личности поэта О.Сулейменова: автореф. канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 26 с.

166 Ниятова Ш.С. Махамбеттің тілдік тұлғасы: филол. ғыл. канд. дисс. авторефер. – Алматы, 2007. – 144 б.

167 Нұрдәулетова Б.И. Жыраулар поэтикасындағы дүниенің концептуалдық бейнесі: филол. ғыл. докт. дисс. авторефер. – Алматы, 2008. – 328 б.

168. Гайнуллина Н.И. Языковая личность Петра Великого (опыт диахронического описания). - Алматы: Қазақ университеті, 2002. – 141 с.

169 Баишева З.В. Языковая личность судебного оратора А.Ф.Кони: автореф. док. филол. наук. – Уфа, 2007. – 46 с.

170 Каримова Б.С. Языковая личность современного политика. – Алматы: Ғылым, 2006. – 144 с.

171 Терекова Ф.С. Языковая личность К.К.Жубанова (социолингвист.освещение): авторефер. дисс. канд. филол. наук. – Алматы, 2004. – 131 с.

172 Кучеренко О.Ф. Языковая личность Л.Н.Толстого (на материале переписки): автореф. канд. филол. наук. – Караганда, 2004. – 30 с.

173 Ерсултанова Г. Публицистикалық дискурстағы тілдік тұлға (қазіргі қазақ баспасөз материалдары негізінде). философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 2020. – 185 б.

174 Кузневич З.А. Языковая личность в литературно-художественном дискурсе Эрнеста Хемингуэя: автореф. канд. филол. наук. – Иркутск, 1999. – 45 с.

175 Саткенова Ж. Кейіпкер тілінің когнитивтік аспектісі (Б. Соқпақбаев шығармалары бойынша). – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 126 б.

176 Абдуллина З.А Балалар әдебиеті кейіпкерлерінің тілдік тұлғасы (Б.Соқпақбаев, М.Гумеров. М.Қабанбаев шығармалары бойынша): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2008. – 118 б.

177 Елемесова Ш.М. Көркем мәтіндегі ұлттық мәдениеттің тілдік релеванттары (Ғ.Мүсіреповтің «Қазақ солдаты» романы бойынша): филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2003. – 127 б.

178 Қожахметова Ф.Б. Тұрмағамбет Ізтілеуов тілдік тұлғасының дискурстық сипаты: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2004. – 124 б.

179 Имашева Г.Е. Міржақып Дулатұлы шығармаларындағы «Ғаламның тілдік бейнесі»: филол. ғыл. канд. дисс. – Алматы, 2007. – 119 б.

180 Кушкимбаева А. С. М.Әуезовтің тілдік тұлғасы (драмалық шығармалары негізінде). философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін дайынд. дисс. – Алматы, 2015. – 175 б.

181 Маслова В.А. Ведение в когнитивную лингвистику. – М.: Наука, 2004.

182 Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: Қазақ университеті, 2006. – 276 б.

183 Қалиев Б. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Ғылым, 2014. – 728 б.

184 Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 708 б.

185 Әділова А.С. Сентенцияның тілдік табиғаты және стильдік қызметі: филол. ғыл. канд. дис. – Қарағанды, 1998. – 34 б.

186 Дейк Ван Т.А. Вопросы прагматики текста. - М.: НЗЛ., 1978. - Вып. 8. – 311 с.

187 Есенова Қ.Ө. Қазіргі қазақ медиа-мәтінінің прагматикасы (қазақ баспасөз материалдары негізінде). филол.ғыл. док. дисс. – Алматы, 2007. – 345 б.

188 Гойхман О.Я., Надеина Т.М. Речевая коммуникация. – М.: ИНФРА-М, 2001. – 300 с.

189 Сковородников А.П. О необходимости разграничения понятий «риторический прием», «стилистическая фигура», «речевая тактика», «речевой жанр» в практике терминологической лексикографии // Риторика – Лингвистика: сб. статей. – Смоленск: СГПУ, 2004. - Вып. 5. – С. 5-11.

190 Иссерс О.С. Коммуникативные стратегии и тактики русской речи. – М.: КомКнига, 2006. – 284 с.

191 Клюев Е.В. Речевая коммуникация: успешность речевого взаимо действия. – М.: Рипол классик, 2002. – 320 с.

192 Зарецкая Е.Н. Риторика терия и практика речевой коммуникации. – М.: Дело, 1998. – 478 с.

Пайдаланған көркем әдебиеттер тізімі.

1. Мұратбеков С. Шығармалар жинағы. - Алматы: Өлке , 2006. – 608 б.

2. Сейсенбаев Р. Өзімді іздеп жүрмін. – Алматы: Жалын, 1987. – 184 б.

3. Ысқақ Қ. Беу, асқақ дүние. – Алматы: Раритет, 2004. – 288 б.

4. Ысқақ Қ. Қоңыр күз еді. Роман, повестер. – Алматы: Жазушы, 1980. – 400 б.

5. Ысқақ Қ. Ақсу – жер жаннаты. – Алматы: Жазушы, 1989. – 528 б.

6. Мұртаза Ш. Таңдамалы: [әңгімелері, хикаяттары, мақалалары, роман, пьесалары. құраст.: А. Мұртаза, М. Төлепберген]... – Алматы: Айғаным, 2017. – 1111 б.

7. Сейсенбаев Р. Өмір сүргің келсе. – Алматы: Жазушы, 1980. – 384 б.

8. Тарази Ә. Шығармалары. I. Тасжарған: роман. – Астана: Фолиант, 2013. – 400 б.
9. Тоқаев К. Шығармалар жинағы. 3 том. -Алматы: Ана тілі, 2018. – 384 б.
10. Майлин Б. Қызыл жалау. 5 томдық таңдамалы шығармалар. Романдар. – Алматы: Жазушы, 1979.
11. Бөкей О. Екі томдық шығармалар. 1-2 том. – Алматы, Жазушы, 1994. - 806 б.
12. Тарази Ә. Шығармалары. III. Тырна, тырна, тырналар: әңгімелер, хикаяттар және роман. – Астана: Фолиант, 2013. – 408 б.
13. Шапай Т. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы, 2017. – 423 б.
14. Әуезов М. Елу томдық шығармалар жинағы. Алматы: Дәуір, Жібек жолы, 2014.
15. Отарбаев р. Таңдамалы шығармалар жинағы. – Алматы: Өлке, 2006. – 256 б.
16. Мүсірепов Ғ. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: ҚазАқпарат, 2012. – 1120 б.
17. Нұрпейісов Ә. Қан мен тер. - Алматы: Жазушы, 1970. 1- 2- 3 кітап.
18. Мұқанов С. Ботагөз. 3- бас. – Алматы: Қаз.мемл.көркем әдеб. баспасы. 1953. – 519 б.
19. Шаймерденов С. Шығармалары. – Алматы: «Ан Арыс», 2013. – 320 б.
20. Мақатаев М. Жырлайды жүрек. – Алматы: Жазушы, 1989. – 493 б.].
21. Мақатаев М. Аққудың қанатына жазылған жыр. – Алматы: Шартарап, 2001. – 352 б.
22. Мақатаев М. Жылап қайттым өмірдің базарынан. – Алматы: Жалын, 1994. – 256 б.
23. Жұмаділов Қ. Он екі томдық шығармалар жинағы. - Алматы: Қазығұрт, 2005.
24. Құмарова Ш. Қазбауыр бұлттар. – Алматы, Жалын, 1996.
25. Бейсенова Ш. Тойға келген келіншек. – Алматы, Жалын, 1980.
26. Оспанов С. Балуан Шолақ. – Алматы, Жалын, 1998.
27. Рақымжан К. Көкжиек // Жұлдыз, 1999. №8.
28. Әдібаев Х. Таңбалы адам. – Алматы, 1975.
29. Толыбаев Қ. Тамшылар. – Алматы, Жалын, 1987.
30. Нұржекеев Б. Күтумен кешкен ғұмыр: Роман және повестер. - Алматы: Жазушы, 1982. – 408 б.
31. Мұқаев Б. Мазасыз маусым. – Алматы, Жалын, 1986.
32. Қапалбекұлы Н. Таудан түскен тұман // Жұлдыз, №8. 1993.
33. Сматаев С. Бұлақ. – Алматы: Кітап, 1983.
34. Ахметов О. Қоңыр үй. Жазушы, 1982. – 216 б.
35. Балғожин Ә. Сыр сандық // Жұлдыз, 1996. №3.

36. Соқпақбаев Б. Өлгендер қайтіп келмейді. Шығармалары. I том. - Алматы: ҚазАқпарат, 2014. -380 бет.
37. Сәрсенбаев Ә. Теңіз әуендері: роман. – Алматы: Айғаным, 2015. -380 б
38. Байғұт М. Бұла бұлақ. Әңгімелер. – Алматы: Раритет, 2012. – 384 б.
39. Мағауин М. Аласапыран: тарихи роман. 1-2 кітап. - Алматы: Жазушы, 2009
40. Кекілбаев Ә. Үркер: роман. - Алматы: Жазушы, 1981. - 584 б
41. Аймауытов Ж. Шығармалары. Алты томдық шығармалар жинағы. Романдар. 2-том. Алматы.: Ел – шежіре, 2013. – 384 б.
42. Ахтанов Т. Роман және повестер. Т.2. Алматы: Жазушы 1983. – 390 б.
43. Нұршайықов Ә. 4 томдық шығармалар жинағы.
44. Әшімханұлы Д. Көптомдық шығармалар: Т.1. Повестер мен әңгімелер. Астана: Нұра-Астана, 2015. – 480 б.
45. Сәукетай Т. Желқайық: Роман. – Алматы: Ан-Арыс, 2019. – 580 б.
46. Сегізбай, К. Беласқан: роман және повестер / - Алматы: Атамұра, 2001. - 480 б.